

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Карагандинский университетим. академика Е.А. Букетова



Философия және психология факультеті
Факультет философии и психологии

**«Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика: шындығы және
перспективалары»**

тақырыбындағы VI Республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ



Қарағанды 2022

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Карагандинский университетим. академика Е.А. Букетова

**«Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика: шындығы және
перспективалары»**

тақырыбындағы VI Республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

09 сәуір

МАТЕРИАЛЫ

VI Республиканской научно-практической конференции на тему
«Социальная работа и социальная педагогика: реалии и перспективы»

09 апреля



Қарағанды

2022

УДК 364: 370
ББК 65.27: 74.6
Ә 53

«Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика: шындығы және перспективалары» тақырыбындағы VI Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Қарағанды: ЖШС «Типография Арко», 2022– 254 б.

Материалы VI Республиканской научно-практической конференции на тему **«Социальная работа и социальная педагогика: реалии и перспективы»** – Караганда: ЖШС «Типография Арко», 2022–254 б.

ISBN 968-601-204-377-8

2022 ж. 09 сәуір Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің философия және психология факультетінде «Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика: шындығы және перспективалары» тақырыбындағы VI Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференция материалдарының жинағына ғалымдардың, магистранттардың, студенттердің, сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің баяндамалары енгізілген.

Жинақтың материалдары әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика, мектепте және жоғары оқу орнында «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі саласында мамандандырылған ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, мектеп мұғалімдеріне, магистранттарға, студенттерге пайдалануға ұсынылады.

09 апреля 2022 г. в Карагандинском университете им. академика Е.А. Букетова на базе факультета философии и психологии состоялась VI Республиканская научно-практическая конференция на тему: «Социальная работа и социальная педагогика: реалии и перспективы». Материалы конференции включают доклады ученых, магистрантов, студентов, а также учителей школ.

Материалы сборника будут интересны научным сотрудникам, преподавателям, учителям средних школ, магистрантам, студентам, специализирующимся в области социальной работы и социальной педагогики, методики преподавания «Самопознания» в школе и вузе.

Жауапты редактор: әлеум.ғ.к., доцент Абдрашева Б.Ж.

алқа:

Абдрашева Б.Ж. - әлеум.ғ.к., доцент; Мухтарова Ш.М. - п.ғ.д., профессор; Кургин С.Т. - п.ғ.д., профессор; Кендирбекова Ж.Х. п.ғ.к., доцент; Баймуканова М.Т. - п.ғ.к., доцент; Джамалиева Г.Ж. - әлеум.ғ.к., доцент.

Сын пікір берушілер: Бурганова Р.И. - п.ғ.к., , Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің доценті
Минжанов Н.А. - п.ғ.д., Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің профессоры

УДК 364: 370
ББК 65.27: 74.6

ISBN 968-601-204-377-8

©КарГУ им. Е.А. Букетова, 2022

1 СЕКЦИЯ

«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ»

Ағеділ Г.Е.

дене шынықтыру нұсқаушысы,
Дүйсембек С.С., Аикова Ж.С. тәрбиешілер
«Балапан» бөбекжайы КМҚК
Қарағанды қаласы

3-4 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Баланың өз бетімен әрекет жасауға деген құлшынысы арта түседі. Бірақ оның назары әлі де тұрақсыз, ол тез алаңдап, бір әрекеттен екіншісіне тез ауысады. Сол үшін баланың мінез-құлығын ұйымдастыруда ересектердің рөлі алдыңғы топтағыдай үлкен болады. Бұл жаста балалардың қозғалыс қоры біршама бай, бірақ ол өз әрекеттерінің нәтижесі қандай болатынын әлі ойламайды, оған сол әрекеттің өзі, оның эмоциялық әсері қызықтырақ. Сонымен бірге баланың іс-әрекеті, қозғалысы алдын ала ойластырылған сипатқа ие бола бастайды. Бала өз қалауымен немесе педагогтің ұсынысымен қандай да бір қимылды жасап, қайталай алады, қозғалыстың бағытын сақтап, оның кейбір тәсілдерін ажыратады. Бұл жастағы балалар әдетте қозғалыстың алуан жаңа түрлеріне тез ауысуды қалайды. Қандай да бір әрекетті жасағанда бала қозғалыстардың белгілі бір кезектілігін сақтай алады, біртіндеп қозғалыстың дұрыс, біршама үнемді түрлеріне үйренеді. Қозғалыс дағдылары мен біліктерінің қалыптасуы өзіне таныс бейнелердің қозғалыстарына еліктеу негізінде жалғасын табады. Қозғалыс жасалатын ортамен алдын ала танысып алу маңызды, заттарды пайдаланатын жаттығу түрлерін жасауға деген қызығушылық сақталады. Бала педагог көрсеткен қимылдарды саналы түрде түсіне қарап, түсіндірулерді тыңдайды. Ол жасалатын әрекеттердің мазмұнын баяндауға бағытталған диалог түріндегі түсіндіруді жақсы қабылдайды. Үш жастың соңына қарай бала дербес, еркін әрекеттер мен өзіне сенімділікті бекіте түсетін алуан түрлі қозғалыстарды меңгереді. Бұл педагогке балалардың негізгі қозғалыс түрлерінің сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстарға назарын аударуға мүмкіндік береді [1].

Басқа да топтағылар секілді, балалардың денсаулығын жақсарту және толыққанды дене дамуына қол жеткізу міндеттеріне баса назар аударылады. Қозғалыс белсенділігі мен балалардың жағымды эмоциялық жағдайы үшін қолайлы шарттар жасалады. Сондай-ақ балалардың дербес қозғалыс әрекеттерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар туындатып, қозғалыстың алуан түрінде жеке тәжірибе жинақтауға да көңіл бөлінеді. Екінші кіші топта ясли

немесе отбасынан келген балалар да болуы мүмкін. Сол себепті балалардың даму деңгейі әртүрлі болады. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбие алған балаларда бірлескен әрекет қозғалыстары туралы азды-кем дағдылары бар. Ал отбасынан бірден келген балаларда, әдетте мұндай дағды болмайды. Сондықтан бұл топта, әсіресе жыл басында педагог дамуы кешеуілдеген балаларды басқалардың деңгейіне жеткізу үшін жеке балалармен жұмысты көп жүргізуі керек. Ұйымдастырылған оқу қызметінде, ойында, дербес іс-әрекетте сөзбен түсіндірулерді тыңдап, көрсетулерді мұқият қарау, ұсынылған қозғалыс түрлерін жеке-дара ғана емес, топпен де бірлесіп орындау біліктері қалыптасады. Бірлесіп жұмыс істеу білігін дамытуда педагогтің балалардың назарын басқалардың жетістіктеріне аударуы бір-біріне деген жағымды көзқарастарын тәрбиелеуге көңіл бөлгені дұрыс. Балалар бірлесіп сапқа тұру, ойын барысында орын ауыстыруда өз орнын таба білуді, қозғалысын тежей тұруды, оны орындауға немесе қайталауға рұқсатты күтуді, біріне-бірі бөгет жасамауды үйренеді. Педагог бағдарлама талаптарына сәйкес, балалардың назарын дұрыс қозғалыс дағдылары мен біліктерін меңгеруге аударады [2].

Балаларға дене жаттығуларын жасап көрсету арқылы түсіндіру олардың санасында осы жаттығулар туралы түсініктерді бекіту жеңілдірек болады. Әдетте балаларға жаңа жаттығуларды үйреткенде, тәрбиеші өзі жасап көрсетеді. Жаттығуды тәрбиешінің өзі бірнеше рет жасайды. Бала дене жаттығуын дұрыс түсініп, оны барынша жақсы орындауға ынталануы үшін қозғалысты жоғары техникалық деңгейде көрсету қажет, яғни күшті толығымен жұмсап, қалыпты қарқында, жеңіл жасау керек. Содан соң жаттығуды түсіндіріп, тағы бір рет көрсетеді. Тәрбиеші жасаған жаттығуы балалардың барлығына көрінуі үшін дұрыс орын таңдауы керек. Мысалы, жалпы дамытушы жаттығуларды биіктеу жерде, балалардан сәл қашықтау тұрып көрсету қажет, бойы кішкентай балалардың алдыңғы саптарда тұрғаны дұрыс. Ең күрделі жаттығуларды (серпе лақтыру, секіру т.б.) бірнеше рет қайталап, әртүрлі қырынан көрсету қажет, сонда ғана балаларда дененің, қолдардың, аяқтардың қандай қалыпта болатыны туралы дұрыс түсінік қалыптасады. Жаттығу жасауға арналған құрал-жабдық педагогтің бойы мен салмағына сәйкес болмаған жағдайда ғана (гимнастикалық қабырғадағы жаттығулар, жіптің астынан өту, шеңберден өту т.б.) жаттығу жасауға балаларды қатыстыруға болады.

Балалардың көпшілігі қолдары мен аяқтарының қимыл-қозғалысын үйлестіруде әлі де дұрыс теңгерім жасай алмайды. Бірақ жүрістері бұрынғыдан сенімдірек әрі айқынырақ бола түседі: екі жаққа теңселу, қадам бағытына қарай иықтарын бұру азаяды, қолдың қозғалысы еркіндей түседі. Аяқтың қалпы да біршама өзгеріске түседі – табандар бір-біріне жақындап, қадам бағытына қарай тура орналасады. 3 жастан асқан баланың аяқ басуы әлі де ауыр, бала жерді бүкіл табанымен «сарт-сұрт» етіп басады, қадам соңында аяқтың ұшынан итеріле алмайды. Жүрген кезде аяқтар жартылай бүгілген қалыпта болады. Бала басы мен иығын жиі төмен түсіреді, аяғының астына жиі

карайды. Қадамдардың ұзындығы әртүрлі, бірақ қарқын тұрақтана түседі, жүру жылдамдығы біраз артады. Жүрген кезде кеңістіктік бағдарлану да жақсара түседі, балалар ұжымда еркін қозғалады, бірақ олар әлі де болса бөлменің, алаңның кеңістігін дұрыс пайдалана алмайды, бір-бірінен алшақтау жүрудің орнына, сығылысып, бір-біріне тым жақын жүреді. Екінші кіші топтағы балалардың жүрісіне бұрынғыдан нақтырақ талаптар қойылады. Балаларды қолдарын еркін, табиғи қозғалтып жүруге үйретеді, дененің, бастың қалпына көңіл бөледі, аяқтарын сүйретпей жүруге үйретуді жалғастырады. Жүрген кезде бас пен иықты ішке тығып, аяқтың астына қарау әдетін қойдыру үшін балаларға жалаушалар, таспалар, қолорамалдар беріледі [3].

Балалар оларды жоғары көтеріп, сермеп, өздері соларға қарап жүруі керек. Қол ұстасып, шеңбер құра, ұйқасты мәтіндер немесе ән айтып жүру де балаларға тапсырманың эмоционалдық жағына қызығып, еңсесін тіктеп, жоғары-алға қарауға көмектеседі. Аяқтарын сүйретпей, жеңілірек қадам басуға үйрете отырып, педагог балалардың аяқ, табан бұлшық еттерін шынықтырып, тепе-теңдік ұстауға көмектесетін алуан түрлі тапсырмалар береді. Аяқ ұшымен жүру, тізені биікке көтеріп, заттардан аттап, бағытты өзгертіп адымдау ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнында елеулі орын алады. Аяқ ұшымен жүру және тізені биікке көтеріп жүру жаттығулары ұзақ уақытқа созылмауы тиіс, оны жерге табанды тұтас тигізіп, жай жүрумен алмастырып отыру қажет. Егер мұндай кезектестіру сақталмаса, бір сарынды жүктемеден балалардың аяқ бұлшық еттері тез шаршайды (әсіресе аяқ ұшымен жүргенде), олардың тапсырмаға қызығушылықтары азаяды. Жүрген кезде аттау үшін жалпақ және тапал заттардан (кішкентай текшелер, сызықтар) бөлек жерден 10–20 см-ге биік көтерілген заттар (орташа текшелерге қойылған тақтайша, тұғырлардың арасына тартылған жіп, резеңке т.б.) қолдану ұсынылады. Оларды бір-бірінен балалар бірнеше қадам жасап барып аттайтындай алшақтықта орналастырған дұрыс. Педагог жүрген кезде қолды қарқынды сермеп жүру керек екендігін балалардың есіне салып отыруы қажет. Бірақ сақ болу қажет, себебі кейбір балалар бұл нұсқауды орындаймын деп иықтарына қатты күш түсіріп, шынтақтарын бүйірлеріне қысып алады, жұдырық түйіп, білектерін ғана қозғайды. Балалардың мұндай бұрыс қимыл жасамауы үшін оларға қосымша тапсырма беруге болады: жүрген кезде қолды екі жаққа, алға, жоғары созу, сермеу, қолдарын алға созып, жоғары-төмен қайшылау, екі жаққа созып, алма-кезек жоғары-төмен қозғау, т.б. Балалардан аяқ-қолдарының қимыл-қозғалысын толық әрі дәл үйлестіруді талап етуге әлі ерте.

Мектепке дейінгі кіші жастағы балалар әлі де өз қимылдарын ұжыммен сәйкестендіре алмайды, олар бір қарқында жүре алмай, бір-бірімен қақтығысып қалады, зал ішінде бір сарынды жүрістен тез шаршайды. Тәрбиеші балалардың бірінің артынан бірі қатарға тұруына көмектеседі, жүру кезінде олардың бір-бірінен қалып қоймауын және алдындакеле жатқан баланы қағып кетпеуін есіне салып отырады. Жүру жаттығуы үшін ұжым

ішінде ойын әдістері пайдаланылады («Пойыз», «Жұбыңды тап!»). Шеңбер бойымен немесе залды айнала жүргенде педагог қана емес, балалардың біреуі де бастаушы бола алады. Балалар шеңберді тарылтпауын, сығылыспауын бақылау керек. Бұл талапты орындау үшін кеңістіктік бағдарлар пайдалануға болады. Мысалы, педагог еденге сызылған немесе жіптен, текшелерден, кегельдерден немесе басқа да заттардан жасалған шеңберді бағдарға ала отырып шеңбер бойымен жүру туралы тапсырма береді. (Кейде кіріспе бөлімнен кейін балалар осы заттармен жалпы дамыту жаттығулар орындайды. Бұл жағдайда заттардың саны балалардың санымен бірдей болуы керек). Залдың бұрыштарына таяу қойылған тұғырлардағы жалаушалар, орындықтар, үлкен текшелер, спорттық таяқшаларды сыртынан айналып өту тапсырмасы біраз күрделірек болуы мүмкін. Шашырап жүрген кезде педагог балаларды залдың барлық ауқымын игеруге, ал бірінің артынан бірі жүргенде қалып қоймауға, алдындағы баладан озып кетпеуге үйретеді [4].

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Астана 2016
2. І. Тілеуғалиев Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі А «Атамұра» 2013 ж
3. І.Тілеуғалиев., Қ. Адамбеков., С. Қасымбекова Дене тәрбиесі. Алматы «Атамұра» 2003
4. Э. Тлеулов «Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесі». Шымкент 2015

Р.М. Айтжанова

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

И.А. Бакеева

ПжП мамандығының 3-курс студенті

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ.

ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ СФЕРАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Қоғамның заманауи талабына сай қазіргі мектептерде оқушыны білімді, білікті, белсенді, танымдық қабілеттері дамыған, жан-жақты тұлға етіп шығару басты міндеті. Бұл міндеттерді ойдағыдай іске асыру үшін мектепте оқитын әр баланың өзіне тән дара ерекшеліктері, баланың туа біткен қасиеттері, дарыны, эмоционалды күйі, мінез-құлқы мен темперамент ерекшеліктерімен санасуымыз қажет. Ол үшін оқыту және тәрибе процестерін бала бойындағы осы аталғандарды ескере отырып жүргізу керек. Себебі, бала бойындағы темперамент, эмоционалды күйінің ескерілмеуі баланың сабаққа деген құлшынысын азайтып, оқу үлгермеушілігіне әкеліп соқтырады. Сондықтанда мектеп психологының алдында тұрған міндеттерінің бірі деп

баланың эмоционалды күйі мен мінез-құлық ерекшеліктеріне, темперамент типтерін анықтау

Зерттеудің мақсаты: оқу іс-әрекетінің кіші мектеп оқушысының эмоционалды сферасының дамуына әсерін зерттеу.

Кіші мектеп жасындағы баланың басты әрекеті – оқу әрекеті қалыптаса отырып, бала тұлғасының дамуына әсер етеді. Баланың эмоционалды сферасының дамуында озық өзгерістер пайда болса да, бұл жағын қарастыру интеллекттік дамуына қарағанда аса назар бермейтіні байқалады. Қазіргі заманғы балалардың білетіні көбіректеу, олар логикалық есептерді жылдамырақ шеше алады, бірақ таңқалу, сұқтану, ызасы келу мен жан ашуын сиректеу білдіреді. Олардың қызығушылықтары шектеулі, ойындары бір қалыпты болып, рақымсыздық пен немқұрайлы қарауды білдіреді. Дегенмен Л.С.Выготский ойынша, интеллект пен эмоция – екі жүйенің бірлестігі кез келген әрекеттің табыспен орындалуын қамтамасыз етеді [1].

Кіші мектеп оқушысы бір қатар маңызды мектеп талаптары орындауға тиіс, соның нәтижесіне сай мұғалімнен баға алады, сынып ұжымының, отбасының өзіне деген қатынасына ие болады. Осының барлығы балаға бірқатар әсерленушілікті тудырады: қанағаттанушылық, мақтаудан туындайтын қуаныш, қайғыру, өзіне көңіл толмаушылық, құрдастарымен салыстыру арқылы кемшіліктерін уайымдауы және т.б. Тапсырманы орындау кезіндегі сәтсіздік кейбір балаларда өзіне қоршаған ортасына деген, мақтау естіген жолдастарына ықылассыздықты тудырады, мұғалім мен сыныпқа қиянат жасауға дейін барады.

Егер бұл сәтсіздіктер ұзақ уақытқа созылмаса және бала топтың қолдауын қажет етсе, бұл әдетте оның сыныпта немесе үйдегі лайықты орынға ие болуына ұмтылуына, жақсы оқып, табысқа жетуге талпынуына әсер етеді. Бұл жағдайда бұндай тапсырмалар, әсерленушіліктің, толқудың өзіне деген сенімсіздіктің, табысқа жету жолындағы қуаныштың, тапсырманы орындау одан әрі қалай болатыны туралы ойлардың негізі болады әрі кіші мектеп оқушысының жазбаша бақылау жұмысы және ауызша сауалнама кезіндегі әсерленушілігі, оның сәттілік пен сәтсіздікке деген немқұрайлы қарамайтындығын білдіреді. Әсіресе бірінші сынып оқушыларына бөлектеу құбылыстар қарқынды әсер етуі мүмкін.

Кіші мектеп оқушыларының эмоционалды қимыл әрекеттері, олар спектакль көріп отырған кезде айқындау байқалады: бұл жерде оның кейіпкерге деген ықылас білдірушілікті, жанашырлығы, сәтсіздік кезіндегі бірге қайғыруы, табыс кезіндегі қуануы; қозғалғыштың, әртүрлі жесттер, қорқыныштан қуанышқа бірден ауысу, мимикасындағы бірден болатын өзгерістер, балаға ерекше әсер етіп, оның эмоционалды құбылыстары қалыптасады. Бұл сол сәттердегі, оның эмоцияналды әрекеті жаңа белгілерді қалыптастырады: ол өз эмоцияларын ұстамды көрсете алады – көңіл толмаушылық, тітіркенушілік сынып коллективін көре алмаушылық, ұстамсыздық сезімдері, ескерту естуіне алып келеді. Өз сезімдерін басқара алушылығы жылдан жылға дамиды: мысалы оның ызасы мен тіркендіргіштігі

моторлық формада (ол төбелеске ұмтылмайды) ауызша көрінеді [2]. Ашу мен ұялушылық қобалжушылықтары көбірек, дегенмен қоршаған ортаға жұмбақтау байқалатыны айқын. Сөйлеу мен мимиканың құралуы, жаңашылдықтың дамуымен сипатталады. Бірінші сыныптағылар мен үшінші сыныптағылар жанашырлықтың деңгейінің арасында айырмашылық байқалады. Сондай-ақ эмоциясы анық байқалған суретті көрген кезде, 4-7 жастағы балалар өз ызасын дұрыс бағалайды, бірақ қорқыныш мен шошынуды 9 - 10 жастағылар дұрыс бағалайды.

Кіші мектеп жасының соңында құрдастарының ролі арта бастайтыны жөнінде мынадай дәлелді келтіруге болады: 9-10 жас аралығындағы бала (бұдан кіші жастағы баладан гөрі) сыныптастарының алдында алған ескертулерді күрт уайымдайтын болады. Бұл жастағы балалар бейтаныс ересек адамдарды ғана емес, таныс емес құрдастарын да жатырқайды.

Көтеріп отырған проблемамыз бойынша, көптеген әдебиеттерге талдау жасау кезінде, жиі кездесетін қорқыныштың түрі бұл – “ойлаған адам болмай қалу”, яғни мектепке кешігіп қалу, тағы да үлгермей қалу қорқынышы, осы үшін жаза алу, және де бұл қорқыныш әлеуметтік сәйкессіздік пен жағымсыздыққа ұласып отырады. Мұндай қорқыныш әсіресе қыз балаларда айқын көрінеді, өйткені олар ұл балаларға қарағанда әлеуметтік нормаларды тез меңгеріп көбінесе кінә сезіміне шалдығып отырады және де қоғамдағы жалпы сынды өте қатаң қабылдайды [3].

Қазіргі кезеңде көптеп қолданып жүрген терминдердің бірі “фобия”. Бізде өз зерттеуімізге орай, «мектептік фобияны» қарастыруды жөн көрдік. Терминнің негізгі мағынасы балалардың мектепке барар алдындағы қорқынышы екен. Әрине, бұндай фобия мектепке баратын кезде, мектепке бару қорқынышынан гөрі үйден кету қорқынышы басым болған кезде көбірек болатындығына яғни ата-анасынан айрылып қалу қорқынышы басым болатындығына көзіміз жетті. Бұндай қорқынышты сезімдер, ата-аналардың да басынан өтеді. Әсіресе, балаларын 1-сыныпқа апаратын ата-аналарда басым болады. Қандай мұғалімге түседі? Оқушылармен қарым-қатынасы қалай болар екен? Балам үйде ерке еді, мектепке барып жасып қалмайма екен деген сияқты сан түрлі сұрақтар алаңдатады және баласының күнделікті іс-қимылын жіті бақылаумен болады, бұл өз кезегінде балаларда өзіне деген сенімсіздікті, өз біліміне деген күмәндікті, кез - келген жағдайда басқадан көмек сұрауға бейімдеушілікті тудырады.

Баланың алғаш мектеп табалдырығын аттаған кезі – оның бойында күрделі сезімдер туғызады. Бұл балалар арасындағы, әрі үйдегі, әрі мектептегі жаңа талаптарған негізделген. Негізінен бұл жастағы балалардың негізгі әрекеті ойын болса, оқуға кіргеннен кейін, оқу психикалық дамуын билейтін болады. Осыған орай бала психикасы елеулі өзгерістерге ұшырайды. Бұның себебі, ойынға қарағанда оқу талабынның қиындығында.

Жаңа жағдайға бейімделе алмағандықтан, оқу әрекетінде төмендегідей қиындықтар кездеседі:

- Баланың мектеп жағдайына бейімделуі;

- Мұғаліммен, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы;
- 1-сыныпқа дейін баланың әріпті танып келуі (тапсырмалар, бала үшін жеңіл болады да, балада зерігу басталады).

Кейбір қатал ата-аналар өз баласының сәттілігі мен табыстылығының нәтижесін көруге құштар болады, осыдан балалары мектепте де әлі бала болып қалатынын – олардың ойнап, жүгіргісі келетінін ұмытып та кетеді. Олардың санасы жетіліп, үлкен болуға уақыт керек екенін де ескеру керек [4].

Әдетте өзіне-өзі сенімді, сүйікті, белсенді және өте қызыққыш балалар мектепке барар алдында қорқыныш сезіміне ұшырамайды, мұндай балалар оқуда болатын қиындықтарды өзі шешеді және достарымен қарым-қатынасты өзі қалыптастырады.

Кейбір балалар сабақты орындау барысында және тақтада тұрғанда қате жасаудан қорқады, өйткені олардың аналары әрбір әріптерде, әрбір сөздерді тексеріп отырады. Осымен олар бұған өте қатаң қарайды: «Ой, сені мектептен қуып жібереді және сен енді оқи алмай қаласың!» және тағы басқа сөздер айтады немесе, баланы ұрып – соғады. Ал, осыдан қандай нәтиже шығады? Анасы келгенге дейін баласы сабағын дайындап қояды. Бәрі бір анасы қайтадан сабақты дайындатқызады. Анасы баласының үздік оқуын қалайды, ал баласы кейбір себептерге байланысты бұл үмітін ақтай алмайды. Осыдан кейін баласы анасының жағымсыз көзқарасынан қорқа бастайды, және осы қорқыныш оқытушыға ауысада да, баланың күш – жігерін жояды: тақтаға шыққан кезінде, бақылау жазатын кезінде немесе орнынан тұрып жауап беретін кезінде және т.б. сәттерінде тұйықталып қалады.

Өкінішке орай, оқуға мүмкіндігі толық жететін оқушыны, оның енжарлығына қарап, қабілетсіз деп ойлайтын мұғалімдер де баршылық.

Осындай тығырықтан шығу үшін мектеп мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар береміз:

- Енжар балаларға мұғалім оқу-әректінде қозғау салса, қызығушылығын оятса;

- Оқушыға қосымша қызықтыратын материалдар беріп, білім алудың қуанышын бастан өткізуіне жағдай туғызу керек;

- Проблемалы жағдайларды шешуді талап ететін тапсырмаларды оқушыларға көптеп беру, олардан шешудің жолдарын талап ету.

Жоғарыдағы мақаламызды Ы. Алтынсариннің ойымен қорытындылағымыз келеді, «мұғалім кіммен істес болып отырғанын еш уақытта ұмытпауы тиіс. Егерде, балалар бір нәрсені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауы тиіс. Балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі және шыдамдылық танытқаны абзал, екі ұшты, астарлы сөз, орынсыз терминдерді қолданбаған жөн болады» [5].

Әдебиеттер:

- 1 Выготский Л.С. Мышление и речь: Соч.:в 6 т. - М.: Педагогика, -2006. – С. 21.
- 2 Изард К.Е. Эмоции человека: Пер. с англ. -М.: Изд-во МГУ, -2019. – с. 231.

- 3 Ізтілеуова Ж.А. Педагогикалық психология. -Алматы, 2018. – Б.11 - 15.
- 4 Жарықбаев. Қ. Психология негіздері. - Алматы - 2013. – С. 25-29.
- 5 Байжанова З. Жалпы педагогика. –Алматы, 2018. – Б. 28.

**п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Р.М. Айтжанова,
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.Қ.Белгібаева,
МДОЖТ мамандығының 2 курс магистранты І.Аутаева
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.**

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТІ САПАЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ШАРТЫ РЕТІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ

Қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларындағы өзгерістер бүгінде мұғалімнің жеке басына үлкен талаптар қояды. Футурологтардың болжамдарына сәйкес, ХХІ ғасырдағы білім берудің өзекті мәселелерін шешу үшін педагогикалық еңбек шебері, күзиретті, психологиялық-педагогикалық және пәндік салада жоғары білікті, шығармашылық өнімді еңбекке қабілетті мұғалім қажет.

Қазіргі уақытта білім беруші тұлғасына өте үлкен талаптар қойылады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-көп өлшемді құбылыс. Оған тек арнайы ғылыми және әдістемелік білім, дағдылар ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби және жалпы мәдениетіне, оның құндылық бағдарларына, өз қызметінің мәні мен өзінің маман ретіндегі идеяларына байланысты адамдармен жұмыс істеу мүмкіндігі кіреді. Оқушылардың рухани әлемін түсіну және оған әсер ету, оларға деген құрмет пен сенімділік, кең гуманитарлық мәдениет, кәсіби сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейі-мұғалімнің педагогикалық іс – әрекеті барысында жетілдіруді қажет ететін басты қасиеттері.

Қоғам өміріндегі елеулі өзгерістер ғылым мен техниканың қарқынды дамуының жағдайымен анықталатындықтан білім беру үрдісі үздіксіз және жүйелі болуы қажет. Мұның бәрі мәдени институт ретінде білімге түбегейлі жаңа талаптар қояды, сондықтан бұл кезеңде ол әлеуметтік-педагогикалық инфрақұрылымның өнімі ретінде ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаны қалыптастыру мен өзін-өзі жетілдірудің тұрақты процесі болып табылатын үздіксіз білім беру институты ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда педагог кәсібилігінің негізгі критерийлері қалыптасқан. Олардың негізінде келесі қорытынды жасауға болады, 21 ғасыр мұғалімі-бұл:

- қойылған міндеттерді іске асыру үшін оқыту мен тәрбиелеудің ең тиімді тәсілдерін, құралдары мен технологияларын таңдай білетін;
- рефлексиялық қызметті ұйымдастыра алатын;
- кәсіби құзыреттіліктің жоғары дәрежесіне ие;
- рухани, кәсіби, жалпы мәдени және физикалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын үйлесімді дамыған тұлға.

Қазіргі кезеңде адамның өзін-өзі басқаруға, жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік беретін білімді сапалы деп санауға болады. А. Дистервег білім адам одан әрі өзін-өзі дамытуға қабілетті болған кезде ғана аяқталған деп санайды. Бұл ой білім беру мекемелерінде алынған негізгі білімді толықтырушы ретінде өзін-өзі тәрбиелеудің дәстүрлі түсінігінің негізінде жатыр[1].

Педагог кадрларға білім беру, олардың кәсіби шеберлігін арттыру — әдістемелік жұмыстың басым міндеті. Әдістемелік қызмет мұғалімдердің шығармашылық қызметін жандандыруға, олардың педагогикалық стилінің бірегейлігін дамытуға, сайып келгенде, білім беру процесінің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған.

Егер білім беру процесі:

- ерікті және саналы түрде жүзеге асырылса,

- оны жоспарлау, басқару және бақылау адамның өзі арқылы жүзеге асырылса,

-қандай да бір қасиеттерді немесе дағдыларды жетілдіру үшін қажет болса, онда осы жерде өздігінен білім алу жайында айтуға болады.

Педагог кәсібилігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі - педагогикалық шеберлік болып табылады. Педагогикалық шеберлік дегеніміз не, оның қалыптасу деңгейін қандай көрсеткіштерден байқауға болады? Осы сұрақтардың шешімін іздеп көрейік.

«Егер мұғалім өз ісін жақсы көрсе, ол жақсы мұғалім болады. Егер мұғалімде әке, ана сияқты оқушыға деген махаббат сезімі ғана болса, ол барлық кітаптарды оқыған, бірақ іске де, білім алушыларға да сүйіспеншілігі жоқ мұғалімнен жақсы болады. Егер мұғалім өз ісіне және шәкірттеріне деген сүйіспеншілігін біріктірсе, ол кемел мұғалім».

Мұғалімнің кәсіби қалыптасуы мен дамуы педагогикалық оқу орнының қабырғасында аяқталмайды, ол кәсіби қызметтің барлық кезеңінде жалғасады. Педагогтың білім алуының үздіксіздігі оның шығармашылық қабілеттерін дамытудың қажетті шарты, оның өмірінің интегративті элементі және жеке педагогикалық тәжірибені үнемі дамытудың шарты болып табылады. "Педагогикалық шеберлік" ұғымының мәнін зерттей отырып, бұл әр ғалым-педагог осы күрделі құбылыстың бір немесе басқа қырын баса көрсететіндіктен, ғылыми-педагогикалық әдебиетте әр түрлі тұрғыдан ашылатын интегративті сапа деген тұжырымға келдік.

Осылайша, педагогикалық энциклопедияда біз келесі анықтаманы көре аламыз: « шеберлік — бұл жоғары жүрек қалауы бойынша жұмыс істейтін және балаларды жақсы көретін әр мұғалімге қол жетімді, үнемі жетілдірілетін тәрбие мен оқыту өнері» [3].

Көптеген ғалымдардың ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде ұсынылған анықтамаларының ішінен мұғалімнің шеберлігін оның оқушыларының білім беруді жалғастыруға, шығармашылық жұмысқа, қоғам өміріне белсенді қатысуға дайындық дәрежесі бойынша еңбегінің түпкілікті нәтижесін бағалауға негізделгенін таңдау керек деп санайды [4]. Бұл жағдайда шебер мұғалім қоғам алдындағы жауапкершілігін терең түсініп, әдістер мен

құралдарды оңтайлы қолдана отырып, кәсіби және педагогикалық іс-әрекетте жоғары нәтижелерге қол жеткізеді және жеке іс-әрекет стилімен ерекшеленеді, өзінің шығармашылық әлеуетін толығымен жүзеге асырады деп айтуға толық негіз бар.

Осылайша, мұғалімнің іс-әрекетінің тиімділігі, оның педагогикалық шеберлігі оқушылардың білімінің тереңдігі, беріктігі мен мағыналылығын, олардың ақыл-ойының дамуын, сондай-ақ адамгершілік-эстетикалық тәрбиені қамтитынының жұмысының нәтижелері бойынша, оқу-тәрбие жұмысының сапасы бойынша бағалануы мүмкін.

Шеберлікті меңгерген педагог:

- назарды аудара және оның тұрақтылығын сақтай алады;
- оқушыларға қатысты мінез-құлық пен қарым-қатынастың ең қолайлы тәсілдерін таңдай біледі;
- тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерін талдап, олардың ішкі мотивтерін көре біледі, әртүрлі жағдайларда олардың мінез-құлқын анықтай алады;
- оқушылардың жағымдылық қамтамасыз ету үшін эмоционалдық тәжірибені байыту үшін жағдай жасауға икемді;
- өзара әрекеттесу тиімділігін арттыратын құралдардың бай арсеналын қолдана отырып, қарым-қатынас инициативасын басқарады

А.А. Калюжный бойынша педагогикалық шеберлік келесі дағдыларды қамтиды [5]:

- өз ойын сауатты және анық тұжырымдау;
- қажетті коммуникативті мақсатқа жету;
- негізгі сөйлеу функцияларын орындау (растау, қарсылық білдіру, күмәндану, мақұлдау, келісу, ұсыну, білу, шақыру және т. б.);
- мәнерлеп сөйлеу (сөйлесудің дұрыс үнін таңдау);
- сөйлеудің ұтымды синтагмативтілігін таңдау (логикалық екпінді реттеу, нақты интонацияны табу және т. б.);
- логикалық, дәйекті, нәтижелі, яғни мазмұнды сөйлеу;
- өз бетінше сөйлеу (сөйлеу стратегиясын таңдау, тәуелсіз сөйлеу бағдарламасын жасау, жазбаша мәтінге сүйенбей сөйлеу);
- алдын-ала дайындықсыз сөйлеу;
- әңгімелеу әрекетінде оқылған немесе естігеніне өз көзқарасын білдіру;
- сөйлеу әрекеті арқылы көргенін, байқағанын және т. б. жеткізу.

Сөйлеу дағдыларын жетілдіру бейсезімдік қарым-қатынас құралдарын қолдану дағдыларын дамытудан кем емес, оның ішінде:

- паралингвистикалық (интонация, кідіріс, тыныс алу, дикция, қарқын, дыбыс деңгейі, ырғақ, тоналдылық, мелодика);
- экстралингвистикалық (күлкі, шу, қол шапалақтау және т. б.);
- кинетикалық (қимылдар, мимика);
- проксемикалық (қалып, қозғалыс, қарым-қатынас қашықтығы).

Жоғарыда айтылғандардан басқа, педагогикалық техниканың дағдылары мен икемдері мыналарды қамтуы керек:

- педагогикалық іс-әрекеттерді орындау барысында өз денесін басқара білу, бұлшықет кернеуін жеңілдету;
- өзінің психикалық жағдайын реттеу;
- "тапсырыс бойынша" (қажет ететін жағдайда) таңдану, қуаныш, ашу және т. б. сезімдерді білдіру, яғни педагогикалық әртістік дағдылар;
- интонациялау техникасын меңгеру (өтініш, талап, сұрақ, бұйрық, кеңес, тілек және т. б.);
- сұхбаттасушының өзіне тарта білу.

«Педагог өмір бойы оқу арқылы өзін-өзі жетілдіруі қажет» - бұл белгілі шындық. Бірақ, бірнеше жылдан кейін мұғалімдерді екі типке бөлінетіндігі жасырын емес: ескі әдістерді, жоспарларды, сөз тіркестерін қолдана отырып, көлбеу жолмен тыныш қозғалатын және оқушыларды репетиторлардың көмегіне жүгіне бастайтын деңгейге дейін әрең дайындайтындар мен оқудың монотондылығына, циклділігіне қарамастан үнемі ізденіс үстінде болып, жаңалықтарды енгізе білетіндер. Мәнісінде соңғы типтегі оқытушылар шынайы кәсіпқойлықтың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Педагогтың кәсібилігін қалыптастыруға өздігінен білім алу және әдістемелік іс-әрекет ерекше үлкен әсер етеді. Бұл қызмет мыналарды қамтиды:

- әр түрлі пәндерді оқыту саласындағы ғалымдардың заманауи зерттеулерімен үнемі танысу;
- сабақ және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың әр түрлі формаларын пайдалану мәселелері бойынша әріптестердің озық тәжірибесін зерттеу;
- оқыту мен тәрбиелеудің жаңа бағдарламаларынан және тұжырымдамалардан хабардар болу.

Қоғам өміріндегі елеулі өзгерістер ғылым мен техниканың қарқынды дамуының жағдайымен анықталатындықтан білім беру үрдісі үздіксіз және жүйелі болуы қажет. Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман - уақыт талабы. Осы себепті, қоғамда өз қызметінің мазмұнын сыни және шығармашылық тұрғыдан түсіне білетін және ғылымның соңғы жетістіктерін педагогикалық тәжірибесінде қолдану арқылы оны жаңарта алатын оқытушыға деген қажеттілік артты.

Әдебиеттер

1. Жүнісова Ж.А. Педагогикалық шеберлік. – Алматы, 2011. – Б. 91.
2. Мирза Н.В. Профессиональная компетентность педагога. – Москва: Изд-во Независимое литературное агенство «Московский Парнас», 2008. – 256 б.
3. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 б.
4. Қазақстан Республикасы жаңа формациядағы педагогтарының үздіксіз педагогикалық білім беру концепциясы. – Астана, 2005. – 207 б.

5. Калюжный А.А. Педагогическая имиджология. Учебное пособие для студентов вузов. – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2004. – 200б.

Акишева М. А.

«№68 мектеп-интернаты» КММ, педагог-психолог

Айтбай Г. Б.

«№68 мектеп-интернаты» КММ, әлеуметтік-педагог

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

Қоғамда күрделі процестер белең алып, нәтижелері тек 80-жылдардың ортасында анық көріне бастады. Экономиканың даму қарқындылығы баяулап, бұрынғы идеялогиялық бағдар көмескіленіп, әлеуметтік тұрақсыздық, адамдар арасындағы қарым-қатынас өзгерді, нәтижесінде адамгершілік-рухани құндылықтардың, өзара көмек т.б. сипаты өзгеріске түсті. Мұның өзі тәрбиелік қызметтің, әлеуметтік құндылықтардың толымсыздығына әкелді. Жастар қоғамдағы білім мен қабілеттің сұранысының болымсыздығын сезе бастады. Мәдениеттің, ұлттық дәстүрлердің, салт-сананың төмендеуі білім берудің тиімді саясатын жүргізуді қиындата берді.

Отандық мектептер білім берудегі үздіксіздік тұрғысынан артта қала бастады. АҚШ мен Англияда т.б. білім беру уақыты 12-13 жылды құрады. Көп уақытқа дейін біздің мектептер ұжымдық сипатқа негізделген бірегей стандартқа ұмтылды, нәтижесінде оқушының өз болмысын тану, белсенділігі мен инициативасы, шығармашылық әлеуетін дамыту толымсыз болып шықты.

Қазіргі уақытқа дейін мектеп әлеуеттік ортадан алшақ, өз проблемаларын өз күшімен шешуге ұмтылыс жасау сипатында қалып отыр. Мектеп оқушыларының әлеуметтік бейімділігі мен өмірлік тұрақтылығы, шығармашылығы, ізденімпаздығы мен шешім қабылдауы т.б. қоғам дамуына тікелей қажетті сапаларды қалыптастыруда артта қалды.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты білім берудің бастауыш сатысы – мектепке дейінгі мекемелерге ауыр салмақ түсті. Көптеген балалар бақшалары жабылып, басқа мекемелер олардың орнын басты. Маңыздысы - қалыптасқан оқу-тәрбие жүйесі бұзылды.

Соңғы жылдары қоғамда болып жатқан ғылыми жаңалықтар мен білім беретін мекемелердің дамуында оң өзгерістердің көбеюі олардың өмірмен байланысының нығаюы сияқты факторлардың ықпалы зерттеушілер мен әдіскерлердің танымдық белсенділікті дамыту теориясына деген ықыласын күшейте түсуде.

Философиялық сөздікте: «Таным – іс-әрекетінің адам мақсаттары ұмытылыстарының негізі болатын білімін қалыптастырушы, шығармашылық қызметінің қоғамдық-тарихи процесі. Ой еңбегі мен дене еңбегі барысында қарама-қарсылық бар жерде, шығармашылық, жаңалық ашушы және

тудырушы іс-әрекет орындаушылық пен жаттандылыққа әлеуметтік тұрғыдан қарама-қарсы қойылған жерде Таным, көбінесе, рухани өндірістің (ғылыми, эстетикалық, этикалық, діни-парасаттық қызметтің және т.б.) түрлі салаларындағы кәсіби мамандардың ерекше функциясы ретінде көрінеді – деген анықтама берілген. Таным – философиялық ұғым, «айналадағы материалдық шындықты» адам санасында бейнеленуі». Қоршаған дүние объективті түрде өмір сүретін болғандақтан, оның заттары мен құбылыстары санада бейнеленеді. Көру, сезіну, түйсіну арқылы сезім мүшелерімізге материалдық заттар әсер етеді де, біз оларды қабылдаймыз. Қабылданған дүниені танып білеміз. Сезім арқылы таныған дүниені ғылыми біліммен байланыстырғанда ғана білім қалыптасады. Қабылдау барысында сыртқы сезімдер мен сезімдер біріге отырып, танымды нақтылай түседі. Сезінуді ойлау процесі құптау арқылы танымның логикалық формасы дамиды.

Адам баласы таным арқылы білмеуден білуге көшіп отырады. Ол затты құбылысты танығаннан кейін, енді таныс еместерін білуге ұмытылады, ізденеді. Сөйтіп, әлде де толық емес білім, толығырақ, дәлірек білімге қарай дамиды. Тану үшін адам дүниеге белсенді әсер етеді, оған ықпал жасап, өзгертеді, екінші зат өндіреді, соның нәтижесінде өзі де өзгереді.

Әлеуметтік педагог мектепте негізгі бағыттарда жұмыс жасайды:

- 1.Диагностикалық қызмет;
- 2.Өз қызметінде көмекті қажет ететін балаларды анықтау;
- 3.Кәмелетке толмағандардың, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру;
4. «Қиын» оқушылармен жұмыс
- 5.Сынып жетекшілері, медициналық қызметкерлер, ата-аналар комитетімен, пән мұғалімдерімен қарым-қатынасты үйлестіру.

Әлеуметтік педагогтың құжаттары:

1. Тәжірибелік жұмыс жоспары;
- 1 жылға құрастырылған жұмыс жоспары;

Диагностикалық жұмыстар

Құқықтық тәрбие

Отбасымен жұмыс

Сынып жетекшілермен жұмыс

Ағарту іс шаралары

Ерекше назардағы баламен жұмыс

Оқушылардың тізімі:

ЖӨИ есебінде тұратын;

Мектепшілік бақылауда тұратын

Көп балалы және аз қамтылған отбасылар

Сәтсіз отбасылар

Мүгедек балалар;

Оралман балалардың тізімі

Потранаттық отбасы тәрбиесіндегі балалардың жеке іс қағаздары

Оқытудағы белсенділік – мұғалімнен оқытудың солай қойылуын талап етеді, қайсысы оқушыларда ынталықты, тұрақтылықты, терең білім алуына мүмкіндік жасауды көздейді. Сонымен бірге оқушыларда іскерлікті, дағдыны, ойлауды, бақылағышты есі мен сөзін және шығармашылықты қалыптастыру. Танымдық белсенділік – психологиялық белсенділіктің жоғарғы түрі. Адам санасы нақты, өмірді ғана бейнелемей, сонымен бірге оны жасайды

Қазақстандық педагог-ғалымдар Ж.А.Қараев оқушылардың танымдық әрекетін арттыру жолдарын компьютерді қолдану арқылы; Т.С.Сабыров оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолданудың негізін қарастырса; А.Е.Әбілқасымова математика пәнінің негізінде студенттердің танымдық іздемпаздығын лекциялық, практикалық сабақтарда, өзіндік жұмыс істеуі барысында қалыптастыру жолдарын ашып көрсетсе; Т.И.Қоқымбаева халық педагогикасының құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекеті мен белсенділігін дамыту жолдарын зерттеген.

Педагогика мен психология ғылымдарына сүйенетін болсақ, оқыту үрдісінде негізгі орынды танымдық әрекет алады. Оқу әрекетінің нәтижелі болуы белгілі дағды мен іскерлікті меңгеруді ғана қажет етпейді, мақсатқа сәйкес туындайтын міндеттерді жүзеге асыратын түрткілер мен қажеттіліктердің пайда болуымен сипатталады. Мұндағы басты нәрсе оқушының оқи білуі ғана емес, оқығысы келуіне байланысты, яғни таным әрекетінің басымдық алуына байланысты. Қазіргі мектептің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер педагогикалық үрдісті ұйымдастыруға жаңаша талаптар қойып, әсіресе бастауыш сыныптарда оқушылардың өзіндік жұмыстары негізінде танымдық белсенділіктің артуы нәтижесінде, оқу әрекетінің іргетасы қаланатыны белгілі.

Мектепте оқудың басталуымен оқушылар нақтылы да абстрактілеуге де қол жеткізеді. пікір айтып, қортынды жасауға тырысады. Балалардың құбылыс туралы түсінігі болғанымен азғантай өмір тәжірбиесі шеңберінен ұзап шыға алмайды. Мектепте баланың алдында ғылыми түсініктерді оқып үйрену тұр. Бұл баланың ойының жедел дамуына ықпал етеді. Баланың ойлауының дамуы баланың жетістіктерімен байланыстырады. яғни баланың талдай алуы, салыстыра алу іскерліктерін қалыптартырады болып табылады. Ол үшін балаларға салыстырудың әр түрлі тәсілдерін көрсетеді. Теңестіру, беттестіру, т.б.

Баланың ішкі жоспарының қалыптасуы сыртқы іс -әрекетің ішкі іс-әрекетке ауысуымен байланысты. Бұл әсіресе математика сабақтарында жиі байқалады. Қимыл - қозғалысты дамыту жұмыстарын жүргізу шарт. Оқушылардың танымдық қызығушылығының теориясы.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа

ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады. Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл – ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділіктерінен ізденімпаздық қалыптасады.

Жоғарыда әлеуметтік педагогтың бірлесе жұмыс атқаратын субъектілері көрсетілген, егер осы бірлескен жұмыс жүйелі жолға қойылса мектептегі оқушыларды әлеуметтендіру жұмысы жоғары деңгейге ие болады. Бүгінгі мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтардың алдында үлкен де, күрделі міндеттер тұр. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтың ролі ерекше деп атауға болады. Өйткені, олардың бірігіп атқарған жұмысының нәтижесінде болашақ жеке адамның дұрыс, жан-жақты жетік қалыптасуына кең жол ашылады. Баланың интеллектуалдық, шығармашылық, әлеуметтік қалыптасуына негіз беріледі

Білім беру мекемесінде әлеуметтік педагог жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды жәрдемақылық, зейнетақылық және тұрғын үй жағдайын қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Қазіргі кезде елімізде экономикалық және әлеуметтік қиындықтар орын алғаны бәрімізге белгілі. Халықтың басым көпшілігі жұмыссыз болғандықтан әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасылардың саны аз емес. Әлеуметтік тұрмыс жағдайы баланың білім мен тәрбие алуына ықпалын тигізеді. Мектептегі әлеуметтік педагог баланың өскен ортасы, жанұясы, қарым-қатынаста болатын жолдастары, сыныптастары туралы сараптап оқу жылына жоспарын жасайды. Жоспар жасауда көптген талапқа сай құжаттар басшылыққа алынады. Сонымен қатар оқу жылында мектептің әлеуметтік паспорты жасалынады.

Әлеуметтік тұрмысы нашар отбасына жұртшылық назарын аудару мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясын кең көлемде өткізіп, аз қамтылған, жетім, көп балалы отбасыларына киім-кешектер мен оқу құралдарын алып беруді әлеуметтік педагог ұйымдастырып отырады. «Мектепке жол» республикалық акциясы біздің мектебімізде де өткізіліп отырады, «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру барысында жоспар құрылады, мөлтек ауданға рейдтер жасалады. Биылғы оқу жылында мектебімізде 501 оқушы болса оның 201-і әлеуметтік аз қамтылған оқушылар санатына жатады. Осы санаттағы оқушылардың барлығын назардан тыс қалдырмау мақсатында акция аясында көптеген шаралар, яғни «Қайырымды сынып» жәрмеңкесі жоғары және бастауыш сыныптарда өткізілсе, «Қайырымдылық жәшігі» мектеп ғимаратында орналастырылып, барлық ұжым мүшелері ат салысты, сонымен қатар кәсіпкерлер мен меценаттарға шақыру билеттері таратылды, «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық концерті ұйымдастырылды. А

кция қорытындысында мектеп ұжымының, оқушылардың, кәсіпкерлер мен демеушілердің көмек беруімен 137 әлеуметтік аз қамтылған оқушыларға

киімдер, оқу-құралдары алып берілді. Әлеуметтік педагогтың осындай ұйымдастырған шаралары әрқашанда әлеуметтік аз қамтылған отбасындағы әр балаға шаттық сыйлатыны баршамызға белгілі. Осы арқылы біз оқушыларымызға әрқашан қоғамнан тыс қалмағанын, әрдайым қолдау көрсетілетіндігін, қиын жағдайда қасынан табылатындығын дәлелдейміз және де осындай жылылыққа бөленген оқушы да болашақта жақсылыққа ұмтылуға бейімделетінін көреміз.

Әлеуметтік педагог мамандығының иесі гуманист, биік рухани және жоғарғы деңгейдегі мәдениетті педагог, психолог, баланың білім алуына, тәрбиесіне, дамуына байланысты, оны қорғауға өзінің белсенді роль атқаратынын түсіне алуы, тұрақты адамгершілік қағидасы, ұстанымы болуы тиіс. Белгілі бір нәтижеге жету үшін әлеуметтік педагогикалық жұмысты жоспарлауды, білім мен іскерлікті орынды пайдалану, педагогиканың жаңа интенсивті әдістерін меңгеру, оқыту мен тәрбиелеудің формаларын білу қажет. Әлеуметтік педагог ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, оларға жеке кеңес беріп, отбасылық мәселелерді бірлесіп шешуге көмектеседі.

Әлеуметтік жағдайды, жаңашылдық өзгерістер мен әлемдік педагогикалық тәжірибені қазіргі ғылыми тұрғыдан талдау білім беруді дамытудың жаңа бағдары – жаңару стратегиясын таңдауға себепші болды.

Алдымен білім беру мақсаттарының өзгерісіне, ізінше оның тиімділігі өлшемдері келді. Білім беру жүйесі әлі де болса соңғы нәтиже ретіндегі білім, білік және дағдыға бағдарланған. Білім деңгейі мектеп бітірудегі, жоғары оқу орындарына түсуде т.б. негізгі өлшемдер ретінде қарастырылады. Ежелден белгілі: “көп білім ақылдылыққа үйретпейді”. Сондықтан оқыту жеке тұлғаны қалыптастыруға, дара мүмкіндіктерін, шығармашылығын дамытуға бағытталуы тиіс. Оқыту - міндетті түрде тәрбиелік қызметпен сабақтастықта өтуі қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Баянбаев К. Книга для чтения по казахской литературе для 3 класса русской школы. – Алматы. Рауан, 1998. 196 б.
2. Гончаров Н. К. Педагогика. Издательство Академии педагогических наук Р. Москва. 1993. 430 б.
3. Степин В. С. Природа научного познания. — Минск, 1979.
4. Тәжібаев Т. Жастарды тәрбиелеу туралы. Алматы. 1984.
5. Степанова О. А. Социальный педагог в школе. М., 2019.

**Арконова А.К.,
Тажикенова Г.К.,
Абильмаженова Г.Б.
тәрбиешілер
«Балапан» бөбекжайы КМҚК
Қарағанды қаласы**

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ДАМУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖОЛДАРЫ**

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынды. Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (білім саласын толық қамтитын). Ал ғылыми әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

– дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік психологиялық жауапкершілін арттырады.

– қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

– баланың білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

– саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

– ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

– иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

– ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады; Бүгінде педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Оны білім беру саласы қызметкерлерінің күнделікті қызмет іс-әрекетінде қолданылып жүргенінен -ақ

байқауға болады. Олардың өз ісінде алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды үздіксіз меңгеру. Бұл үрдіс педагогтардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау болып табылады. «Технология» сөзі – гректің «шеберлік, өнер» және «заң, ғылым» сөздерінен шыққан – бұл шеберлік туралы ғылым. Инновациялық технологиялар – тәрбиелеу мен оқытуға қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған заманауи әдістер мен ұтымды тәсілдердің, тәрбиелеу мен оқытудың дәстүрлі емес әдістерінің, жаңа оқыту құралдарының жүйесі. Инновациялық технология – алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқудың әдіс-құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар аз емес. Әсіресе жаңа технологиялар мектепке дейінгі мекемелердің мектепалды даярлық топтарындағы балаларды мектепке дайындауға өте қолайлы келеді. Соның бірі ретінде келесі технологиялар мен оны тиімді пайдалану туралы пікір бөліссек деп едік. Интерактивті оқыту технологиялары- баланы жан-жақты дамытуға бағытталған білім беру үдерісінде белсендіруші әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы дамытушы сипаттағы әдістемелерді қамтиды. Сонымен қатар, оқуға ерте үйрету, тілдерге үйрету (тілдердің үштұғырлығы), танымдық материалды сызбалық-таңбалық үлгілер негізінде үйрету, М. Монтессоридің өзін-өзі дамыту әдістемесі, ұжымдық пікірталас және оқу-рөлдік ойындарының әдісі. Интерактивті оқыту әдістері балаға адами өзара іс-әрекет пен қарым-қатынасын ұйымдастыру арқылы бағытталған. Оқуға ерте үйрету Интерактивті

технологияларға оқуға ерте үйрету де жатады. Балаларға сөздерді толық оқуға үйретудің озық әдістемесін балаларды ерте оқытудың қолдаушысы Глен Доман әзірледі. Доманның әдістемесі қазіргі уақытта да қажет. Балаларын ерте оқуға үйретуді бастау үшін ата-аналар мен тәрбиешілерге көмектесетін жаңа әдістемелік кешендер әзірленді. Бұл кешендер, - «Жөргектен оқу», «Жөргектен оқу әліппесі», «Глен Доманның үлестірме қағаздары» деп аталады. Оны Ресейдің ғана емес, сонымен қатар басқа да шетелдердің ата-аналары ментәрбиешілері сәтті қолдануда. «Жөргектен оқу» технологиясы бала өміріне маңызды кезең ойлау қабілетінің – миының белсенді өсу кезеңінде және өмір бойындағы «интеллектуалды қуатының» қалыптасуына, зейінін маңызды затқа шоғырландырып, ұстап тұру іскерлігін дамытуға жағдайлар жасайды. Әріптер мен буындарды алдын-ала үйренусіз тұтас сөздерді

жүгіртіп дербес оқу негізінде ақпараттардың үлкен көлемдерін еш қиындықсыз ойда сақтауға мүмкіндік береді. Баланың миы 6-7 жас

аралығында жаңаны қабылдауға барынша ашық болады. Ол бұл шағында кез-келген ақпараттарды жеңіл меңгереді. Сөзді толық қабылдай отырып, материалды тезірек орындайды, келіп түскен ақпаратты жеңіл өңдейді. Бұдан кейін жылдам ойлауы дамиды – тез ойлап, талдау жасау іскерлігі дамиды. «Мультимедиа» технологиясын (Қытай) халқы дайындап, ұсынған. Ол мектепалды даярлық топтарда балалардың білім алуға қызығушылығын арттыруға арналған. «Мультимедиа» «Multimedia» – көп орталылық немесе ортаның көптігін білдіреді. Орта деп -дыбыс, видео, мәтін және басқалары да түсіндіріледі. Мультимедиа деп персоналды компьютерді мәтінмен ғана емес, сонымен бірге дыбыспен, графикамен, анимация және видеомен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдар мен кешенді түсінуге болады. Мультимедиа кешен құрамына балалармен жұмыс барысында оқытудың тиімділігі жоғары техникалық құралдар кіреді: сенсор арқылы басқарылатын проекциялық экран, мультимедиалық платформа, тілдік зертхана, интерактивті тақта, видео қабырға, бағдарламалық жасақтама. Мультимедиа компьютерді мәтінмен ғана емес, сонымен қатар, дыбыс, жоғары сапалы бейнелер, видеофильмдерден құралған мәліметтер қорымен жұмыс істеуге ыңғайлы құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Осы технологияларға ұқсас ақпараттық технологияларды атап өтуге болады. Ол отандық «Сөйлейтін қалам» мен «Дыбыстық карталар» таңбалық - белгілік технологиялар. Олардың оқыту мүмкіндіктері, ойлау, зейін, ес, қабылдау, елестету қабілеттерін дамытуға әсері зор. Бұл технология мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес. Отбасы тәрбиесіне арналып әзірленген «Даналық әліппесі» кешені балаларға, «Қобыз үні», «Домбыра күйі», «Бесік жыры», «Халық әні», «Халық аңызы», «Халық ертегісі», «Халық тағылымы», «Халық жыры», «Нақыл сөз», «Билер сөзі», «Аталар сөзі» және «Бабалар батасы», тақырыптар аумағында халық даналығын сіңіруге мүмкіндік береді. Ол жөнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Даналық әліппесі» кешенінің алғы сөзінде: «Интеллектуалды технологиялар негізінде әзірленген «Даналық әліппесі» сіздің ой өрісіңізді кеңейтіп, біздің халқымыздың асыл мұраларын меңгеру арқылы шешендік шеберліктеріңізді дамытады, рухани әлемін байыту үшін құнды құрал ретінде қызмет етеді деп есептеймін», - деп өз пікірін білдірді. Жаңа технологиялар қатарына озық тәжірибелер негізінде құрылған дамытушы

технологиялар да жатады. Соның бірі «E-Blocks» бағдарламасы. E-Blocks – білім беру технологияларының үздігі Positivo Informatica компаниясының әзірленген ғажайып білім беру өнімдерінің бірі. E-Blocks бағдарламасы көптеген ұлттық және халықаралық марапатқа тағайындалып, марапатталды. 2005 жылы E-Blocks Біріккен Ұлттар Ұйымының электрондық оқытудағы озық шешімі үшін WSA премиясын жеңіп алып, инновациялық сенсорлық оқыту әдісінің үздігі ретінде таныла бастады. Ол 6-7 жастағы балаларды

тілдерге, қисынды ойлауға, математикалық түсініктерін қалыптастыруға керемет жағдайлар жасайды. Бағдарлама мазмұнының міндеттері:

- дыбыспен, суреттермен және анимациямен сүйемелденетін интерактивті тәжірибелік тапсырмалар;

- өлеңдер мен әндер бойынша жаңа білімдерді қолдану және тапсырмаларды орындау;

- ойын арқылы қайталаусекілді бағыттарды қамтиді. Міне осындай технологиялардың көмегімен тек білім берудің стандарт талаптары ғана емес, сонымен қатар тереңдетілген білімді игеруге мүмкіндік туып отырады. Қорыта келгенде мектепке дейінгі мекемелерде озық инновациялық технологиялар аспектітерін жоғарыда аталған сипаттар негізінде жүйелі түрде қолдану – біріншіден тәрбиеленуші бүлдіршіндердің болашақта өз білімдерін тек жетік меңгеруіне ғана емес, қолданыс барысында бағдарлай алуына да мүмкіндіктер жасайды. Сонымен қатар, күнделікті тәрбиеші педагогтың жұмыс мазмұнын бірбеткейлік болудан сақтандырады. Жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, педагог-тәрбиеші өз шығармашылығы бойынша авторлық бағытта қызмет етуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, жалпы мектепке дейінгі мекеменің қоғамдық статусын жоғарлатып, ата-аналар тарапынан сенімділік пен абыройлыққа жетелейді. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі жақсы білім мен тәрбие беретін мекеме болу жеткілікті емес, ата-аналар мен заман талабының сұранысына жауап бере алатын озық ойлы, іздемпаз, іскер мекеме болу маңызды. Себебі бүкіл дүниежүзілік қарқынды бәсекелестік соны талап етеді. Ал бәсекеге қабілетті болу ол озық білім мен тәжірибені меңгеру ғана емес, сонымен қатар, оны өз бетімен қолдана алу, дамыта алу, жетілдіре түсу дегенді білдіреді. Еліміздің ойшыл болашағын тәрбиелеуде инновациялық бағыт әрбір мекемеде ғана емес, әрбір қызметкерде болуы тиіс деген тұжырымдамамен қорытындылағымыз келеді.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: 2012.

2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 2000. - 320б.

3. Илясова Р., Мұқанова Б. Этнопедагогика. – А.: Фолиант, 2008. -236б.

4. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім, 2003. -280б.

5. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 2000. -160б.

6. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 2000. 327б.

7. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. – Алматы: Мектеп, 2007. -79б.

**п.ғ.к., доцент Баймуканова М.Т.
Магистрант Темір Ж.Т.
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ
Қарағанды қ.**

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ МЕН ЖАНЖАЛДАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Девиантты мінез-құлық себептерінің түсініктемесі осы әлеуметтік-психологиялық құбылыстың табиғатын түсінумен тығыз байланысты. Адамның мінез-құлқында әртүрлі деңгейдегі компоненттер, атап айтқанда биологиялық, психологиялық және әлеуметтік компоненттер үндесіп жататындығы белгілі. Осыған сәйкес биологиялық детерминанттарға (себептерге) басты және біркелкі назар аударатын тұжырымдар, психологиялық факторларға баса назар аударатын тұжырымдар және девиантты мінез-құлықты тек әлеуметтік себептермен түсіндіретін әлеуметтік тұжырымдар пайда болады. Жалпы білім беру мектебінің мұғалімі оқу-тәрбиелеу үдерісінде және түзету-педагогикалық іс-шарасында ең басты тұлға болып табылады. Ол айрықша педагогикалық ықыласты қажет ететін оқушылармен түзету-педагогикалық үдерісін ұйымдастырады, нақты мазмұнын анықтайды және жүзеге асырады. Ол оқушылар мен ата-аналардың арасында байланыс орнатады, қарым-қатынасты түзетеді, балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен мінез-құлқындағы кемшіліктердің алдын алуға және жеңуге бағытталған нақты әдістер мен амалдарды іріктейді және қолданады. Алайда, ғылыми зерттеулер мен мектептердегі педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, кез келген мұғалім түзетуші педагогикалық ықпалдардың толық әдіс-тәсілдерін қолдана алмайды. 40-тан 70%-ға дейін мұғалімдер дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылық бар балалардың әртүрлі санаттарымен тәрбиелеу және түзету жұмыстарын ұйымдастыруда қиыншылықтарға кездеседі. Олар баламен сенімді қарым-қатынас орната алмайды. Оларға тәрбиелеу жағдайын басқару қиын, баланың мінез-құлқының бұзылуына қатысты шешімді олар тым баяу қабылдайды. Олар тәрбиелеу міндеттерін шешуде айрықша амалдарды таба білмейді. Дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылық бар жасөспірімдермен түзету жұмысын ұйымдастыру және жүргізу олар үшін өте қиын. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық әрекеті көпаспектілігімен және көпфункционалдылығымен ерекшеленеді. Мұғалім оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу нәтижелерінің оқушыларды даярлау жүйесінің білім беру стандартында, мемлекеттік бағдарламаларда және басқа да нормативтік құжаттарда анықталған талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметкер және жеке тұлғаны қалыптастыру мен жан-жақты дамыту міндеттерін орындайтын әлеуметтік қызметкер, өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиешісі болып табылады. Мұғалім балалардың әртүрлі санаттарымен (ауытқыған мінез-құлық, психикалық дамудың кешігуі,

тәрбиелеуге қиын және педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған) жұмыс істеу барысында дефектолог, педагог-реабилитолог, әлеуметтік педагог қызметтерін атқарады. Девиантты мінез-құлық-қоғамда қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларға қайшы келетін жеке әрекеттер жүйесі. Қоғамдық пікірге қарсылық тудыратын кез келген мінез-құлық девиантты деп аталады. Мектеп оқушыларының мінез-құлқындағы ауытқушылықтар тұлғалық қасиеттермен тығыз байланыста қарастырылады. Девиантты мінез-құлық түрлерінің классификациясын психиатрлар Амбрумова А.Г. және Жезлова Л.Я. Олар мектеп оқушыларының девиантты мінез-құлқының төрт негізгі түрін ажыратады:

1. Тәртіпке қарсы мінез-құлық (режимді, тәртіпті бұзу).
2. Асоциалды, антисоциалды (жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын мойындамау).
3. Құқық бұзушылық заңсыз (бопсалау, ұрлау, көлік құралдарын ұрлау, бұзақылық).
4. Автоагрессивті мінез-құлық (суицид, фанатизм, экстремалды спорт, әртүрлі тәуелділік түрлері) [1, 211].

Девиантты мінез-құлық мәселесі жасөспірімдік жаста ең өзекті болып табылады, ол қалыптаспаған тұлға мен әлеуметтік жетілмегендігімен сипатталады.

Девиантты мінез-құлықтың ең жақсы алдын-алу тәрбиенің құралдарын, формалары мен әдістерін нақты белгілей отырып, мақсатты түрде ұйымдастырылған [4, 494].

Зерттеушілер девиантты мінез-құлықты алдын алудың үш негізгі деңгейін анықтайды. Тұлғалық деңгейде мақсатты топқа әсер ету кәмілетке толмаған баланың әлеуметтік қолайлы мінез-құлқының негізін құрайтын осындай тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Отбасы деңгейі девиантты мінез-құлықтың пайда болуы мен дамуын болдырмау үшін кәмілетке толмаған баланың отбасына және оның жақын ортасына ықпал етуді ұйымдастыруды көздейді. Алдын алудың әлеуметтік деңгейі девиантты мінез-құлыққа қатысты әлеуметтік нормалардың өзгеруіне ықпал етеді, бұл жеке және отбасылық деңгейде профилактикалық жұмысты ұйымдастыруға қолайлы жағдай туғызады [2, 336].

Мектеп оқушыларының девиантты мінез-құлқының алдын алу жүйесі келесі шараларды қамтиды:

- Балаларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін мамандардың кешенді тобын құру (әлеуметтік педагог, психолог, кәмілетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор, терапевт және т.б.), бірінші кезекте тәуекел тобындағы оқушылармен және олардың отбасыларымен тәрбие және профилактикалық жұмыстармен айналысады. Ата-аналарды балалар мен жасөспірімдерге қатысты мәселелерді шешуге тәрбиелеу.

- Отбасында, тұрғылықты, оқу орны бойынша тәрбие ортасын ұйымдастыру. Педагогикалық ұжыммен және мектеп психологымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

- Оқушы тұлғасының дамуын ұйымдастыруға бағытталған өзара байланысты іс-әрекеттер жүйесін құру. Атап айтқанда, психолог психодиагностика нәтижелері бойынша мектеп оқушыларымен түзету-дамыту сабақтарын, психологиялық тренингтер, тәрбиелік мәні бар әңгімелер, салауатты өмір салтын ұстанудың пайдасы мен мектеп оқушыларының қоғамдағы адекватты әлеуметтік мінез-құлқы туралы дәрістер өткізеді.

- Ата-аналармен өзара әрекеттесу. Балалар мен ата-аналарға арналған бірлескен ашық сабақтар, ата-аналар жиналысы, ата-аналар дәрістері, жеке кеңес беру, психологиялық мәдениетті арттыру семинарлары. Жасөспірімдер мен олардың ата-аналары арасында сенімді қарым-қатынас, жанұяда жайлы психологиялық жағдай жасау өте маңызды.

- Балалар мен жасөспірімдерге қатысты мәселелерді шешуге қатысатын әртүрлі қызметтердің мамандарымен өзара әрекеттесу (қалалық аудандар әкімшілігінің мамандандырылған бөлімдері: кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия, қорғаншылық және қамқоршылық органдары, отбасылар мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету орталықтары)[3, 144].

Бос уақытты ұйымдастыру тәрбиелік шаралар алдын алу жұмыстарының маңызды бағыты болып табылады. Бұған мектеп оқушыларын үйірме жұмыстарына, спорт секцияларына тарту, театрландырылған қойылымдарға қатысу, психологиялық тренингтерге қатысу, т.б.

Кәмелетке толмағандарды олардың құқықтары мен міндеттері туралы, осы жас тобына белгіленген әлеуметтік нормаларды іске асыру жөніндегі мемлекет пен қоғамның талаптары туралы ақпараттандыру басты назарда болуы тиіс ақпараттық-ағарту жұмыстары. Бұл еңбек жасөспірімнің әлеуметтік тәрбиесі мен құқықтық санасын қалыптастыруға, оның білімін арттыруға, қоғамдағы моральдық-адамгершілік мінез-құлық нормаларын бойына сіңіруге бағытталған [4, 240].

Мектеп оқушыларының девиантты мінез-құлқының алдын алу жасөспірім тұлғасының моральдық-еріктік қасиеттерін қалпына келтіру немесе түзетуден тұрады. Ол әлеуметтік нормалардың тұлғалық нормаларға айналуына ықпал етеді, өзіне деген жауапкершілік, талапшылдық сезімін, өзінің мінез-құлқы мен басқа адамдардың мінез-құлқын барабар бағалауды қалыптастырады, қоғамға зиянды әрекеттерге әкелетін ұмтылыстар мен мотивтерді тежейді.

Мектеп оқушыларының девиантты мінез-құлқының кәсіби және дұрыс ұйымдастырылған профилактикасы жасөспірімдер арасындағы жанжалдардың алдын алудың негізгі құралы болып табылады және соның нәтижесінде қоғамда салауатты климат үшін өте маңызды құқықтық және басқа да әлеуметтік шиеленістерді болдырмайды.

Алдын алу шаралары мен олардың классификациясы. Зерттеулер жасөспірімдердің қылмыскерлігі үлкендердің қылмыскерлігіне қарағанда олармен күресу шараларына «сезімтал» келеді. Ең алдымен, бұл жергілікті билік орындары жүзеге асыратын (әкімшілік) аймақтық деңгейде жүзеге асыратын жалпыәлеуметтік, экономикалық, ұйымдастыру шаралары. Алдын алу жұмысын оқу орындарында және сол оқу орындарында қызмет атқаратын

адамдармен тікелей ұйымдастыру қажет. Бұл жұмыс жалпы шаралармен қоса, жасөспірімдердің топтық және индивидуалды қылмыстарының алдын алу бойынша арнайы мақсатқа бағытталған психологиялық, педагогикалық, арнайы криминологиялық шараларды қамтуы қажет. Жалпы шаралар жалпы оқу үдерісінің сапасын арттыруды, оны ұйымдастыруды, әдістемелік деңгейін жетілдіруді қажет етеді. Бұл-оқу жоспарын нақты орындау, сабақтарға орынсыз себептермен келмей қалуларды ескерту, оқушылардың күнделікті сабақтан кейінгі уақыт өткізулерін ұйымдастыру, мәдени іс-шаралар ұйымдастырып өткізу және т.б. Сонымен қатар жалпы шараларға тәрбиелік шаралар да енеді. Бұған тек «оқытудың тәрбиелік рөлін жетілдіру» ғана емес, сонымен қатар педагогтердің оқушылармен тұлғааралық қарым-қатынастарын адамгершілік тұрғысынан дамыту да енеді.

Арнайы психологиялық және педагогикалық шаралар:

-психодиагностикалық: оқуға түскен контингентті зерттеу және қылмыс жасауға бейім тұлғаларды (есепте тұрған, қиын және педагогикалық қараусыз қалған, сонымен қатар, сотталғандар, арнайы мектептер мен колониялардан келген оқушыларды) анықтау, олардың мектептегі және мектептен тыс достық байланыстарын анықтау;

-психологиялық түзету: жұмыстың индивидуалды және ұжымдық формаларын қолданып, осы оқушылармен жүйелі түрде құқықтық тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу; олардың тұлғааралық қарым-қатынастарын бақылау;

-психопрофилактикалық: жайсыз отбасынан, сонымен қатар оқу топтарынан «шеттетілген» жасөспірімдердің топтық заң бұзушылықтарының ерте алдын алу шараларды кеңінен қолдану; оқу орындарында және олардан тыс жерлерде де үнемі бақылау жүргізу. Аталған шаралардың нәтижелі болуы кәсіпкерлерге толмағандардың қылмыстық әрекеттерінің алдын алумен айналысатын мамандардың жоғары деңгейі мен психологиялық және педагогикалық біліктілігіне, терең білімі мен профилактикалық жұмыстың негізгі принциптерін ұстануына тығыз байланысты [5,45]. Профилактикалық жұмысқа қатысушының әрқайсысы жасөспірімдер қылмыстық әрекеттерінің ерекшеліктерін және олардың алдын алу жұмыстарының ерекшеліктерін жақсы білуі керек. Жасөспірімдердің қайталанбалы қылмыстарымен күресудің негізгі, маңызды бағыттарының бірі арнайы оқу-тәрбиелеу мекемелерінен және еңбекпен тәрбиелеу колонияларынан келген жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл күрделі мәселе, себебі бұндай мекемелерден қайтып оралған жасөспірімдердің тең жартысы ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жетім балалар. Оларды ешкім күтпейді, көбінің тұратын жер, жейтін тамағы жоқ. Бұл талаптарды орындау жасөспірімдердің барлық топтарымен және типтерімен өткізілетін оқу-тәрбие жұмыстарын педагогикалық дифференциация жолымен жүргізуге мүмкіндік береді.

Жоғары да көрсетілген талаптарды орындаған жағайда жасөспірімдерге көрсетілген көмектің жиынтығы тұлғаның бірқалыпты үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Змановская Е.В. Девиантное поведение личности и группы. Теория и практика. - М.: Питер, 2011.- 234с
2. Дети группы риска в общеобразовательной школе / Под ред. С.В. Титовой . – СПб: Питер, 2008. – 240 с.
3. Емельянова Е.В. Психологические проблемы современного подростка и их решение в тренинге. – СПб: Речь, 2008. – 336 с.
4. Лидерс А.Г. Психологический тренинг с подростками. – М., 2004. – 256 с.
5. Центр социальной помощи семье и детям: Методология, опыт и перспективы: Метод. пособие / Под ред. Н.Н. Воронцовой, Калининград, 2001. – 144 с.

**п.ғ.к., доцент Баймуканова М. Т., әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану мамандығының студенті Төлеукулова А.Қ.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ**

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада жалпы қазіргі уақытта дарындылық мәселесі өзекті бола түсуде. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің 2021 жылдың қыркүйек айындағы Қазақстан халқына жолдауында сапалы білім беру мәселесіне ерекше назар аударды. Педагогтердің материалдық сұранысы мен кәсіби біліктілігін арттыру, дарынды балаларды қолдау, жаңа мектептер салу, отандық ғылымды дамыту, Қазақстанда сапалы білім берудің мықты іргетасын қалау үшін не істеу керек екендігі туралы толықтай қарастырған[1].

Қазақстан Республикасындағы білім берудің дамуының 2011-2020 жылдар аралығына арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепте білім беру жүйесінің алдына зияткерлік, дене бітімі және рухани жағынан дамыған азаматты ұйымдастыру, оның жылдам өзгеріске келетін әлемде мол жетістікке жетуді және әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін білім алуға деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсаты қойылған. Қазіргі таңда елімізде болып жатқан оқытудың жаңа бағыттағы формаларын қарастыра отырып, қол жеткен жетістіктерге сын көзбен сараптау және бағалау үздік технологиялар арқылы оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың және қоғамдағы әлеуметтік қайта құру жағдайында дарынды оқушы тұлғасын қалыптастыру педагогтің ең күрделі істерінің бірі болып табылады[2]. Қазіргі таңда елімізде болып жатқан оқытудың жаңа бағыттағы формаларын қарастыра отырып, қол жеткен жетістіктерге сын көзбен сараптау және бағалау үздік технологиялар арқылы оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың және

қоғамдағы әлеуметтік қайта құру жағдайында дарынды оқушы тұлғасын қалыптастыру педагогтің ең күрделі істерінің бірі болып табылады. Бүгінде дарынды балаларды оқыту, олардың бірегей әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау проблемасы орта білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарының біріне айналуда. Дарынды және талантты балаларды зерттей отырып, оқыту білім беру жүйесін жетілдірудің басты проблемаларының бірі болып табылады. Дарынды бала қысымға, айқайға шыдамайды және бұл проблемаға әкелуі мүмкін. Мұндай балаға шыдамдылықты, табандылықты және байқаусыздықты тәрбиелеу қиын. Мектептің инновациялық моделін құру құндылықтарды күшейтуді, мектептегі білім берудің құрылымы мен мазмұнын өзгертуді, оқытудың белсенді әдістерін, оқу жетістіктерін бағалау қағидаттарын, жиынтығында білім беру сапасын айқындайтын өзара қарым-қатынас жүйесін пайдалануды көздейді. Жаңартылған бағдарламада ұсынылған оқыту ресурстарының ішінде білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін 7 тиімді құрал болып табылатын 7 модуль ерекше орын алады. 7 модульдің бірі "талантты және дарынды оқушыларды оқыту" модулі болып табылады, оны педагогикалық практикада қолдану талантты және дарынды оқушыларды оқыту процесін жетілдіруге ықпал етеді. Бұл модульдің мақсаты дарынды және талантты балаларды оқыту процесіне тарту және олардың мүмкіндіктерін іске асыру үшін жағдай жасау[3].

Ғылыми мақаланың мақсаты- дарынды балаларға арналған білім беру ұйымының жаңартылған білім беру мазмұны мен балалардағы дарындылықтың көріністерін зерттеу және олармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктерін қарастыру.

Дарындылық - бұл адамның өмір бойы дамитын психиканың жүйелік сапасы, ол адамның басқа адамдармен салыстырғанда бір немесе бірнеше қызмет түрлерінде жоғары (ерекше, керемет) нәтижелерге жету қабілетін анықтайды.

Дарынды бала - бұл белгілі бір қызмет түрінде айқын, кейде керемет жетістіктермен ерекшеленетін бала (немесе мұндай жетістіктерге ішкі алғышарттары бар).

Гений - гений адамдар көбінесе әртүрлі салаларды, іс-әрекеттерді жақсы көреді және барлық жерде өздерінің дарындылығы, таланты арқасында ғана емес, сонымен бірге үлкен еңбекқорлығы, табандылығы, мақсаттылығы арқасында жетістікке жете алады.

Дарындылық мәселесі-әртүрлі ғылыми пәндердің мүдделері тоғысатын күрделі мәселе. Олардың негізгілері дарынды балаларды анықтау, оқыту және дамыту мәселелері, сондай-ақ дарынды балалармен жұмыс істеу үшін педагогтарды, психологтарды және білім беру басқарушыларын кәсіби және жеке даярлау проблемалары болып табылады. Дарындылық қабілет саласының жалпы сипаттамасы ретінде психофизиологиялық, дифференциалды-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Дарынды және талантты балаларды ерте анықтау, оқыту және тәрбиелеу Қазақстан Республикасының білім сапасын арттырудағы

маңызды міндет болып табылады. Дарынды және талантты балалар мектебін дамыту және қолдау көрсету туралы 1996 жылы 24 мамырда Қазақстан Республикасының жарлығы шықты. Осы жарлықты іске асыру бойынша Дарын республикалық ғылыми орталық құрыла бастады. Сондай-ақ олардың эвентуалды мүмкіндіктерін жүзеге асыратын жағдайлар жасау қажеттілігін туындатып отыр[4]. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында әр деңгейдегі баланың талантына, деңгейіне және қабілетіне қарай зияткерлік дамуы мен жеке тұлғаның дарындылық мәселесін көрсетеді.

Алайда, балалармен жұмыс істеуге мұғалімдердің дайындығының психологиялық-педагогикалық деңгейінің жеткіліксіздігі және көптеген ата-аналардың баласын дамытуға деген ықыласы, жеке қасиеттерін және олардың барлық іс-әрекеттерін дұрыс бағаламауға әкеледі. Дарынды балаларға арналған кейбір мектептер баланың танымдық ынтасын арттыруды мақсат етеді.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетте айқын және жасырын дарындылықты анықтау, қоршаған ортадағы өмірге бейімделу, оның әлеуметтенуінің кемшіліктері мен кемшіліктерін жеңу немесе әлсірету үшін арнайы жасалған жағдайлардан тұратын тиісті түзету жұмыстарын жүргізу маңызды.

Дарынды және талантты балаларды зерттей отырып, оқыту білім беру жүйесін жетілдірудің басты проблемаларының бірі болып табылады. Дарынды бала қысымға, айқайға шыдамайды және бұл проблемаға әкелуі мүмкін. Мұндай балаға шыдамдылықты, табандылықты және байқаусыздықты тәрбиелеу қиын. Балаға үлкен жүктеме қажет, мектеп жасына дейінгі кезден бастап оны шығармашылықпен таныстыру керек, ол үшін көптеген әр түрлі жағдай жасау қажет. Бүгінде дарынды балаларды оқыту, олардың бірегей әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау проблемасы орта білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарының біріне айналуда. Ең қабілетті балаларды іздеу және соған сәйкес оқыту мәселелері көптеген зерттеушілердің назарына айналды. Қазіргі білім беру жүйесі мемлекеттің өзінің дамуы мен өркендеуіне, болашағына деген қамқорлығын көрсетеді. Прогреске мүдделі кез келген мемлекет елдің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін сақтауға және арттыруға тырысады. 1999 жылы Қазақстанда «Дарынды балаларды анықтау, қолдау және дамыту тұжырымдамасы» қабылданды, ол «әрбір азаматтың зияткерлік дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігі» және «жеке тұлғаның білімділігін ынталандыру және дарындылықты дамыту» білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын жарияланды. Заман талабына қарай талантты, дарынды жастар әлеуметтік дамудың қуатты ресурсы болып табылады. Олар біздің елімізге әлеуметтік, мәдени және рухани-адамгершілік өзгерісті қамтамасыз ете алады. Қазақстандық қоғамның білім берудің жалпы әлемдік стандарттарға ұмтылысы дарынды балалардың дамуына, олардың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға арналған қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ететін білім беру

жүйесінің реформалануының стратегиялық мақсатына негізделген[5]. Қазіргі заманғы мектеп білімі жеке тұлғаның мүдделеріне бағытталған, ол оқушылардың саналы таңдауға, тәуелсіз шешімдер қабылдауға және қоғамға жауапкершілікпен қатысуға дайындығын дамытумен сипатталады. Қазақстан Республикасындағы білім берудің дамуының 2011-2020 жылдар аралығына арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепте білім беру жүйесінің алдына зияткерлік, дене бітімі және рухани жағынан дамыған азаматты ұйымдастыру, оның жылдам өзгеріске келетін әлемде мол жетістікке жетуді және әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін білім алуға деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсаты қойылған. Мектептің инновациялық моделін құру құндылықтарды күшейтуді, мектептегі білім берудің құрылымы мен мазмұнын өзгертуді, оқытудың белсенді әдістерін, оқу жетістіктерін бағалау қағидаттарын, жиынтығында білім беру сапасын айқындайтын өзара қарым-қатынас жүйесін пайдалануды көздейді. Қойылған міндеттерді орындау үшін еліміздің білім беру саясатының басым бағыттарының бірі оқушылардың қабілеттерін неғұрлым толық дамытуға және олардың әлеуетті мүмкіндіктерін барынша қолдап, ашуға бағытталған Назарбаев Зияткерлік мектептерін (бұдан әрі - Зияткерлік мектептер) құру болып табылады. «Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасы Назарбаев Зияткерлік мектептері педагогтері мен Джонс Хопкинс Университеті (АҚШ) дарынды жастар орталығының халықаралық сарапшыларының бірлескен жұмысының нәтижесі болып табылады. Бірлескен жобаның негізгі мақсаты мұғалімдерді дарынды оқушылардың жан-жақты дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін дарынды балалармен жұмыстың тиімді әдістері мен стратегияларына бейімдеп оқыту[6].

Бұл ретте жоғары сыныптарда оқу жоғары сынып оқушыларын жетекші ұлттық және шетелдік жоғары оқу орындарында оқуға мақсатты даярлауға бағытталған. Қазақстан мектебінің жетістіктері дарынды балаларды анықтау мен қолдаудың бірегей жүйесі құрылды. Сонымен қатар "Дарын" білім беру сапасын бақылаудың вертикалі жасалып, НЗМ базасында критериалды бағалау жүйесі әзірленді және табысты қолданылды. 2012 жылы Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 5-ші ұлттық жоспар әзірленген болатын. Кембридж университетімен және «НЗМ» ДББҰ ПШО-мен ынтымақтастықта педагогтердің біліктілігін арттырудың инновациялық жүйесі құрылды. Дарынды және талантты балалар әртүрлі қызығушылықтарымен ерекшеленеді. Бұл бір уақытта бірнеше нәрсені бастауға бейімділікті тудырады. Белгілі бір қиындыққа ие талантты адамдар көбінесе керемет нәтижелерге қол жеткізе алады және сәтсіздікке тап болады. Екінші жағдайда, олардың эмоционалды тәжірибелері депрессияға, қабілеттерінің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Мектептегі дарынды балалардың көптеген проблемалары бар. Біріншісін мектептің өзіне ұнамсыздық деп атауға болады. Көбінесе бұл мектепте өтетін бағдарлама балаға қызықты көрінбеуі мүмкін. Оқушылар бағдарлама бойынша өтуі керек барлық нәрсені ерекше балалар біледі, ал егер олар

білмесе, онда оқу жылына жоспарланған бүкіл бағдарламаны, тіпті одан да көп нәрсені үйрену үшін бір-екі сабақ жеткілікті. Орта мектептерде берілген білім дарынды баланың дамуына сәйкес келмейді.

Ерікті өзін - өзі реттеудің қиындықтары дарынды балалардың дамуындағы жиі кездесетін проблемалардың бірі болып табылады, егер іс-әрекет жеке қызығушылық тудырса ғана тиімді жүзеге асырылады. Барлық басқа жағдайларда іс-шаралар еленбейді немесе айтарлықтай азаяды. Соңғы уақытқа дейін мұндай проблемаларды отандық мамандар елемеді немесе мұндай проблемалары бар баланың дарындылығы ескерілмеді. «Дарындылықтың жұмыс тұжырымдамасында» ерекше қабілеттер саласында дарындылықтың айқын белгілері бар немесе интеллектуалды параметрлер бойынша жедел дамуды көрсететін балалар көбінесе құрдастар тобына бейімделуде, эмоционалды тұрақтылықта, жеке инфантилизмде ерекше проблемалармен ерекшеленетіні атап өтілді. Ерекше дарынды балалардың шаршауына байланысты физикалық немесе ақыл-ой күшін қажет ететін кез-келген әрекетке төзу қиын екендігі айқындалды. Бұл балалар ақпараттың үлкен көлемін есте сақтай алады және белгілі бір білім саласында оқу материалын оңай игере алады. Әдетте, бұл математика және жаратылыстану циклінің пәндері. Жоғары танымдық қабілеттерге, стандартты емес пайымдауларға жүгінетін мұғалімдер мен ата-аналар мұндай балаларды мектепке дейінгі жастағы дарынды деп санайды.

Жалпы алғанда, дарындыларды оқытуда оқыту құралдарын пайдаланудың тиімділігі, ең алдымен, оқытудың мазмұнымен және әдістерімен анықталады, олар сол әдістердің көмегімен іске асырылады. Жеке жоспар бойынша жұмыс және оқытудың жеке бағдарламаларын жасау қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды (оның ішінде қашықтықтан оқыту) пайдалануды көздейді, оның шеңберінде дарынды бала өзінің қажеттіліктеріне байланысты атаулы ақпараттық қолдау ала алады. Мектеп жұмысында балалардың бірлескен шығармашылық, зерттеу қызметін ұйымдастыру процестеріне көп көңіл бөлінеді, өйткені пікірлестер мен қарсыластармен шығармашылық қарым-қатынас, көбінесе шығармашылық процестің өнімділігіне және жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға ынталандырушы әсер етеді. Дарындылықты дамыту құралы ретінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесін қолданады. Баланың өзіндік зерттеу тәжірибесін дамыту құралы ретінде пайдалану мәселелерін дамыту маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтің Қазақстан халқына Жолдауы, 2021.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
3. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012ж
4. «Мектептегі психология» №3 2008г. 20-21 бет
5. Юркевич В.С. Светлая радость познания. – М.: Знание, 2004.
6. Психология одаренности детей и подростков / под ред. Н.С. Лейтеса. – М.: Академия, 2000. – С. 82.

**Жакулова С.С., әдіскер,
Акедилова М.К., Койбагарова Л.Б. тәрбиешілер
«Балапан» бөбекжайы КМҚК
Қарағанды қаласы**

БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ДАМЫТУШЫЛЫҚ БІЛІМ КЕҢЕСТІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі мекеме -бұл баланың ересектермен және құрдастарымен эмоционалдық-практикалық қарым-қатынас орнатып, және оның дамуы үшін маңызы бар орта. Жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру үшін балабақша топтарында дамытатын пәндік-кеңістіктік ортаны құру маңызды болып табылады. Мектепке дейінгі білім беруде соңғы жылдары мектепке дейінгі мекемелерге өз қызметін нақты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық, әкімшілік, экономикалық, әлеуметтік-мәдени жағдайлардың жаңа жүйесі қалыптасты. Бұл баланың даму ортасының өзгеруіне да қатысты. Бала – ұлы еліктегіш, толыққанды адам, өзінің дербестігінде бірегей, әуесқой зерттеуші, қоршаған әлемді өзі үшін тандана және қуанышпен ашушы, әртүрлі белсенді іс- әрекет түрлері үшін оған берілгендердің барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылушы. Осы тұста тәрбиешінің негізгі міндеті- бала өзін еркін сезінетіндей, жаңа ақпараттарды тануға ұмтылатындай, өзінің қабілеттерін көрсете алатындай қолайлы орта қалыптастыру. Балаларды дамытуда заттық-дамытушы орта маңызды фактор болып табылады. Мектепке дейінгі мекемелерде бала толыққанды және жан-жақты дамуы үшін сонымен қатар, әлемді жарқын, қанық әсермен қабылдайтындай жағдай жасалуы қажет. Тұлғаның қалыптасуы мен сауығуындағы ортаның маңыздылығын ұғына отырып, оны ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды біліп және жүзеге асыра білу қажет. Ол балаға еркіндік беріп, бейбітшілікке, көңіл-күйге, денсаулыққа әсер етуі тиіс. Орта орынды, ыңғайлы, ақпараттық болуы, қандай да бір процестің бейнесін жасауы, эмоционалды жағдайға келтіру, бала мен қоршаған әлем арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қамтамасыз етуі тиіс. Дамытушы орта-бұл мектепке дейінгі білім берудің негізгі жалпы білім беретін бағдарламасының талаптарына сәйкес оның рухани және дене бітімінің даму мазмұнын функционалдық модельдейтін бала қызметінің материалдық объектілері мен құралдарының жүйесі. М.М. Кольцоваөзінің еңбектерінде «Бала мектепке барар алдында көру-моторлы координациясы біршама дамыған болуы тиіс және қолдың саусақтары мидың сөйлеу аймағы болып табылады» деген[1].

Бала жүгіріп, секіріп допты лақтырып және ұстап алу әрекеттерін еркін орындап, қайшымен, қарындашпен, қыл-қаламмен жұмыс істеу біліктілігі дамыған болуы керек. Балаға сурет салғызу, әртүрлі заттардан құрастыру, пластилинді илеу баланың саусақтарын дамытып қана қоймай, ойлау қабілетін

де дамытады. Сурет сала алмайтын және пластилинмен жұмыс істей алмайтын баланың жазуға икемі болмайды. 5-6 жастағы бала 3 минуттан артық жаза алмайды тез шаршап қате көп жіберетін болады және 2-3 минут сайын баланың қолын демалдырып отыруды қатал есте сақтағаныңыз жөн. Бала жазу дағдыларын меңгеруде әрбір жетістігін мақтап «Сенің қолыңнан келеді,біз көмектесеміз», «Сен істей аласың» деген сенімділік сөздерді жиі айтуыңыз қажет, қуатты сөздер баланың табысқа жетуіне әсерін тигізеді. Дамытушы заттық-кеңістіктік ортасы тұтас ортаның ажырамас бөлігі.

Баланың

дамуы оларды тәрбиелеуші ересектермен қатар тікелей дамытушы ортаға да байланысты. Баланың даму ортасы-оның тіршілік ету кеңістігі. Бұл баланың мектепке дейінгі мекемеде өмір сүретін жағдайлар. Бұл жағдайларды баланың жеке басының қалыптасуының іргетасы ретінде қарастыру керек. С.Л.Новоселованың әдістемелік ұсынымдарында келесі терминология келтірілген [2].

Орта-баланың әр түрлі қызметін қамтамасыз етудің Әлеуметтік және пәндік

құралдарының бірлігін көздейді. Орта-балалардың өзіндік шығармашылық қызметін ұйымдастыру үшін ойындармен, ойыншықтармен, құралдармен, жабдықтармен және материалдармен қаныққан пәндік орта жүйесі. Орта-баланың рухани және физикалық дамуының мазмұнын функционалдық модельдейтін материалдық объектілер жүйесі. Дамытушы пәндік-кеңістіктік орта-табиғи және әлеуметтік мәдени пәндік құралдардың жиынтығы, баланың жақын және перспективалы дамуы, оның шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуы, қызметтің алуан түрлілігін қамтамасыз етіп, баланың тұлғасына релаксациялық әсер етеді. Дамытушы пән ортасы-бұл баланың рухани және физиологиялық дамуының мазмұнын функционалдық модельдейтін материалдық нысандар жүйесі. Дамытушы орта мазмұны мен қасиеттері арқылы - әрбір баланың шығармашылық қызметі үшін жағдай жасауы, өзекті физикалық және психикалық даму мен жетілдіру мақсаттарына қызмет етуі, жақын арадағы даму аймағын және оның келешегін қамтамасыз етуі тиіс. Бала нәресте кезінен бастап әдемі ойыншықтардың дыбысына, айналадағы заттарға, адам дауысының әсем интонациясына ерекше мән береді. Қоршаған орта балаға

эмоционалды әсер етеді, демек, эстетикалық және этикалық тәрбиелейді деп айтуға болады. Балалардың физиологиялық жағдайы көбінесе олардың эмоционалдық жайлылығымен анықталады. Сонымен қатар, айналадағы кеңістікті жеткілікті игеруді, қозғалыстың негізгі түрлерін және қолдың аса күрделі іс - қимылдарын біртіндеп меңгеруді қамтамасыз ететін жиһаз, құралдар, ойыншықтар және т.б. заттарының қолайлылығы мен жасына сәйкестігі-осының барлығы балалардың денсаулығы мен дер кезінде физиологиялық дамуының бастапқы негізін құрайды. Қоршаған орта кең және тар мағынада баланың танымдық белсенділігінің

калыптасуына әсер етеді. Өмірдің ерте кезеңінде бала әлемді өзінше, баласымен,

эмоционалдық-сезімтал, бағдарлы негізде таниды, тек қана жер бетінде жатқан нәрселерді меңгереді және оның көзқарасы мен түсінігіне қол жеткізе алады. Сондықтан қоршаған баланың заттық-кеңістіктік ортасын тым ымыраластырмау керек, ал ерте жастағы баланың танымдық дамуын қарапайым түсіну керек. Қазіргі өмір кезеңінде ол әсер жинап қана қоймай, сезімтал тәжірибені кеңейтеді. Бала қоршаған әлемде бағдарлауды үйренеді, онда

білім жүйесі қалыптаса бастайды. Бұл үдерісті реттеу көбінесе танымдық қызметтің мазмұнын, материалдарын және әдістерін іріктеуді басқаратын ересектерге байланысты. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде дамыту ортасын құрудың мақсаты- қалыптасатын тұлғаның өмірлік маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық – дамытушылық орта белгілі талаптарға жауап береді: бұл бәрінен бұрын баламен тақырыпқа, ойын желісіне, сол немесе басқа ойыншықтарға, ойынның орны мен мерзіміне еркін жету. Л.А. Парамонованың әдістемелік еңбектерінде балабақша топтарында заттық – дамытушылық ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық әрекет қажет деп есептеген [3].

Дамытушылық орта балалардың жасы мен даму деңгейіне және олардың әрекетіне тікелей тәуелділіктен табылады. Топтағы дамытушылық ортаның мақсаты ақпараттандырылуы, сол немесе басқа үдерістің бейнесін жасайды, қоршаған орта мен баланың арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Заттық – дамытушылық ортаның барлық компоненттері мазмұны, көлемі, көркемдік шешімі бойынша өзара байланысты. Балабақшаның әртүрлі жас топтарындағы заттық - дамытушылық ортаны ұйымдастыра отырып тәрбиешілер балалардың ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиенің жеке тұлғалық – бағытталған моделі қағидасын есте ұстаулары керек. Мектепке дейінгі білім беру стандартының құрамдас бөлігі – дамытушы ортаға қойылатын мемлекеттік талаптар. Бұл талаптар біздің жүйеміздің үздік дәстүрлерін ескере отырып әзірленген. Балаларға не және қалай ұсынылады деген сұраққа жауап беретін педагогикалық әдістемелерді (технологияларды) құру кезінде, сондай-ақ таңдау кезінде көп жылдық психологиялық және педагогикалық зерттеулердің нәтижелері болып табылатын көрсетілген қағидаттарға сүйену қажет. Пәндік-кеңістіктік орта өзінің негізгі функцияларын орындау үшін педагог оны жобалау және құру кезінде оны құру принциптеріне бағдарлануы тиіс. Қарым-қатынас кезіндегі арақашықтық, ұстаным; белсенділік, дербестік, шығармашылық; тұрақтылық – серпінділік; кешендеу және икемді аймақтау; әр бала мен ересектердің жеке жайлылығы мен эмоциялық әл-ауқаты; ортаны эстетикалық ұйымдастырудағы әдеттегі және ерекше элементтердің үйлесуі; ашықтық-жабындылық; балалардың жас ерекшеліктерін есепке алу. Пәндік ортаның түзету мен дамуға қабілетті ашық,

тұйықталмаған жүйенің сипаты болуы тиіс екенін есте сақтау маңызды. Кез келген жағдайда баланы қоршаған заттық әлем белгілі бір жастағы жаңа түзілімдерге бейімделе отырып, толықтырып, жаңарту қажет. Дамыту ортасын ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

- Әрбір жас ерекшелігіндегі топтарда өз бетімен мақсатқа бағытталған белсенді іс - әрекетке жағдай жасау (ойын, бейнелеу, сахналау)

- Даму ортасындағы пәндердің жан-жақтылығы, топтың ішінде қажетті балаларғаоның дамуына қажетті ықпал ететін материалдар ғана болуы тиіс.

- Ұлдар мен қыздардың қызығушылығына сәйкес даму ортасы мазмұнды құру.

- Барлық жас ерекшелігіндегі топтарда демалуға жайлы орындар белгіленген.

- Дамыту ортасындағы пәндерін орналастыру және ұйымдастыру балалардың қажеттілігі мен жас ерекшеліктеріне сәйкестендірілген. Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі үш қажеттілігі бар. Қозғалыста, қарым - қатынаста, танымдық. Заттық – дамытушы ортаны құру кезінде келесідей қағидаттарды басшылыққа алу қажет:

- Заттық - дамытушы орта көптеген мүмкіндіктерді ашып, тәрбиелеу - білім беру үдерісінің барлық құраушыларын қамтамасыз етуі тиіс, осы мағынада көпфункционалды болуы тиіс;

- Кеңістікті икемді және вариативті қолдану қажет. Орта баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналуы тиіс.

- Топтың заттық – дамытушы ортасы балалардың жас ерекшеліктерін, оқу кезеңі мен білім беру бағдарламасына байланысты ауысуы тиіс. Балалардың өз бетімен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру үшін төмендегілердің болуын қарастыратын дамытушы-заттық ортаны құру қажет. Заттық орта мектепке дейінгі ұйымдарда іске асырылатын бағдарламаға сәйкес

жобалануы тиіс. Бұл ретте педагог топтың ерекшеліктерін ескеруі, жалпы балалар тобын және әр баланың дербес ерекшелігін, олардың қызығушылықтарын, қабілеттері мен тілектерін білуі тиіс. Баланың заттық әлемінде ойыншық ерекше орынға ие. Ол ойынға дос, әріптес, әңгімелесуші болып келеді. Дамытушы-кеңістік ортасы- әр баланың сүйікті ісімен айналысуға мүмкіндігі болатындай ұйымдастырылады. Секторлар бойынша жабдықтарды орналастыру балаларға ортақ қызығушылықтары бойынша (кұрастыру, сурет салу, қол еңбегі, театр-ойын қызметі, іс-тәжірибе) топшалармен бірігуге мүмкіндік береді. Жабдықтарда танымдық іс-әрекетті белсендіретін материалдар міндетті болып табылады: дамытушы ойындар, техникалық құрылғылар мен ойыншықтар және т.б. балаларды сауаттылыққа итермелейтін материалдар кеңінен қолданылады. Пәндік-ойын және кеңістіктік-дамыту ортасын ұйымдастыру баланың ойын әрекетін қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады. Дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптардың бірі-балалардың жаңа әсерлерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, қиялдауға жаңа мүмкіндіктерді

жасау.

Қорытындылай келе, дамытушылық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру кезінде тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктерін - даралығын, әр баланың мүдделерін, қабілетін, шығармашылық бейімділігін ескеруі тиіс, әркім үшін өз мүдделерін іске асыру және дамыту үшін кеңістік табады. Тек осындай жағдайларда ғана шығармашылық тұлға дамиды, қоршаған ортаны тануға қызығушылық пайда болады, тануға ұмтылу және жасау және тәжірибе жасау ниеті пайда болады. Бірақ ең бастысы, ересек баланың тағдырын анықтайтын негізгі өмірлік міндеттерді шешуге жауапты.

Әдебиеттер:

1. Кольцова М.М. Развитие сигнальных систем действительности у детей / Отв. ред. Э.А. Асратян. — Л.: Наука, 1980. — 164 с. — 3100 экз.
2. С.Л. Новоселова. Развивающая предметная среда детства. — М., 1996
3. Парамонова Л.А., Обеспечение готовности детей к школьному обучению. // Серия: "Готовность ребенка к школе". Отв. ред. Курнешова Л.Е. — М.: Центр инноваций в педагогике, 2009

Калиева Гульмира Төлеутаевна

" 45 гимназия" КММ .Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Бейсекеева Раушан Карабаевна "13 қосымша білім беру мектеп-орталығы" КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

МУҒАЛІМНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУ ТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қазір үздіксіз білім беру жүйесі қарқынды даму үстінде екендігі баршамызға аян. Озық технологияларды оқыту процесінде қолдану, қоғамның дамуы, соған лайық адамзат санасының дамуы осылардың барлығы мектептегі білім беру жүйесін бұрындағы жылдарға қарағанда біршама күрделендіріп отыр. Ал мектептің жүрегі іспеттес мұғалім - болашақ ұрпақтың білім нәрімен қарулануына аса жауапкершілікпен қарайтын тұлғалар, бүгінгі күннің жаңалықтарын, өзгерістерін үнемі қадағалап, игеріп отырғандары абзал.

Қазақстан өз дамуында жаңа серпілістер жасауда. Еліміз дамыған елдердің санатында болуы үшін білім сапасында да үлкен реформалар жүргізілуі тиіс. Бұл жөнінде Елбасы өзінің Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп ерекше атап көрсетті [1].

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістің сатысында тұр. Оның үдемелі дамуы үшін шешуші тұлға ғылыми және техникалық білімдерді игереді, ойдың және рухани потенциалдың қалыптасуына ықпал етеді, үнемі өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімделуін қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда қоғамның әр

мүшесінің өз шығармашылық потенциалын жүзеге асыру қажеттілігі айтарлықтай артады.

Қазіргі кезде білім беру саласын модернизациялау процесін жүзеге асыру жеке тұлға мен мұғалімнің кәсіби потенциалын белсендендіруді қажет етеді. Оқыту процесін әр бала ақыл – ой және шығармашылық жағынан дамып, жетістікке жете алатындай етіп ұйымдастыра білетін мұғалімдерге сұраныс өсті. Мұғалімнің кәсіби білім деңгейіне қойылатын талаптар, өз еңбегінің нәтижелігіне жауапкершілік күрделене түсуде. Бұл жағдайда педагогикалық шеберлікті жетілдіру, мұғалімнің шығармашылық потенциалын дамыту мәселесі әлеуметтік талап қана емес, сонымен бірге мұғалімнің кәсіби қарым–қатынасын шыңдауға деген талапқа ұласады. Білім беру мекемелеріне негізгі психологиялық–педагогикалық дайындықты игерген, өз пәнін жете меңгерген, әдістемелік құралдармен қаруланған, балаларды түсінетін және олармен жоғары деңгейде қарым–қатынасқа түсе алатын, мәдениетті, эрудициясы жоғары, еңбекке құлшынысы бар шебер мұғалімдер қажет. Мектептегі тұтас оқыту – тәрбиелеу процесінің тиімділігінің табысты болуы мұғалімнің жеке басын жетілдірумен байланысты болып отыр.

Педагогикалық іс-әрекеттің маңызды ерекшелігі - оның тұтастығы, бөлінбейтіндігі, «жартылай меңгеруге» келмейтіндігі. «Педагогикалық білім алудың қай деңгейін сөз етсек те, педагогикалық іс-әрекеттің тұтастық сипаты, мәні, инварианттылығы сақталуы қажет»[2].

Мақсат - кез-келген құбылыстың, оның ішінде педагогикалық іс-әрекеттің де табиғатын түсінудің негізі. Мақсат педагогикалық іс-әрекетті жүйе құраушы компонент болып табылады, сондай-ақ сол «жүйе құраудан шығатын қортынды» кескіні іспеттес. Демек, мұғалімнің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамытуының педагогикалық шарттарының ғылыми негізін анықтау үшін ең алдымен мұғалімнің педагогикалық дайындығының мақсатын, өзін-өзі дамытудан не түсінуге болатынын, оның педагогикалық іс-әрекеттегі қызметін, мұғалімнің үздіксіз білім алуы тәртібін: құрылымын, қалыптасу кезеңдерін, факторлары мен шарттарын, бұл процестің кәсіби-педагогикалық дайындықта жүзеге асуын анықтап алуымыз керек.

Қазақстан Республикасының білім саласында білім берудің тиімді моделін іздестіру қарқынды түрде жүруде. Білім беру мазмұнын қалыптастыру теориясының негізінде қазақ академиясының ғалымдары жаңа құжат, яғни білім берудің мемлекеттік стандартын құрастырып шығарды. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде орта білім берудің мемлекеттік стандарттарының негізгі қызметі мен мақсаты үш құрылымнан тұрады: концептуалды, нормативті және әдістемелік. Авторлардың айтуларына, білім беру мекемелеріне білім стандартын енгізу, біріншіден мектептердің әр түрлілігіне, олардағы білім беру модельдерінің өзгешеліктеріне қарамастан бірдей білімдік кеңістік тудырып, екіншіден оқушылардың сабақ кестелерін реттеп, үшіншіден білім берудің шынайы саралануына кепілдік беріп, төртіншіден мектеп мұғалімінің оқушы білімін мейлінше объективті бағалауына септігін тигізеді.

Бұл тұрғыда ғалымдар инновациялық процестерді жеделдету үшін, қоғам мен мұғалімдер қауымының білім беру саласындағы жаңалықтарға деген көзқарастарын өзгертіп, білім беру жүйесінде жаңа институциялық құралдар мен ұжым жию қажет, - деп көрсетеді. Білім беруге реформа жасау тәжірибесі педагогикалық іс-әрекеттің ұлттық бағыттағы білім беру мекемелерін ашу бағытын жандандыра түсті. Бұған білім беруді аймаққа бөлу, қоғамның қоғамдық саяси көзқарастарының ауысуы, жаңа мемлекеттік құрылым мен экономика құрылымы әсер етті.

Қазақстан Республикасының білім беру қызметкерлерінің бірінші съезінде ҚР білім және ғылым министрі біздің ұлттың рухани қайта жаңаруына қатысты мәселеге баса назар аударды. Оның ойынша бұл біздің еліміздің ары қарай дамуының ең негізгі алғышарты болып саналады екен. Баяндамада ұлттық білім беру жүйесінің өміршеңдігі оны реформалау жолын дұрыс таңдап, төмендегі мемлекеттік маңызы бар үш бағдарламаны іске асырудың маңыздылығы көрсетілген:

-жалпы білім беру бағдарламалары, Қазақстан Республикасы үкіметінің 1998 жылдың 29 тамызындағы қаулысы негізінде жалпы білім беру қорын құру,

-бірыңғай ақпараттық-білімдік кеңістік құруды ақпараттандыру бағдарламасы;

-жаңа тарихи-саяси оқиғаларға негізделген жаңа оқу құралдарын әзірлеу, білім беру процесстерін ұлттық менталитетті есепке ала отырып дамыту.

Жетілген жеке тұлға дегеніміз - өмірлік өзін-өзі анықтау жүйесі рухани тұрғыда бай, өз іс-әрекетінде ішкі бақылау локусына сүйенетін өз жауапкершілігін толықтай сезіне алатын даралығы жүйелі түрде қалыпқа келтірілген адам. Жетілгендік өзінен өзі пайда болмайды, яғни тұлғаның өзін - өзі ұйымдастыруының жоғарғы деңгейінде біртіндеп қалыптасады. Әлеуметтік тәрбие және білім сияқты дүниелерді тек жетілген жеке тұлға ғана саралап қабылдап, олардың ішінен ең тиімді және маңыздысын таңдап ала алады. Және де ол жеке тұлғаның нағыз мақсаттары біреулердің пайдалы кеңестері емес, адамның өз құлшыныстарының идеясы ретінде қабылдайды.

Әрбір адам жеке тұлға болуға қабілетті. Десек те, өзін-өзі белсендендіруге деген саналы талпыныс, психологиялық денсаулық ақиқатты болдырудағы қобалжуды тежейді. Жетілген жеке тұлға сипаттамасы күрделі іс-әрекетте адамның өзін-өзі көрсете алуы және дамуы үшін жағымды өз ортасын құруы болып табылады.

Адамның жеке тұлға ретіндегі дамуы жан-жақты түрде әрі оның дене және рухани күш-қуатымен қатар іске асады. Ал адамның жеке тұлғасы іс-әрекет пен қарым-қатынаста қалыптасып, дамиды. Сонымен қатар, жеке тұлғаның басты қасиеттері жеке тұлғаның ішкі жан дүниесіне сырттан әсер ету кезінде дамиды.

Л.Н.Рожина жеке тұлғаның ізгілік қасиеттерін белсендіру мәселесін қарастыра отырып, жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту технологиясының төмендегідей компоненттерін бөліп көрсетеді:

• өзін-өзі талқыға салу; Бұл рефлексия мен сыбырлау арқылы өзінің теріс эмоционалдық өзгерістерін ығыстырып, өз рөлін сезіну мақсатында адамның өз-өзіне есебі, айнасы сияқты. Бұл жүзеге асып, жеке тұлғаның барлық «оң» және «теріс» жақтары өз орындарына қойылған соң, оң потенциалды күшейте түскен жөн. Себебі дәл осы кезде интеллект жаңа жағдайға сай қайта құрылып, бейімделуге дайын болады. Бұл жағдайда өзін-дөзі көндіру мен, өз-өзіне бұйрық беру ішкі дауыс пен әрекет арасындағы рефлекторлық байланыс негізінде жеке тұлғаның қажеттілік-мотивациялық сферасының катализаторының қызметін атқарады.

• Өзін-өзі сендіру. Саналы, әдетті-стереотипті деңгейде әсер ететін психореттеушінің қызметін атқарады, осы шақта және оң түрде индивидуалды траекторияның пайда болуын қамтамасыз етеді.

• Бұл әсіресе адам өте тыныш жағдайда қалған кезде тиімді іске асады. Яғни, мидың бағдарламалаушы жүйесі іске қосылып, жеке тұлға мен оның ағзасында тиісті өзгерістер орын алады.

• Өзін-өзі ұйымдастыру. Оның алғашқы белгісі-белсенді өмірлік ұстаным, және бұл сапаның даму деңгейінің жоғарылығының бір көрсеткіші өмірлік таңдаулардың жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктеріне сәйкестігі болып табылады [3].

Алайда мұның барлығы мақсатқа бағытталған іс-әрекет, индивидтің белсенді өмірлік ұстанымының арқасында ғана жүзеге асады. Ғылымда мұның бірнеше себептері келтіріледі: өзін-өзі көрсетуге деген қажеттілік, өзін-өзі ашуға деген қажеттілік, өмірді барлық қырынан байқауға деген қажеттілік, шығармашылық, т.б.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді қарастыра отырып, біз зерттеушілердің көпшілігінің кәсіби өзін-өзі дамыту мәселесіне тек қысқаша тоқталып өтіп, оны мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырмағандықтарын көрдік. Біздің ойымызша бұл педагогтардың кәсіби жеке тұлғалық өзін-өзі дамыту мәселесінің маңыздылығын жеткілікті дәрежеде түсінбегендіктен және даму-өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу-өзін-өзі тәрбиелеу түсініктерін дұрыс ажырата білмеуден туындаған жағдай.

Өзін-өзі дамыту - бірегейлік пен ашықтыққа алып келетін өзін-өзі жетілдіру процесі. Әңгіме кәсіби педагогикалық іс-әрекет жайлы болғанда даму мен өзін-өзі дамыту категориялары кең ауқымға ие болады. Н.К.Сергеев педагогтың үздіксіз кәсіби-жеке тұлғалық өзін-өзі дамытуы кәсіби іс-әрекеттің міндетті, әрі маңызды элементі екендігін атап өтеді. Біздің педагогикалық тәжірибеге жасаған талдауымыз педагогтың өзін-өзі дамытуы білім беру мекемесінің дамытушы ортасының қалыптасуының, тәрбиеленушінің дамуының басты факторы болып саналады. Педагогикалық іс әрекеттің екі әсері бар: тәрбиеленушінің педагог белгілеген бағытта тиімді дамуы, педагогтың өз тұлғасының өзгеруі.

Зерттеулерге сүйене отырып, біз мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуы - бұл аталған жағдай кезінде мұғалім жеке жағдаяттардан тәуелсіз, кәсіби ойлауының жеке стратегиясын дамытып, өз педагогикалық іс-әрекетіне

жауапкершілік ала отырып, оқушы тұлғасының дамытуына жағдай жасайтын саналы түрдегі өзгеруі деп түсінеміз.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы// Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана. 2006 жыл 1 наурыз.

2.Н.Ильясов «Болашақ физика мұғалімінің кәсіби дайындығын дамытудың әдістемелік жүйесі». Пед. ғыл. док. дәреж. дисс. автораф. Алматы -2007

3.Б.А.Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы. – 2005.

А.Ж. Кулейменов

п.ғ.м., аға оқытушы

академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ж. Қанат

студент (БӘЖәнеДД гр-31)

академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ұ.М. Искаков

денешынықтыру пәні мұғалімі, Б.Момышұлы атындағы орта мектеп

Л.М. Кулейменова

п.ғ.м. оқытушы, Ә.С. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық

университеті

Қарағанды қ.

**ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ СПОРТҚА
ДӘРІПТЕУ**

Әрбір адамның денсаулығын нығайту мен тиімділігін қамтамасыз ету және қоғам мен мемлекеттің прогресті дамуы үшін оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру қажеттілігі ешкімнің бойында күдік тудырмайтыны мәлім. Дегенмен, соңғы жылдары балалар мен оқушылардың денсаулығы ерекше нашарлап бара жатқандығы белең алуда, ол еліміздің түрлі аймақтарында өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, экологиялық жағдайдың нашарлауына, және оқу орындарындағы оқу-тәрбие мәселелеріндегі кемшіліктерге байланысты болып отыр. Білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін шеш білуде ерекше орын дене шынықтыруға беріледі. Бүгінгі таңдағы дене шынықтыру көп қырлы құбылыс болып келеді, бірсыпыра бағыттары, түрлері және сабақ түрлері бар. Дене тәрбиесінің көптеген тәсілдері арасында халықтық педагогикаға ерекше орын берілген.

Қозғалыс белсенділігімен байланысты ойындар мен дене жаттығулары, түрлі ермектер мен көңіл көтерулер дене тәрбиесінің халықтық педагогикасындағы негізгі тәсілдері болып табылады.

Оқушылардың оқу-тәрбие үдерісіндегі негізгі бағыттарының бірі сабақтан тыс уақыттарда ұлттық спорт түрлерімен шұғылдану болып келеді. Бұл зерттеу осы мәселеге арналған. Бұл мәселенің барлық егжей-тегжейлерін құзырлы маман эксперттер арқылы анкеталық сауалнама жолымен зерттеу жұмыстарын жүргізу – ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері арқылы оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың кешендік жүйесін жасап шығуға мүмкіндік береді [1].

Қазіргі уақыт кезеңі көптеген оқиғаларға толығымен орасан зор ақпараттар ағыны арқылы ерекшеленеді. Көпшілік бұл уақытты ақпараттар ағыны көлемінің артуына байланысты «өзгерістер дәуірі» деп атап жүр. Адам қызметінің бүкіл аспектілері бір-бірімен тығыз байланысқандықтан, қарым-қатынастың ғарыштық көлемде арта түскенінің куәсі болып отырмыз.

Дене тәрбиесі мен спорт саласындағы атқарылып жатқан қызмет жеке тұлғаның психикалық сапаларына тура және жанама түрде нақты, бірақ тұрақсыз жағдайларда әсер етеді. Біздің зерттеу жұмыстарымыз көрсеткендей, ұлттық спорт түрлерімен шұғылдану оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға және әр адам мен қоғам үшін тұтастай алғанда ұлы құндылық болып табылатын денсаулық нығайтуға ықпал етеді. Спорт адам жеке тұлғасының барлық жағына, соның ішінде адамгершілік пен психикалық саласына, интеллектуальдық пен коммуникативті қабілеттеріне, өз денсаулығы мен бүкіл қоғам денсаулығына деген мәдениетті және құндылықты қатынасқа тәрбиелеу арқылы әсер етеді.

Бұдан келіп шығатыны ұлттық спорт түрлері мен халықтық ойындар ұлттық мәдениеттің өзіндік элементтері есебінде ғана пайдаланылып қоймай, дене тәрбиесінің қазіргі міндеттерін шешудің тәсілі ретінде де пайдаланылады.

Ерекше көзқарасты халықтық қозғалмалы ойындарды пайдалану керек етуде. Қазіргі кезде қолда бар жекелеген ғылыми жұмыстар оларды мектеп жасындағы балалар мен жеткіншектер арасында пайдалану мәселесін сөз етеді. Дегенмен, бұл мәселені анағұрлым кең көлемде қарастырған жөн. Ойын әдісі қозғалыс белсенділігін кешенді түрде жетілдірудің ерекше бір әдісі екендігі баршаға мәлім. Демек, бұл әдісті спорт педагогикасында түрлі спорт түрлері бойынша пайдалануға болады. Осы жұмыста бұл мәселе ұлттық спорт түрлеріне арналған сабақтарда халықтық қозғалмалы ойындарды пайдалану үлгісінде қарастырылған.

Тек денсаулықтың жоғары деңгейі ғана интеллектуалды-жасампаз жұмыспен, өндіріспен, бизнес және күнделікті жай жұмыспен шұғылданатын адамның шығармашылық белсенділігі мен жоғары жұмыс қабілетінің оңтайлы іргетасы болып табылады. Адам денсаулығын нығайту мәселесін тиімді түрде шешу адам ағзасына жан-жақты да жайлы әсер ететін әдіс, тәсіл және жағдайларды пайдалануға кешенді түрде жақындау арқылы ғана қол жеткізу мүмкін.

Әрбір адамның денсаулығын нығайту мен тиімділігін қамтамасыз ету және қоғам мен мемлекеттің прогресті дамуы үшін оқушылардың салауатты өмір

салтын қалыптастыру қажеттілігі ешкімнің бойында күдік тудырмайтыны мәлім. Дегенмен, соңғы жылдары балалар мен оқушылардың денсаулығы ерекше нашарлап бара жатқандығы белең алуда, ол еліміздің түрлі аймақтарында өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, экологиялық жағдайдың нашарлауына, және оқу орындарындағы оқу-тәрбие мәселелеріндегі кемшіліктерге байланысты болып отыр [2].

Орта мектептерде білім беру мен тәрбиелеу оқушылардың ұлттық спортқа үйрету, баулу ерекшеліктеріне назар аудару міндеттері дене шынықтыру сабақтарында жүргізілу дұрыс бағыт болып табылады. Бүгінгі таңдағы дене шынықтыру көп қырлы құбылыс болып келеді, бірсыпыра бағыттары, түрлері және сабақ түрлері оқушыларға спортқа деген құлшыныстарын қалыптастырады. Дене тәрбиесінің көптеген тәсілдері арасында халықтық педагогикаға ерекше орын берілген.

Дене шынықтыру — денсаулық көзі, денсаулықты сақтау үшін әрекет, адамның күш мүмкіншілігін дамыту, жеңіске деген жігерін шыңдау, қиыншылыққа төзу қимыл-әрекетін шоғырландыра білу, соларға үйрену:

- дене еңбегімен үнемі шұғылданып, жаттыққан адамның бұлшық ет талшықтары тез өседі, бойының күш-қуаты қалыптасады;
- сыртқы ортаның түрлі қолайсыз жағдайларына төзімдірек келеді;
- қозғалысы жинақы, ширақ, тез, әдемі жарасқан, қарым-қатынастық ережеге бейімделуі жоғары;
- сезіну, ойлану және еңбектену қабілеттері бір-бірімен үйлесімді және бірін-бірі толықтырады.

Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары өскелең ұрпақты жарасымды тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі дене шынықтыру практикасында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған және іріктеуден өткен аса бай тәжірибесін өскелең ұрпақты халықтық ойындар мен ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері негізінде тәрбиелеу жұмысында пайдалану қажет.

Дене тәрбиесінің көптеген тәсілдері арасында халықтық педагогикаға ерекше орын берілген, дегенмен, жалпы білім беретін мектептердің дене тәрбиесі сабақтарында халықтық педагогика тәсілдеріне жеткілікті дәрежеде назар аударылмай келеді. Осыған байланысты біз өз алдымызға келесідей зерттеу міндеттерін қойдық:

- ұлттық ойын тәсілдерінің жалпы білім беретін мектептердегі маңызын теориялық тұрғыдан негіздеу;

- ұлттық ойындар мен спорттық түрлері тәсілдерін дене шынықтыру сабақтарына ендіру үдерісіне қызығушылығын қалыптастыруды зерттеу;

Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары арқылы оқушылардың бойындағы үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі дене шынықтыру практикасында ғасырлар бойы сомдалған және сыннан өткен халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері құралдары арқылы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін пайдалану арқылы оқушыларға қажет және олар осыны білу қажет [3].

Ұлттық ойындар тәсілдерін дене шынықтыру пәні мұғалімдері орта білім беру мектеп орындарында оқушылардың қозғалыс белсенділіген деген қызығушылығын арттыра отырып салауатты өмір салтын серік етулеріне тиімді құрал екенін тәжірибе жүзінде дәлелденіп келеді, өйткені денсаулық-зор байлық деген халық қағидасына оқушылар салауатты өмір салты мен спорт арқылы жетістікке жететіндерін кәміл сенеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2010ж).
2. Аханов А.А. Қазақстанда салауатты өмір салтын қалыптастыру шаралары. //Валеология дене тәрбиесі және спорт. – Алматы: 2004,- №4, - Б.12-15.
3. Сағындықов Е.С. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1991.-175 б.

**«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс
магистранты Маханбетәбдиева А.М.**

Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Жалпы орта білім беретін мектептерді жаңарту құжаттарының басты мақсаты – бұл баланы оқытудың алғашқы кезеңінен бастап қоршаған адамдармен, тұтас әлеммен, өз-өзімен қарым-қатынаста субъект ретінде қалыптастыру, өмірдің жаңа жағдайларына икемделе білу, игерілген білім мазмұнын, оқу-танымдық әрекеттегі тәжірибесін пайдалана білуі және өз бетімен танымдық-практикалық; шешім қабылдау, құндылық бағдарлы және коммуникативтік міндеттерді шеше білуі керек делінген. Бұл мақсаттың тәжірибе жүзінде жүзеге асуы білім беруді іс-әрекеттік тұрғыда және тұлғаға бағдарланған оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды, құзыреттілікке бағытталған білім беруді қамтамасыз етуді талап етеді.

Қазіргі кезде жобаланып жатқан білім беру бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғалық қасиеттерін, қызығушылықтарын арттырып, алған білімін өмірде қолдану біліктілігін қалыптастыруды көздейді, сондықтан білім мазмұнын меңгерудің іс-әрекеттік тұрғыдан келуі негізгі білім беру әдістерінің бірі ретінде анықталады. В.В.Давыдовтың ойынша, оқыту үдерісіндегі жан-жақты дамудың ең тиімді жолы – заттық әрекеттің тиісті нысандарын жасау және пайдалану, жай ғана білімдерді меңгертумен шектелмей, әрекет ұстанымын оқытуға жүйелі түрде енгізу. Автор оқу барысында оқушы нақты бір білімді меңгеріп қана қоймай, меңгерілген мазмұнға қатысты әрекеттер тәсілдерін үйренуі тиіс екенін айрықша атап көрсетеді [1].

Осыған байланысты А.М. Новиковтың пікірі көкейкесті болып табылады: «... оқушылардың жеке тұлғасының жан-жақты дамуын, олардың зияткерлік дамуы мен денесінің жетілуі, шығармашылық қабілеттерінің дамуы ғана деп түсіну жеткіліксіз. Бұл сайып келгенде, адамның белсенді өмір ұстанымын, іскерлігін, «әрекеттілігін» қалыптастыратындай болуы тиіс» [2]. Себебі, оқушының өмірге қажетті түйінді құзыреттілігінің барлығы іс-әрекет арқылы дамиды.

Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде іс-әрекет тұғыры жиі қолданылады. Білім беруде іс-әрекет тұғырымен келу мынандай ережелерді талап етеді: оқу мазмұнын тек ақпараттық жинау емес, өзінің белсенді әрекеті арқылы меңгеру.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін қалыптастырудың негізгі бағыттары және оларды дамыту Т.Сабыров, [3] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Оқу іс-әрекеті дегеніміз – мазмұны ғылыми түсініктер саласында жинақталған тәсілдерді игеруден тұратын әрекет, ...мұндай әрекеттің өзіне лайықты мотивациялары болуы тиіс. Бұл жалпылама әрекет тәсілдерін меңгеру немесе қарапайым сөзбен айтқанда, өзінің өсіп-жетілуіне ұмтылуы болуы мүмкін. Оқу іс-әрекеті түсінігі үнемі бір жақты түсінік деп айтуға келмейді. Кең мағынада алғанда ол кейде үйренудің, оқудың және тіпті оқытудың синонимі ретінде қарастырылады. Тар мағынада, Д.Б.Эльконин еңбектерінде «оқу іс-әрекеті» ұғымы, субъектінің оқу пәніне деген ерекше «жауапкершілік қатынаспен» теңестіріле отырып, іс-әрекеттің мазмұны мен мағыналылығына ұласады [4]. Бастауыш білім беру деңгейінде оқу іс-әрекеті оқу дағдыларын жетілдіруге, қарым-қатынастың, қоршаған ортаны танудың, жеке тұлғаның өзіндік қызығушылықтарын, қажеттіліктерін және қабілеттерін дамытудың құралы ретінде қарастырылады. Назар аударма кететін жайт, мұндай анықтамада «оқу іс-әрекеті» іс-әрекеттің жетекші түріне қарағанда кеңірек түсіндіріледі, себебі жас кезеңдеріне, соның ішінде бастауыш сынып кезеңінен бастап қалыптасады. Бұл мағынадағы оқу іс-әрекеті – іс-әрекет субъектісінің оқу іс-әрекетінің жалпыланған тәсілдерін игеруі және оқытушы тарапынан әдейі қойылған оқу міндетін орындау үдерісіндегі, өзіндік бақылау мен өзіндік бағалауға ауысатын сыртқы бақылау мен бағалау негізіндегі өзіндік дамуы ретінде анықталады.

Біздің ойымызша, бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас біліктілігін, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқу іс-әрекетіндегі мүмкіндіктері мәселесі жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті дегеніміз – оқушының тұлға ретінде дамуындағы білімді меңгеруі мен оларды өмірде, практикада пайдалана білуге үйренетін саналы қызметі деп тұжырымдаймыз.

А.В.Мудриктің пікірінше, тұлғаның даму үдерісі – адамның жекелік қасиеттерін сипаттайтын танымдық, эмоционалдық және еріктілік компоненттерінің даму деңгейі жиынтығына қосыла алмайды. Тұлғаның әлеуметтену деңгейі түрлі әлеуметтік топтарға сенімді кіре алу қабілетінен көрінеді. Әлеуметтік өмірдің нормаларын меңгергендігін білдіретін,

индивидтің бейімделуі өтетін кезең – бұл балалыққа қатысты, бас тарту – тұлғаның жоғары деңгейде персоналдануына (тұлғалануына) деген қажеттіліктің болуы [5]. Бастауыш сынып оқушылары үшін әлеуметтік-мәдени жағдай оқу іс-әрекеті болып табылады. Бұл зерттеуде оқу іс-әрекеті оқу қарым-қатынасы қызметін көрсетеді, яғни мектеп сабақтарындағы оқушылардың тұлғааралық әсер ету үдерісі ретінде түсіндіріледі.

В.В.Давыдов оқу іс-әрекетінің қалыптасуының өзінің заңдылықтарын мынадай жолмен түсіндіреді: біріншіден, кез келген іс-әрекеттің пайда болуы, қалыптасуы және құлдырауы болады; екіншіден, оның құрылымдық компоненттері үнемі өзінің қызметін өзгертеді, бір-біріне ықпал етеді (қажеттілік, түрткі, міндет, әрекет, операция); үшіншіден, түрлі іс-әрекет түрлері (оқу, еңбек, ойын) адамның мінез-құлқында бірегей; төртіншіден, әрбір іс-әрекеттің сыртқы түрі қалыптасып, адамдардың өзара қарым-қатынасы, материалдық және заттанған құралдарды қолдану арқылы өзінің қарым-қатынасы және тәжірибесінің алмасуы пайда болады; осының негізінде адам іс-әрекетінің ішкі формасы өзінің құрылымы мен ұғымдарға, бейнелерге сүйеніп қалыптасады [6]. Психологтың пікірінен оқушының қарым-қатынасы оқу іс-әрекетінің қалыптасуында және одан әрі дамуында әлеуетінің жоғары екендігін байқаймыз. Сонда оқу іс-әрекетінің қалыптасуы бірнеше кезеңдерден тұрып, олардың әрқайсысының сипаттамасы өзгеріп отырады. Атап айтсақ, әрқайсысының нақты мазмұны, қатысушылардың өзара әрекетін ұйымдастыру формасы, қарым-қатынас ерекшелігі, психологиялық жаңаруы болады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің негізгі сипаттамалары былай белгіленеді:

1. Оқу материалын игеруге және оқу міндеттерін орындауға әдейі бағытталған.
2. Онда әрекеттердің жалпы тәсілдері мен ғылыми түсініктерді игеруі.
3. Әрекеттің жалпы тәсілдері міндеттерді орындаудың алдын ала көре алуын қамтамасыз етеді.
4. Оқу іс-әрекеті субъектісінің өзін өзгеріске түсіреді.
5. Оқушының психикалық қасиеттері мен мінез-құлқының «оның өз әрекеттерінің нәтижелеріне байланысты» өзгеруі. Осылайша, оқумен теңестіре отырып, оқу іс-әрекеті абстрактіден нақтылыққа, жалпыдан жекеге өтеді деуге болады.

Оқу материалдары мен тапсырмалар арқылы сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдыларды меңгереді, ауызша және жазбаша тілде сөзді құрау ережелерін, сөзді таңдау тәсілдерін және грамматикалық нормаларды ұсыну, оқу материалдары бойынша дискурсқа қажетті сапаларды қолданады, пікірталас түрлеріне сай тілдік құралдарды пайдаланып, өз ойларын дәлелдей алады және өз пікірлерін қорғай алады, ұсынылатын тақырып пен тілдік ситуацияларға сай сөздерді орынды қолданады, ұлттық мәдени ұғымдарды ажыратады, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлейді, сөз дұрыстығы талаптарын меңгереді.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда олардың психологиялық ерекшелігін ескеру басты міндеттердің бірі болып табылады (Кесте 1).

Кесте 1 – Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері

Психикалық үдеріс	Қызметтік ерекшеліктер	Эмоционалды сала
Қабылдау	-барлық ашық нәрселерді қабылдағыштық; - тез үйреніп кету үйлесімімен барлық жаңа әсерлерді қабылдауға дайындық	Барлық психикалық үдерістер эмоциямен боялған; бастауыш сынып оқушылары өздерінің жетістіктері мен сәтсіздіктеріне қызғанышпен қарайды; егер жетістікке жетсем деген қажеттілігі жүзеге аспаса, онда олардың сабаққа деген қызығушылығы жоғалады, өз күштеріне деген сенімі төмендеп, мұғалімі және құрдастарымен қарым-қатынаста психологиялық кедергі пайда болады
Зейіні	-еріксіз назар аударуға (назарға) ие болу; -зейін қою және назарын басқаға аудару білігінің дамымауы	
Есте сақтау	-еріксіз еске ие болу; - естің механикалық, көрнекі-бейнелік, қозғалыстық, эмоционалдық түрлерінің дамуы	
Ойлау	- нақтылық, көрнекі бейнені тірек ету	
Ерік	-түрткілердің (мотив) бірге бағыныштылығы; - ортақ әрекетке қосыла алу қабілеті	
Қиялдау	- орнын басып отырған заттарға ұқсамаса да, солардан тірек іздеу; - шығармашылық қиялын дамыту	
Сөйлеу	- сөздік қоры кеңейеді; - байланыстырып сөйлеуге үйренеді	

Сондықтан бастауыш мектептегі оқу іс-әрекеті – бала психикасын дамыту білім мазмұны мен оны меңгеру тәсіліне тәуелді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті мазмұнына ғылыми ұғымдар мен ғылыми заңдар енеді, оларды түсіну және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған ойлаудың жалпы амал-тәсілдерін меңгеруін білдіреді. Осыған орай, балалардың ғылыми білімді және дағдыларды меңгеруі олардың оқу іс-әрекетінің негізгі мақсаты мен нәтижесі болып табылады. Оқу материалдарының мазмұны білім стандарты, оқу жоспары мен оқу бағдарламалары арқылы анықталады.

Білім стандарты туралы Ш.К.Беркімбаева: «...білім стандарттары көптеген елдердің білім беру жүйесіндегі негізгі құжат», – дей отырып, онда білім мазмұны толық әрі нақты берілетінін атайды [7]. Бұл құжатты басшылыққа ала отырып оқу жоспары, оқу жоспарын басшылыққа ала отырып жасалатын пәндік оқу бағдарламасы курс мазмұны мен ауқымын анықтайды, оқушы үшін міндетті деңгейді қамтамасыз етеді, мұғалім үшін бағдарлаушы іс-әрекетін атқарады және оған сәйкес құрастырылатын оқулық білім берудің барлық мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталады, сондықтан білім беру, дамыту және тәрбиелеу іс-әрекеттерін атқарады.

Жас ұрпақты қоғамдық маңызды істерді сапалы игеретін бұған дейінгі адамзат жасаған игіліктерді жалғастыра алатын жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастырудың негізі мектеп жасында қаланатыны белгілі. Білім беру мазмұнын жаңарту, оқыту әдістерін жетілдіру, оқушылар мен мұғалімдердің өзара қарым-қатынасын жоғары деңгейде ұйымдастыру секілді міндеттердің қай-қайсысы да әрекетсіз іске аспайды. Оқу іс-әрекеті мұғалімнің басшылығы арқылы оқушының сана-сезімін дамытуға бағытталады. Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы, бір жағынан оқу үдерісіндегі оқушының белсенділігінің, өздік ізденіс жасай білуінің, қызығушылығының т.б. өзгеруіне байланысты болса, екінші жағынан айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына байланысты болады. Сондықтан мұғалім оқушы бойындағы өзгерісті назардан тыс қалдырмай нақтылы жағдаяттарда оқушы белсенділігін, өз бетінше жұмыс істей білу қабілетін, танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілетін дамытуға қажетті жағдай туғызып отыруы қажет. Мұндай жағдайда білім мазмұны да, оны ұйымдастыру да іс-әрекет теориясы заңдылықтары негізінде құрылады. Білім беруді іс-әрекет тұғырымен ұйымдастыру оқушының бойында өмір сүруге қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өйткені бүгінгі күні оқушының күнделікті өмірде кездесіп отырған түрлі жағдаяттарда икемсіздігі байқалып жатады.

Әдебиеттер

1. Давыдов В.В. Российская педагогическая энциклопедия. – В 2 т. – М.: Большая Росс. энцикл., 1999. – 1160 с.
2. Новиков А.М. Развитие отечественного образования Полемиические размышления. – М.: Издательство «Эгвес», 2005. – 134 с.
3. Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. – Алматы: Рауан, 1993. – 95 б.
4. Эльконин Д.Б. Понятие компетентности с позиции развивающего обучения // Современные подходы к компетентностно-ориентированному образованию: Материалы семинара / под ред. А.В.Великановой. – Самара: Профи, 2001. – С. 4-8.
5. Мудрик А.В. Социализация человека. Издательство: Academia Серия: Высшее профессиональное образование, 2006. – 304 с.

6. Давыдов В.В. Теория развития обучения. – М.: Педагогика, 1996. – 214 с.

7. Беркімбаева Ш.К. Жалпы білім беретін қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие үрдісінің дамуы (1980-2000 жж.): пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.01. – Алматы, 2003. – 128 б.

**Мухаммедина С.Г., Шалабаева Н.К., Алимова К.Т. логопедтер
«Балапан» бөбекжайы КМҚК, №8 ЖББОМ жанындағы шағын орталық
Қарағанды қаласы**

МОТОРЛЫ АЛАЛИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ

Соңғы жылдары сөйлеу тілінің дамуында ауытқуы бар балаларға арналған логопункттар мен логопедиялық кабинеттер қарқынды түрде ашылуда. Бірақ қазақ тілінде оқытатын арнайы мектепке дейінгі мекемелерінде және бастауыш сыныптарында бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыздандыру жоқтың қасы.

Мектепке дейінгі арнайы ұйымдарында және мектептерде сөйлеу тілінің жалпы дамыту бойынша қазақ тілінде оқу материалдары тапшылық сипатында. Оқу-тәрбие үдерісі қажетті бағдарламаларымен қамтамасыздандырылмағандықтан қосымша (екіншілік) ауытқулар пайда болуы мүмкін. Мәселен сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, яғни дыбыс айтуының бұзылуы, сөздік қорының мардымсыз толығы және байланыстыра сөйлеу тілінің қалыптаспауы, қарым-қатынасқа түсуге қиналу т.с.с. Екіншілік, басқаша айтқанда туынды ауытқулардың негізгі көрінісі балалардың толыққанды сөздік қорының қалыптаспауы болып табылады, ал оның өз кезегінде байланыстыра сөйлеу тілінің және қарым- қатынастың дамымауына әкеп соғады. Нәтижесінде сөйлеу тілінің дамымауы бар балалардың әлеуметтенуі қиындай түседі, олардың қоршаған орта туралы түсінігінің жеткіліксіздігіне себеп болады, оқу материалдарын меңгеруге кедергі жасайды. Арнайы педагогикадағы оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу болғандықтан, оқу-тәрбиелеу үдерісінің басты назарындағы негізгі міндетті жүзеге асыру керек.

Бала тілін неғұрлым ерте бастан дамыту арқылы олардың жеке басының қалыптасуына жағдай жасау оқу-тәрбие мәселесіндегі көкейтесті тақырыптарының бірі. Бала өз ойын тіл арқылы жеткізеді. Ал бала тілінің дамуы, оның сөйлеу мүмкіндігінің қалыптасуы бірден пайда болмайтын күрделі психологиялық процесс. Ол жүйелі жүргізілетін жұмыс түрлерінің негізінде жүзеге асады. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда заттық-тәжірибелік іс-әрекеттің маңызы зор. Арнайы ұйымдастырылған ойындар балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарын түзетіп, сөздік қорын байытып, таным іс-

әрекетінің жетіспеушілігін дамыту үшін арнайы ұйымдастырылып белсенді пайдалануды қарастырады.

Ойын іс-әрекеті барысында сөйлеу тілі бұзылған балалардың ұжымшылдық, еңбексүйгіштік, өздігінен жұмыс жасау сияқты жеке тұлға қасиеттері, өзін-өзі бақылау біліктілігі қалыптасады. Педагог-дефектологтың немесе логопедтың, тәрбиешінің жетекшілігімен жүзеге асатын бұл үдеріс кезінде балалардың интеллектуалды дамуында, танымдық, қоғамдық және т.б. қажеттіліктер мен қызығушылықтарының туындауында едәуір жағымды өзгерістер болады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балаларға арналған білім беру және түзету ұйымдарда тәрбиеленушілердің сөздік қорын байыту мақсатында, жетіспеушіліктерін түзету үшін, таным процестерін дамыту үшін, жеке тұлға қасиеттерін тәрбиелеуде заттық- тәжірибелік іс-әрекетінің мүмкіндігі өте мол. Мысалы, бұл категория балаларына жалпы сөйлеу тілінің дамымауы тән. Сөйлеу тілінің барлық жағының дамымауы олардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасын шектейді, ал ол болса танымдық жетілуіне кері әсерін тигізеді. Тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру логопедияның көкейкесті мәселесінің бірі. Дегенмен, қазақ тілді арнайы білім беру мекемелерінде бұл мәселенің кейбір қырлары әлі жеткіліксіз зерттелген. Арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту жүйесінің жалпы негіздері жасалған. Бірақ, олар ары қарай жетілдіруді, нақтылауды және түзетушілік, дамытушылық ықпалын арттыруды қамтамасыздандыратын қосымша әдіс-тәсілдерді қажет етеді [1].

Логопедиялық жұмыс баламен жағымды қарым –қатынас орнатудан басталады. Баланың ата-анасынан, балаларының қандай ойыншықты жақсы көретінін біліп, логопед ол ойыншықтарды өз сабағында қолданады. Ойын барысында логопед баламен әңгімелесіп, ауызша сөйлеудің интонациялық әдісін пайдаланып айтылған сөзді эмоционалды түрде әрлейді. Моторлы алалиясы бар балалардың сөздік қорын дамытуда қолданылатын түзету жұмыстарын ойын түріндегі тапсырмалармен ұштастыратын болсақ, нәтижелі болады. Моторлы алалиясы бар балалардың сөздік қорын дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда ойын түріндегі әрекеттердің маңызы өте зор. Дамыту тапсырмалары баланың сөздік қорын дамытуға, бұзылған жүйелерді қалыптастыруға бағытталған. Тапсырмалар баланың сөздік қорын дамытып сөз бен сөздік қатынасының құралы және белсендірудің қайнар көзі деп айтуға болады.

Логопед баланың есте сақтау қабілеті және баланың зейінін дамытумен жұмыс жүргізе бастайды. Бұл жұмыстада ойын тәсілдері қолданылады: сурет көрсетіледі, одан кейін сурет басқа суреттердің арасына жасырылады, одан кейін логопед баламен бірігіп суретті іздейді. Суретті іздеу процесі логопедтің басшылығымен жүзеге асады. Кейінірек ойын күрделене түседі: бала бірнеше суретті естерінде сақтауы керек, суреттің бірізділігін білу керек, логопед

суреттерді араластырған соң, бала оның бірізділігін сақтап ретімен қойып шығу керек.

Келесі кезеңде бір ғана айырмашылығы бар бірдей заттардың суретін алуға болады. Барлық ойындар көру анализаторына сүйене отырып жүргізіледі.

Естіп қабылдауын дамыту үшін дауыс шығаратын ойыншықтар пайдаланылады. Балаға ойыншық көрсетіледі, және ол бір мезетте оның дауысын естиді. Сосын балаға біріншісінен дауысы басқа, екінші ойыншық көрсетіледі (мысалы, сиыр және балапан). Нәтижесінде бала заттарды дауысы арқылы табуға үйренеді.

Бір мезгілде заттық сөздер дамыту және іс-шаралар түсінісінігін дамыту бойынша жұмыс жүргізіледі. Балаға етістіктер (бер, ал, алып кел, жүр, қой, көрсет және т.б) арқылы сөйлем құру тапсырылады. Сабақтың бұл процесінде балаға таныс емес сөздерді түсінуін нақтылау керек. Сонымен қатар баланың белсенді емес сөздік қорын дамыту үшін ертегілерді, әңгімелерді қолдану керек (мектеп жасындағы балаға). Оны сыныпта және мектептен тыс уақытта өткізу керек. Бірінші кезеңде ертегіні оқымай әңгімелеп беру керек. Ертегіні әңгімелеуде көрнекіліктен суреттерді алуға болады.

Оқу және әңгімелеу сабақтарын алалиясы бар балаларға стимул ретінде қолдануға болады. Бұл мақсатта әңгімені оқыған соң, бала бір сөзбен немесе мимикамен жауап беретіндей, логопед мәтін бойынша сұрақтар қояды. Қаншалықты мәтінді немесе ертегіні дұрыс түсіндегін анықтап, көрнекілік құралдар арқылы қайталау керек. Бала әңгімелеу және оқудан кейін, оқығанды қаншықты меңгергенін баяндайтынына біртіндеп бейімделуі керек- бұл баланың мұқият және белсенді тыңдауына ықпал етеді.

Белсенді сөздік қорын дамыту. Белсенді сөздік қорын қалыптастыруда ауызша тәсілдер қолданылады (мағынасы ұқсас сөздерді, мағынасы қарама-қарсы сөздерді салыстыру). Әр түрлі сөз таптарымен сөздік қоры толықтырылады.

Сөздік қормен жұмыс түрлері:

- Әрекетіне байланысты заттарды таңдау(не ұшады, жүгіреді).
- Тұтас заттың бөліктерін атау(дөңгелек,).
- Бір түбірлі сөздерді таңдау (орман - орманшы)
- Сипаттамасы бойынша заттарды табу.
- Синоним, антоним және т.б сөздерді таңдау.

Заттармен іс-әрекетті орындағанда, балалар оларды дауыстап айтады: сүт ішіп отырмын, сүтті бөтелкеге құйып жатырмын, сүтті суытып отырмын және т.б.. Балалардың сұраққа жауап беруімен сұрақ қоюы қалыптасады, сөзге байланысты сөйлем құрып үйренеді, берілген сөзбен, сюжетті суреттермен заттарға байланысты жұмбақ құрап үйренеді. Сөздік жұмыстың бұл түрі – суретті лото ойыны болып табылады. Әр түрлі ойнауға болады. Егер сөз балаға таныс болса, логопед үндемей суретті алып балаларға көрсетеді, ал бала өзінде бар суретті дауыстап қатты айтуы керек, мысалы: «мысық» немесе

мүмкін болса «Менде мысық» деп жауап беруі керек. Егер сөз балаға таныс болмаса, логопед дауыстап айтады, ал бала қайталайды[2].

Алалиясы бар баланың жаңа сөздерді есіне сақтауы үлкен қиындық туғызыды және көптеген жаттығуларды қажет етеді. Алалиясы бар баланың жаңа сөздерді меңгерудегі қиындығының екі түрлі нысанда болады: 1. Біріншісі сөздің құрылымының тұрақсыздығымен, буынның басқа буынмен алмасуымен сипатталады, ол парафазия деп аталады. 2. Екінші қиындық: сөз ситуацияға байланысты болады, ситуация беріледі және ол басқаға ауыспайды. Мысалы бірнеше рет лото ойыны бойынша «мысық» сөзін атағанда, алалиясы бар бала суреттерді көргенде мысықты көрсетуі мүмкін, бірақ «Тышқанды не ұстайды?» деген сұраққа жауап бере алмайды.

Бала сұраққа мимика арқылы немесе суретті көрсету арқылы жауап береді. Заттан жақсы әсер алған сайын, алалиясы бар баланың сұраққа жауап беруі оңай болады.

Сөздерді есте жақсы сақтау мақсатында әр түрлі тәсілдерді пайдалану керек, барлық анализаторларға әрекет ету үшін, түрлі әсерлі жағдайларды қолдануға болады. Міндетті түрде жеке сөздік бастау қажет - жаңадан үйренген сөздер мен сөздің мәні бейнеленген суреттермен альбомдар. Тәжірибелік тапсырмалар. Кейінірек, бала суретпен жазуы бар суреттерді қосуға болады.

Енжар сөздік қорын дамыту. Сөзді түсінуін дамыту үшін ұсынылған тапсырмалар кейбір енжар сөздері және сөздік қорында етістік бар балалар үшін арналады. Сөйлеу дамуының осы деңгейінде сөзді түсінуі және сөйлеуі жиі тұрақсыздықпен сипатталады. Балалар заттардың мөлшерін (көп-аз-біреу), көлемін (үлкен- кіші), дәмін (тәтті- ащы) ажырата алу керек және, бұл заттар балаға белгілі жерлерде болса, оның кеңістікте орналасуын білуі қажет. Егер бала заттардың түсі мен көлемін мәнімен байланыстыра алмаса, онда заттардың түсін үйретуді кейінге қалдырып, заттың көлемін салыстыру арқылы үйрету қажет. Ерекше зейін балалардың оқытуда зат есімдермен етістіктердің жекеше және көпше түрлерінің грамматикалық формаларын ажырата алуына аударылады.

Қорыта келе, моторлы алалиясы бар балалардың сөздік қорын дамытуда логопедиялық сабақтар белсенді сөздік қорын дамыту, енжар сөздік қорын дамыту, сөйлеудің еліктеушілігін дамыту, сөздердің алғашқы формасын қалыптастыру, ойын тәсілдері тапсырмаларының орны ерекше екенін атап айтуға болады. Моторлы алалиясы бар балалардың сөздік қорын дамыту арқылы тіл кемістіктерін мүмкіндігінше болдырмау әдіс-тәсілді тиімді пайдаланатындарына, логопедиялық тапсырмалардың, ойын-жаттығулардың ықпалын тигізетініне көз жеткізуге болады [3].

Ұсынылған тапсырмалар моторлы алалиясы бар балалар үшін қошаған ортаны тану құралы ретінде ерекше қажет. Ол балалардың сөздік қорын молайтуға және белсендіруге, сөздерді дұрыс және еркін қолдануға,

сұрақтарға толық жауап беруге, байланыстырып сөйлеуінің дамуына толық мүмкіндік береді. Сабақ барысында барлық әрекеттерін сөзбен білдіру, сөйлеу әрекетін белсендіруге қажетті жағдай жасау, моторлы функцияларын (ұсақ, жалпы, артикуляциялық) жетілдіру перцепция дағдыларын қалыптастыру: есту, көру, сипап- сезу, қабылдауларын, психикалық үрдістерін, көріп есте сақтауын дамыту жүзеге асады.

Әдебиеттер:

1. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Алматы: Дәуір, 2011. 648 б. ISBN 978-601-217-205-8 Логопедия оқулығы
2. Чевелева Н.А., Филичева Т.Б.// Логопедическая работа в специальном детском саду. М. 1989. 272 с
3. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. Логопедия. Основы теории и практики. 2011г.

Мухтарова О.С.

**КМКҚ «Қарлығаш» бөбекжайы, дефектолог
Қарағанды қаласы**

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТА ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі уақытта көптеген балалар арнайы білімді қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балалар санатына жатады. Олардың ішінде орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы салдарынан психикалық дамудың қалыпты барысы бұзылған зияты зақымдалған балалар тобы айтарлықтай пайызды құрайды.

Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының табысты әлеуметтенуі үшін қоршаған орта туралы толыққанды түсінік маңызды. Ғалымдар баланың әлеуметтік дамуы оның қоршаған ортаны тану және өз білімін түрлі өмірлік жағдайларда пайдалану тәсілдерінде көрініс табады деп санайды. Әрбір ерекше бала өзін және айналасындағыларды түсінуге біртіндеп үйренеді. Жыл өткен сайын бала өзінің пәндік, табиғи және әлеуметтік әлемін кеңейтеді. Қоршаған орта туралы түсініктердің кеңеюіне байланысты, баланың интеллектуалдық және адамгершілік тұрғысынан дамуы артады, танымдық сала және жеке қасиеттері дамиды [1].

Қоршаған ортамен танысу – өмір бойы есте қалатын алғашқы нақты білімнің көзі. Зияты зақымдалған оқушылар тек ересектердің көмегімен ғана қоршаған әлем туралы объективті бейнеге ие бола алады. Ерекше балалардағы бұзылыстың сипаты объектіні тұтастай қабылдауды және тұтас бір бейнені жасауды қиындатады, оның сапалық сипаттамасын өзгертеді.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың қоршаған ортамен танысуының негізгі міндеттері:

- білім алушыларда табиғат құбылыстары туралы және өтілетін пәндері туралы қарапайым білім жүйесін қалыптастыру;

- қоршаған орта туралы байланыс жүйелерін қалыптастыру, баланың өмірдегі дұрыс бағдарын қамтамасыз ету;

- қоршаған ортамен танысу барысында кіші мектеп жасындағы оқушының танымдық әрекетін дамыту [2].

Арнайы әдебиетті талдау (И.М. Бгажнокова, Л.В. Занков, А.А. Катаева, Е.А. Стребелева, С.Г. Шевченко, М.М. Нудельман, В.Х. Петрова, И.М. Соловьев және т.б.) оқушылардың осы категориясының қоршаған әлем туралы түсініктерінің толық еместігіне әкелетін себептердің төрт тобын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- танымдық процестердің кемшіліктері: қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял және сөйлеу;

- жас ерекшеліктері үшін жетекші қызметті меңгерудің қиындықтары: заттық, ойын, оқу;

- қоршаған ортаға деген қызығушылықтың, эмоцияның тапшылығы негізінде көрінетін аффективті саланың өзіндік ерекшелігі;

- әлеуметтік өзара іс – қимылдың кедейлігі.

Зияты зақымдалған кезде танымның бірінші сатысы – қабылдау бұзылатыны белгілі. Балалардың қабылдауы естудің, көрудің, сөйлеудің дамымауы және оның болмауы салдарынан жиі зардап шегеді, бірақ талдағыштар сақталған жағдайда да, бұл балалардың қабылдауы бірқатар ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Бұл жағдайды бірқатар психологтардың зерттеулері көрсетеді (К.А. Вересотская, В.Г. Петрова, Ж.И. Шиф) [3].

Ең басты кемшілігі – қабылдау жалпылауының бұзылуы. Қалыпты дамып келе жатқан балалармен салыстырғанда оның баяу қарқыны байқалады. Дамуында ауыр бұзылыстары бар кіші мектеп жасындағы оқушыларға ұсынылған материалдарды: суретті, мәтінді және т.б. қабылдау көп уақытты қажет етеді. Қабылдаудың баяулығы салдарынан балаларда қосымша түсініктен ең бастыны қиындықпен бөліп алу тән болып келеді, сонымен қатар бөліктер арасындағы ішкі байланыстарды түсінбеуі күшейе түседі. Сондай – ақ, осы санаттағы балаларға заттарды үстіртін қабылдау тән, олар қабылданатын затқа талдау жасамайды, оны басқалармен салыстырмайды. Бұл қарапайым материал мен бірнеше күрделенген материалды қабылдау барсында айқын көрінеді. Бала өзін қоршаған әдеттегі заттарды жақсы ажыратады. Жаңа затты қабылдау, оны басқалардан ажырату, әсіресе оның жаңа қасиеттерін пайдалану барысында бала бағдарлы іс – қимылға жүгінбейді, затты тексермейді.

Сонымен қатар, осы топтағы балаларда қабылдау көлемінің тар болуы да байқалады. Зияты зақымдалған білім алушылар көрінетін объектідегі жеке бөліктерді ғана қабылдап, оны жалпы түсіну үшін маңызды материалды байқамайды. Қабылдаудың барлық белгіленген кемшіліктері осы үдерістің жеткіліксіз белсенділігі аясында өтеді, нәтижесінде материалды одан әрі

түсіну мүмкіндігі төмендейді. Олардың қабылдауын дұрыс бағытта басқару қажет. Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушылары үшін кеңістік пен уақытты қабылдау қиындықтары тән, бұл оларға қоршаған ортаға бейімделуге кедергі келтіреді. Олар ұзақ уақыт оң және сол жағын ажырата алмайды, мектепте өз сыныбын, асхананы және т.б. таба алмайды, оқушылар апта күндері, жыл мезгілдері, сағаттарда уақытты анықтау кезінде қателеседі. Қалыпты құрдастарымен салыстырғанда, олар түстерді әлдеқайда кейінірек ажырата бастайды.

Зияты зақымдалған балалар сабақта нені айтып жатқанын іс жүзінде өзі көріп, өзіұстап көрмейінше түсінбейді. Көптеген оқушылар үшін оқыту мазмұны мен олардың өмір сүру қажеттіліктері арасында айтарлықтай айырмашылық бар болып көрінеді. Қоршаған орта туралы білім мен түсініктері айтарлықтай шектеулі және қарапайым. Олар өзі және отбасы туралы мәлімет бере алмайды. Өз атын білгенімен, ата-анасының атын, тегін, туған күнін, үй мекен-жайын білмейді, олар кіммен өмір сүретінін де айта алмайды. Көптеген балалар дененің бөліктерін білмейді немесе көрсете алмайды: көз, ауыз, мұрын, құлақ, маңдай және т. б.

Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушылары педагогтың айтуы бойынша берілген нұсқаулықты түсіне алмайды, жануарлардың суреттері мен олардың атауларын сәйкестендіре алмайды. Түстердің атаулары естерінде ұзақ сақталады, бірақ кейде оларды дұрыс сәйкестендірмейді (біріктірмейді) [4].

Қоршаған орта туралы алған білім негізінде баланың дүниетанымы қалыптасады, демек ол адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылады, адамның немесе қоғамның табиғатқа деген көзқарасын білдіреді.

Қоршаған әлем туралы түсінігі біртіндеп, оның өмір сүруі мен оқыту процесінде, осы кезеңде қоғамға тән көзқарастарға сәйкес қалыптасады. Әлем туралы қалыптасатын бейнесі адамдардың табиғат әлемі, олардың қоршаған ортасы туралы түсініктерінің деңгейін, оның даму заңдарын, адам мен табиғаттың өзара іс – қимыл процестерін түсіну дәрежесін көрсетеді. Табиғат туралы түсініктің қазіргі деңгейіне сәйкес келетін қоршаған әлем туралы түсініктерді қалыптастыру мәселесіне қазіргі заманғы олигофренопедагогика елеулі көңіл бөледі. Балаларды оқыту мен тәрбиелеудің міндетті компоненті балалардың қоршаған табиғат әлемі туралы жүйелі және дәйекті білімді меңгеруі болып табылады. Әлем тұтастығы туралы түсініктің дамуы бірқатар кезеңдерге ие (кез келген даму процесі сияқты), олардың бірі осы үдерісті бастау үшін алғышарттардың болуы болып табылады. Бұл жағдайда зияты зақымдалған оқушылардың жағдайын, тікелей өмір тәжірибесінде, сондай – ақ оларды мектепте оқыту барысында қалыптасатын қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды зерттеу мәселесі туындайды. Біз зерттеген ғалымдардың еңбектерінде, қоғамда тарихи қалыптасқан ұғымдар адам қызметінің нысандары мен оның нәтижелерінде, мақсатқа сай жасалған заттарда кездесетіндігі жиі айтылады [5].

Жеке адамдар (ең алдымен балалар) олардың жеке эмпирикалық көріністерімен әрекет етуді үйренерден бұрын қабылдайды және меңгереді. Бастауыш мектептің аяқталуына қарай көптеген оқушылар режимдік сәттерді орындай бастайды, мұғалімнің нұсқауларын орындай бастайды, орындалған жұмысты бағалауға, педагогтың басшылығымен сыныптастарға көмек көрсетуге тырысады. Сәйкесінше, балалардың танымдық іс-әрекетінің дамуында белгілі бір оң динамиканы байқауға болады. Сонымен бірге оқушылардың қоршаған орта туралы түсініктері пәндік сабақтарда, экскурсияларда кеңейеді.

Әдебиеттер:

1. Косымова А.Н. Коррекция представлений об окружающем мире у детей с нарушениями интеллекта // Дефектология - 2006,- №5.- с.30-35
2. Выготский Л.С. Проблема умственной отсталости. Умственно отсталый ребенок /Под ред. Л.С. Выготского и И.И. Данюшевского. - М., 2005. – 390 с.
3. Воспитание и обучение во вспомогательной школе. Под ред. В.В.Воронковой. М.: «Школа-Пресс», 1994
4. Екжанова Е.А. Системный подход к разработке программы коррекционно – развивающего обучения детей с нарушением интеллекта. // Дефектология. – 1999г. - №6 –с.25.
5. Кудрина С.В. Окружающий мир (программно-методическое обеспечение к урокам «Окружающий мир» в 1-4 классах специальных (коррекционных) образовательных учреждениях VIII вида. М.: «ВЛАДОС», 2014.

п.ғ.д., профессор Мухтарова Ш.М.
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
магистрант Торебаева Г.Р.
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 1-курс,
Қарағанды қ.

СТУДЕНТТІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Қай заманда болмасын адамзат алдына тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Ел болашағын ойлап, оның кемелденуі мен алға жылжуы үшін жастардың тәрбиесіне баса назар аудару қажеттілігі бүгінгі күні ғылыми тұрғыдан да, тәжірибе жүзінде де қарастырылып жүр. Олай болса, ұлымыз ұлықты азамат, қызымыз қылықты бойжеткен болу үшін ұлтымыздың рухани-адамгершілік қасиеттерін

жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы бойларына сіңіру өзекті мәселе екенін білгеніміз жөн. Халық келер ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны жинақтап пайдаланып, шынайы адамгершілік қасиеттерге баулуды мақсат еткен. Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Сондықтан болашақ педагог маман ретінде жас жеткіншектің жалпыадамзаттық рухани мұраға деген ізгілікті қатынасын дамытуда рухани ұстаздардың іс-тәжірибесіне сүйене отырып жүзеге асыру міндеті жүктеледі. Рухани ұстаздардың, Сократ, Платон, Аристотель, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Әл-Фараби, Ж.Баласұғұн, Абай, Шәкәрім, Ж.Аймауытов, Б.Момышұлы, т.б.ұлы да ұлықты тұлғалардың ой-пікірлері, өмірге деген көзқарастары, ойдың, сөздің және істің бірлігі сияқты қайнар көзі, таусылмас асқақ идеялары білім алушыларды шабыттандыру үшін қашан да бізге үлгі болмақ. Түркі әлемінің ойшылы Қожа Ахмет Йассауи «Даналық» кітабында: «Рухани бастауды танып білу, өзінді-өзің танып білу»- дегенді айтады. Адамның басты мақсаты – ақиқатқа жету. Адам өзін-өзі танып білу арқылы, жетілу арқылы адамдық биікке көтеріледі. Ол адамды ұстамдылыққа, өзін жетілдіруге шақырады. Сол шынайы қасиеттер арқылы сүйіспеншілік пен махаббат идеясын ұсынады [1].

Тәрбие жұмысының мақсаты – колледждің тұтас педагогикалық үдерісіне «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау арқылы бірыңғай рухани-адамгершілік кеңістігін қалыптастыру және білім алушылардың рухани-адамгершілік табиғатын ашу, оларды жан-жақты тұтас дамыту.

Тәрбиелік міндеттері – жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, өзін-өзі анықтауға қабілетті, заманауи әлемнің түрлі жағдайларында бағдарлана алатын еркін тұлғаны тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау.

- ізгілікті дүниетанымды, әлеуметтік табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін болашақ ұрпақ пен қоғам алдындағы жауапкершілігін, көшбасшылық қасиетін қалыптастыру.

Көшбасшы (ағылшынша *leader* – басқарушы деген мағына білдіреді) – бұл басқа адамдарды, олардың алғашқы ниеті қандай болғанына қарамастан, өзі қалаған нәрсені жасауға көндіре алатын адам болып табылады, сонымен қатар топтағы адамдардың қасиеттері мен қабілеттерін қолдана отырып, оларды көшбасшы мақсатын іске асыруға бағыттай алады [2].

Көшбасшылық – бұл өз әрекеттерін біріктіру арқылы жеке адамдарға және топтарға әсер ету мүмкіндігі және оларды мақсатқа жету үшін әрекет етуге ынталандыру. Көшбасшылық – адамдардың өз көзқарастарымен бөлісуіне қарағанда, адамдарға көбірек ие болу өнері. Көшбасшы топқа ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар қойып, оған қол жеткізу үшін тактикалық қадамдар жасайды.

Қазіргі жасөспірім – қарама-қайшылықты тұлға, бұл колледждегі пәндерді оқып ұғынатын, қабілетті студент; ата-анасын жақсы көретін бала; өзіне ерекше мән беруді талап ететін, өзгелердің ойын басып тастайтын,

құрдастарының ортасындағы көшбасшы; табиғат көрінісін салатын дарынды суретші; өз сөзінің дұрыстығына сенімді, үлкендермен және балалармен қарым-қатынас кезінде тең құқылы ретінде өз ойын мойындатуға тырысқан азамат.

Бұл қарама-қайшылықтар шынайы өмірдің біртұтас үйлесімділігінде көрініс табуы маңызды. Алайда туындайтын мәселелердің шешімін табуды үнемі іздестіру, өмірден туындаған сұрақтарға қажетті жауапты табудың мүмкін еместігі жасөспірімдерді әлеуметтікке қарсы топтасуға алып келеді, айналасындағы осы әлеуметтікке қарсылардың ықпалымен олардың өмірге деген келеңсіз қарым-қатынасы және қылмыстық тәжірибесі жинақтала бастайды. Дәл осы теріс бағыттағы көшбасшылар жастардың топтарына жасөспірімдерді күннен күнге көптеп тарта бастағандықтан, қоғамда үрейлі жағдай туындап отыр. Жасөспірімдер ортасындағы адамгершіліксіз бетімен кетушілікке тек тұлғааралық қарым-қатынас барысына мақсатты, тиімді бағытты нұсқай білетін, қатарластарын айналасында болып жатқанға саналы түрде қаратуға қабілетті көшбасшыны «тәрбиелеп шығару» талабындағы ұйымдастырушылық-педагогтік ұйымды құрғанда ғана қарсы тұруға болады.

Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға бағдарланған. «Өзін-өзі тану» пәнін тәрбие жұмысына интеграциялай отыра оқыту білім берудің басты ерекшелігі пәнді жете түсінетін ұстаздың рөліне байланысты болып табылады. Рухани-адамгершілік білім беру үдерісі жалпыадамзаттық құндылықтарды күнделікті өмірде қолдану арқылы ғана нәтижелі болады. Ол үшін ұстаздан құндылықтардың мәнін түсіне отырып, тәрбие жұмысының мазмұнына интеграциялауы, оның мәнінің біртұтас екенін көре отырып, тәжірибеде қолдана алуына, сонымен қатар өмірмен байланысын аша түсуін қажет етеді [3].

Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері мен жолдарына тілдік қарым-қатынас жасау тренингтері, оқу процесіндегі пікірталас, ойындар, әңгіме, түрлі белсенділікті қажет ететін жұмыс түрлерін орынды қолдану өскелең ұрпақтың көшбасшылық қасиетін қалыптастырып, адамгершілік қадір-қасиеттерге баулуда айрықша мәнге ие, оны қай уақытта да заман талабы айқын көрсетіп отыр.

Білім – руханилық негізі. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, ұлттық сана, психология мен тәлімдік дәстүр мұраларын бойына сіңіре өскен, парасатты болашақ ел азаматы – жас ұрпақтың адамгершілік мінез-құлықтық тәрбиесін дамыту қоғамдық қатынастарға, қазіргі заман талабына сай өткізілуі тиіс. Жалпы адамға және халыққа деген сүйіспеншілік бала тәрбиесінде ұштасып жатуы қажет. Адамды жан-жақты дамытумен қатар білім алушыға адамгершілік тәрбие беру керек.

Сондықтан білім берудің кез-келген жүйесінде берілетін білім жеке тұлғаны рухани-адамгершілік жағынан жетілдіру арқылы тұлғаның үйлесімді дамуының ашылуына, өмір жолын саналы таңдауға ықпал етуге, жоғары «Мен» тұлғасын ұғындыруға және түсінуге бағытталуы үшін «Өзін-өзі тану»

рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын мүмкіндігінше интеграциялағанда ғана жұмыс өз нәтижесін берері анық.

«Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялап оқыту барысында әрбір тұжырымды ойдың түйінін таба отырып, орынды жерінде болашақ жеткіншекке жеткізу үшін, алдымен, мұғалім – болашақ маман иесі берілетін ұғымды түйсіне білуі шарт. Сондықтан аталған бағдарламаны жүзеге асыруды шартты түрде үшке бөлген дұрыс. Олар:

1. Болашақ мұғалімнің «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық негіздерін түсіне білуі;

2. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын тәрбие жұмысына енгізу тетіктерін анықтау, яғни интеграциялау жолдарындағы тиімді жақтарын игеруі және болашақта жетілдіру бағытында жұмыс жасау;

3. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялауда іс-тәжірибе тарату және оның жетілдіре түсу жолдарын қарастыру [4].

Болашақ ұрпаққа рухани-адамгершілік білім беру және оны тәрбиелеу қазақстандық қоғамда жалпыадамдық, жалпыұлттық, этномәдениеттік, жеке тұлғалық құндылықтардың үйлесімді бірігуімен бағдарланған, олар қоғамға қызмет етуде өзін толық пайдалану, өзінің мәнін және өмірдегі тағдырын білуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында айтылғандай, білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі зияткерлік ұлтты қалыптастыру болып табылады, оның өкілдері бәсекеге қабілетті білімге, креативті ойлауға ғана емес, сонымен қатар жоғары азаматтық принциптерге, патриотизм мен әлеуметтік жауапкершілік сезіміне ие болуы тиіс.

Көшбасшы тәрбиелеу және оның өзін-өзі тәрбиелеуі әрдайым жүретін үдеріс. Сондықтан да шынайы көшбасшыға тән адамгершілік қасиеттерге тоқталып өтейік. Бұл адамгершілік қасиеттердің барлығы да мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтардан бастау алады. Жалпыадамзаттық құндылықтар барлық адамгершілік қасиеттердің өзегі болып табылады.

Студент осы қасиеттерге ие болған жағдайда оларды болашаққа, көшбасшылыққа дайындаушы мұғалімдерге бірден-бір септігі тиеді. Баланың бойындағы бар қабілетті жетілдіру соншалықты маңызды болып табылады. Себебі студент ойға алған істерін жандандыра біледі. Оқытушы қызықты тапсырмалар мен әңгіме сабақтары арқылы студентті көшбасшылыққа икемдей алады. Алдымен көшбасшы дегеніміздің не екендігін түсіндіреді. Оның қыр-сырын, егжей-тегжейлі оқыта келе ол қасиетті өзіне қабылдаған жағдайда қандай жетістікке тап болатындығына мән береді. Мәселен, топ ішінде бірнеше білім алушылардан басқаларға қарағанда көшбасшылығын қалай білдіреді. Ол алдымен сыртқы ортадағы қарым-қатынасынан аңғарылады. Сөйлеу мәдениеті, басқаларды тыңдай білу сауаттылығы, тапсырманы жауапкершілікпен орындау шеберлігі, сауаттылықтың басты

қызмет атқаратынын сезе білушілігі, кез-келген жағдайда қиындықтан жол таба білуі сияқты басты құндылыққа ие адами қасиеттері мен сабақтағы озат білім алушы екендігін дәлелдеуде жалғасады [5].

Біздің басты міндетіміз – болашақ жастардың белсенділіктерін арттыру, олардан белсенді, көшбасшы тұлғаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық механизмдерін анықтау. Көшбасшылықты тәрбиелеу және оның өзін-өзі тәрбиелеуі әрдайым жүретін үдеріс. Көшбасшы болу үшін, сәйкесінше мәдениет, білім, өмірлік тәжірибеге және кәсібилікке де қол жеткізу қажет.

Адамды бағалауда бірінші кезекке оның ішкі жан дүниесін, иманы мен рухания-дамгершілік қасиеттерін ескеру керек. Өйткені, қазіргі қоғамға тек білімді әрі білікті мамандар ғана қажет емес, адами тұрғыдан ақуасыз тұлғалар мен көшбасшылар, лидерлер керек [6].

Болашақ маманның бойында көшбасшылық қасиетін қалыптастырудың маңызды міндеті – студенттер үшін сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетудің тұтас кеңістігін қамтамасыз ету.

Әдебиеттер:

1. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын білім беру саласына интеграциялау жөніндегі нұсқаулық/ Б.М.Жамекова, К.С.Мукушева, Н.Ж.Омарова, Б.Қ.Тоқажанова/- Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019 ж. – 34,59 б.

2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

3. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат, – Астана, 2018.

4. Бірыңғай білім беру кеңістігінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасымен интеграцияланған тәжірибелік мектептерде сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал./ Әкімбаева Ж.Ж., Ахметова А.И./ - Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2016. – 25 б.

5. Көшбасшылық мәдениеті (9-11 сынып). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал./ Рысбаева А.К., Ахметова Ж./-Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014. – 98 б.

6. «Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы 2019. – 22 б.

Омарова О. Б. "12 ЖББМ" КММ биолог
Джексембаева Г. С. "12 ЖББМ" КММ физик
Қарағанды қ.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ҚАТАР БЕРУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ақпараттандыру, жаһандану жағдайындағы қазіргі білім беруді дамыту мен жетілдіруді түрлі инновацияларды енгізусіз, жаңаша оқытуға қатысты принципті бағыттар қатарын қайта қарамайынша елестету мүмкін емес. Солармен бірге, қазіргі мектептің педагогикалық процесін бүгінде қарқынды даму үстіндегі инновациялық білім беру жүйелерімен, бірінші кезекте, шығармашылық қабілетке, шығармашылық рефлексияға, шығармашылық өзін-өзі дамытуға, шығармашылық дербестікке, креативтілікке қойылып жатқан талаптарға сәйкес келуі мәселесінің қарастырылуына да үлкен мән берілуі керек.

Мектепте оқу материалын жақсы меңгеретін оқушы зейіннің жақсы көрсеткіштеріне ие. Дегенмен де зейіннің әр түрлі қасиеттері дамуыға түрліше икемді. Болады. Мысалы: зейін көлемі сыртқы жағдайдың ықпалына аз түседі. Себебі, ол жеке даралық ерекшелік, ал бөліну мен тұрақтылықты жаттықтыру арқылы дамыту өте қолайлы. Зейінді жаттықтыруда баланың жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне байланысты күшті әрі қозғалмалы нерв жүйесі бар адамдар тұрақты зейін мен зейіннің бөлінуімен ауысуында күшті нәтиже көрсетеді. Баяу әлсіз нерв жүйесі бар адамдар зейіні тұрақсыздығымен зейін бөлінуінің нашарлығымен және алаудаушылығының жоғарлығымен ерекшеленеді. Бастауыш сынып оқушыларында баланың зейінсіздігі оқу үлгерімінің төмендігінің негізгі себебі болып табылады. Зейінсіздік әсіресе жазба жұмыстарында, оқу барысында жиі байқалады. Бұл ата-аналар, мұғалімдер тарапынан наразылық тудырады. Бірінші сыныпта балалардың көптеген қателер жіберуінің негізгі себебі мына факторлардың әсер етуіне байланысты. Мәселен осы жастағы баланың жалпы нейрофизиологиялық ерекшеліктеріне, баланың жаңа мектеп жағдайларына бейімделу кезіндегі қиындықтарға байланысты. әрі оқу әрекетінің ұйымдастыруының ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп психологінің міндеті : осы аталған факторларды ескере отырып бала зейінін дамыту және жаттықтыру. Ол үшін түрлі әдістемелер қолдану арнайы жұмыстар ұйымдастыру ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру, ол жұмыстарды қадағалау және т.б. балалардың зейінін дамытуда психолог түрлі тапсырмаларды қолдана отырып жүргізеді. Мәселен: зейін көлемін, ауысу дағдысын жаттықтыруға арналған жұмыстар.

Педагогтың міндеті оқушылардың айтып тұрғанын қаншасын түсінетінін әрдайым біліп отыру. Материалды өз сөзімен айтып жеткізуді үйрету. Бұл жастағы баланың образдық есі жақсы дамып сөз логикалық есі нашар дамыған. Көрнекілікпен байланысты нәрсенің бәрін есінде сақтайды.

Дегенмен де оқыту процесінде сөз логикалық есі дами түседі. Дербес абстракты ұғымдарды игере бастайды. Оқушылардың логикалық есін дағдыу процесі арнайы ұйымдастыруды қажет етеді. Себебі бұл жастағы балалар материалды мағыналы жағнан талдай білмейді. Есте сақтау үшін қайталау тәсілін ғана қолданады. Оқыту барысында мағыналық талдау мен есте сақтау тәсілін меңгермеген оның оқу әрекет барысында бірден қолдана алмайды. Ересектер тарапынан оны қолдауды қажет етеді.

Баланың ақыл-ой ерекшеліктері психикалық дамуында негізгі роль атқарады. Бастауыш сыныпта баланың ойлауы өтпелі кезең үстінде болады. Бұл кезеңде көрнекі –бейнелі ойлау сөз логикалық ойлау түріне өту кезінде болады. Мектепте оқудың басталуымен оқушылар нақтылы да абстрактілеуге де қол жеткізеді. пікір айтып, қортынды жасауға тырысады. Балалардың құбылыс туралы түсінігі болғанымен азғантай өмір тәжірбиесі шеңберінен ұзап шыға алмайды. Мектепте баланың алдында ғылыми түсініктерді оқып үйрену тұр. Бұл баланың ойының жедел дамуына ықпал етеді. Баланың ойлауының дамуы баланың жетістіктерімен байланыстырады. яғни баланың талдай алуы, салыстыра алу іскерліктерін қалыптартыру болып табылады. Ол үшін балаларға салыстырудың әр түрлі тәсілдерін көрсетеді. Теңестіру, беттестіру, т.б.

Мектептегі әлеуметтік-педагогикалық қызығушылығын арттырып, өз ой тұжырымдарын жасай білуге үйретеді. Эвристикалық сұрақтарды алдын – ала дайындай отырып, танымдық ізденімпаздықты оқыту құралы ретінде қарастырады. Кейінірек осы ізденімпаздықтың дамуына ежелгі Рим философтары үлес қосты. Олар білімді игеруде шәкірттердің белсенді танымдық ізденімпаздығы айтарлықтай роль атқарады деген пікір айтты. Демек, антикалық дәуірдің өзінде – ақ педагогтар оқушылардың өзіндік ой – тұжырымын жасау, оны дамыту үшін репродуктивті және эвристикалық әдістерді дұрыс қолдану мәселесіне көңіл бөлген.

Қоғам дамуының жаңа кезеңінде жоғарғы сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми – педагогикалық тұрғыда жүйесін жасаған Р.К.Төлеубекова адамгершілік тәрбиесі – адамзат қоғамын үнемі толғандырып келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда жеке тұлғаның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына байланысты, біріншіден бүкіл адамзат қоғамының даму тарихында адамгершілік тәрбиесінің өзекті болғанын, екіншіден, философиялық, тарихи, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттер мен зерттеулерге талдау жасай келе, адамгершілік адамның тұлғалық құрылымында ең алдымен өзін танып білуі, олармен қарым – қатынасы адамгершілік тәрбиенің бір қыры, үшіншіден, қазіргі әлеуметтік жаңа орта жағдайында адамның адамгершілік тұлғада қалыптасуы өзі өмір сүріп отырған қоғамның және әлеуметтік ортаның, оның жанды саласы – мектептің алатын орнының маңызы зор екеніне тоқталады.

Мектептегі әлеуметтік-педагогикалық адамгершілік тәрбие берудің ғылыми – теориялық негізін айқындай келе, зерттеуімізге нысана етіп алып

отырған ұрпақтан – ұрпаққа жалғасқан тарихи ескерткіш мұралардың тәлімдік те, білімдік те маңызының зор екенін зерттеу барысында айқындадық.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі кезеңіндегі қоғамның түрлі сфераларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарылауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты балалардың танымдық әрекетін белсенділендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік, ұйымдастырушылық және моральдік – психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік мәселе болып табылады. Биологиялық аспект – белсенділік мәселелері түсінігімен байланысты белсенді бастама адамда энергияның жиналуының нәтижесі болып табылатындығы жөнінде түсінікпен тығыз байланысты. ол өзін – өзі ретке келтірумен негізделеді. Белсенділік бейне белгісін тұрақтандырушы сапа болып табылады, бұл тірі материяның іштей детерминацияланған іс – әрекетінің бір түрі болып табылады. Адам өзіндік табиғи сапаларының күшімен, әлеуметтік мәнділік күшімен де белсенді келеді.

С.Л.Рубинштейн адамның белсенділігін былай түсіндіреді: «Сыртқы себептер мен сыртқы әсерлер әрқашан ішкі шарттар арқылы әрекет жасайды». Белсенділік субъектінің объектіге қатынасын қарастырады. Ол қатынас мына сәттердің болуын қалайды:

- объектілерге бағытталған ыңғайлы таңдаушылық, - объектіні таңдаудан кейінгі мақсаты, - тапсырмаларды қою, - іс – әрекетке объектінің қалыптасуы, - мәселені шешуге бағытталуы. Практикалық әрекеттің жүру барысында субъект қоршаған әлемге әсер етеді, таниды, өз қажеттіліктерімен мақсаттарына сәйкес құрады. Әлеуметтік тұлғалық аспект мәселелері іс – әрекет кезіндегі тұлғаның белсенділігін зерттеумен байланысты. тұлғалық белсенділік – адамның тек табиғи қасиеті ғана емес дегенге сүйенеді. Бұл орайда субъект белсенділігі сыртқы материалды ішкі психикалық әрекеті өз қатарына қосатын іс - әрекеттің бірдей жүйесі болып табылады (Б.Г. Ананьев, В.М. Бехтерев, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн). тұлға белсенділіктің өзіне ғана тән түріне ие – әлеуметтік өзіндік әрекет, мұнда ол белгілі әрекетке жетеді. Бұл әрекет өз жеке тұлғасының өзгеруімен және әлеуметтік ортаның өзгеруімен байланысты өзгеруі мүмкін.

Баланың әлеуметтік сапасы деп қарастырсақ, оны әрекеттің қысқа сипаттамасында қарастырып көрген дұрыс. Әрекет бұл адамның қоршаған ортаның меңгеруінің және құрылуының бір түрі. Жеке тұлға әрекет барысында қалыптасады, дамиды. Тұлғаның әрекетке қарым – қатынасына байланысты, әрекет мақсатқа жете алуы бойынша әртүрлі болуы мүмкін. Белсенділік болмыстық қоғам формаларын құруға және адамның адамның қоғамдық мәнін жүзеге асыруға бағытталған әрекет болып табылады.

Әлеуметтік-педагогикалық аспект тұрғысынан белсенділіктің үш түрін бөліп қарауға болады: ақыл – ой белсенділігі, интеллектуалды және таным белсенділігі.

Мектептегі әлеуметтік-педагогикалық ақыл – ой белсенділігі элементарлы іс – әрекеттен бастап шығармашылықтың күрделі түріне дейінгі

барлық деңгейдегі нағыз әмбебап іс – әрекет шарты болып табылады. Ол түрлі модификацияларда көрінуі мүмкін: - ынталандыру жаңалығынан туған зейін белсенділігі және бағдарлы – зерттеу іс – әрекетіне бағытталған зерттеу белсенділігі ретінде; - интеллектуальды ынталандыру түріндегі (Д.Б. Богоявленская) көрінетін тұлғалық белсенділік ретінде. Ақыл – ой белсенділігінің орталық ядросын когнитивті функциялар мен процесстер құрайды. Н.С.Лейтес «балалық шақтың әр кезеңі - белсенділік дамуының өзіндік сапалы сатысы» деген қорытындыға келді. Интеллектуальды белсенділік өзіндік шарттарға сай ой әрекеті ретінде түсіндіріледі. Бұл терминнің кең өріс алуы, жиі қолданылуы Д.Б. Богоявленскаяның жұмыстарымен байланысты. оның пікірі бойынша, интеллектуальды белсенділік интеллектуальды және интеллектуальды емес факторлардан көрінетін жүйенің интегралды қасиеті болып табылады. Танымдық белсенділік – жалпы танымдық белсенділік феноменінің маңызды саласы, оның негізі ретінде адамның ең маңызды қасиеті болып табылады: қоршаған әлемді тек шындықтағы биологиялық және әлеуметтік мақсатта ғана тану емес, сонымен қатар адамның әлемге деген ең мәнді қарым – қатынасымен, яғни оның алуан түрлілігіне енуге ұмтылуымен, санада мәнді жақтарын бейнелеуімен, себеп – салдарлы байланыстар, заңдылықтар, қайшылықтармен түсіндіріледі.

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысқшылармен танымдық қарым – қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процесстерін өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді.

Білім берудің парагдимасы жағдайындағы оқушылардың танымдық әректінің қайтадан құрылуы болшақта балалардың дұрыс дамуына көп ықпалын тигізеді. Мектеп оқушылары оқушылары кезеңінде өзін өзін танудың процестердің ырықсыздығымен әрі жеткілікті деңгейде дамымауымен ерекшеленеді. Мәселен, зейінің, естің ырықтылығының жеткілікті деңгейде дамымауы ақыл –ой әрекетін реттеудің жеткіліксіздігі және т.б.

Осыған байланысты мектеп оқушысымен жұмыс істейтін әлеуметтік педагогтың алдында тұрған міндеті: балалрдың танымдық процесін мақсаты түрде дамыту. Олар күрделі жүйені құрайды. Сондықтан баланың өзін өзін танудың процестерін дамытуға бағытталатын жұмыстар жекеленген өзін өзін танудың процестерді ғана дамытады. Сол өзін өзін танудың процестің күрделі жүйсеін дамытуды жүзеге асыруды көздейді. Мектептегі әлеуметтік педагог осыған сәйкес түрлі танымдық процестерін дамытуға бағыттайтын жұмыс бағдарламасын жасағанда оның комплексті болуын қадағалауды тиіс. Мектеп оқушыларын ата-анамен мұғалімдер тарапынан баланың зейінсіздігіне және алаудаушылық жағына байланысты көптеген өтініштер түседі. әсіресе мұндай ерекшелік 6 жастағы балаларға тән. Шынымен бұл жастағы балалрдың зейіні

әлсіз, ейін көлемі тар, нашар бөлінеді, әрі тұрақсыз. Бұл жағдайлар арнайы білім бар, балалар психиатриялық қызмет ауқымына кіреді. Бірақ әлеуметтік педагогтың мұндай жағдайларды іріктеп, оларды дер кезінде психиатрге немесе психоневрологқа жіберуі керек. Бала дамуындағы өзін-өзі танудың және жеке бастық даму күрделілігі-қиындықтары мынаған байланысты.

Мектеп оқушылары оқушыларының ақыл-ой ерекшеліктері баланың өзін-өзі танудың дамуында негізгі роль атқарады. Бастауыш сыныпта баланың ойлауы өтпелі кезең үстінде болады. Бұл кезеңде көрнекі –бейнелі ойлау сөз логикалық ойлау түріне өту кезінде болады. Мектепте оқудың басталуымен оқушылар нақтылы да абстрактілеуге де қол жеткізеді. пікір айтып, қортынды жасауға тырысады. Балалардың құбылыс туралы түсінігі болғанымен азғантай өмір тәжірбиесі шеңберінен ұзап шыға алмайды. Мектепте баланың алдында ғылыми түсініктерді оқып үйрену тұр. Бұл баланың ойының жедел дамуына ықпал етеді. Баланың ойлауының дамуы баланың жетістіктерімен байланыстырады. яғни баланың талдай алуы, салыстыра алу іскерліктерін қалыптарсыру болып табылады.

Әдебиеттер

6. Сағыдықұлы Е. Педагогика. Дәрістер курсы. Алматы. 1999. 76 б.
7. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. Астана. 1998. 384 б.
8. Слостенін В.А., Исаев И., Мищенко А. И. Педагогика. Москва. Школа-пресс. 2000. 340 б.
9. Уәлиханов Ш. 5-томдық шығармалар жинағы. 1-ші том. Алматы. 1961. 640 б.
10. Тілеуханова А. Т. Шәкәрім шығармаларындағы шеберлік пен таным бірлігі. Автореферат. Алматы. 1995. 256 б.
11. Байтұрсынов А. Қазақ салты. Алматы. 2003. 153 б.

Оразғалиева Г.З

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы,

2 курс студенті Г.С.Өмірзақ Е.А.

**Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.**

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Мақалада отандық жоғары білім беруді дамытудың ең өткір және өзекті мәселелері талданады. Мүмкіндіктер мен шектеулер, реформаның федералды және аймақтық тенденциялары, ғылыми-білім беру қоғамдастығының қазіргі өзгерістер туралы ойлары ұсынылған. Авторларды қазіргі орыс білімінің алдында тұрған мәселелерді шешуге кешенді көзқарас қызықтырады: отандық университеттерді стратификациялау, олардан элиталық университеттердің топтарын бөлу, жоғары білімнің кадрлық

әлеуетін қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөлу, еңбек нарығымен жұмыс істеуге көбірек динамизм беру, гипертрофияның деструктивті тенденциялары тиімді жұмыс жасау арқылы университет оқытушылары арасында жоғары ғылымометриялық көрсеткіштерге ұмтылу және т. б.

Түйінді сөздер: жоғары білім, кәсіби құзыреттілік, білім.

Білім беру сапасы-бұл өскелең ұрпақтың зияткерлік әлеуетіне ғана емес, сондай-ақ елдің ортақ болашағына да әсер ететін маңызды мәселе. Кеңестік білім беру мектебі ең жақсыларының бірі болды және өз уақытына толық сәйкес келді. Алайда, уақыт бір орында тұрмайды, ол өзін сарқып алды, бірақ лайықты ештеңе ауыстырылмады. Қазіргі білім беру жүйесі қоғамда болып жатқан процестерден артта қалып отыр. Жаһанданудың күшеюі Ресейдің білім беру жүйесінің дағдарысына көбірек әсер етеді.

Қазіргі елімізде оқу іс-әрекетін ұйымдастыру көбінесе кеңестік білім беру жүйесінен алынды. Қазіргі ғасыр-ақпарат ғасыры. Әлем жаһандану жағдайында дамуда, бұл қазіргі білім беру жүйесінде түбегейлі реформалардың қажеттілігін талап етеді. Оқу материалын беру қағидаттары, білім беру процесіндегі мұғалімнің рөлі жаңартуды талап етеді. Оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу, оқу орындарын заманауи техникамен жабдықтау қажет. «Оқушыларды даярлау ақпаратты есте сақтауға емес, оны түсінуге және алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге бағытталуы керек. ХІ ғасыр-қарқынды ғылыми прогрестің уақыты» [1]. Осылайша, оқу орындарына арналған Оқу материалдары өте тез ескіреді. Соңғы ғылыми жетістіктерге сәйкес оқытылатын білімді үнемі жаңартып отыру қажет.

Білім беру сапасы-бұл өскелең ұрпақтың зияткерлік әлеуетіне ғана емес, сондай-ақ елдің ортақ болашағына да әсер ететін маңызды мәселе. Кеңестік білім беру мектебі ең жақсыларының бірі болды және өз уақытына толық сәйкес келді. Алайда, уақыт бір орында тұрмайды, ол өзін сарқып алды, бірақ лайықты ештеңе ауыстырылмады. Қазіргі білім беру жүйесі қоғамда болып жатқан процестерден артта қалып отыр. Жаһанданудың күшеюі Ресейдің білім беру жүйесінің дағдарысына көбірек әсер етеді.

Келесі мәселе әлсіз практикалық бағытты қамтиды. Қазіргі білім беру жүйесі негізінен практик маман даярлауға емес, болашақ теоретик ғалымды тәрбиелеуге бағытталған. «Теориялық білім көбінесе практикамен сәйкес келмейді. Оқушылар көбінесе алған білімдерін өздерінің кәсіби қызметінде қолдана алмайды. Жоғары оқу орнын бітірген адамдардың көпшілігі практикаға кірісуге дайын емес екенін айтады. Мұның себептері-практикалық дайындықтың нашарлығы және теориялық материал мен практика арасындағы байланыс әлсіз» [2].

Кеңестік ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің қолданыстағы жүйесі төрт секторға бөлінді: академиялық институттар, салалық институттар, университеттер, өнеркәсіптік кәсіпорындар. Жоғары оқу орындары секторы негізінен халық шаруашылығы үшін жоғары білікті мамандарды, сондай-ақ ғалымдарды, инженерлер мен зерттеушілерді даярлауға жауапты болды.

«Элиталық университеттер мен техникалық университеттердің аз санын қоспағанда, жоғары оқу орындары ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер орталығы ретінде қарастырылмады»[3]. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының мұндай рөлі өте жеткіліксіз болды, дәл жоғары оқу орындары инновациялық қоғамды, білім экономикасын қалыптастырудың алғышарты болатын интегралдық ортаға айналуға тиіс.

Қазақстанның отандық жоғары мектептің бәсекеге қабілеттілігін жоғалту сынақтарына жауабы әлі де жеткіліксіз болды. Бұл университеттердің типологиясы мен рөлі бойынша стратификацияның басында болды, олардың оқу бағытына, аумақтық саралануына және т.б. байланысты бірқатар себептерге байланысты.

Соңғы жылдары жүргізіліп жатқан білім беру реформасының нәтижесінде ресейлік университеттер иерархиялық пирамидаға айналды, оның жоғарғы жағы ұлттық қазынаға жататын екі университет, содан кейін федералды және ұлттық зерттеу университеттері және оларға қосылған Мемлекеттік қызмет университеттері, содан кейін пирамида негізіне қарай, министрліктер мен ведомстволарға, аумақтарға және т.б. бағыныстылықтың әртүрлі сыныптамалық белгілері бойынша.

Қазіргі шетелдік және отандық философиялық әдебиеттерде еңбек мәдениеті мен адамзат қоғамдастығының әлеуметтік формаларының жалпы дағдарысымен байланысты білім беру және білім беру жүйесінің дағдарысы проблемасының жаһандық мәселесі белсенді талқылануда. Дағдарыстың белгілері, білімді адамдар санының өсуіне, мәдениеттің, руханияттың, моральдық сананың, отбасылық және тұлғааралық қатынастардың бұзылуына қарамастан, әлеуметтік организмнің өзін-өзі ұйымдастыру, өміршеңдік, өмір сүру қабілетінің жоғалуына әкеледі.

Мектептегі заманауи білім беру жүйесі жаһандық өзгерістер мен дағдарыстар жағдайында өзгеріссіз, өзін-өзі қамтамасыз етеді, ісіктерді елемейді және сөндіреді, тек біліммен қаруландырады, жеке тұлғаны емес, мамандарды дайындайды деп айыпталады.

«Білімді оқытудың өзі гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық, арнайы циклдерге бөлінген тәртіптік, фрагменттік сипатта болады» [4]. Сонымен қатар, білім көлемінің өсу қарқыны және жаңа пәндер саны оқытудың мазмұны мен әдістеріндегі өзгерістерден асып түседі, бұл бағдарламалардың, оқу құралдарының шамадан тыс жүктелуіне және тұтастай алғанда оқытудың тиімділігі мен маңыздылығының төмендеуіне, адамның шексіз ақпарат ағынында шатасуына әкеледі. Сонымен қатар, рационализмге, технократизмге, мектепоцентризмге бейімділік адамның эмоционалды, моральдық, рухани дамуына, білім мен тәрбиенің отбасылық және басқа формаларының рөлі мен маңыздылығына айқын нұқсан келтірді.

Дәстүрлі білім беру жүйесі әлеуметтік өзгерістер мен талаптарға, жаңа технологиялар мен еңбек жағдайларына, әлеуметтік ұтқырлыққа, адамның тек мамандыққа ғана емес, оны өзгертуге, жаңа кәсіби салаларға, жаңа тәсілдер мен қызмет түрлеріне кіруге дайын болу қажеттілігіне сәйкес келмейді.

Отандық мемлекеттік біртұтас білім беру жүйесінің дағдарысы жалпы экономикалық, әлеуметтік-саяси және идеологиялық дағдарыспен, командалық-бөлу, әкімшілік, біржақты идеологиялық жүйеден алыстаумен байланысты. Екінші жағынан, "тұтыну субъектісінің" приматын, пайданы насихаттаумен байланысты елдегі реформалардың күрделілігі, түсініксіздігі, болжанбауы, оған жетудің жолдары мен құралдарына қарамастан, қоғамға дәстүрлі түрде қажет кәсіптері бар адамдарға деген сұраныстың болмауы білім беру және білім беру жүйесінің дағдарысын тереңдетуге ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік институт ретінде жойылуына әкеледі.

Білім беру жүйесі дағдарысының жалпыға бірдей танылуы, тиісінше, педагогикалық ғылымның, теория мен практиканың тиімділігіне, дағдарыстан шығу жолдарын іздеуге, адамзат өркениетінің дамуындағы қазіргі және болашақ кезеңдердің талаптарына сәйкес келетін жаңа тәсіл қажеттілігіне күмән тудырады.

Қазіргі заманғы білім беру мен тәрбие жүйесінің дағдарыстан шығу мәселесі шетелдік және отандық әдебиет беттерінде кеңінен талданып, талқылануда. Әр түрлі нұсқалар, бағыттар, әдістер қарастырылады және ұсынылады: дәстүрлі білім беру жүйесін жетілдіру; одан бас тарту және жаңасын ауыстыру; білім беруді фундаментализациялау; унитаризмді жеңу; плюрализм, әртүрлілік, жеке тұлғаның білім беру жүйесін таңдау құқығы және т. б.

Білім берудің әртүрлі тұжырымдамалары мен педагогикалық практикалардың түрлері ұсынылады: дәстүрлі, дамытушы, гуманистік, диалогтік, антропологиялық және т.б. эксперименттік, балама, аймақтық бағдарламалар жасалады. Әлемдік мәдениетке кірігу; орыс мектебінің дәстүрлерін қалпына келтіру, білім беру мекемелерінің шекарасына шығу, "отбасылық білім беру" сияқты мектеппен тең ішкі жүйелер құру мәселелері талқыланады.

«Білім беру жүйесінің дағдарысына реакция және одан шығудың жолдарын іздеу ретінде әртүрлі педагогикалық ұғымдар жасалады: "өмір сүруге тәрбиелеу"; "негіздерге оралу" (оқу, жазу, ойлау); "бейбітшілікті тәрбиелеу", "ертеңгі мектеп" адамның жан-жақты дамуына ұмтылатын (эмоционалды-бейнелі, логикалық-рационалды, адамгершілік, физикалық) және т.б. ақыл-ой әрекетін кезең-кезеңмен қалыптастыру, дамыту, проблемалық оқыту тұжырымдамалары әзірленуде» [5].

Сонымен бірге, бірқатар еңбектерде білім беру жүйесіне баса назар аударылады, өйткені "Білім тек пайдаға жету үшін ғана емес, сонымен бірге дүниетанымдық құндылықтарды жүзеге асыру үшін де қажет"; қажеттілік мәдениетін қалыптастыру; ынтымақтастық, диалог, құрмет, бірге өмір сүру, өсіру қағидаттарына негізделген тұлғааралық қарым-қатынастың жаңа формаларын іздеу өмір, табиғат, адамгершілік, экологиялық құндылықтар.

Осылайша, білім дағдарысынан шығудың әртүрлі жолдары ұсынылады және талқыланады, олардың енгізілуі белгілі бір салаларда белгілі бір нәтиже береді.

Кез-келген саладағы дағдарыс, оның ішінде білім беру саласындағы дағдарыс-бұл бұрын қалыптасқан даму моделінің өзіндік "сарқылуы". Дағдарыстан шығу жолы (төңкерістер, түбегейлі бұзылу, реформалар) - бұл әлем түсіндірілген ескі модель мен шын мәнінде болып жатқан мазмұн арасындағы алшақтық.

Сонымен қатар, білім берудің міндеті білімді адамды қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге адамды мәдениетті, адамгершілік, зорлық-зомбылықсыз, бейбіт тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Зорлық-зомбылық педагогикасынан зорлық-зомбылықсыз педагогикаға, рухани-трансформациялық қарым-қатынасқа көшу қажеттілігі зорлық-зомбылықтың рөлін жаһандық проблемаға айналдырумен, зорлық-зомбылық жолдарындағы адамзаттың өлімін түсінумен байланысты.

Білім беру процесін тек білім беру процесі ретінде ғана емес, сонымен бірге қазіргі ғылымның мәліметтері бойынша ақыл – ойдың даму деңгейін 70-80 пайызға, ал оқыту тек 20-30 пайызға анықтайтын қабілеттердің дамуы ретінде қарастыру керек.

Оқыту әдістерін өзгерту қажеттілігінің тағы бір проблемасы-білімнің негізгі кезеңдері және олардың өзара байланысы туралы мәселе. Классикалық білім беру жүйесінің негізі дәстүрлі түрде танымның нақты сенсорлық, эмоционалды және дерексіз-логикалық, теориялық сатыларынан ерекшеленді. Танымның осы екі сатысының өзара байланысы сөзбен танылса да, іс жүзінде ол, демек, оған негізделген білім беру жүйесі логиканы, ақыл-ойды, теориялық ғылыми дәрежені дамытуды жөн көретін рационалистік болды. Бұл процесс ең белсенді түрде 7 жастан 14 жасқа дейін жүзеге асырылады деп есептелді.

Қазіргі көзқарастар тұрғысынан, бір жағынан, ерте жаста ойлаудың жоғары деңгейлерін дамыту мүмкіндігі туралы тезис дәлелденді, екінші жағынан, эмоционалдылықты болдырмайтын өте ұтымды білім "А.В. Толстойдың әділ тұжырымы бойынша қоғамда кәсіби сауатты, бірақ рухсыз адамның таралуына әкеледі".

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі, әдетте, әлемді эмоционалды-бейнелі қабылдауды дамытуға бағытталған ("оңшыл"), мектепте білім беру өзінің басты міндеті-ауызша-логикалық ойлауды қалыптастыру ("солшыл"). Нәтижесінде ойлаудың эмоционалды жағы дамымаған немесе ығыстырылған, рационалды түрде басылады, бұл бірқатар жағымсыз салдарға әкеледі, содан кейін білім беруді ізгілендірудің "күтқару" идеясымен толықтырылмайды.

Әдебиеттер

1. Ахмет Л. Компьютерлік технологияны оқу-тәрбие процесінде пайдалану мүмкіндіктері / Л. Ахмет //
2. Білім – Образование – 2009 – №3 Роберт И. Новые информационные технологии в обучении: дидактические проблемы, перспективы использования

3. Нургалиева Г. К., Тажигулова А. И., и др. Педагогические технологии информатизации образования. Алматы: РЦИО. 2002, -269 с.

4. Л.Доллинер Ақпараттық коммуникациялық оқыту технологияларының мәселелері және болашағы Информатика негіздері ғылыми-әдістемелік журналы 2008 жыл №1 2-4 б.

5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «ДайырБаспа», 2010 жыл

**Сыздыкова А.А. тәрбиеші, Бекшина У.С. музыка жетекшісі,
Кусайынова Ж.К., музыка жетекшісі
«Балапан» бөбекжайы КМҚК
Қарағанды қаласы**

БАЛАБАҚШАДА ӘН АЙТУ КЕЗІНДЕГІ ТЫНЫС АЛУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Ән өнерінің қоғамдық, әлеуметтік сипаты, тәрбиелік мәні, елдің санасынан бір сәт тыс қалмаған. Қазақстан халқының ғұмыр шежіресінің терең үлкен бір арнасы-ән өнері.

Ән өнері ғасырлар бойы көптің ортасында жылдам жетіп кең таралатын өнер. Музыкалық тәрбиенің тиімді құралы. Ән-әншілік дауыспен орындауы, музыкалық шығарманың идеялық мазмұнын, образын, әнші дауысының мәнерімен, күшімен жан-дүниесімен ашатын ән өнеріне ең керектісі ағзамен дұрыс тыныс ала білу. Ән айтудың дұрыс жолдарымен дем алу тәсілдерін жаттығулар арқылы үйретуден бастайды. Дауыс әншінің құралы. Әнші әнді көркемдеп, әдемілеп, мәнерлеп музыка ырғағымен айту процестік әдістемені «Вокал» дейді. Кәсіптік әншілер дауысы- бас, баритон, тенор, сопрано, альт деп әр түрлі дауысқа бөлінеді. Ән айту, сөз сөйлеу жүйелері физикалық процесс, адам организмінің қызметі. Ән айту үшін адам баласының қанша организмдері жұмыс істейтін және олардың бір-бірімен байланысты екенін байқаймыз. Ал одан кейін дауыс бояуы(тембріне)көңіл бөліп, тембр-бояудың құлаққа жағымды-жағымсыздығын байқай отырып, дыбыс ырғағы, дыбыс күші, дыбыс созылымын айта келгенде мұның бәрі де демге байланысты екенін байқаймыз. Әншінің дауысы табиғаттан әр түрлі болады. Әншілерді орындаушылық бағытына байланысты әншінің дауысын дәстүрлі халық әншісі, эстрада, камералық, опера әншісі деп айтуға болады [1] .

Тыныс алу дегеніміз – мүшелер қызметінің тіршілігін реттейтін, ағзаның негізгі тіршілік көзі екені әлі де жеке адамның толық түсіне қоймаған мәселесі. Тыныс алу –автоматты, рефлекторлы түрде өтетін аса маңызды физиологиялық үрдіс. Жүйке жүйесінің тыныстық орталығы арқылы жүзеге асатын тыныс алу үрдісі үш фазадан тұрады: тынысшығару, үзіліс және тыныс. Олар үздіксіз және ритмикалық тұрғыда бірінен кейін бірі кезектен

жүреді. Тыныстың алғашқы фазасы тыныс шығару болып табылады. Ағзаның қалыпты жұмысына қажет ауаның жаңа мөлшерін алу үшін тыныс алу жолдарында оғантарнап орын босатып қою қажет, бұл тыныс шығару арқылы жүзеге асады [2].

Ән айту – музыкалық тәрбиенің аса маңызды құралы және баланы жан-жақты жарасымды жетілдіру міндеттерін шешуде елеулі рөл атқарады. Ән айту бала организміне жайлы тиіп, сөйлеу қабілетін жетілдіруіне, тыныс алуына, дауыс аппаратын шынықтыруына көмектеседі. Музыкалық ырғақты қимылдарды жүргізу баланың бойында естуді, есте сақтауды, икемділік пен шапшаңдықты, зейінді, іскерлікті, балалардың дене бітімінің сұлу да, сымбатты болып қалыптасуына көмектеседі. Музыка тыңдауда балалар әр түрлі образдағы музыкалық шығармаларды тыңдап, мазмұнын, сипатын, көңіл-күйін ажырата біледі. Жалпы музыканың күйін сезінуге, көркем образдың дамуын қадағалауға бейімделеді. Музыканы жасаушы композиторлар, авторлар туралы туралы алғашқы мағлұмат алады. Балалар музыкалық аспаптарын ойнау. Музыкалық аспаптарды танып білуге, аспаптарды ойнау әдіс-тәсілдерін үйренуге, олардың тембрлерінен ажырата білуге үйретеді. Жеңіл әндерді аспаптарда ойнап, ырғақтық бейнесін бере отырып, ойнауды меңгереді. Музыкалық есту түйсігін, шығармашылық қиялын жетілдіреді. Ырғақтық сезімін, динамикалық есту қабілетін дамытады [3].

Қимылды және дидактикалық ойындар баланың музыкалық есту, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Нота сауатының бастапқы элементтерін қызғылықты формада меңгеруге көмектеседі. Осы қызмет түрлерін нақты да, жүйелі жүргізудің нәтижесінде балалардың бойында жалпы музыкалық қабілетін, дамытып қалыптастырады. Әсемдікті қабылдап сезіну, түсіну, жақсы мен жаманды байқап шығармашылық тұрғыдан жеке қимыл жасауға көркемдік қызметтің әр түріне қамтылу қабілеттерін қалыптастырып, дамытып, жетіледі. Мектепке дейінгі жастағы баланың музыкамен айналысуының маңызы зор. Балалар халық әндерімен қатар түрлі классикалық музыка және вокалдық шығармалар, аспаптық шығармаларды тыңдап, ішкі дүниесімен қабылдауға тырысады. Музыканы түсіністікпен дифференциалдық түрде белсенділікпен қабылдайды. Балалар музыканы тыңдап, ән айтып, билейді, музыкалық ойындарға қатысып, қол ұстасып айналады, балаларға арналған салтанатты әндерді орындау мен қатар үлкендермен бірге ән айтып, ойын сауықтың шараларға мерекелік Жаңа жыл, 8-наурыз, Наурыз мейрамы, Тәуелсіздік күні мейрамына арналған ертеңгіліктерге қатысады. Музыкалық сауаттылығын ойнауға қызығушылығы артады. Ол үшін сазды естіп-тыңдау қабілетімен қатар баланың эмоционалдық қасиеттерін дамытып, ойын түрлерін, жоғарғы дауыстық әуендерді пайдаланған жөн. Қол қимылмен дыбыстық елестетуді байланыстыра білу керек.

Баланың музыкалық дыбысты ажырату қабілетін дамыту - шаруашылыққа деген қызығушылықты арттырып, музыкалық аспаптарда ойнап үйренуге жол

ашады. Баланың саз жетекшісі, тәрбиеші, ата-аналары оларды музыкалық мәдениетке, оның тілін ұғынуға, музыка арқылы тұлғаның қасиетінің қалыптасуына көмектеседі. Үлкендердің музыкаға деген қызығушылығы, талғамы, балаға сенімі, сыйластығы, түсінушілігі байланыстығы шеберлігі жақсы жетістіктерге қол жеткізеді. Балаларды музыканы сүйуге, оның тілін түсіне білуге, яғни олардың көркемдік талғамымен тәрбиелеу керек. Олар (хал, ішек, үрмелі) оркестр әуен ритм, екпін, жылдамдық, динамика, балет, опера, оперетта, концерт секілді терминдерді түсініп ұғынуға қабілетті [4].

Музыкалық тәрбие берудің келесі санатында балаларды түрлі сипаттағы музыкамен таныстыру арқылы жалғасады музыкаға қызығу бір жаныр музыкадан айырмашылықтарын сипаттау мүмкіншілігі қалыптасады. Қазіргі музыканың өнер туралы айтылады. Ересек топтарындағы музыкалық тәрбие берудің негізгі міндеттері. Түрлі сипатындағы музыкаға қызығушылық және эмоцияналдық серпілісті дамыту және қалыптастыру музыка басталғанда немесе оны тыңдап отырып, оның сөзін естімей-ақ таныс шығармаларды басқаларынан айырып, оны еске сақтау бойынша музыкалық қабылдау қасиетін дамыту. Тыныс гимнастикасын сәтті игерудің негізгі ережелері: Ләззат ала отырып тыныс алған жөн, себебі жағымды сезімдердің өзі денсаулықты біршама жақсартады. Тыныс жаттығуына ерекше көңіл бөлген жөн, бұл оның жағымды жерін көбейтеді. Ағза ауамен толығуы үшін баяу тыныс алу қажет. Қажетінен көп жаттығу жасамаған абзал. Мұрынмен дем алып, ыңғайлы спорт киімінде жаттыққан жөн. Дәстүрлі тыныс жаттығуларын орындау техникасы: тік тұру, иықты түсіру, еркін тыныс алу. Иықты баяу көтере отырып тыныс алу, иықты баяу түсіре отырып тыныс шығару. Төмен түскен қолдарды алдыға айқастырып, иықты алдыға жылжыта отырып еркін тыныс алу; лопатка түйістіріп, иықты баяу артқа қарай жылыжыта отырып тыныс шығару [5].

Терен, тыныс алып, одан кейін біртіндеп бәсеңдеткен кезде өкпенің көлемі үлкейеді. Әдетте, адам орта есеппен минутына 16-20 рет дем алады. Ал тыныс алу жаттығуларымен айналысатын адам минутына 3-6, тіпті 1-2 рет қана дем алғанның өзінде ағзаға түскен жүктемені де сезінбейді, бірақ өзін жақсы сезінеді. Біркелкі дем алудан ырғақ бұзылмайды. Бұл жерде әңгіме дем алу циклдарының уақыты туралы болып отыр. Оқушылардың тыныс алу жаттығуларын орындауы, мүмкіндік болғанша мамандардың бақылауында болғаны дұрыс. Ән айту дағдыларын қалыптастырудағы вокалдық жаттығулардың маңызы зор. Себебі осы жаттығулар арқылы дұрыс дем алуға, сөзді ашық, таза айтуға; әуендікті ашық айтуға; мәнерлеп айтуға дағдыландырады. Вокалды жаттығулардың екі түрі бар – дауысты қалыпқа келтіру және вокалды – техникалық. Сабактың басында дауыс аппаратын табиғи және еркін дауыс шығарып, “жұмыс жағдайына” келтіретін дайындау жаттығуына жатады. Дайындау жаттығуларының мақсаты – дыбысты күштемей шығаруды туғызуға әсер ету және дауыс механизмін бірте-бірте қажетті біріктіруге келтіру. Дауысты негізінен тоникалық үш

дыбыс пен дыбыс қатарына келтіреді. Сабқтың мақсатына сай өз орнын тауып қолданылған жаттығулар тек дауыс аппаратын ән айтуға дайындап қана қоймай, белгілі бір орындаушылық шеберлікті дамытуға байланысты дағдыны қалыптастырады. Әдетте вокалдық жаттығулар әнді орындау алдында іске асырылады. Біздің пайымдауымызша, алғашқы орындалатын жаттығу жай екіпінде айтылып оқушылардың сезіміне әсер ететін болуы тиіс. Ескере кететін бір жай: 7-8 жастағы балалар көркемдік немесе техникалық қағидасын тек қана әр түрлі буындардың жиынтығынан тұратын жаттығулардан гөрі, белгілі бір мазмұны бар әуендер (попевкалар) арқылы тезірек қабылдайды. Сондықтан қазіргі кезде мектеп мұғалімдері өз тәжірибесінде мұндай ән жаттығуларын жиі қолданып, елеулі нәтижеге жетіп жүр. Жұмыстың бұл түріне көрнекті әуендерді халық әндерінен, балаларға арналған әндерден, кейбір жағдайда практикада қолданылып жүрген жаттығулардың бірін сөз текстімен айту арқылы алуға болады. Артикуляция аппаратының жұмысын жандандырып, сөзді анық, таза, дәл айтуға жаттықтыру үшін жаңылтпаштарды пайдалануға болады. Алғашында жәй екіпіннен бастап, бірте-бірте тезірек айтқызуға көшкен жөн. Ән айту – күрделі процесс. Сондықтан да әншілік өнерге баулып, әнді хормен айтуға тәрбиелеуде музыка мұғалімі балалар дауысының даму ерекшелігін, соған орай оқыту барысында қойылатын талаптарды жақсы меңгеріп, әрі қарай тәрбиелеудің барлық шарттарын сақтауы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Керімбекова Ж. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілетінің тежелуі //Ұлағат. - 2007. - №5. [24-28б.]
2. Өмірбекова Қ. Қ. Балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын тексеру әдістері//Хабаршы.- 2006. - №1. [31-36б.]
3. Ермағанбет Ә. Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. //Дефектология. - 2008. - №4. - [3-4б.]
4. Лапшин В.А., Пузанов Б.П. Основы дефектологии. Учебное пособие для студ.пед.инст. М., 1990, [225 стр.]
5. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат. – Алматы: Қайнар, 1991. [85-87б.]

**«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты
Тәңірберген Ж. Т.**

Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ
БЕЛСЕНДІЛІКТІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ – ОЙЫН**

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады. Танымдық белсенділікті психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде

анықтау, бұл мектепалды даярлық кезеңіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің нәтижесі емес, сонымен қатар балалардың өзіндік танымдық іс-әрекетіне қатынасының қатысуымен тәуелді болып келеді. Танымдық белсенділік баланың психологиялық- денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктері анықтайды. Барлық психикалық танымдық үрдістердің ішінен ойлау жетекші үрдіс болып табылады. Барлық танымдық процестер үрдістердің қасиеттері мен қатар бір-бірімен сипатын анықтай отырып, олармен бірге және тығыз байланыста болуып бірізділікте жүреді. Демек, оқыту үрдісінде ынталандыру- бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады.

Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады әрі келешекті болжай алады [1]. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі, оның үстіне тәжірибе арқылы да қалыптасады. Адамдарда тану екі негізгі формада жүзеге асады: сезімдік тану формасы және абстракциялық ойлау формасы. Сезімдік тану, түйсік, қабылдау, елестету сияқты жолдармен көрініс табады, оның көмегімен біз заттардың жеке қасиеттерін ажыратамыз. Сезімдік тану - бұл тек ойлаудың бастапқы сатысы, адам дүниені түйсіне отырып қабылдайды.

Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет.

Ойын арқылы балалардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл-ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады.

Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі – логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Балалардың қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытудағы *мақсат*:

- балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту;
- қиялдарын ұштау;
- тапқырлыққа жетелеу;
- қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру.

Міндеттер:

- балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету;
- логикалық ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.

Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың мынадай: «Заңдылықтар», «Нені отырғызу керек?», «Нені орналастырсам екен?», «Сыңарын табындар?», «Әзіл жұмбақтар», «Логикалық есептер», «Пішінді орналастыр» логикалық ойын түрлерін айтуға болады. Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденімпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді. Мектепалды даярлық, балаларының логикалық ойлауларын дамытудың негізгі кезеңіне жатқызуға болады. Өйткені балалардың ойлары осы кезде нақты-бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды. Сондықтан мектепалды даярлықта балалардың ой - өрісі қалыптасып және заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өздерінің ойларын дәлелдеуге үйрене бастайды. Дәлелдеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлануға сүйенеді, - дейді Г.Жолтаева [2].

Негізінде баланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз – қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгертуден басталады десек қателеспейміз. Оны жүйелі түрде шыңдау тәрбиешінің басты міндеті. Педагогика және психология зерттеулері бойынша балалық шақ – баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы, демек адамгершілік қасиеттер, ақыл – ойы, логикалық және басқада қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі болып табылады.

Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта мен білім, білік дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Баланың ойлау әрекетін ойдағыдай дамыту үшін, тиімді тәсілдер қолданып, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау үрдісі анализ, синтез, салыстыру, топтастыру жалпылау, тұжырымдау логикалық амалдарынан тұрады. Ойлаудың осы амалдарын қолдана алуынан балалардың оқу әрекетінің жемісі көрінеді. Бұл жөнінде М. Жұмабаев: «Ойлау - жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап істеу керек»- деген [3].

Ойын арқылы балалардың негізгі іс -әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл- ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады. Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады.

Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі – логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді.

Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс - әрекетін ұйымдастырудың мынандай заңдылықтар: «Нені отырғызу керек?» «Нені орналастырсам екен?» «Сыңарын табыңдар?» «Өзіл жұмбақтар» «Логикалық есептер» «Пішінді орналастыр» логикалық ойын түрлерін айтуға болады. Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді.

Мектепалды даярлық, балаларының логикалық ойлауларын дамытудың негізгі кезеңіне жатқызуға болады. Өйткені балалардың ойлары осы кезде нақты –бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды. Сондықтан мектепалды даярлықта балалардың ой - өрісі қалыптасып және заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өздерінің ойларын дәлелдеуге үйрене бастайды.

Негізінде баланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз-қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгертуден басталады десек қателеспейміз.Оны жүйелі түрде шыңдау тәрбиешінің басты міндеті. Педагогика және психология зерттеулері бойынша балалық шақ – баланың жеке тұлға болып өзін - өзі сезінуінің алғашқы сатысы, демек адамгершілік қасиеттер,ақыл –ойы, логикалық және басқада қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі болып табылады. Баланың ақыл –ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс -әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта мен білім, білік дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Баланың ойлау әрекетін ойдағыдай дамыту үшін, тиімді тәсілдер қолданып, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау аса күрделі психологиялық процесс. Бұлардың ішінде психология мен логиканың орны ерекше. Психология бірнеше жас ерекшеліктердің ойының пайда болу, даму, қалыптасу жолын, яғни жеке адамның ойлау ерекшелігі мен заңдылығын қарастырса логика –бүкіл адамзатқа ортақ ой-әрекет заңдары мен формаларын айқындайды, ол адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пайым, дәлел сияқты ой формаларының табиғатын зерттейді.

Ойынның бірнеше түрлері бар: қимыл- әрекеті, логикалық, ұлттық, грамматикалық, дидактикалық, рөлді- сюжетті. Тиімді қолданылған ойынның түрлері оқытушының түсіндіріп отырған материалын, оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені, төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыласпен орындайды.

Ойын кезіндегі баланың психикалық ерекшеліктері өзгереді, олар ойланады, ерік қасиеті артады, эмоциялық әсері пайда болады, қиял елестері

дамиды, белсенділігі артады. Сабақ барысында ойын түрлерін дидактикалық әдіс ретінде пайдаланудың маңызы зор. Бала ойын арқылы өзі өмір сүріп отырған белгілі бір әлеуметтік ортадағы норма мен әрекетті қабылдайды. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Тіпті нашар оқиды-ау деген оқушылардың өздері де ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Сабақта ойын түрлерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін дамытуға әсер етеді. Тілдің дамуына да, ақыл-ой дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді.

Ойын арқылы ұйымдастырылатын сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Оқытудың түпкі мақсаты- оның сапалы болуы, яғни сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге, оның әдіскерлік, танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейге көтеру. Ойын түрін оқу үдерісінде пысықтау, жаңа сабақты пайдалану тиімді. Ойын түрі сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Баланың әдепті, көрегенді, қайырымды болып өсуі қоршаған ортасына, үлкендерге байланысты екені мәлім. Ойын қызметінің тағы бір ерекшелігі- оның өз әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін театр түрлерін қолдану арқылы дамыту. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін театр түрлерін қолдану арқылы дамыту. Білім мен тәрбие бастауын балалар балабақшадан алады. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан - жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.

Ойын - маңызды іс. Егер біз ойынды тек көңіл көтеру үшін немесе дем алу ретінде пайдалансақ, одан ешқандай пайда болмайды. Қандай ойын болса да, ол негізгі мақсатқа жұмысалуы керек, өйткені ойын баланы дамытады. Ойын адам жолын ынтымақтығымен бірге, оның бойындағы көптеген қасиеттерді ұштап, білім дәнін бойға білдіртпей дарытады. Ойындардың қай - қайсысы болса да баладан төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, шеберлікті, т.б. толып жатқан қасиеттерді талап етеді.

Қызығу - танымдық іс - әрекеттің қозғаушы күші. Баланың қызығуы жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіншілігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие болады.

Танымды қызығу оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады. Педагогикалық әдебиеттерде оны қалыптастырудың үш жағдайы туралы жиі айтылады.

Біріншісі - оқытудың мазмұны мұндағы балаларды қызықтыратын мазмұнының берілу түрі, жаңалығы, ғылыммен техниканың

соңғы табыстары тандандыратын тарихи деректер, білімінің ғылыми іс жүзінде қолданылуға бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырының ашылуы.

Екіншісі - балалардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру. Бұған жататындар: сабақтың дәстүрлі емес түрлерін өткізу, оларды қолданылатын техникалық және көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, танымдық ойындар ұйымдастыру, проблемалық және интегративті ұстанымдарды жүзеге асыру, пәнаралық және пәнішілік байланыстарды тудыру, ғылымның өмірмен, өндіріспен, техника және экологиямен байланысын ашып көрсету, балалардың өздігінен істейтін жұмыстарын және өздігінен білім алуды тиімді ұйымдастыру, шығармашылық және зерттеу жұмыстарын белсенді қалыптастыру, білімтексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

Үшіншісі - тәрбиеші мен бала, бала мен бала арасындағы қарым-қатнас сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету. Бала өзі ұнатпайтын тәрбиешінің пәнінен ешқашан қызықпайды. Балалар өзара сыйласа алмайтын, тәртіп жиі бұзылатын сабақтардан тезірек құтылуға тырысады.

Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалар зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені балалардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Ойындар барлық сыныптарда қолданылады.

Әр қашан да тәрбиеші ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарды біліп, орындап отыруы тиіс [4]:

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.

2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.

3. Ойынға сыныптағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз етуі керек.

4. Ойынның жүру барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұны неғұрлым сәйкес алынса, соғұрлым оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін тартымдылығын күшейтеді, балалардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында. Адам уақытпен бірге адымдайды, уақытпен бірге өмір сүреді. Тәрбиешілер мен балалардың ойын мен тәжірибе сабақтарына қызығушылығы балалар үшін әсерлі де тартымды ойын тәсілі болса, бала үшін бұл оқу үрдісін түрлендіру. Ойын түрінде өтетін

сабақтар балаларды бала-бақшадан шыққаннан кейінгі өмірге дайындайды. Олар үшін тек қандай да бір жағдайда не істеу керектігін жаттап, есіне сақтаудан гөрі іс жүзінде көріп, өзін рөлге қойып, шешім қабылдау әлдеқайда қызық. Осындай ойын түрлері имитациялық деп аталады. Оқытудың имитациялық түрі арқылы оқушылардың білім сапасы мен белгілі бір пән немесе тақырып бойынша дайындығын білуге болады.

Педагогика ғылымында ойын әрекетінің оқу үрдісінде алатын орны туралы зерттеліп жүрген еңбектер аз емес. Себебі ойын - оқу, еңбек іс - әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. "Ойын " ұғымына түсініктеме берсек - бұл адамның мінез - құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс - әрекеттің бір түрі. Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады [5]:

- Ойын сауық;
- Коммуникативтік немесе қарым - қатынастық;
- Диагностикалық (ойын барысында өзін - өзі тану);
- Коррекциялық (өзін - өзі түзету);
- Әлеметтендіру.

Әлі де болса ойынның адамның дамуына, қалыптасуына, тәрбиесіне байланысты функциялары анықталуда. Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, дамиды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір - біріне деген сенімділігін арттырады.

Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы: мазмұндық, ролдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көре алады. Ал ақыл - ой ойындарында белгілі бір ережені сақтап ойнайды [6]. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зиінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерінде дамытады.

Оқу үрдісінде кеңінен қоладынылатын ойынның тағы бір түрі ол - дамытушы ойындар. Дамытушы ойындардың маңызы балалардың ынта - ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік дағдыны қалыптастыру. Дамытушы ойындарға қойылатын бірінші талап - баланың танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту. Бұл талаптар төмендегідей сұраныстарға жауап береді [7]:

- А) балаларға өзінің қабілетін көрсете білуге мүмкіндік беру;
- Ә) баланы басқалармен жарыса білуге қалыптастыру;
- Б) білік пен дағдыны қалыптастыру үшін білімді өзі ізденуге қамтамасыз ету;
- В) ойын барысында балаға жаңа білім, білік дағдылардың қайнар көзіне жеткізу;

Г) баланың ойын барысында жеткен жеңісі оның жаңа алған білім, білік дағдыларымен сәйкес келетіндігі.

Сонымен, ойын - ақылды, ойды, тапқырлықты, алғырлықты дамытады. Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ. Сабақта ойын элементтерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін, танымдық белсенділігін арттырады. Алайда ойынды үнемі оқу процесінде пайдалануға, ұзақ уақыт созуға болмайды. Ол белгілі бір уақытта жүзеге асырылып, сабақ кездерінде нұсқан келтірілмейтіндей бір-бірімен жымдасып, астарласып жатуы тиіс. Ойынға басшылық жасау дегеніміз - олардың ұйымшылдық, шығармашылық дербес қызметтерін алмастырмастан, балалардың ұжыммен қарым-қатынасын жеңілдете түседі. Сонымен бірге, ойын – баланың қызығушылықтан дамуға ұласатын, қызығушылығының ұйымдастырылған мәдени стратегиялық - кеңістігі.

Әдебиеттер:

1. Кішібаева Д. Мектепке дейінгі ұйымда ойындардың пайдасы // Бастауыш мектеп. - №5 (32). - Алматы, 2019. -Б. 22-26.
2. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. - Алматы: 1985ж.
3. Қоянбекова С. Ойын мақсатын талдау және оның мәні // Қазақстан мектебі. - №1. – Алматы, 2012. – Б. 45-49
4. Жарықбаев Н. «Жалпы психология». – Алматы, 2004. – Б. 36-38.
5. Арутюнян Ж.В. «Взаимосвязь учебной и игровой деятельности в обучении математике младших школьников». Афтореф.дисс.канд.пед.наук. – М.,2018. – 15 с.
6. Л.А.Венгер, О.М.Дьяченко. «Игры и упражнения по развитию умственных способностей у детей дошкольного возраста». – М.: «Просвещение», 2011. – 212 с.
7. Мухина С.В. «Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы». – Алматы: «Мектеп», 1986. – Б. 32-33.

Шауен Ж. Е.

«№68 мектеп-интернаты» КММ, химия пәні мұғалімі

Мұстафина А.Қ.

«№68 мектеп-интернаты» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қарағанды қ.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қайта өрлеу дәуірінде капиталистік өндірістің дамуына байланысты оқытудың догмалық жүйесін сынап, шәкірттің ой – өрісін дамытуға үндеген еңбектер пайда бола бастады. Қоғамға «о дүниеге» дайындалып жатқан адам емес, керісінше, белсенді, ой – өрісі кең, қоғамның алдыңғы қатарлы мүшелері

кажет болды. Оқытуды жетілдіру құралы ретінде танымдық ізденімпаздық туралы құнды пікірлер Ф. Бэкон, Ф. Рабле, М. Монтень, Д. Локк, Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, К. Гельвеций, Д. Дидро, А. Лавуазье, И.Г. Песталоцци, И. Кант және т.б. еңбектерінде айтылды. Қайта өрлеу дәуірінің ұлы ойшылы, ХҮІ ғасырда өмір сүрген француз ғалымы Мишель Монтень оқытудағы танымдық әрекеттің маңыздылығын ерекше атап көрсетті: «Тәрбиеші баланы бастан – ақ оның бойындағы қабілеттерді еркін көрсете білуін, түрлі заттардың дәмі мен олардың ерекшеліктерін ажыратуда өз бетінше әрекет етуін, кейде оған жол көрсетіп, кейде, керісінше, өзіне іздеп отыруын қалаймын». Монтень таным әрекетінде оқушының басшылық ролінің маңыздылығын түсінді. Ол: «Оқушы мұғалімнен алған білімін түгел сүзбеден өткізіп, өз бетінше талдау жасату қажет. Соның нәтижесінде оның білуге құштарлығы дами түсетіні сөзсіз», - деп жазған болатын. Демек, Монтень пікірлерінде оқушының танымдық ізденімпаздығын дамыту идеялары айтылған.

Қоғам дамуының жаңа кезеңінде жоғарғы сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми – педагогикалық тұрғыда жүйесін жасаған Р.К.Төлеубекова адамгершілік тәрбиесі – адамзат қоғамын үнемі толғандырып келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда жеке тұлғаның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына байланысты, біріншіден бүкіл адамзат қоғамының даму тарихында адамгершілік тәрбиесінің өзекті болғанын, екіншіден, философиялық, тарихи, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттер мен зерттеулерге талдау жасай келе, адамгершілік адамның тұлғалық құрылымында ең алдымен өзін танып білуі, олармен қарым – қатынасы адамгершілік тәрбиенің бір қыры, үшіншіден, қазіргі әлеуметтік жаңа орта жағдайында адамның адамгершілік тұлғада қалыптасуы өзі өмір сүріп отырған қоғамның және әлеуметтік ортаның, оның жанды саласы – мектептің алатын орнының маңызы зор екеніне тоқталады.

Әлеуметтік-педагогикалық теория мен практикасының нысандары «Әлеуметтік педагогика» ұғымын алғаш рет ХІХ ғасырда неміс педагогы А. Дистервег енгізген. Бірақ араға көп уақыт салып қана әлеуметтік педагогиканың екі ғылыми-практикалық бағыты айқындалды. Оның бірі П. Наторп есімімен байланысты айқында- лып, халықтың мәдени деңгейін көтеру мақсатында қоғамның тәрбиелік күштерін интеграциялау мәселесіне арналды. Екінші бағыт қараусыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оларды қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталды. Бұл бағыт Г. Нол, Г. Боймер есімдерімен байланысты болды. Әлеуметтік педагогика, бұл қоршаған ортаның тәрбиеге әсері жөніндегі ғылым. Әлеуметтік педагогика мәселелерін зерттеу- де танымал Ресей ғалымы А. В. Мудрик әлеуметтік педагогиканы адамның бүкіл өмірі барысында жүзеге асырылатын әлеуметтік тәрбиесін қарастыратын ғылым ретінде қабылдауға болады деп ай- тады. Көптеген әлеуметтік-педагогикалық еңбектерде әлеуметтік педагогиканың дербес ғылым ретінде қалыптасуының бастаулары- на ертедегі дін мен

қайырымдылық шараларының үлкен ықпалының болғандығы айтылады. Діни мекемелердің қай-қайсысы болмасын 6 қашан да жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттап келген. Кез келген діни еңбектер мазмұнында адамгершілік, адамға мейірімділік көрсету, жақындарына қамқор болу мәселелері ең маңызды орында қарастырылады.

Көне дәуірлерден мо- настырлар мен храмдар жанынан мұқтаждық көрген адамдарға ауруханалар мен қамқорлыққа алу мекемелері қызмет етіп келген. Ресейдегі мейірімділік жасау қызметтері мен мекемелерінің құрылу тарихы әлеуметтік педагогиканың дамуына ықпал етті. Ғасырлар бойы қайырымдылық пен мейірімділік көрсету шаралары қоғамдық сипат алып, тек қана руханилық пен дворяндық сипаттан шығып, өзге де таптарды қамтыды. Екатерина-II тұсында қайырымдылық істер мемлекеттік сала ретінде қалыптасты, дәстүр бойынша императорлардың жұбайлары қамқорлығындағы ведомстволар (кейіннен министрліктер) құрылды. Бірінші «Қайырымдылық министрі» Павел I-дің жұбайы Мария Федоровна болды. Оның қамқорлығымен жетім балалар үйлері ашылып, онда музыка мұғалімдері мен тәрбиешілер даярлау кластары жұмыс істеді. Бертін келе, қазақ қоғамында да адамды қоғамына лайықты қалыптастыру мен олардың тәрбиесіне қамқорлық жасау, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру мәселелері басты назарға алынып, балалар мен ересектердің болашағына алаңдаушылық білдіру, сондықтан көпшілік болып қол ұшын беру, көмек қолын созу секілді дәстүрлер кеңінен насихатталған. Дінді тәрбие құралы ретінде берік ұстанған ата-бабаларымыз, жалпы түркі халқы қайырымдылық істерде ислам талаптары мен діни шарттарын Осы тұста Хазірет Али былай деген екен: «Балаларыңды өздерің болмайтын уақыт үшін тәрбиелеңдер, өйткені олар сендер болмайтын уақыт үшін жаратылған». Осылайша ұрпақтарын олардың за- маны үшін тәрбиелеп, қоғамдық сұраныстарды ескеріп отырған.

Мұндай көзқарастар қазақ халқының зиялылары көзқарастарында да жалғасын тауып келді. Атап айтқанда, зиялы тұлғалардың бірі М. Жұмабаевтың педагогикалық еңбегінде ата-аналарға бала тәрбиесінде былай кеңес береді: «Ата-аналар балаларын дәл өзіндей етіп тәрбиелемеуі керек, одан да мықты етіп тәрбиелеуі тиіс, себебі олардың өмір сүретін заманы ата-аналардың заманына қарағанда әлдеқайда талапшаң болмақ», – деп айтқан болатын. Мұның өзі баланы әлеуметтендіру идеясының халқымыз болмысында арнайы тәлімдік ғылыми теориялар мен мекемелер қызметнің жүйесінсіз- ақ, отбасы – ошақ қасында жүріп-ақ іске асырылғандығынан дерек береді. Осылайша, қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіндегі талаптары да әлеуметтендіру міндеттерімен байланыстылығын дәлелдей түседі. Сондай-ақ, ислам талаптары адамдарға жамағат болып, қоғам болып өмір сүруді және сол қоғамда ортақ талаптарды орындау мен соған мойынсұнуды міндет етеді. Нақтырақ айтар болсақ, «Кімде- кім жамағаттан шығып, яғни көпшіліктен бөлініп кетіп, содан кейін өлер болса, онда ол адам надан өліммен өлген болады», – деген. Бұл сөйлем қатары жастарды қоғамға бейімделуге шақырады, яғни ата- аналардан балаларын тәрбиелегенде қоғам талаптарына

бейімдеу, әлеуметтендіру процесінің орындалуын талап етіп отыр. Өйткені адам тек адамдар арасында ғана өзінің адамдық сипатын қадағалай алады және жетілдіреді. Ислам шарттарында жастарды үлкенді сыйлауға тәрбиелеу, бойында қайырымдылық пен ізгіліктің дәнін себу арқылы жағымды қарым-қатынас жасау мәселелері былай-ша қарастырылады: «Егер сіздер бір жаманшылықты көрсеңіздер, қолыңызбен кедергі болып өзгертіңіз. Егер қолыңызбен өзгертуге күшіңіз жетпесе, онда тіліңізбен өзгертіңіз. Оған да күшіңіз жетпесе, онда жүрегіңізбен кедергі болып өзгертіңіз», – деген [1]. Бұл өсиеттен діни насихаттар жастарды жамандыққа төзбеуге, оған бейтарап қарамауға, соның нәтижесінде ізгілікке, адамгершілік пен қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырғандығы айқын көрінеді. Міне, осылайша қандай халықтың болсын тарихи қалыптасуына шолу жасап көретін болсақ, алғашқы әлеуметтендіру шаралары діни көзқарастары негізінде қалыптасып, арнайы мекемелерде іске асырылып отырған. 8 Кейіннен әлеуметтік педагогиканың идеялары мен бұл саладағы қызметкерлердің жұмыстары С. Т. Шацкий, В. Н. Шульгин, М. В. Крупенин, А. Г. Калашникова, А. П. Пинкевич т.б. тарапынан қарастырылған. С. Т. Шацкий мектептің әлеуметтік рөлін негіздеп, кіші ортада біртұтас тәрбие процесін ұйымдастыруды теориялық тұрғыдан айқындаған. 30-жылдардың аяғындағы мектептердің тек оқу-тәрбие процесін жақсартуға ғана басты назар аударуы әлеуметтік педагогика саласындағы ғылыми зерттеулерді кейінге ысырып жіберді. Әлеуметтік педагогика мәселелерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуінің жандануы 1950-1960 жылдардан Е. Молленхауэр есімімен оның әлеуметтік педагогиканың пәні жайлы пікірталасты ұйымдастыруымен байланысты дамыды. Е. Молленхауэрдің әлеуметтік педагогика мәселелерін әлеуметтік қорғаудың теориясы мен әдістемесіне ғана теңестіруі Х. Мискестің әлеуметтік педагогиканы ғылыми пән ретінде қарастыру жайлы идеясының ілгері дамуына кедергі болды. Ресейде әлеуметтік педагогикаға қызығушылық 1990 жылдан бастап қалыптаса бастады. Бұл п.ғ.д., профессор В. А. Слостениннің ұжымдық ғылыми-ізденушілік қызметінің арқасында дамыды. Осы ұжым ең алғашқылардың бірі болып әлеуметтік педагогтар институтын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің біліктілік, этикалық стандарттарын негіздейтін құжаттарды дайындады. Мұндай құжаттар шетелдік және ресейлік ғалымдардың адамтану жайлы идеяларын оқып үйрену негізінде жасалды. Осы орында ф.ғ.д., профессор Л. В. Филиппованың еңбегін ерекше атап өту қажет. Ол әлеуметтік педагогика мәртебесін қоғамның даму кезеңіндегі қажеттіліктерімен сәйкестендіруге көп әрекет еткен. Л. В. Филиппова әлеуметтік педагогиканың тұжырымдамалық негіздерін айқындау мен ұғымдық аппаратын нақтылауға, кейбір құрылымдық компоненттердің мазмұнын ашуда да көп еңбек еткен. Әлеуметтік педагогиканың бастаулары халықтық педагогикада жатыр. Тұлғаны әлеуметтендіру идеялары ұлы ғұламалардың педагогикалық көзқарастарында қарастырылған.

Атап айтқанда, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ. А. Ясауи және т.б. ғұламалар еңбектерінде адам тәрбиесін жүзеге асыру оның әлеуметтік ор-

тасын қалыптастырумен байланысты екендігі баса айтылған. Әлеуметтік педагогика мәселелерін көптеген классик педагог- тар Я. А. Коменский, Ж. Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци, И. Гербарт, 9 А. Дистервег, К. Д. Ушинский және т.б. қарастырған. Олардың педагогикалық көзқарастарының ықпалымен адам тәрбиесінің қоғамдық-әлеуметтік ортадағы рөлі, тәрбие нәтижесінің қайырымдылықпен, мейірімділікпен айқындалатындығы туралы ой- пікірлер тұжырымдалады. Ресей педагогтары тәрбиедегі маңызды міндеттердің бірі жаппай білім алуға бұқара халықтың қол жетімділігі болуын ұсынған еді. Өйткені адам өмір сүретін ортада қоршаған әлеуметтік жағдайлар міндетті түрде ықпал ететіндігін түсінді. Олардың дүниетанымы, қарым-қатынасында көрініс беретін мінез-құлқы мен іс-әрекеті, жалпы рухани деңгейінің маңыздылығын ұқты.

Ең алғаш тәрбиенің халықтық сипат алуын ұсынған Ресей педагогы К. Д. Ушинский халықтық мектептердің құрылуын насихаттады. Өйтсе де, ұлы педагог К. Д. Ушинскийдің бұл идеясы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында ғана жүзеге асты, сөйтіп, ересектерге арналған қайырымдылық істерді жүзеге асыратын оқу орындарының тізбегі қалыптасты. Оған зайырлы және шіркеу-приход мектептері, бастауыш училищелер, алғашқы сауаты бар адамдар үшін қайталау мектептері және т.б. енді. Әлеуметтік педагогикада маңызды орынды оның әрбір компоненттерінде және функцияларының әрбір деңгейлерінде көрінетін басқару процестері иеленеді (ғылыми – зерттеушілік, ғылыми – қайта даярлаушылық және ғылыми – білім берушілік). Әлеуметтік педагогиканы басқаруға жалпы алғанда мынадай проб-лемаларды жатқызуға болады: әлеуметтік педагогиканың адамның қоршаған әлеуметтік ортамен өзара ықпалының үйлесімділігін қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеушілік, ғылыми – қайта жасау-шылық және ғылыми-білім берушілі құрылымы мен штаттары; бұл құрылымдардың қызметін реттеу мен ұйымдастыру (мемлекетті, мемлекеттік емес және коммерциялық типтегі); мемлекеттегі ғылыми және білім беру мектептерінің, әлеуметтік жұмыстың практикалық орталықтарының қызметін ұйымдастыру, жүргізу және дамыту, сондай-ақ ынталандыру (Республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейде); әлеуметтік педагогикалық саладағы ғылыми, практикалық және ғылыми педагогикалық кадрлар қызметін ұйымдастыру мен ынталандыру (жаратылыстану, әртүрлі мақсаттағы әлеуметтік жұмысшы кадрлар); ғылыми зерттеушілік, ғылыми қайта жасаушылық және ғылыми педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын, жолдары мен приоритетті проблемаларының 10 дамуын болжау (әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік жұмыстың әртүрлі құрылымдарында); мемлекет ішіндегі және басқа да мемле- кеттер арасында ақпараттармен қамтамасыз ету және т.б. Сонымен, әлеуметтік педагогика адамдар қоғамындағы өмір мен әрекеттің күрделі функционалдық құбылысын қарастырады.

Практика ретінде ол субъектінің әлеуметтік ортадағы ғылыми қайта қалыптастырушылық әрекетін бейнелейді және әлеуметтік педагогикалық жұмысты, оның педагогикалық компоненттерін қарастырады. Ғылым ретінде

жалпы педагогика ғылымының оның бір ғана құрылымдық бөлігімен шектелмейтін әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасын зерттейтін бөлігі болып табылады; сонымен бірге, адамның әлеуметтік ортадағы қарым қатынас педагогикасы ретінде субъектінің ғылыми танымдық әрекетін көрсетеді. Білім беру кешені ретінде ол әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінің әртүрлі типтеріндегі әлеуметтік педагогтардың ғылыми білім берушілік қызметін айқындайды (кәсібилікке дейінгі, кәсіби, кәсібиліктен кейінгі). Құрылымының жиынтығы тұрғысында әлеуметтік ортаның педагогикасын түсіндіреді және адам мен оның қоғаммен өзара ықпалының тәсілдері, механизмдері туралы білімдер интеграциясы. Әлеуметтік педагогика объективті, нақтылы ғылыми-әдіснамалық және ғылыми практикалық негіздерге сүйенеді. Әлеуметтік педагогтың тұлғалық мәдениеті, кәсіби қызметінің мәдениеті, әлеуметтік ортасының мәдениеті әрбір компоненттің маңызды элементі болып табылады. Әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметінің өзіндік ерекшелігі мен мамандық айырмашылығы әлеуметтік педагогиканың өнер ретіндегі мәселені де көлденең тартады. Бүгінде «Әлеуметтік педагогика» және «Әлеуметтік жұмыс» ұғымдары практикада кеңінен қолданылып келеді. Бұл ұғымдарды мазмұндық жағынан бірдей деп санауға болмайды. Өйткені әлеуметтік жұмыс әлеуметтік педагогиканың бір бөлігі ғана болып табылады. Бұл тұста барлық ғалымдар көзқарасындағы ортақтық – әлеуметтік педагогика қоғамның барлық мүшелерінің әлеуметтік тәрбиесінің проблемаларын тұтастай, соның ішінде әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік саясат проблемаларын да тұтастықта қамтитындығында екендігін мойындағандығында. Олай болса, әлеуметтік педагогика – кешенді, интеграциялық ғылым. Әлеуметтік педагогика адамның әлеуметтік тәрбиесін, яғни бүкіл өмірі барысындағы әлеуметтік ортаның тәрбиелік ықпалының нәтижесін қарастыратындықтан, бүгінгі педагогикалық еңбектерде 11 «тәрбие» ұғымының өзі «әлеуметтендіру» ұғымымен қатар өзара сабақтастықта қарастырылып жүр. Тәрбиелеу, әлеуметтендіру түсініктерінің мақсат-міндеттері өте жақын. Адамның әлеуметтік тәрбиесінің қоғамдағы орны мен рөлін анықтау оның «даму», «әлеуметтендіру» процестері арқылы анықталады.

Әлеуметтік педагогика ғылымының төл және кірме ұғымдары мен олар арасындағы сабақтастық байланыс Әлеуметтік педагогика ғылым ретінде адамның бүкіл өмірі барысында жүзеге асырылатын әлеуметтік тәрбиесін қарастырады. Барлық ғылымдар саласы секілді әлеуметтік педагогика да өзіндік ұғымдар мен түсініктерге және ғылыми категорияларға ие. Олар әлеуметтену, әлеуметтік оқу, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік іс-әрекет, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет, әлеуметтену процесі және т.б. Енді осы түсініктерге қысқаша сипаттама беріп кетейік.

Әлеуметтік педагогика мемлекет пен қоғамның жас ұрпақтың тәрбие басымдықтарын қалыптастыру бойынша ресми және бей ресми қызметтерін, оның тенденцияларын, заңдылықтарын, оларды жүзеге асырудағы институттардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін зерттейді. Мемлекет пен қоғамның өз азаматтарын тәрбиелеу бағытындағы қызметі заңдық негізде

бейнеленеді, тәрбие, оқыту, кәсіптік тұрғыда даярлау институттарын құру, олардың іс- қимылын қамтамасыз ету ресми әлеуметтік-педагогикалық сипатта айқын көрінеді. Мемлекетте «жазылмаған заңдар» деген атаудағы қоғамда қабылданған салт түріндегі нормалар мен ережелердің жиынтығы мәні жағынан әлеуметтік-педагогикалық болады, бірақ бейресми сипат тән. Әлеуметтік педагогика адамның бүкіл өмірі барысында алуан түрлі жас кезеңдерінде оның әлеуметтік дамуы мен тәрбиесіне тікелей немесе жанама ықпал ететін ортаның әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерін зерттейді. Адамның қалыптасуындағы ортаның әрбір факторының тәрбиелік мүмкіндіктері айрықша. Оған жата- тындар: бала туған және тәрбиеленген отбасы (асырап алған отбасы, мемлекеттік мекеме); бұқаралық ақпарат құралдары; бала ойыншығы мен ойындары; бала оқитын кітаптар; дос- жарандар шеңбері; тұлға беделі; ұжымның әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктері; көше тәрбиесі және т.б.

Әдебиеттер

12. Харламов И.Ф. Педагогика. Москва. Высшая школа. 1999. 244 б.
13. Монозон Э. И. Основы педагогических знаний. Москва. Педагогика. 1986. 244 б.
14. Рогова Р. М. Становление самосознания личности школьника. Москва. 2003. 376 б.
15. Сағыдықұлы Е. Педагогика. Дәрістер курсы. Алматы. 1999. 76 б.
16. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. Астана. 1998. 384 б.
17. Сластёнин В.А., Исаев И., Мищенко А. И. Педагогика. Москва. Школа-пресс. 2000. 340 б.
18. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралар. Алматы. Рауан. 1991. 277 б.
19. Тілеуханова А. Т. Шәкәрім шығармаларындағы шеберлік пен таным бірлігі. Автореферат. Алматы. 1995. 256 б.

2 СЕКЦИЯ

«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»

«СОВРЕМЕННЫЕ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ»

Ғылым магистрі, аға оқытушы, Д.К.Абилов
академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Әлеуметтік педагог, Ж.Н. Жургембаева
«№18 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
Қарағанды қ.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮМЫС

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім беру сапасын арттыру бойынша атқарылатын жұмыстың негізгі бағыттары білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз ету; жедел қарқында өзгеріп отыратын әлемдегі сәттілікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім алушы оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Қазақстан Республикасының зиялы, физикалық және рухани тұрғыда дамыған азаматын қалыптастыру болып табылады. Мектеп балалар мен ересектер тәрбиесі үшін әлеуметтік қолайлы ортаны қалыптастыру бойынша отбасы мен қоғамның өзара күштерін үйлестіруге міндеттеледі. Мектептің тәрбие жұмысының жемістілігі, көп жағдайда, мектептің ортамен қаншалықты тиімді әрекеттесетінімен, әлеуметтік ортаның мүмкіндіктерін пайдалана алуымен, оның отбасымен қаншалықты тығыз қарым-қатынаста екендігінен айқындалады.

Бүгінгі таңда тәрбие үдерісінің мектеп оқушысының әлеуметтік ортасымен өзара әрекеттесуі, байланыста болуы аса өткір және өзекті мәселеге айналды. Бала мен отбасы мәселесі өскелең ұрпақты қоғамдық тәрбиелеудің, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер мен әлеуметтік педагог бала үшін шынайы қамқоршы болып табылатын жаңа үлгісін талап етеді.

Әлеуметтік педагог – диагностика нәтижесінде алынған мәліметтердің негізінде педагогикалық сауатты әдістемені әзірлеп, оны мектептің әр түрлі мамандарының педагогикалық қызметінде жүзеге асыруы үшін әдістемелік нұсқаулықты қалыптастыра алатын маман. Сондай-ақ, оның өзі жекелеген оқушылармен, оқушылардың әр түрлі топтарымен, олардың ата-аналарымен,

мұғалімдермен педагогикалық тұрғыда дұрыс деп танылған тәрбие, әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыруға қабілетті болуы шарт.

Әлеуметтік педагог кәсібін тандаған адам жоғары дәрежелі коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерге, рухани мәдениеті жоғары, әдепті, әлеуметтік құбылыстар мен үдерістерді талдай білетін гуманист болуы тиіс. Белгілі бір білім жиынтығынсыз адам әлеуметтік педагогикалық жұмыста кәсіби маман бола алмайды. Бұл білімге психология, коммуникация дағдылары, адамдармен (балалармен, шенеуніктермен, әкімшілермен) сөйлесе білу қабілеті, педагогикалық дағдылар, балалар ұжымдарындағы жұмысты білу жатады. Сонымен қатар, әлеуметтік педагог қызметінің жемістілігі оның тұлғалық, рухани және жан-дүниесінің қасиеттеріне тәуелді. Көп жағдайда әлеуметтік педагогтің жұмысы мектеп әкімшілігі мен ұжымының көрсететін қолдауына тәуелді болады, ал мектеп жұмысының табыстылығы әлеуметтік педагогтің шебер әрекеттерімен байланысты болады.

Әлеуметтік педагогдер сынып ішіндегі барлық баламен жұмыс жасауы үшін тырысып бағады, себебі бір сыныпта дарынды баламен қатар, қабылдауы төмен балаларда отырады. Оқу бағдарламасын барлығына дерлік ұғындыру, барлығымен жұмыс жасау әлеуметтік педагогге қойылатын басты талап. Ендеше, осындай жағдайлар дарынды баланы жалықтырып алмау үшін арнайы жұмыс жасау қажеттігін көрсетіп отыр.

Дарындылық - адам бойындағы тума қасиет деп есептеледі. Талантты, дарынды балалар жөнінде 1975 жылы дүниежүзілік Кеңес құрылды. Көптеген елдерде дарынды балаларды әлеуметтік, психологиялық жағынан қолдау мақсатында арнайы бағдарламалар жасақталды.

Өркениетті қоғамда дарынды балаларды бөлектеп оқыту ХХ ғасырдың 50-60 жылдарында басталып, оқытудың саралап, даралап білім беру принципіне көшкені мәлім. Ол Францияда, Германияда, Америкада, Жапонияда т.б. елдердің білім беру жүйесінде қазір жоғары деңгейде жүргізілуде.

Дарынды және ерекше қабілетті балаларды оқытып, тәрбиелеу қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл — мектепте мұғалімді, отбасында ата-ананы және дарынды баланың өзін мазалайтын ерекшелік. Мұндай болуының себебі алдымен оны дер кезінде жыға тану қиын, өйткені баланың қабілетті екенін барлық адам бірден байқамайды. Ал егер оны таныған күнде одан соң сол дарынның орнын тауып дамыту, қоғамның керегіне, баланың өзінің бас пайдасына жаратуына жағдай жасау маңызды. Іштен «қозғап», «түрткі беріп» тұрған психикалық ерекшеліктің не нәрсеге жетелеп, қайда апарып соқтырарын ешкім дөп басып айта алмайды.

Балалар дарындылығын зерттеумен және ерекше балаларды оқыту және тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық жақтарын қарастыру қырлары әр қилы болуы тиіс. Қазіргі күнде ерекше қабілетті балаларды іріктеп, олардың әрі қарай дамуы үшін жағдайлар жасауы керек екендігі анық. Себебі, баланың қабілеттері мен таланттарын толық ашу өзіне ғана емес, мемлекетке де қажет

болып табылады. Жаңа технологияларды практикаға енгізу және игертудегі сапалы қадамның сандарынан қоғамның стандартты емес ойлау қабілетіне ие, өндірістік және әлеуметтік өмірге, жаңа мазмұн енгізетін, болашаққа қатысты жаңа міндеттерді қойып, оларды шеше алатын мамандарға деген қажеттілік өсті.

Дарынды балаларды қалай тануға болады? Белгілі зерттеуші Н.С.Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді.

Бірінші категория-ой-өріс қабілеті ерте жастан байқалған оқушылар.

Екінші категория-жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар.

Үшінші категория-дарындылық күш-қажырымен ерекшеленетін оқушылар.

Дарынды оқушыны анықтау мектеп жұмысында бастауыш сыныптан бастау алады. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуі психологтар мен әлеуметтік педагогдердің және ата-аналардың біріккен жұмысы негізінде іске асады. Олардың ата-аналарымен әңгімелесуі, бақылауы, әрқайсысының сөйлеуінің, есте сақтауының, логикалық ойлауының психологиялық ерекшелігін анықтауда маңызды жұмыстар атқарылады. Баланың болашағына зор септігін тигізетін, келешегіне жолдау беріп, түрткі болатын бірден-бір жол ол ата-ана мен әлеуметтік педагог. Ата-ана баласын дүниені тануға, білім алуға тәрбиелесе, ал, әлеуметтік педагог сол баланың бойындағы рухани байлықты, ерекшеліктерін байқап, анықтап бағыт-бағдар береді.

Дарынды оқушылардың өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Кейбіреуі дарындылықтан қашады, еңбектеніп, оны жетілдіруге күш салмайды, ешнәрсеге қызығушылық танытпайды. Өздерін дарынсыз деп есептейтіндерде жетерлік. Алған бетінен қайтпай еңбектеніп, шығармашылыққа ерінбей ізденіп, нәтиже шығаруға талпынып тұратын дарынды балалармен жұмыс жасау бір ғанибет. Міне, дарынды баламен жұмыс жасауда ата-ана мен әлеуметтік педагогдың бірігіп жасаған жұмысының мәні зор. Олар балаларды рухани азықтандырып, өз-өзіне деген сенімін оятып, оны нақты бір шығармашылық салаға дер кезінде бағыттау керек. Айтылған зерттеулер негізінде баланың өзіндік ерекшелігі анықталып, әлеуметтік педагогдер олардың бойындағы қабілетті шыңдау жұмыстарымен айналысады.

Дарынды бала- даналықтың, ғұламалықтың, құдіреттіліктің, адамгершілік-тің кәусар тамшысы, ағымды тасқыны, дария көлі, мұхиты.

Дарынды баланың қарапайым балалардан ерекше болып келеді. Дарындылықтың сыртқы көріністері әртүрлі интеллектуалдылық және жеке тұлғалық қабілеттеріне де түрліше көрінеді. Дарынды бала қойылған проблеманы тұтастай көре біліп, оған байланысты болмыс сырларын көптеп шешуге, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығады, түсініксіз нәрсені білуге ынтазарлық, түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға бейім келеді.

Баланың бойында терең білім, ақыл, ой-өрісінен басқа әлемдік бәсекелестікке жауап беретін деңгейдегі ақыл-ой қабілеттердің болуы, оның

ақпараттық технологиялардың жетік игеріп, өз тілімен қатар бірнеше тілді жетік меңгеруі басты шарттарға айналып отыр.

Әлеуметтік педагог дарынды оқушымен жұмыс жасағанда, оқушы жанындағы психоло-педагогикалық және әлеуметтік жағдайына назар аудару керек. Балаға әсерін ететін орталар: ата-ана, әлеуметтік педагог, қоршаған ортадағы жолдастары. Баланың жанын түсініп, ерік күш жігерін оятқан кезінде ізденушілікке көңіл бөлу қажет. Оқушының дарындылығын анықтап, бақылау әңгімелеу жоспарланған әңгімелер арқылы оқушылығын көру арқылы есте сақтау, есту арқылы есте сақтау, өз пікірін дұрыс шешім тауып сөйлемеуге толық мән беріп жеткізуін байқауға болады.

Дарынды балаға және оның отбасы жағдайына байланыста баланың ата-анасымен қарым-қатынас сауалнамалар мен тренингтер, дарынды балалармен және олардың ата-аналарының арасында арнайы тестілер, әңгімелесу сауалнама, тестілеу т.б жұмыстар жүргізу арқылы дарынды бала анықталады. Оған ата-аналар ат салысады. Одан кейінгі жұмыс диагностикалау арқылы баланың бойындақандай бағыттағы дарын белгілері ерекше қабілеті бар екенді анықталады. Бұдан кейінгі жұмыс осындай балалардың ата-аналарымен жүргізіліп бала тәрбиесіндегі олардың міндеті, балаға көмектесу жұмыстары бойынша жүргізіледі.

Бала қаншалықты дарынды болса да оны оқыту мен тәрбиелеу, үйрету ата-аналарға байланысты. Осыған орай баланың ата-анасы баланы не үшін ерекше дарынды деп мақтаныш тұтады, баланы не нәрсеге қызықтырады, қандай нәтижелерге қол жеткізген деген секілді басқада көптеген сұрақтарға жауап алған соң баланың қабілет, дарын дәрежесі мен мүмкіндіктерін анықтау.

Дарынды балалар отбасында, ата-анасының сауатсыздығы не мән бермеуінен көптеген қиыншылықтарға ұшырайды.

Ондай бала қысым көрсетуді, дауыс көтеріп, ұрсу, жеку секілді дөрекіліктерді көтере алмайды. Көңіл-күй тұрақсыз, жылдам алмасып тұрады, сөзді соңына дейін тыңдамайды, сабырсыз өз қабілетін, білгенін тез айтып көрсетуге ұмтылады. Мұны түсінбегендер оны “шыдымсыз, ұшқалақ” деп айыптауы мүмкін. Сондықан ата-аналармен жұмыста осы және басқа да баланы біртіндеп шыдамды, табанды, сабырлы болуға тәрбиелеу керек. Мұндағы басты міндет – баланың жалықпай ізденуі, үйреніп қалған әдет-дағдыларын қайта қарап, дарын қабілетін дамытуға бағыттау, қоршаған әлеуметтік орта мен мәмлесін бұзып алмауы үшін қажетті шараларды жүзеге асырады. Мұндай балаларды жастайынан бос уақтын дұрыс пайдалануға үйрету оны пайдалы істерге жұмсауын қарастырып, шығармашылық еңбекке тәрбиелеу соған сай ортаға орналастыру.

Дарынды оқушының алдына нақты бір мақсат қою арқылы оның берілген тапсырмаға деген қызығушылығын оятуға болады. Аталмыш жұмыстар әлеуметтік педагогтарға инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен дамытуымен қатар білім беру үрдісіне жаңа тұрпат ендіруіне көмегін тигізеді. Осы тұрғыда жаңашыл идеяны ұстанған педагог оқушының жеке тұлғалық

қасиетін барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, бағытталған ізгіліктік ерекшелігімен сипатталады. Сонымен, дарынды оқушымен жаңа тұрпатта жұмыс жасауда инновациялық тәжірибені тұлғаны дамытудағы ізгілік пен шығарма-шылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйе негізінде қарағанымыз орынды.

Әдебиеттер:

- 1 Василькова Ю.В. Методика и опыт работы социального педагога. ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы. - М: «Академия» баспа орталығы, 2002.
- 2 Омарова Р.С. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Оқу құралы.-Ақтөбе, 2007.- 191б.

**п.ғ.к., доцент Р. Т.Алимбаева,
Искандарова Наталья (магистрант 2-курса)
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.**

ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУ

Мемлекеттік қоғамның дамуындағы болып жатқан өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарға деген жеткіншектердің реакциясы ерекше әлеуметтік феномен – мінез-құлқындағы ауытқулар – ретінде көрінеді, бұл қоғам үшін қосымша мәселелердің кешенін қалыптастырады. Осыған орай жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқуларды сипаттайтын дағдарысты құбылыстар жайлы мәліметтер келтіріліп, осы мәселелерді әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан шешудің қажеттілігі көрсетілген.

Мінез – құлқындағы ауытқушылығы бар жасөспірімдерді кешендік ақтау жүйесінің басты бағыттары:

- ✓ Әлеуметтік-құқықтық жұмыс;
- ✓ РЦ психологиялық қызметі;
- ✓ Әлеуметтік-педагогикалық қолдау;
- ✓ Психологиялық-педагогикалық жұмыс;
- ✓ Профилактикалық емдеу және сауықтыру жұмысы;
- ✓ Әлеуметтік тұрмысқа және кәсіби еңбекке бейімдеу.

Жас ерекшелік, коррекциялық, педагогикалық психологияның жаңа жетістіктерін енгізуші психологиялық қызмет орталықтың жұмысы барысында жетекші рөлді атқарады [1]. Психологтардың құзыры тәрбиеленушілердің дамуындағы сапалық өзгерістерді уақытында тіркеп, олардың жекелеген ерекшеліктерін зерттеуге және әлеуметтік педагогтарға,

мұғалімдер мен тәрбиешілерге тәрбиелік-коррекциялық жұмыстардың амалдары мен әдістерін тиімді пайдалануға көмектеседі.

Әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың мақсаты — әлеуметтік асыраудағыларды емес, өмір қиыншылықтарын өздері жеңе алатын, белсенді қайырымдылық әлеуметтік адамдарды тәрбиелеу. Жұмыс қарым-қатынас жасау амалдарын, мәдениетті, мінез-құлықты, әдепті, өзара түсінушілікті қалыптастыруға бағытталады.

Сондай-ақ әлеуметтік көмек қызметі жайлы ақпараттан тұратын әлеуметтік мәселелер бойынша тәрбиеленушілер хабар етіледі. Басты міндет — әлеуметтік қатынастар мен тәжірибелерді кеңейту арқылы жасөспірімдерді әлеуметтендіру. Әлеуметтік-тұрмыстық сауалдар бойынша кеңестер ұйымдастырылып, тұрмыстық дағдарыс жағдайларындағыларға көмек көрсетіледі.

Әлеуметтік педагогтың қызметінің міндетін, мазмұны бойынша, жасөспірімнің қоғамға енуіне көмек көрсету ретінде, оның дамуына, тәрбиесіне, біліміне, кәсіби қалыптасуына көмек ретінде анықтауға болады. БҰҰ Конвенциясы жариялаған, баланың өмір сүруге, денсаулыққа және дамуға құқықтарын қорғау, ресми құрылымдармен әрекеттесе оны кез-келген дискриминация түрінен сақтау орталықтағы әлеуметтік педагогтың қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

РҚ жұмыс бағдарларының бірі болып әлеуметтік құны жоқ дәстүрлермен таласа алатын әлеуметтік құнды дәстүрлерді қалыптастыру табылады. «Ортаға жасалатын терапиясы» жүзеге асырылады: әлеуметтік педагогиканың құлдырауына тосқауыл жасау, тәрбие берудің қолайсыз әдістері мен әлеуметтік ортаның жағымсыз ықпалдарын, сәйкес емес физикалық, интеллектуалдық және эмоционалдық жүктемелерді коррекциялау. Сондай-ақ, «ортаның жасайтын терапиясы»: ұжымда қайырымдылық атмосферасын жасау, өзара түсінушілікті, өзін-өзі айқын көрсетуді, тұлғаның қоғамда интеграциялануын жеңілдететін өз шығармашылығын өнімді жүзеге асыруды қалыптастыру.

Психологиялық-педагогикалық жұмыс үйретудің коррекциялық концепциясына негізделі ұйымдастырылады. Орталық кәмелеттік жасқа толмаған балалардың негізгі жалпы білімді алуын қамтамасыз ете отырып, оларды үйретуді ұйымдастырады.

Девианттік мінез-құлқы бар балалардың әлеуметтік-педагогикалық ақталуы барысында еңбекке үйретудің маңызы аса зор. РҚ-да кәсіпке дейінгі және бастапқы кәсіби дайындықтан өтуге арналған арнайы жабдықталған оқу-өндірістік орындары жұмыс атқарулары қажет.

Психологиялық-педагогикалық жұмыстар оқушылардың біліміндегі ақауларды жоюға және оларда жалпы білімнің негізін қалыптастыруға бағытталады. РҚ-да диагностикалық сыныптар, дамуды коррекциялауды үйрететін сыныптар (ПДТ бар балаларға арналған), ақыл-ойы жетілмеген оқушыларға арналған сыныптар ұйымдастырылған [2].

Психологиялық қызметтің мақсаты: әрбір жасөспірімнің сенімді психологиялық қорғанысын, әрбір тәрбиеленушінің өз мінез-кұлқын өзгертуге тиісті екенін мойындауға, жағымсыз тұлғалық қасиеттері мен тұлғаарлық қатынастардағы кемшіліктерін түзетуге ұмтылысын қалыптастыру [3].

Психологиялық қызмет төмендегідей бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

- тұлғаны кешенді диагностикадан өткізу; балалардың неғұрлым нышандық проблемаларын және олардың тәрбиеленушілердің дамуы динамикасындағы көрініс түрлерін (депрессиялық күйді, агрессивтілікті, алаңдаушылықты және т.б.) зерттеу;

- психопрофилактика;
- оқушыларға «Сенім қызметі» арқылы кеңестік көмек көрсету;
- дағдарыс жағдайларындағы, психологиялық күйлердегі мұғалімдер мен тәрбиешілерге психологиялық көмек беру;

- педагогтарға арналған семинарлар мен жаттығулар өткізу;

Психопрофилактика жасөспірімнің дамуындағы болатын сәтсіздіктердің алдын алуға, бұл дамуға неғұрлым қолайлы жағдайларды жасауға, балалық шағының барлық кезеңі бойында психикасының саулығын дамытуға, нығайтуға және сақтауға бағытталған әрекет түрі [4]. Б.С.Братус оны жоғары деңгейлері «тұлғалық» және «жеке-психологиялық» болып саналатын көп деңгейлі құрылым ретінде көрсетеді [5].

Психопрофилактика білім беру ортасын, дамып келе жатқан тұлғаның ішкі қайталанбас жан дүниесінің шынайы әлемнің өзге субъектілерімен өзара әрекеттестігінің, әрбір баланың қабілеттік мүмкіншіліктерін анықтауға бағытталады, нақты жағдайларын ескере отырып жасалынады. Психопрофилактиканы ұйымдастырудың талаптары:

- білім беру ортасында тәрбиеленушілердің психологиялық саулығын нығайтуды және сақтауды қамтамасыз ететін барлық заңдылықтар мен өзара байланыстарды біртұтас көрінуі;

- бала дамуындағы жеке-психологиялық ерекшеліктердің салдарынан болатын қиыншылықтарды уақытында анықтап, алдын алу;

- баланың кезекті жас кезеңіне өтуіне байланысты болатын қиыншылықтарды уақытында анықтап, алдын алу;

- мекемеде, қарым-қатынас жасау барысында және білім беру ортасының барлық субъектілерінің өзара қатынастары кезінде жасөспірімге қолайлы психологиялық тұрақты шағын жағдайды қалыптастыру;

- әрбір жас кезеңіндегі баланың сәтті дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды тиімді бақылау;

- жүйкелік-психикалық күйді қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізу; психогимнастиканың, өзін-өзі реттеуші жаттығулардың көмегімен психоэмоционалдық күйден шығару;

- тәрбиеленушінің осы білім беру кеңістігінен шыққан кезде болатын психологиялық қиыншылықтарды уақытында анықтап, алдын алу.

Психопрофилактикалық жұмыстар төмендегідей бағыттар бойынша жүргізіледі:

- жасөспірімнің дамуындағы болатын «дағдарыстардың» келеңсіз салдарының уақытында алдын алуды мақсат ететін дағдарыс алдындағы профилактика бағдарламасы;

- түлектердің кейінгі өмірінде болатын оқиғалардың (білім беру ортасының өзгеруі) келеңсіз салдарының уақытында алдын алуды мақсат ететін шұғыл профилактика бағдарламасы;

- жекелеген тәрбиеленушілердің келеңсіз тұлғалық қасиеттері мен қылықтарының алдын алуға бағытталған жеке психопрофилактика бағдарламасы;

Психопрофилактика жүйесіне мыналар енеді:

Жасырын және айқын психологиялық проблемалардың себептері жайлы мәліметтерді жасауға негіз болатын, баланың даму ерекшеліктері туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған диагностикалық коррекциялау жұмысы; дамытушы немесе коррекциялық-профилактикалық бағдарламаның нақтылы мазмұны мен амалдары таңдалып алынады;

1) кеңес беру — жағымсыз тенденцияларды жою және дамудың психологиялық сәтті болуын қамтамасыз ету мақсатымен келеңсіз мінез-құлықтардың себептерін, белгілі бір жасөспірімнің немесе балалар тобының қиыншылықтарын бірігіп (тәрбиешілермен, мұғалімдермен) анықтап, талқылау;

2) ағарту — девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің дамуындағы, іс-әрекетті меңгеруіндегі, қарым-қатынас жасауындағы нышанды қиыншылықтардың болуының алдын алуға мүмкіндік беретін ақпараттарды уақытында таратуға бағытталады

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің құрдастарымен қарым-қатынас жасауы оның осы уақытта «дұрыс ересек адаммен» қарым-қатынасы бар болса ғана мұның тиімді болатынын ескерген жөн. Дәл осы қарым-қатынас арқылы құрдастарының ортасында қалыптасқан құндылықтарды тексеріп, түсінуге болады. Бала үлкен адаммен қарым-қатынас жасаған кезде ғана, нақтылы қоғам мен әлеуметтік ортаға тән өнегелі идеалдар мен құндылықтардың жүйесін біртұтас меңгереді.

Педагогикалық ұжымға психологиялық көмек көрсету мақсатымен семинарлар, жаттығулар ұйымдастырылады. Педагогтар мен психологиялық жұмыс, педагогикалық жағдайларды, айналасындағыларды және өздерін дұрыс бағалауды мақсат етіп, оларда рефлексивтік мінез-құлықты дамытуға бағытталған.

Мінез - құлқында ауытқушылығы бар жасөспірімдер әлеуметтік дамуының ауытқуларымен қатар, оқу үлгерімінің нашар болуы, танымдық қызығушылықтардың болмауы, оқуға үстірт қарау тән болады. Олар үшін оқу өмірлік маңызға ие болмағандықтан, оларға педагогикалық ықпал жасау, көптеген кезде, қажетті нәтижелерге әкелмейді. Мұғалім жұмыс барысында оларды білімді меңгерудің рационалдық тәсілдеріне - оқылатын материалды

логикалық өңдеуге, басты ойды анықтауға, салыстыру, талдау, қорытындылау операцияларына, өзіндік тұжырымдар жасауға, ой операцияларын тасымалдауды жүзеге асыруға — үйретуі керек [66.43].

Алайда, алдымен танымдық қызығушылықтарды қалыптастыру қажет. Мінез - құлқында ауытқушылығы бар жасөспірімдер оқуға дұрыс қатынасын қалыптастырудың кезеңдері:

1.Білім алуға деген құштарлықты, танымдық қызығушылықтарды қалыптастыру;

2.Оқу еңбегінің қиыншылықтарына тойтарыс беруді үйрету;

3.Рационалды оқу еңбегінің іскерліктерін меңгерту;

4.Оқу еңбегіне деген дұрыс қатынасты қалыптастыру.

Сонымен, мінез-құлықтың бұзылуының жүйелік сипаты РЦТП тәрбиеленушілерін ақтаудың кешенді бағдарламасының жүзеге асырылуын меңзейді.

Жас адамдардың ауытқушылықтың мінез-құлықтарының мағынасына қатысты әр түрлі ғалымдардың көзқарастарына талдау жасай отырып, біз мұндай мінез -құлықты қоғамдағы, әлеуметтік ортадағы, жан-жағындағы, топтағы әлеуметтік - рухани нормалар мен құндылықтардағы ауытқулар, осы нормалар мен құндылықтарды қалыптастыру мен меңгерудегі, сондай-ақ адамның осы қоғамдағы өзіндік белсенділігі мен өзін - өзі көрсетуіндегі ақаулар түсінеміз[6].

Девияция басты көрсеткіші болып қоғамда қабылданған әлеуметтік-рухани нормалардың күйзеуі болып саналады. Әлеуметтік-рухани норма дегеніміз адамдардың, әлеуметтік топтардың немесе ұйымдардың нақтылы қоғамға қатысты тарихи қалыптасқан мінез-құлқындағы мүмкіншіліктерінің өлшемі, шектеуі болып табылады. Бір формалар күйзеліп және екінші біреулері толықтай қалыптаспаған қазіргі қайта құру жағдайындағы қоғамда нормаларды түсіндіру, қалыптастыру және оларды қолдану өте күрделі жұмыс.

Психодрамалық әдістер «қазір және осында» әрекеттік жүйесіндегі уақыт-кеңістігіндегі құрылымды құрастыруға мүмкіндік берді. Оқушылар бұл жүйеге өткенді, бүгінгі мен келешектегіні енгізу арқылы, өздерінің жеке тәжірибелеріне сүйене отырып, өткен мен келешектегіге тікелей араласа алатын болды. Осының салдарынан олардың жағдайды қабылдауы өзгеріп, мінез-құлықтары жағдайға сай болып қалыптаса бастады.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Власова Т.А., Певзнер М.С. Учителю о детях с отклонениями в развитии. М., 1973, 158 с.

2.Неймарк М.С. Психологический анализ эмоциональных реакций

3.школьников на трудности в работе // Вопросы психологии личности школьника. -М., 1961 - 255 с.

4.Овчарова Р.В. Профилактика отклонений в поведении. М., 1993, 60 с.

5.Братусь Б.С. Психология, клиника и профилактика раннего алкоголизма. – М., 1984, 150 с.

6.Братусь Б.С, В.И.Павленко. Соотношение структуры самооценки и целевой регуляции деятельности в норме и при аномальном развитии // Вопросы психологии - М., 1986. №4. 46 с.

7.Джемс У. Психология. – М., 1991. 70 с.

Аманбаева Д.С.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы,

2 курс студенті М.Б.Болат

**Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.**

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТІК- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ал бүгінгі күні мұғалімнің басты мақсаты-өзіндік адамгершілік құндылықтарын бала бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарын дамыту. Жас ұрпақтың бойынан тауып дамытып немесе оған сіңіруді арман етіп отырған адамзаттық асыл қасиеттердің жиынтығын алдымен мұғалім өз бойынан тауып алмай, оны жарыққа шығаруға әрекет етпей, оларды баламен қарым-қатынаста шынайы түрде іске асырмай, ата-ана, қоғам, тіпті болашақ алдындағы жауапты ісін өз деңгейінде атқара алуы мүмкін емес. Өйткені мұғалімнің коррекция сабақты ұйымдастырар алдындағы жауапты ісіне деген құштарлығын оятатын, бойындағы бар қабілет мүмкіндігін жарыққа алып шығатын күш-осы адамгершілік құндылықтар.

Тәрбие - өте нәзік, күрделі процесс. Бұл сыртқы әсер етудің де, ішкі күштердің де ықпалымен өтіп жатады. Барлық сыртқы әсерлер мен ықпалдар әрбір жеке адамның даралық өзгешеліктерін сипаттайтын ішкі жағдайлармен орайласады. Басқаша айтқанда, сыртқы жағдайлардың оқушыларға ықпал етуінің нәтижесі бұларға олардың қалай қабылдайтындығында, яғни әрбір баланың психикасында болып жатқан ішкі процестерге түгелдей және толығымен тәуелді болып келеді[2].

Сынып жетекшісінің өз оқушыларының үй жағдайларымен танысуы, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатуға, олардың педагогикалық білім дәрежелерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Сынып жетекшісі жұмысының негізгі міндеттері:

-сыныптағы оқушылардың талап-тілектері мен мүдделерін және олардың жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу.

- сыныптағы оқушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы, ұжымға ұйымдастыру.

-сыныптағы пән мұғалімдері мен мектеп әкімшілігінің және оқушылардың ата-аналарының тәрбиелік ықпалын үйлестіру, оқушыларға қоятын педагогикалық талаптардың бірлігін қамтамасыз ету.

-тәрбие үрдісінде мектептің, отбасы мен жұртшылықтың тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету.

-оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыс жасап, отбасыдағы бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық оқу, насихат жұмыстарын жүргізу.

-оқушыларды тәрбиелеуде сынаптан және мектептен тыс әралуан тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.

- тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету. тәрбие қызметінің тұтастығын, жүйелігін, тәрбиелік шаралардың бірлігін қамтамасыз ету.

-тәрбиенің негізгі бастауы-ұлттық тәлім-тәрбиені сынып жетекшісі қызметінің маңызды компоненттерінің бірі ретінде қарастыру[3].

Сыныпты тұңғыш рет қабылдай отырып, оқушыларға жақсы тәрбие беру міндеттерін қоғамдық мақсатқа сай жүргізуде жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында ол олардың бойы мен көзінің көру дәрежесін, құлағының есту қабілетін, тәртіптілігі мен достық байланыстарын, мінез-құлықтарын, темпераментінің негізі ерекшеліктерін, ұйымшылдығы мен белсенділігін, мәдениеттілігін, сыныптағы саяси-моральдық климаттың сипатын т.б. мәселелерді анықтайды. Оның нәтижесі оқу тәрбие үрдісінің сапасын арттыруда берері мол.

Сыныпты жаңадан қабылдап алғаннан кейін, оның жетекшісі зерттеуді оқушылардың құжаттарымен танысудан бастайды. Оқушыларға жазылған мінездемелер, жылдық баға қорытындылары, сынып жиналыстарының хаттамалары, денсаулықтарына қатысты анықтамалармен толық танысқаннан кейін, өзінен бұрынғы жетекші немесе бастауыш сынып мұғалімімен әрбір оқушы туралы толық мәлімет алады.

Оқушының жеке басын танып білуде, оның оқу әрекеті мен қоғамдық жұмыстарының атқаратын қызметі ерекше. Себебі, оқушының оқу әрекетінде оның оқуға деген ынтымағын, психикалық үрдістерін коррекция сабақтар жүйесіне қатысу арқылы анықтайды, ол өз алдына оқытудың сапасын арттыруға сай шараларды белгілеуге мүмкіндік туғызады.

Оқушыларға нәтижелі тәрбие беру ісі тек оқу әрекетін дұрыс ұйымдастырумен ғана шектелмейді, оқушылардың өздерін қоғамдық пайдалы істерге белсенді араласуында көздейді. Оқушылардың қоғамдық пайдалы істерін ұйымдастыру барысында оқушының не нәрсеге қызыға қарайтынын, не нәрсеге икемі барлығын, нені қалайтынын зерттеп біледі. Зерттеуді жүйелі

ұйымдастыру барысында пән мұғалімдері мен оқушылардың ата-аналарымен әңгімелесудің де берері мол.

Ата-аналармен әңгімелесу-оқушылардың үйдегі өмірі мен еңбек жағдайын, отбасыдағы туыстарымен қарым-қатынасын, бос уақыттарын қалай өткізетіндіктерін, үй тапсырмаларын орындаудағы белсенділігі мен жауапкершілігін анықтап білуге ықпал етеді.

Сынып жетекшісінің өз оқушыларының үй жағдайларымен танысуы, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатуға, олардың педагогикалық білім дәрежелерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Сонымен, К.Д.Ушинский тұжырымдағандай «Егер педагог адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда ол, ең алдымен оны барлық жағынан білуі тиіс»-деген. Н.К.Крупская: «Педагогтар педагогиканың негізгі ережесін жиі ұмыта береді: баланы тәрбиелеу үшін жалпы балаларды және соның ішінде тәрбиелеп жүрген балаларды өте жақсы білу керек».

Балаларды осылайша білместен, тек қана тәрбие емес, сонымен бірге оқу жұмыстарын шындап ұйымдастыруға болмайды, балаларды білместен балалар ыңғайын табуда жаттандылық жолына түсіп кету оңай, -деп мектеп өміріне қатысты шындықты жазады. А.С.Макаренко: «Тәрбиеленушіге байқап білудің нысаны ретінде емес, тәрбие берудің нысаны ретінде қарауы керек»-деп оқушыларды жан-жақты білумен қатар, оны тәрбиелік ықпалмен ұштастыру қажеттігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1.Адилгазинов Г.З. Теоретические основы совершенствования подготовки учителя к управлению педагогическим процессом в малокомплектной школе. Дисс., докт. пед наук Алматы, 2002. – 258 с.

2. Сақтағанова Т.С. Өркениетті білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет // Мектептегі психология, 2006, №2. – Б.16

3.Аязбекова Г. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің үлгі ережесі. Астана, 2005. – 178 б.

**Болтайханова Т.Ж., бастауыш мұғалімі,
Кенжебекова М.А., биология пәні мұғалімі,
Умбетова А.Е. география пәні мұғалімі
«Ортадересін жалпы білім беретін мектебі» КММ, Ақтоғай ауданы**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда жаһандық жылыну үрдісі қоршаған ортаға орасан зор қауіп төндіріп келе жатыр. Жаһандық жылыну және Қазақстан үшін жаңа экономикалық нақтылық туралы айтар болсақ, қазіргі әлемде экономикасы дәстүрлі аграрлық салаға бейімділіп, артта қалып қойған мемлекеттен бастап, ғылым мен техниканың барлық соңғы жетістіктерін жетік игерген қуатты индустриалды державаларға дейінгі даму деңгейі ала-құла мемлекеттер бар

екендігі белгілі. Ал Қазақстан болса, дамушы елдердің қатарына жатады әрі «Қазақстан-2050» стратегиялық жоспарын жүзеге асыру арқылы барынша дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат тұтып отыр. Қазақстанның дамуына бағытталған барлық жоспарлар мен бағдарламаларды жүзеге асыру жұмыстары әлемдік экономикадағы ортақ ахуалмен байланысын үзбестен орын алып жатқаны сөзсіз. Айта кетерлігі, 2000 жылдардың басынан бергі қарқынды экономикалық өсім әлемдік нарықтағы мұнай бағасының көтерілуімен және біздің елімізде қара алтынды өндіру көлемінің артуымен қамтамасыз етілген еді.

Қазіргі уақытта мұнай бағасы айтарлықтай төмендеп, соңғы жылдың ішінде шамамен 4 есеге құлдырап кетті. Әрине, мұның барлығы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімнің бұзылуынан орын алып отырғандығы белгілі. Бұған қоса, қара алтын нарығы барынша сезімтал келеді. Сондықтан да таяу жылдардың ішіндегі ахуал түбегейлі өзгеріске ұшырауы мүмкін деген болжамға сүйенуге тура келеді. Дегенмен, әлемдік экономикадағы үрдіс мынадай: мұнай, газ, сонымен қатар көмір алдағы ұзақ мерзімді болашақта экспорттаушылардың негізгі өнімі ретінде тапшылықсыз өмір сүрудің кепілі болып қарастырыла алмайды [1].

21 ғасыр ішіндегі температураның өсу мүмкіндігі эмиссияның ең төменгі мөлшерінде 1,1-2,9 градус, ал ең жоғары эмиссия кезінде 2,4-6,4 градус аралығында болуы мүмкін. Жаһан жылынуының нәтижесінде барынша ең жоғарғы температура белгіленеді, Жер шарының барлық өңірлерінде ыстық күндер саны артып аязды күндер саны қысқарады. Бұған қоса, құрлықтық аудандардың басым бөлігінде жылу толқыны жиі орын алып, температураның таралуы қысқарады. Халықаралық энергетикалық агенттің соңғы баяндамасында энергия тасымалдаушыларға сұраныстың төмендеуі қыстың жылы болып басталуымен байланысты екендігі айтылған. Жылынуудың нәтижесінде 2016 жылы мұнайға деген сұраныс тәулігіне 95,8 млн. баррельден 95,7 млн. баррелге дейін төмендеді. Бұл үрдіс Жердегі климаттының жылына түсуіне байланысты күшейе түсіп, энергия тасымалдаушы елдердің экономикалық дамуына кері әсерін тигізетіндігі анық. Бірақ, жаһандық жылынуға қармастан-ақ мұнай, газ және көмірге деген сұраныстың күрт төмендеуі де орын алуы мүмкін. Өйткені, өнеркәсібі дамыған және аталған тауарлардың негізгі тұтынушысы саналатын елдердің басым бөлігі ұйымшылдықпен парникті газдар шығарындыларын төмендету үшін көп күш-жігер жұмсауда. Қоршаған ортаны қорғауға қатысты заңдар Жаһандық жылынудан өзге, қоршаған ортаны қорғау және экология мәселелері бүгінгі таңда жер шарындағы әр елді алаңдатып отыр. Соның ішінде Қазақстан да оған барынша алаңдаушылық танытуда. Қазіргі кезде бұл тұрғыда атқарылып жатқан жұмыстардың бір парасы ретінде - ел экологиясын жақсартуға бағытталған заңдардың қабылдануын атап өтсек. Атап айтқанда, Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жағдайы бойынша жыл сайынғы ұлттық баяндама шығарылады. Сенаттың жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Аталған заң жобасының мақсаты ұлттық экологиялық заңнаманы Орхус конвенциясына сәйкес келтіру болмақ. Қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау процесіне және әділсотқа қол жетімділікті іске асыру туралы конвенцияның (Орхус конвенциясы) негізгі функциялары қоршаған орта саласындағы мәліметтердің ақпараттық қорын қалыптастыру болып табылады. Бұдан бөлек, ақпараттарды қолдану мен жеке және заңды тұлғалардың сұрауы бойынша экологиялық ақпарат ұсыну қамтамасыз етіледі. Заң жобасына сәйкес парниктік газ шығарындыларына квота белгілеу, беру және өзгерту мәселелері бойынша Экологиялық кодекске өзгерістер енгізу күтіледі. «Заң жобасы аясында қоғамдық есеп берулерді өткізу процедураларына өзгерістер енгізіліп, қоршаған ортаның жағдайы және табиғи ресурстарды пайдалану туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама әзірлеу қарастырылады. Сонымен қатар, экология саласында мемлекеттік органдар тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің саны қысқарады. Бұдан бөлек, құрлықтық қайрандарда табиғатты пайдалану құқығын жүзеге асыру барысында мемлекеттік шекараны кесіп өтудің кейбір мәселелері реттеледі. Сондай-ақ, заң жобасында ілеспе газдарды жағу саласындағы мемлекеттік органдардың бірқатар функцияларын орындауды оңтайландыру қарастырылған. Тұтастай алғанда, заң жобасымен «Жер қойнауы туралы», «Жер қойнауын пайдалану туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр[2].

Арал, Каспий мәселелері. Еліміздегі экологиялық проблемалар дегенде ең алдымен есімізге Аарл мен Каспий теңіздерінің жай-күйі түсетіні анық. Оны шешу мақсатында бірқатар шаралар қолға алынуда. Соның бірі ретінде айта кетсек, енді Каспий маңы мемлекеттері теңіздің мұнаймен ластануына қарсы бірлесе күресетін болады. Бұл тұрғыда Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комиттетінің кеңейтілген отырысында «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өңірлік әзірлік, ден қою және ынтымақтастық туралы хаттаманы ратификациялау туралы» ҚР Заңын талқыланды. Заң жобасына сәйкес Каспий маңындағы мемлекеттер теңіздегі мұнайдың төгілуіне және басқа да оқиғаларға байланысты ақпараттармен алмасатын болады. Бұдан бөлек, төтенше оқиғалар орын алғанда оған ден қою мақсатында өңірлік жоспарлар жасалады. Аталған Конвенцияға Каспий маңы мемлекеттерінің, атап айтқанда Әзербайжан, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан, Ресей уәкілетті өкілдері 2011 жылы Ақтау қаласында қол қойған. Хаттаманың мақсаты Каспий маңы елдерінің мұнайдың төгілуіне байланысты тосын оқиғаларға ден қоюға әзірлігін қамтамасыз ету бойынша бірлескен қажетті шараларды қабылдау болып табылады. Сонымен қатар, теңіз маңындағы әрбір мемлекет мүмкіндігінше арнайы техникалардың ең аз санымен қамтамасыз етілуге міндетті болды. Сондай-ақ, егер басқа тараптар сұрау салғанда ондай

техникаларды ұсыну және мұнай төгілумен байланысты төтенше жағдайларды жоюға Каспий маңы мемлекеттерінің барлық ұжымдық күшін пайдалану мүмкіндігі қарастырылады. «Тұтастай алғанда, аясында Каспий маңы мемлекеттері теңіздің мұнаймен ластануына, қатысты ірі оқиғаларға, онымен күрес бойынша жаңа технологияларға қатысты ақпараттар алмасатын болады. Ақтау хаттамасы бұндай оқиғалар барысында теңіз маңындағы елдердің бірлесе ден қоюын қарастырады. Хаттаманы ратификациялау Каспий теңізі мұнаймен ластанған жағдайда өңірлік шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді». Геоботаникалық зерттеу және ғарыш түсірілімдерін шешуді қамтитын далалық зерттеу жүргізіліп, Арал теңізінің құрғаған түбіне егілген өсімдіктердің картасы жасалды». 1 метр кеңістіктік рұқсатпен KazEOSat-1 серігінен ғарыш түсірілімдерін пайдаланып, бұл жұмыстардың нәтижесі бойынша 1988 жылы егілген сексеуіл көшетінің жай-күйін анықтадық. Бұдан өзге, биыл қазақстандық ғалымдар Арал теңізін зерттемек. Қазақстан Ұлттық географиялық қоғамы осы жылдың жазында Арал теңізінде ғылыми экспедиция ұйымдастыруды қолға алуда. «Қазақстан тәуелсіздігін алғанда Арал мәселесі ауқымды болатын, National Geographic сол кезде Арал және оның проблемалары жөніндегі экспедицияларымен жарияланымдар жасаған [3].

«Жасыл экономика» және «жасыл экология». Әлем қарыштап дамыған сайын, «жасыл экономика» және «жасыл экология» тәрізді таза экология бастаулары көптеп жүзеге асырылуда. Еліміз де бұл үрдістен тысқары қалып жатқан жоқ. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда талқылап, құжатты қабылдады. Заң жобасы ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын іске асыруға бағытталады. Осы бағытта қолданыстағы бірқатар заңнамаларға өзгерістер енгізу көзделіп отыр. Атап айтқанда, Жер және Су кодекстеріне нысаналы көрсеткіштер мен стандарттарды әзірлеу арқылы су объектілерін қорғауды жақсарту нормалары ұсынылады. Су сапасын арттыру, ауыз сумен жабдықтауды бақылау күшейтілетін болады. Бұдан бөлек, қайта өңдеу және қалдықтардан жасалатын пайдалы материалдарды қайталама пайдалануды кеңінен қолдану шараларын ынталандыру қаралып отыр. Бұл ретте қайтадан пайдаланылатын шикізатты қолданған тауарларға басымдық беріліп «жасыл сатып алулар» тетігі енгізіледі. Сонымен қатар жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштері бекітіліп, уәкілетті органның жаңартылатын энергия көздері секторын жоспарлы түрде дамыту шаралары қамтылады. Су саласындағы нормативтерді жетілдіруге, өндірушінің жауапкершілігін кеңейту қағидаттарына бағытталған өзгертулер енгізді. Сонымен бірге, шығарындылардың жекелеген түрлерімен жұмыс бойынша экологиялық талаптар мен стандарттар жетілдіріліп, көмір кендерінен метан өндіру жобаларына қатысты инвестициялық преференциялар ұсыну, Каспий теңізіне экологиялық мониторинг жүргізу секілді мәселелер де қамтылған.

Сонымен қатар, енді Қазақстанда «Жасыл сатып алулар» тетігі енгізіледі. Атап айтқанда, Жер және Су кодекстеріне нысаналы көрсеткіштер мен стандарттарды әзірлеу арқылы су объектілерін қорғауды жақсарту нормалары ұсынылады. Су сапасын арттыру, ауыз сумен жабдықтауды бақылау күшейтілетін болады. Бұдан бөлек, қайта өңдеу және қалдықтардан жасалатын пайдалы материалдарды қайталама пайдалануды кеңінен қолдану шараларын ынталандыру қаралып отыр. Бұл ретте қайтадан пайдаланылатын шикізатты қолданған тауарларға басымдық беріліп «жасыл сатып алулар» тетігі енгізіледі. Сонымен қатар жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштері бекітіліп, уәкілетті органның жаңартылатын энергия көздері секторын жоспарлы түрде дамыту шаралары қамтылады [4].

Халықтың саулығы экологиялық мәселемен тікелей байланысты болғандықтан, оны ескеру аса маңызды. Десек те, жоғарыда айтылған материалдардан байқағанымыздай, халықты сенбіліктерге жұмылдырудан өзге, әсіресе, жас ұрпақтың бойында туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін оятатын шараларға тарта түсу қажет. Сонымен қоса, ауаны зиянды шығарындыларымен ластайтын өндіріс ошақтарының жауапкершілігін арттыруда да жұмыстар атқарылуы тиіс. Ал табиғаты - кемел, өзен-көлдері - көркем, паң таулары - кербез еліміздің өсімдіктері мен жан-жануарлар дүниесін қорғау ісі бұдан әрі де жетілдіріліп, жалғасын таба беруі тиіс.

Әдебиетер:

1. Асқарова Ұ. Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау, Алматы – 2014
2. Бродский А. К. Жалпы экологияның қысқаша курсы, Алматы, 2008
3. Баешов А. Таза су проблемалары, Алматы, 2013
4. https://www.inform.kz/kz/sholu-kazakstandagy-ekologiya-zhane-korshagan-ortany-korgau-maseleleri_a2918180

Жилкибаева М. С.

тарих пәні мұғалімі №68 мектеп-интернаты КММ

Айқынбаева М. А.

өзін өзі тану мұғалімі №68 мектеп-интернаты КММ

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

Бүгінгі күні жаһандану жағдайында өркениеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы ретінде шығармашылық сипаттағы білімнің орны үлкен. Оны өлшем ретінде қабылдауымыздың себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты. Себебі әлемдегі ғажайып жаңалықтарды өзі білім, білікті

шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен, оны ізгі мақсаттарға сәйкес қолданып, жаңаны табумен мүмкін болады.

Мектептегі жас ұрпақтың ақыл-ойы, рухани дамуының негізі – оқылатын пәннің мазмұнына, оқу-тәрбие жұмысының мақсатқа сәйкестігі мен меңгеретін ғылыми білімдер жүйесінің шығармашылық сипатына байланысты.

Білім беру саласындағы реформалар бір жағынан әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендеуге ұмтылса, екінші жағынан ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарға сай өзіндік бет бейнесін сақтауды көздейді.

Қазіргі кездегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығы мен шығармашыл тұлғасын қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтың артуы осы міндеттерді шешудің бағдары ретінде қарастырылып отыр.

«Парадигма» латын тілінен аударғанда «үлгі» деген мағынаны білдіреді. Ал қазіргі педагогикада білім берудің концептуальдық моделі ретінде қолданылып келеді. Білім беру парадигмаларының көптеген түрлері бар. Кейбір ғалымдар білім беру парадигмаларының көптүрлілігін педагогикалық өркениетке байланыстырады, адамзат қоғамы көптеген сатылардан: табиғи және репродуктивті-педагогикалық өркениеттен өтіп, креативті-педагогикалық өркениетке енуде деген пікірлер айтылуда. Бұл педагогикалық өркениет мұғалім іс-әрекетінің жаңа қырларын аша отырып, кәсіби педагогикалық сапалары мен қызметтерін түбегейлі түрде жаңартуды талап етеді. Бұл ізденістердің жарық жұлдызы ретінде педагогикалық парадигма, яғни адамзат қоғамының әлемдік әсер тәсілдерін меңгеруі мен педагогикалық ой-өріс пен қарым-қатынастың онтологиялық және жеке аспектілерін қамтитын жүйесі ретінде алға шығады.

Антропологиялық, археологиялық мәліметтер бойынша, алғашқы кезеңде «педагогикалық іс-әрекет» ересектер мен бала өмірінің тұрмыстық қарым-қатынасына негізделді. Қоғамның әрбір мүшесі тіршілігін сақтау үшін білім, білік, дағды, өмір сүруге қажетті қатынастарды білуі және оны кейінгілерге үйретуін қажет етті. Табиғи педагогика алғашқы қоғамдық құрылысқа сәйкес болды. Табиғат пен адам ақпараттық байланыс ретінде қарым-қатынаста болып, адам еңбек іс-әрекеті нәтижесінде өмір сүру дағдылары қалыптаса бастады, іс-әрекет инстинг арқылы реттеліп отырды.

Кейінірек жыныстық ерекшеліктер, еңбекке үйрену, дене дамуы мен отбасындағы қызмет ету әрекеттерін меңгеруге байланысты адамзат өзінің даму жолында репродуктивті-педагогикалық өркениетке аяқ басты. Оның ерекше белгісі – арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс құралдары арқылы іс-тәжірибені «әкеден-балаға» мақсатты түрде үйрету болды. Адамзат қоғамы ақпаратты ұрпақтарына жалғастыру тәсілдерін, біліктері мен білімдерін жетілдірудің жаңаша жолдарын іздестіруге, ойлап табуға бет бұра бастады. Алғашқы қоғамдағы адамдардың тасқа қоршаған әлем жөніндегі өз түсініктерін бейнелеуі, өмірлік тәжірибелерін сипаттайтын, оны үйретуде

таңбалар мен символдарды пайдалануы адам дамуының ілгерушілік сипатын көрсетті.

Қазіргі уақытта адамның әлемдік тануы мен өзін-өзі тануындағы қасиеттері «жансыз» табиғатпен алмасып отыр. В.С. Кукушиннің пікірінше, адам мен табиғаттың арасында «дидактикалық қабырға» пайда болды, оның өткізгіштігі «ақпараттық тазалық» дәрежесінің әр түрлілігіне байланысты.

Жылдан-жылға ақпарат ағымдары мен қорларының қарыштап өсуі адамзат баласын табиғаттан алшақтатып, “өлі табиғатпен” қатынасын нығайта түсті десе де болады. Репродуктивті-педагогикалық өркениет шеңберінде білім беру өлшемдері мен оның мазмұнына қойылатын талаптарды, шарттарды өзгерту туралы сөз қозғалды. Ғалымдар адамның космо-био-элеуметтік феномен ретіндегі қасиеттерінің сақталуына, оқыту мен тәрбиелеу міндеттеріне көңіл аудару қажеттігіне тоқталады.

Дегенмен, табиғи, әсіресе, космостық бастаулардың кейінгі жоспарға қалдырылуы, білім беру мазмұнының тереңдігінен адамда қорғаныш механизмдерінің пайда болуы көрініс берді. Бұл репродуктивті-педагогикалық өркениеттің ішкі ресурстары таусылып, алға қарай креативті-педагогикалық өркениетке қадам жасау қажеттілігін көрсетеді. Демек, «Адам-Космос» жүйесіндегі біртұтас ақпараттық-энергетикалық механизмдерді игеру қажеттілігіне орай, рефлексивті мәдениеттің дамитындығын болжауға болады. Мұның нәтижесінде «Адам-Адам» жүйесіндегі түрлі деңгейдегі қайшылықтар шешіліп, «Адам-Табиғат» жүйесінің экологиялық жайлы формалары түзіледі.

«Креативті-педагогикалық өркениет кезінде субъект-объект бірлігіндегі адамзат тәрбиесінің біртұтастығы, инновациялық тәжірибені бағалау мен талдау арқылы әр индивидті табиғи педагогикалық іс-әрекетке әкеледі. Іс-шаралар педагогикасы тұрмыстық педагогикасына орын береді. Философиялық түсініктегі “шығармашылық мектеп” кезеңі басталады», - дейді В.С. Кукушин.

Бірақ білім беру парадигмаларының бірінен-бірі артық, не қалыс қалған түрлері болмайды. Олар өз кезеңіндегі әлемді түсіну мен педагогикалық нысандардың мәні, оқу-тәрбие процесінің құрылымына байланысты болады.

А.Е.Әбілқасымова пікірінше, қазіргі кезеңдегі «білімді адам» (білім, білік, дағдыны меңгерген) парадигмасының «өмірлік іс-әрекеттерге дайындалған адам» парадигмасына ауысуда, яғни белсенді, шығармашылық ой-санасы қалыптасқан, өзін-өзі дамытатын, интеллектуалдық тұрғыда өзін жетілдіретін адамның қалыптасуы.

Ш. Таубаева өз зерттеулерінде «парадигма» түсінігінің философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыда саралануын зерделейді, ол жалпы орта білім беру жүйесінің даму тенденциялары қоғам дамуының «Мәдениет-Білім-Тарих» атты микропарадигмасы, педагогика ғылымы мен білім берудің қалыптасушы жаңа әдіснамасы аясындағы білім берудің жаңа парадигмасы пәнаралық түсінігі тұрғысынан мұғалімнің зерттеушілік мәдениетінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындайтын бағыттар ретінде ашып көрсетеді. Парадигма мәнінде зерттеушілік қана емес, практикалық та

міндеттердің шешімін табу мақсатында қолданылатын модель және де әсіресе, практикалық мәселеге де тұрақты түрде ден қоятындығын атап өтпеуге болмайды. Осыған байланысты білім беру стратегиясы немесе базалық модель ретінде оқыту жүйесін жобалауға көзқарас, негіз, идея мәнінде түсіндірілетін білім беру (тәрбиелеу) парадигмасы ұғымы қолданылады.

В.А.Сластенин әлеуметтік педагогқа қойылатын талап ретінде төмендегіні көрсетеді: өзінің жұмыс нысаны болып табылатын тұлғаның жеке құндылығын, оның қайталанбас ерекшелігі мен шығармашылық мыңыздылығын түсіну; таңдалған мамандықты саналы түрде сезініп қабылдау; көптеген жүйкелік және психикалық шыңындардың болуын ескерту; өзімен тұрақты жұмыс істеуді талап ететін кәсіби қызметініңшығармашылық табиғатын ұғыну қажет.

Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтың көптеген қызметінің бір саласы – отбасымен жұмыс болып табылады.

Отбасымен жүргізілетін әлеуметтік педагогтың іс-әрекеті отбасындағы немесе тәлім-тәрбие мекемелеріндегі көмекке мұқтаж адамдармен жұмыс істеуге бағытталған. Әлеуметтік педагог отбасымен жұмыс істеу барысында «жеке тұлға-отбасы-қоғам» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастарды реттеп отырады. Осы қағидалар отбасы мен балаларға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Әр баланың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын терең зерттеу оларды келекшек қорғап, қамқорлыққа алуға септігін тигізеді.

Сондықтан мектепте аз қамтылған отбасы оқушыларының әлеуметтік картасы жасалады. Осы карта бойынша аз қамтылған, көп балалы отбасы, жетім, толық емес отбасы, жұмыссыз отбасы есепке алынады. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі мүгедек оқушылар да назардан тыс қалмауы керек. Білім мекемесіндегі әлеуметтік педагог мұндай балаларға жоспарлы түрде материалдық және рухани көмек ұйымдастырады.

Оқу тәрбиесінде және қарым-қатынасында қиыншылығы бар оқушыларды әлеуметтік-педагогикалық көмекпен қамтамасыз етуді ұйымдастырады. Сондай-ақ, оқушының отбасылық тәрбие жағдайын анықтап, жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларына көмек көрсетуді ұйымдастырып, баланың жеке дамуындағы ауытқуларының алдын алып түзету жұмыстарын жүргізеді.

Дәстүрлі педагогикалық білім мазмұны негізінен танымдық сипатта беріліп келді. Оның дидактикалық-әдістемелік бөлігін құрайтын жаттығулар, сұрау-тапсырмалар сол танымдық материалды меңгеруге қызмет ететін мақсатта құрылатын. Ендігі жерде жаңа ХХІ ғасыр педагогикасының философиясы мүлде өзгеше парадигманы қажет етуде. Мұнда білім беру процесінің объектісі бұрынғыдай тек білім, яғни оқу материалы ғана деп қаралмайды. Білім беру процесі, ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, мынадай міндеттерден түзіледі: оқушының интеллектуалдық-танымдық, психологиялық, шығармашылық іскерлік сапаларын, өз бетінше оқу әрекетшілдігін, коммуникативтілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, эстетикалық, рухани-адамгершілік, экологиялық, дене мәдениетін т.б.

калыптастыру. Білім мазмұнын құрайтын оқу материалдары тұлға дамытушы мүддені түзуге тікелей қызмет ететіндей етіп құрылуы керек.

Күн тәртібіне қойылып отырған күрделі мәселелердің ішінде жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуді жана сатыға көтеріп, жан-жақты жетілген шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру өзектілігі артуда.

Педагогика ғылымының теориясы мен практикасына, білім беру жүйесінің дамуына жасаған талдаулар білім беру мен тәрбиедегі “тоқырау” кенеттен пайда болмағандығын көрсетеді. Бұл мәселе 80-жылдардың басында анық байқалып, бірте-бірте жандана түсті. Оның бастаулары 30- жылдардың басында көрініп, 70-жылдары жалпы орта білім беруді күрделі бағдарламалармен оқыту және постиндустриалды қоғамның қарқынды қалыптасу міндеттерін шешуге қабілетсіздігімен байқала бастады.

60-жылдардың орта тұсында “Кеңестік білім беру” әлемдік жағдайда алдыңғы орындарға жеткен болатын. Білімдік бағдарламалардың негізділігі, мектеп оқушыларының білім сапасының көрсеткіштері және жоғары, арнаулы орта, кәсіптік-техникалық білім беру масштабының өсуімен ерекшелене түсті.

Кейінгі уақыттарда бұл қарқындылық баяулап, білім беру жүйесіндегі динамизм бойынша Батыс елдерінің алдыңғы қатарлы және Шығыстың дамушы елдерінен ерекшеленуі тоқталды. Елдегі әлеуметтік-экономикалық қарама-қайшылықтар өсті, ал білім беру жүйесі сапалық өзгеріссіз немесе білім беру реформалары жүйесіз сипат алды.

Қоғамда күрделі процестер белең алып, нәтижелері тек 80-жылдардың ортасында анық көріне бастады. Экономиканың даму қарқындылығы баяулап, бұрынғы идеялогиялық бағдар көмескіленіп, әлеуметтік тұрақсыздық, адамдар арасындағы қарым-қатынас өзгерді, нәтижесінде адамгершілік-рухани құндылықтардың, өзара көмек т.б. сипаты өзгеріске түсті. Мұның өзі тәрбиелік қызметтің, әлеуметтік құндылықтардың толымсыздығына әкелді. Жастар қоғамдағы білім мен қабілеттің сұранысының болымсыздығын сезе бастады. Мәдениеттің, ұлттық дәстүрлердің, салт-сананың төмендеуі білім берудің тиімді саясатын жүргізуді қиындата берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Астана, 07.06.1999.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: Қазақстан 2002.
3. «Қазақстан - 2030» стратегиясы. 1997 ж.
4. Қазақстан Республикасының орта білімнің стандарты. Алматы. Атамұра – 1998. 135 б.
5. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың рухани адамгершілік сапасыны. Алматы: Ғылым. 1996. 240 б.
6. Крымский С.Б. Эпистемология культуры: Введение в обобщённую теорию познания – Киев. Дельта. 1993.377 б.
7. Кедров Б. М. Классификация наук – Москва. 1985.472 б.

8. Нысанбаев Ә.Н. Социокультурные и мировоззренческие основания развития современной науки - Алма-Ата, 1993.251 б.
9. Қасабеков А, Алтаев Ж. Қазақ философиясының тахына кіріспе» - Алматы «Ер-Дәулет. 1994. 377 б.
10. Алтаев Ж. А. Қазақ философиясындағы рухани сабақтастығы. ҚазҰУ хабаршы. Философия сериясы. – 2011. - № 2(37). – 29-32 б.

**магистрант 2 курса А. З. Ибраева,
Карагандинский университет им. академика Е. А. Букетова
г. Караганда**

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОЕКТНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩЕГОСЯ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

Прогрессивная образовательная система в Республике Казахстан располагается на пороге значительных высококачественных перемен, обусловленных необходимостями общества и страны и декларируемых на законодательном уровне.

Необходимость формирования школой главных компетенций и становления «вариативности образовательных программ, обеспечивающих индивидуализацию обучения», представлена в Законе РК «Об образовании в Республике Казахстан», а еще в иных документах, определяющих ближайшие возможности становления образования. В связи с этим одна из задач педагогической науки на современном рубеже - сконструировать и научно доказать главные абстрактные и научно-практические концепции, которые имеют все шансы быть примененными преподавателями в свежих критериях.

В философии категория «условия» трактуется как отношение предмета к находящимся вокруг явлениям, без которых она не имеет возможности существовать [1]. Ученые В.И. Андреев, В.А. Беликов, Н.М. Яковлева и др. определяют педагогические обстоятельства как совокупность объективных возможностей, нацеленных на увеличение производительности педагогических процессов и явлений. Таким образом, можно сделать вывод, что социально-педагогические обстоятельства - это преднамеренно разработанная амуниция (среда), где в тесном содействии представлены психические и педагогические моменты, содействующие формированию проектно-исследовательской зонам ответственности школьников в образовательном учебном заведении.

Для выявления педагогических критерий нужно принимать во внимание надлежащие моменты: общественная заявка общества прогрессивной школе в нюансе исследуемой проблемы; осознание сути, содержания и индивидуальностей процесса формирования проектно-исследовательской зонам ответственности школьников в образовательном месте современной

школы; основные идеи синтеза системного, личностно-ориентированного, деятельностного и компетентного раскладов.

Первым социально-педагогическим условием формирования проектной компетенции учащихся в сферах образовательного пространства школы является максимальное использование возможностей школы для обеспечения проектной направленности содержания образования, способствующего погружению учащихся в проектно-исследовательскую среду для наиболее полной реализации потенциала проектного обучения и активных методов исследования.

Нужно принимать во внимание, что инновационная работа в сфере образования вызвана необходимостью конфигурации содержания и организации образования и ориентирование на поиск свежих методик структурирования его системы.

Вследствие этого появляется новая предметность в научно-практической работе воспитателей - инжиниринг образовательного места, элементом которого считается перемена структуры образовательного места, таким образом, чтобы все образовательные учебные заведения трудились на реализацию ключевой задачи – формирование проектной компетентности школьников. Установлено, что ядром образовательного пространства средних учебных заведений, его структурно-функциональной единицей считается образовательная программа, вступающая во взаимодействие с другими программами, но и с образовательной системой в целом, определяющая ведущий вектор становления процесса обучения.

В данном случае образовательная программа составляется в согласовании с задачей формирования познаний школьников на базе проектной технологии изучения, содействующей претворению в жизнь универсальных учебных поступков в личной, коммуникативной, познавательной и регулятивной сферах, образующей базу для самостоятельной реализации учебной работы, обеспечивающей социальную удачливость, становление креативных возможностей, саморазвитие и самосовершенствование, с учетом образовательных потребностей и запросов членов образовательного процесса.

Как считает Н.А. Алексеев, «Долгое время рядом с системой общего образования существовал набор разрозненных воспитательных мероприятий, кружки, секции, факультативы, работа в которых никак не связывалась друг с другом. Теперь появилась возможность выстроить целостное образовательное пространство, в котором ученики смогут развивать свою творческую и познавательную активность, реализовывать личностные качества, демонстрировать способности, которые зачастую остаются невостребованными основным образованием...» [2]. Можно сделать вывод, что максимальный образовательный результат учебного заведения во многом зависит от эффективности сотрудничества отдельных субъектов образовательного пространства школы между собой и в том числе организациями, не входящими в систему образования, но непосредственно

или опосредованно участвующими в функционировании образовательного пространства: учреждениями культуры, научными институтами, промышленными предприятиями и др. Окружающий социум и система образования - две сферы, которые находятся в тесном взаимодействии и «выступают как необходимые условия взаиморазвития».

Использование системного подхода позволяет утверждать, что образовательное пространство представляет собой структурированное многообразие отношений между субъектами образовательного процесса. Активное взаимодействие субъектов образовательного пространства приводит к формированию «среды совместной деятельности», ее «отчуждению» от них, превращению ее в субъект образовательного пространства. При этом происходит формирование и оформление собственных целей образовательного пространства как системообразующего фактора [3]. Учитывая мнение ведущей массы исследователей, образовательное пространство средних учебных заведений подвержено диагностике и представляет из себя динамическую опосредованно контролируемую и изменяющуюся систему отношений молодых людей с окружающей средой[4].

Первым условием успешного формирования проектной компетентности является возможность применять выводы диагностики и динамический характер образовательного пространства средних учебных заведений, заполнить его таким содержанием, которое способствовало бы формированию нового знания на основе проектной деятельности.

Вторым условием успешного формирования проектной компетентности учащихся является формирование мотивации к проектной деятельности, через выстраивание образовательного пространства старшеклассников с учетом личных целей, задач, интересов, развития индивидуальных способностей для проявления себя в проектно-исследовательской деятельности и реализации ожиданий общества.

Выделение двух условий социально-педагогических обстоятельств обосновано деятельностным и личностно-ориентированным раскладами к организации проектно-исследовательской работы школьников, сформулированными в трудах психологов Л.С. Выготского, П.Я. Гальперина, В.В. Давыдова, А.Н. Леонтьева и др., которые надеются на максимально вероятное подключение обучающихся во всевозможные облики самостоятельной познавательной работы сквозь систему познаний, специально созданных средств изучения[5].

Проектный и исследовательский методы обучения позволяют применять разнообразные формы и методы работы учителя с учащимися, выступая часто средством «мягкой трансформации» классно-урочной системы и привнося в нее новые смысловые акценты, приоритеты и стимулы они создают условия для перевода учащихся и преподавателей на новый уровень сотрудничества в рамках проектно-исследовательской деятельности. Задача педагога -

стимулировать и поддерживать процесс интеллектуального творчества, обеспечить «погружение» учащихся в проективную среду.

Деятельность учащихся в социально-педагогических условиях проектно-исследовательского метода определяемого не только воздействиями учебно-методических материалов, модулей и других информационных ресурсов, раскрывающих логику учебного проекта через существенные цели, структуру и результаты проектной деятельности, но и развитием личностного опыта проектной деятельности в соответствии с познавательным выбором.

Интеграция процессов учения и исследования старшеклассника развивает освоенные общенаучные и проективные способы получения знаний конкретным содержанием специфики определенной научной дисциплины и ее инструментария, наполняет процесс получения знаний учащимися новым содержанием и формирует устойчивую мотивацию к нему.

Личностно-ориентированный подход, в корне меняет парадигму образования, поставив в качестве ведущей цели - содействие раскрытию потенциала ученика, его реализации и развитию. Доказано, что в сфере любой деятельности эффективность ее положительно и значимо взаимодействует с установкой личности на самосовершенствование и саморазвитие (И.Ф.Исаев, М.И. Ситникова и др.). Следовательно, можно сделать вывод, что направленность на саморазвитие - одно из социально-педагогических условий формирования проектной компетентности учащегося в процессе обучения в проектной деятельности [6].

В рамках выделенного нами социально-педагогического условия нас интересует мотивация ученика на саморазвитие в процессе проектной деятельности. Так в модели А. Маслоу данная мотивация представлена вместе с потребностью в самовыражении и потребностью в уважении и выступает в качестве ведущей в иерархии потребностей человека. Используя этот фактор, педагог получает практически неограниченные возможности в достижении образовательных результатов в целом и в формировании проектной компетентности учащихся в частности. Так, например, в ходе выполнения проектных работ, наибольшим интересом у старшеклассников традиционно пользуются темы «История моей семьи в истории моей страны», где у них есть возможность рассказать о вкладе своей семьи в общегосударственный исторический процесс и одновременно реализовать собственное видение данного процесса.

Третьим социально-педагогическим условием является создание научно-методического центра в образовательном пространстве школы для обеспечения развития научно-методических умений педагогов более успешной трансляции опыта проектной деятельности от учителя к ученику.

Сегодня педагоги осваивают авторские методики организации подачи учебного материала, разрабатывают сценарии использования учебного продукта в урочной схеме организации обучения или в процессе самостоятельной работы учащихся, конструируют собственные проекты

уроков с использованием новых учебных программ, что способствует процессу формирования компетентности учащихся в проектной деятельности.

Исходя из всего вышесказанного, можно заключить, что успешная реализация указанных социально-педагогических условий формирования проектной компетентности учащегося в процессе обучения позволит современной школе не только эффективно формировать проектную компетентность учащихся, но и значительно повысить уровень обученности учеников за счет возрастания их интереса к учебному труду, повышения их поисковой и творческой активности в процессе добывания самостоятельных знаний и подготовки проектно-исследовательских работ. А значит, наше общество и государство получит больше мотивированных, творческих и заинтересованных в своей деятельности личностей, осознанно подходящих к своему труду.

Литература

1. Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь / Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. М., 2001.
2. Алексеев Н.А. Личностно-ориентированное обучение: вопросы теории и практики / Н.А. Алексеев. Тюмень, 1997.
3. Пономарев Р.Е. Образовательное пространство как основополагающее понятие теории образования / Р.Е.Пономарев // Педагогическое образование и наука. 2003. №1.
4. Дерябо С. Д. Диагностика эффективности образовательной среды. М., 1997.
5. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии. СПб., 2002.
6. Педагогика и психология высшей школы/ Под. Ред. С.И.Самыгина. Ростов-на-Дону, 1998.

**Аға оқытушы, магистр С.С.Нурланова,
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.
Койманова К. Ш., Айнабекова Г. М. "№68 мектеп-интернаты"
КММ математика мұғалімдері**

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНДА АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың психологиялық ерекшеліктері бала еркінің дамып жетілмеуі оның өз іс - әрекетін, мінез – құлқын бақылап, басқарып отыруға кедергі болуға, яғни өзінің іс - әрекетіне қойылатын талап пен мінез – құлқын үйлестіре алмайды. Мұндай ерекшеліктер өте жас кезден байқалады. Және оның дегбірсіз қимылы, орынсыз айқайы, ұйқысының нашарлығымен сипатталады. Мұндай балалар төбелескіш, достарымен тату ойнай алмайтын, өркөкірек болады.

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың психикалық даму ерекшеліктерін іздестіріп, оларды әрі қарай өрістетуге үшін қалыпты дамыған балалардың психикалық даму заңдылықтарымен салыстыра отырып, зерттеу қажеттілігіне аударды.

Баланың жоғары дәрежедегі психологиялық қызмет деңгейінің де түрліше болатындығын ескерту керек. Баланың дамуы мен ойлау қасиеттері оның бүкіл өмір, өткен өмір кезеңдерде қалыптасқан заңдылық сияқты. Алайда бұл қасиеттер баланың бойынан бірден даяр күйінде аңғарылмайды.

Егер баланың бойындағы кемістігін аңғарып қалғандай болсақ, ондай олықылықтары қалайшы толтыруға болады және сол кемістіктерді бұдан былайғы даму кезеңдерін де жоюды жандандырудың әдіс - тәсілдерін іздестіруге қажет.

Осы орайда бала кемістігін қарапайым жаттығулар арқылы түзетуге болады.

Ал шетел психологтары бала психологиясы жайындағы көзқарасын терістейді. Өйткені адам психикасының дамуының жалпы заңдарын негізделген табиғи әрі міндетті құбылыс деп түсіндіреді.

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың психологиялық ерекшеліктерінде өзіндік бағалау әлі де болса мінез – құлық мотивінің үстемді түрінде көрінбейді. Бұл балалар өз іс - әрекеттеріне иек артпайды, жасаған кемшіліктерін көре бермейді. Оларды жөндеудің, қайталаудың жолдарын іздестірмейді, өзін басқалармен салыстырмайды [1].

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың психологиялық ерекшеліктері үшін жоғары деңгейдегі эмоционалды қозғалыстық тән екенін байқауға болады.

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың қажеттілігінде тежеулер әлсіз, өзінің талаптану, тілек – ықыласы сезіміне деген төзімділігі нашар дамыған, сол себепті көп жағдайларды олар ата - аналарының, мұғалімдердің, үлкендердің қоятын талаптарына қарсы шығып, дау - жанжал тудырып жатады. Бұл жастағы балалардың жеке басының дамуына ерекше көңіл бөлу қажет.

Әрине мұндай отбасыда тәрбиеленіп жатқан әр балада тыныштығы мен жайбырақаттығы, әлі қалыптасып үлгермеген психикасы бұзылады, яғни мінез – құлық бұзылады. Отбасының дұрыс құрылмауы, оның сәтсіз болуы, ондағы жанжал ұрыс- керістер мінез – құлықтағы қиындықтың пайда болуына, оның тәрбиесіне елеулі әсерін тигізеді.

Бірақ, осы шындық сырт көзбен бақылап қарасаңыз көп отбасыларда ұмытылып жатады. Немесе бұл туралы олардың ойлағысы келмейді.

Балалардың мінез - құлықта қиындықтар биологиялық және әлеуметтік себептермен шарттас болады. Бірақ, сонымен қатар биологиялық деректері, оның ішінде тұқым қуалау деректері болашақ балада қалыптасатын барлық мінез ерекшеліктері мен қасиеттерін алдын - ала бастапқы сәт ретінде ғана ескерілуге тиіс.

Егер баланың мінезінде қолайсыз жағдайда өтсе, онда оның мінез – құлқында айтарлықтай патологиялық кемістік ақаулар пайда болуы ықтимал. Мінез – құлқында психологияның ауытқуы психикалар мен жүйелер қызметтерінің дамымауы.

Осы мәселелерді жойып, жеңу үшін мінез – құлқында ауытқуы бар балалардың психологиялық ерекшеліктерімен күресіп, өмірге деген көзқарасын ашу керек.

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың психологиялық ерекшеліктерінің пайда болу себептерін Р.Г. Илимешова өз зерттеулерінде 4 топқа бөледі.

1-кесте

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың пайда болу себептері

Отбасы, өскен ортасы	Алған тәрбиесі
Отбасының әлеуметтік тұрмысына байланысты толық емес отбасы, отбасы жағдайы мүлдем нашар, яғни балаға кері әсер етушілік, маскүнемдер.	Жаман қылықтарға, әдеттерге әуестенеді, кекшілдік, ашуланшақ
Бала жағдайы толық жасалған, ешқандай өмір қиындығын көрмеген.	Балалар өздігінен еш нәрсе істей алмайды. Қарым–қатынаста алаңдаушылық қасиеттері төмен.
Отбасы мүшелерінің көзқарасы тек қана осы балада, оның қылықтарын үнемі мақтан тұтады. Мектептен тыс ерікті, ешнәрсеге тиым салынбайды. Ата - ана баланың айтқанын орындайды	Өзімшіл, өзіндік бағалауы өте жоғары.
Ата – аналары өте қатал. Баласына шамасынан тыс талаптар қояды	Өзіне сенімсіз, өз пікірін, ойын айта алмайды, қорқақтық алаңдаушылық бар.

Оларға айқайлау, белдікпен ұру, желкеден ұру сияқты көріністер керек емес. Керісінше жан – жақты көмек, адамдық сезімінің жылылығы шын көңілімен сүйу, ұғу қажеттірек.

Тіпті жай ғана мысалды алып қарайық; егер де гүлді күтсең, суырсаң, жақсы қарасаң онда ол жайқалып өседі. Адамдарға әсемдігін, түсін береді. Ал егер оны қарамасаң, оны күтіп баптамасаң, таптасаң ол сарғайып, солып қалады. Міне бұл өмірдің шындылығы.

Алайда бірінші кезекте мінез - құлықтың ауытқуы мен зерттелу мәніне зер салайық. Жалпы әдебиеттерде талдау негізінде, бұл мәселенің өзгенің ашылуы келесі реттегі терминдерге, яғни эмоционалды – еріктік сфераның ауытқуы, аффективті сфераның ауытқуы, дисгормониялық тұрғыда психиканың дамуы, девиантты мінез - құлық, және т.б. түсініктерге түйінделетіні көрсетілді. Мінез - құлық - адамның күнделікті өміріндегі қасиеттерінің көрініс беру формаларының бірі болып саналады.

Кеңес психологиясында мінез – құлықтың ауытқығаны қоғамдағы құқыққа немесе адамгершілік - өнегелі қалпына қарсылық білдіретін жеке қылықтар және қылықтардың жүйесі деп түсіндіреді [2]. Ауытқушылық мінез - құлық алғашқы пайда болуы, балалалық жаста, әсіресе жасөспірім жаста байқалады.

«Қиын бала» атанып, отбасын да, мектепте де қиындық тудырып, ауытқушы мінез – құлықтар, өзара қарым – қатынасы жойылып, өзіне -өзі баға беру шеттен тыс шығып жүрген балалар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Әйтсе де, бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ.

Адам өмірге келген сәттен бастап, үлкен әлеуметтік ортаға тап болады. Оның осы ортада өзін нық, еркін сезінуі үшін көптеген факторлар қажет. Қазіргі қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына әсерін тигізеді. С.Т.Холлдың пікірі бойынша «бала толыққанды дамуы үшін», өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет.

Қандай да бір олқылығы бар баланың даму жағдайы, әдетте қолайсыз, жағымсыз болады. Ол баланың дамуына кері әсерін тигізетін тәрбиелеуші шағын әлеуметтік сипаттарынан, тәрбиелеу-оқыту үрдістерінен және солар ықпал еткен тәрбиеленушінің ішкі ұстанымынан құралады.

Баланың дербестенуге ұмтылуы оған қатысты референттік топтардың (бірінші отбасының, одан кейін балалар бақшасындағы және мектептегі құрбыларының) оның әлеуметтік қалыптарға сай емес жеке дара көріністерін қабылдағысы келмейтіндігімен қақтығысқа түсу [3].

Ауытқушы мінез-құлық деп қалыптасқан нормаларға сәйкес емес мінез – құлықты айтамыз. (И.А. Невский). Белгілі әлеуметтанушы И.С. Кон ауытқушы мінез – құлықты психикалық денсаулық, құқық, мәдениет немесе мораль қалыптарының жалпы қабылданған қалыптардан ауытқыған іс - әрекет жүйелері ретінде қарастырады. Ауытқушы мінез – құлықтың концепциясына сәйкес кез – келген ауытқушылық бейімделудің бұзулуына алып келеді.

Ауытқушы мінез – құлық екі үлкен категорияға бөлінеді:

*Біріншіден, бұл анық немесе жасырын психопатологияның барлығын білдіретін психикалық денсаулық қалыптарынан ауытқыған мінез – құлық.

*Екіншіден, бұл әлеуметтік, мәдени және әсіресе құқықтық қалыптарды бұзатын ассоциалды мінез –құлық.

Мұндай әрекеттер аз болса да олар құқық бұзушылық, ал салмақты болса, әрі жазаланса- қылмыс деп аталады. Бұл жерде делинквенттік (құқыққа қарсы) және қылмыстық іс - әрекеттер туралы айтылып отыр.

С.А. Беличева ауытқушы мінез –құлықты әлеуметтік ауытқуын былайша жіктейді.

1. Пайдакүнемдік бағытта: құқық бұзушылық, материалдық, қаржылық, дүние - мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты (ұрлау, тонау, алып – салу, алаяқтық және т.б.) жасаған теріс әрекеттері.

2. Агрессиялық бағытта: адамға қарсы бағытталған әрекеттер (бағыттану, бұзақылық, ұрып –соғу, өлтіру, зорлау)

3. Енжар тип: белсенді өмір сүруден қашуға, азаматтық борыштарын өтеуден қашуға, жеке мәселелерді шешкісі келмеуге ұмтылу (жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, нашақорлық, өзіне -өзі қол жұмсау)

Мінез –құлықты баланың осы немесе басқа да ахуалының, оның даму тенденциясының күәгері ретіндегі феномен деп қарастыра отырып, біз мінез – құлықтың сырттай ұқсас ерекшеліктері индивид психикасында жүріп жатқан әр түрлі үрдістерден хабар беруі мүмкін екенін естен шығармауымыз керек.

Сондықтан да, балалардың қандай да бір мінез –құлықтың ерекшелігінің ауытқушылық деп жіктемес бұрын, психолог оның ахуалын, тұрақтылығын, оның көріністерінің жиілігін, тұлғалық ерекшеліктерді, мінезді, оқушының жасын және т.б. ескеруі қажет. Тек содан кейін ғана қандай да бір пікір айтуға немесе ықпал ету іс – шараларын тағайындауға болады.

Ауытқушы мінез - құлықтары бар девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің мінез –құлықтық реакция бір рет немесе жүйелі түрде әсер ететін өмірдің жағымсыз жағдайларымен және шарттарымен шақырылады. Соңғы жағдайда нақ осы немесе басқа ахуалға алып келетін мінез - құлықтағы өзгерістер біртіндеп жиналып көрінеді немесе бірден шарт кетеді. Бұған мысал ретінде тойтарыс беруі, қарсы шығуы, кетіп қалуы, агрессияны келтіре аламыз. Осыдан кейін ауытқушы мінез - құлықтың дамуына алып келетін тұрақты психологиялық комплекстер туындайды [4].

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің ауытқушы мінез – құлықтың себептері мен факторлары:

а) тәрбиеленбегендігінің себебінен қажетті білімдердің, біліктердің, дағдылардың жоқтығынан немесе теріс тәрбиеден бұзылғандығынан, мінез – құлықтағы жағымсыз таптаурындардың қалыптасқандығынан баланың, жеткіншектің өзін дұрыс ұстамайтындығынан туындайтын әлеуметтік – педагогикалық олқылықтар;

ә) жайсыз отбасылық қарым – қатынастардан, баланы тәрбиелеуде ұлттық салт – санада қалыптасқан этнофункционалдық ерекшеліктерді

мүлдем ескермеуден, отбасыдағы жағымсыз психологиялық ахуалдан, оқудағы жүйелі сәтсіздіктерден, сынып ұжымындағы құрбыларымен өзара қарым – қатынастың орнамағандығынан, ата – аналарының, мұғалімдердің, сыныптас жолдастарының және т.б. дұрыс емес әділетсіз, дөрекі, қатал қатынастарынан туындайтын тереі психологиялық жайсыздықтардан;

б) психикалық және физикалық денсаулығы мен дамуы дағдайындағы ауытқушылықтарымен, жас ерекшелік дағдарыстарымен, мінез акцентуациясымен және басқа да физиологиялық және психоневрологиялық ерекшеліктер себептерімен;

в) қараусыз қалуымен, қоршаған ортаның кері ықпал етуімен және осының негізінде дамидын әлеуметтік – психологиялық ауытқушыбен, әлеуметтік және жеке құндылықтарының жағымсыз түрге ауысуымен.

Мінез - құлықта ауытқушылығы бар балалардың мінезін, қарым - қатынасын, өзін - өзі бағалау ауытқушылығының алдын алу, оларды психологиялық иммунизациялауды қажет етеді, яғни, әлеуметтік - құзырлы адам болып қалыптасуы үшін мінез - құлықтың, қарым - қатынастың, өзін - өзін бағалауының психогенетикалық дағдыларына, дұрыс таңдау жасай алу біліктерін үйрету. Бұл мақсаттарды орындау үшін қоғамдық дағдарыстың жағымсыз әсерлерін жоятын және түзейтін әлеуметтік - педагогикалық жағдайларды құруға бағытталған мектеп саясатын шығару қажет.

Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар девиантты мінез-құлықты балалардың мұғалімдермен, ата-аналарымен, жолдастары арасындағы қарым-қатынастарды қалыпқа келтіру маңызды болып табылады.

Сондықтан да, болашақ ұрпақтың, әсіресе мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар девиантты мінез-құлықты балалардың теріс жолға түспеуін, адамгершіліктік-өнегелі қасиеттерінің жоғары және ізгі ниетті азамат болуына, олардың тұлғасының дұрыс қалыптасуы, яғни өмір талабына бейімделуі мен талаптану деңгейі үлкен ықпалын тигізетін жүйелі тұрғыда қарастыру маңызды болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Магауова А.С. Социализация молодежи и современные молодежные субкультуры: учебное пособие – 200 с. -2018
2. Шнарбекова М. К. Жоғары білім беру кеңістігіндегі жастар тәжірибесі: монография –192 б.-2020ж.
3. Әбдікєрова Г.О. Тұлға әлеуметтануы: оқу құралы – 220 с.-2021
4. Шнарбекова М.Қ. Білім беру әлеуметтануы: оқу құралы – 138 б.-2020

Магистрант: Г.Ж. Райымбекова
академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., 1- курс.
«№66 мектеп-лицейі» КММ, әлеуметтік педагог
Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к., доцент Абдрашева Б.Ж.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫНДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Қазіргі жағдайда бірінші баланың дүниеге келуі тек жауапкершілікті ғана емес, сонымен бірге белгілі бір ақшалай шығындарды да көтереді. Бұл қазіргі уақытта баланы қарапайым заттармен қамтамасыз ету оңай емес екендігімен анықталады. Ал көп балалы отбасы отбасын кедей етуі мүмкін, өйткені шығындар одан да көп болады. Көп балалы отбасына қатысты мәселелерді анықтамас бұрын, "көп балалы отбасы" ұғымын нақтылайық.

Көп балалы отбасы - бұл 18 жасқа дейінгі төрт немесе одан да көп баласы бар, белгілі бір облыстың аумағында тұрақсыз немесе тұрақты тұратын отбасы.

Зерттеулерге сүйенсек, барлық көпбалалы отбасылар бірнеше санатқа бөлінуі мүмкін:

➤ көпбалалы отбасылар (мысалы, ұлттық дәстүрлерге, діни ұстанымдарға, мәдени-идеологиялық ұстанымдарға, отбасы дәстүрлеріне байланысты). Мұндай отбасылар кедейліктен, тұрғын үйдің көптігінен, ата-аналардың (әсіресе ананың) жүктемесінен, денсаулығының жай-күйінен көптеген қиындықтарға тап болады, бірақ ата-аналардың балаларды тәрбиелеуге деген ынтасы бар. Мұндай отбасыларда балалар ата-аналар үшін құндылық болып табылады. Олар оларды жақсы көреді және балаларының жақсы өмір сүруі үшін бәрін жасайды;

➤ жаңа балалар туатын анасының (сирек-әкесінің) екінші және одан кейінгі некелері нәтижесінде пайда болған отбасылар;

➤ ата-аналары отбасын құруды жоспарламаған отбасылар, ал балалар медициналық көрсеткіштер бойынша жүктілікті үзе алмау, егіздердің немесе егіздердің туылуы нәтижесінде пайда болды;

➤ ата-аналардың жауапсыз мінез-құлқының нәтижесінде, кейде интеллектуалды және психикалық даму деңгейінің төмендігі, алкогольизм, қоғамға қарсы өмір салты аясында пайда болған дисфункционалды көп балалы отбасылар. Мұндай көп балалы отбасылардың балалары әсіресе көмекке, оңалтуға мұқтаж, аурулардан және дамымаудан зардап шегеді. Ата – ана қамқорлығынан айырылған жағдайда олардың тағдырын реттеу өте қиын, өйткені отбасылық заңнама балаларды бір отбасынан бөлуге кедергі келтіреді, ал әртүрлі жастағы және әртүрлі дәрежедегі әлеуметтік бейімделудің 4-7 баласын асырап алу әрдайым мүмкін емес [8, Б. 511].

Мемлекет мұндай отбасыларды дамытуға және олардың тіршілігін қамтамасыз етуге мүдделі. Ол белгілі бір әлеуметтік көмек пен қолдау көрсететін әлеуметтік саясатты дамытады. Мысалы, Қазақстан Республикасы

Президентінің "көп балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау шаралары туралы" Жарлығында көп балалы отбасыларға көрсетілетін қолдау шаралары көрсетілген. Оларға мыналар жатады:

- ✓ Коммуналдық қызметтерді төлеуге 50% - дан кем емес мөлшерде жеңілдіктер;
- ✓ Медициналық қызмет көрсетуге жеңілдіктер;
 - ✓ Театрларға, мұражайларға, көрмелерге және мәдениет саябақтарына айына 1 рет бару-тегін;
- ✓ Оқушылар мен 18 жасқа дейінгі оқушылар үшін тегін тамақтану;
- ✓ Қала ішіндегі көлікпен тегін жүру (трамвай, троллейбус) және т.б. [7].
 - ✓ Бірақ, осы әлеуметтік қолдау шараларына қарамастан, көп балалы отбасыларда әлі де проблемалар бар.

Нақты тәжірибе көрсеткендей, көп балалы отбасының ең маңызды мәселесі материалдық проблема болып табылады. Отбасында тұратын балалар саны мен отбасының әр мүшесінің табысы арасында белгілі бір байланыс бар. Баланың дүниеге келуімен отбасындағы табыс күрт төмендейтіні ешкімге кұпия емес. Алты адамнан тұратын отбасыларда отбасындағы әр адамның табысы екі адамнан тұратын отбасыларға қарағанда 2,2-2,8 есе және төрт адамнан тұратын отбасыларға қарағанда 1,8-2,1 есе төмен.

Жәнеде көпбалалы отбасыларда, тұрғын үй мәселесі ерекше шешуді талап етеді. Бұл өте өткір, өйткені әр үлкен отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету шамалы. Қазақстанда көп балалы отбасылар үшін арнайы, жеке пәтерлер салынбайды. Дегенмен, жеңілдіктер қарастырылған.

Маңызды назар аударатыны көпбалалы отбасыларға қатысты әлеуметтік микроорта. Бұл мәселе қоғаммен қарым-қатынастың ыңғайсыздығында көрінеді. Көп балалы отбасылар қоғамдық ұйымдар, клубтар, бірлестіктер түрінде өзара әрекеттесу шеңберін құруға мәжбүр. Мұндай отбасылардың балалары тар шеңберге ие және кішкентай отбасылардағы құрдастарына қарағанда үйде болғанды жөн көреді.

Денсаулық мәселесі маңызды рөл атқаратыны анық. Көп балалы отбасыларда балалар басқа отбасылардан шыққан балаларға қарағанда жиі ауырады. Бұл мыналарға байланысты көрінеді:

- ✓ мұндай отбасы бала күтімі үшін материалдық құралдарды аз жұмсайды;
- ✓ физикалық мүмкіндіктер өте аз, өйткені ауру бала отбасындағы басқа балалардың болуына байланысты көп көңіл бөле алмайды;
- ✓ көп жағдайда көп балалы отбасылардан шыққан балалар нашар тұрғын үй жағдайында болады, бұл көп жиналуға әкеледі, соның салдарынан бір бала екіншісін жұқтыруы мүмкін;

Сондай-ақ, білім беру саласындағы осы проблеманың ерекшеліктерін атап өтеміз. Көп балалы отбасыларда оқу үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер айтарлықтай аз, балалардың мектептер мен университеттерде оқуына ақы төлеуге мүмкіндік беретін жоғары кірістер жоқ. Осылайша, балалардың рухани және мәдени дамуы төмен, олар нашар оқиды, көшелерге әсер етеді [6, 128 б.].

Сонымен қатар, ата-аналарды жұмысқа орналастыру мәселесін ерекше атап өткім келеді. Бұл көп балалы ата-аналарды, әсіресе аналарды әрдайым жұмысқа қабылдамайтындығында көрінеді. Жұмыс берушілер әйелдің барлық уақытта балаларымен ауруханада отыратынын айтады. Дәл осындай мәселе ата-аналардың білім беру әлеуетінің төмендігіне және олардың белсенділік деңгейіне байланысты.

Балалар, балалар және ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас мәселесін ерекше атап өткім келіп отырі. Әдетте, көп балалы отбасылардағы балалар ересектердің қатаң бақылауында және бақылауында болады. Олар Шешім қабылдауда, өз іс-әрекеттерінде аз еркіндікке ие, нәтижесінде олар жабық, шектеулі болады. Дегенмен, көп балалы отбасылардағы балалар жүйке күйінде, өйткені үлкен балалар ата-аналарға күнделікті өмірде және кіші балаларды тәрбиелеуде көмектесуге міндетті. Ата-аналарға келетін болсақ, олар қарапайым жұмыста ғана емес, балалармен де жұмыс істеуге, үй жұмыстарын орындауға мәжбүр. Бұл ерлі-зайыптылардың бір-біріне аз уақыт бөлетіндігін көрсетеді, бұл отбасылық қатынастарға әсер етуі мүмкін.

Басқа отбасылардағыдай, тәрбие мәселесі де маңызды. Мұнда басты назар отбасының моральдық және психологиялық атмосферасына, ата-аналардың мәдениеті мен білім деңгейіне, олардың әлеуметтік мәртебесіне, отбасындағы мүдделер шеңберіне аударылады. Бұл проблема қиын, өйткені әр ата-ананың белгілі бір тәрбие дағдылары жоқ және баласының қалауын сезіне алмайды.

Құқықтық және құқықтық сипаттағы мәселе. Кейбір көп балалы отбасылар қандай жеңілдіктер, жәрдемақылар, төлемдер оларға заң бойынша берілетінін білмейтіні факті бар. Егер олар білетін болса, олар әртүрлі төлемдерді алу үшін қандай құжаттарды жинау керектігін және қайда ұсыну керектігін ұсынбайды.

Төрт баладан көп балалы отбасылардағы қиын жағдайды жеңу үшін әдебиет пен нақты тәжірибені талдау негізінде осы отбасылардың әл-ауқатын жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар жасауға болады.

✓ Көп балалы отбасылардың мектепке дейінгі мекемелеріне ақы төлеу үшін қосымша салық жеңілдіктері мен жәрдемақыларды енгізу сияқты қызмет түрлерін ұсынуды қамтитын мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу бойынша оңтайлы тәсіл талап етіледі.

✓ Көп балалы отбасылар үшін өткізілетін мемлекеттік бағдарлама әйелдің жұмыс пен отбасылық өмірді қиыстыруға деген ұмтылысын қалыптастырып, іске асыруы керек. Мұның бәрі әйелдің оны еңбек нарығынан кетуге итермелейтініне күмәнданбауы керек [2, 114 Б.].

✓ Бұқаралық ақпарат құралдарында көп балалы отбасының жағымды бейнесін жасау. Бұл суретте көп балалы отбасындағы берік байланыстарды сипаттау, осындай отбасындағы құндылықтар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер туралы айту. Егер бұл жүзеге асырылса, онда үлкен отбасын өмірлік жетістікпен байланыстыруға болады. Сондай – ақ, көп балалы отбасы-бұл кедейлік қана емес, қолдау, күш, төзімділік бар отбасы екенін түсіндіру.

✓ Ананың еңбек өтіліне бала күтімі мен қарау уақытын қосу. Мұны тәжірибе ананың зейнетақысын есептеу кезінде ескерілгені үшін жасау керек.

✓ Көп балалы аналарды жұмысқа қабылдайтын жұмыс берушілерді ынталандыру [4, 102 бет].

✓ Отбасы саясатын жүзеге асыратын органдар мен мекемелерді кадрлық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру. Олардың негізгі міндеттерінен басқа, олар көп балалы отбасыларды қолданыстағы әлеуметтік бағдарламалар туралы хабардар етіп, қажетті құжаттарды дайындауға көмектесуі керек.

✓ Көп балалы аналардың зейнеткерлік жасын төмендету қажет.

Мәселе мынада, көп балалы отбасылар үшін бірыңғай мәліметтер базасы жоқ. Бұл мемлекеттік органдардың көп балалы отбасыларға әртүрлі көмек түрлері мен әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну жөніндегі жұмысын қиындатады[3, 155 б.].

Менің ойымша, қызметі бағытталатын көпбалалы отбасылармен жұмыс істейтін орталықтар құру керек:

1) көп балалы отбасылармен жұмыс істейтін әлеуметтік орталықтар қызметкерлерінің психологиялық құзыреттілігін арттыру;

2) көп балалы отбасыларды паспорттауды жүргізу;

3) көп балалы отбасының барлық мүшелерімен тұрақты және үздіксіз байланыс орнату;

4) Әрбір көп балалы отбасымен жеке жұмыс жоспарын әзірлеу, онда осы отбасының барлық ерекшеліктері және онымен жұмыс істеу нысандары ескеріледі[1. Б. 16].

Қорытындылай келе, көп балалы және аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қорғау жүйесінің қазіргі саясаты азаматтардың осы топтарының әлеуметтік қорғалуына ықпал ететін, олардың экономикалық белсенділігін, жұмыспен қамтылуын ынталандыратын, осындай отбасылардың материалдық әл-ауқаты мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін етіп құрылуы керек. Көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында мамандығыма сай мүмкіндігінше көбірек ат салысудамын. Оған қызметімдегі бірге етене араласатын ата-аналар дәлел десем артық айтпаған болар едім. Осы мамандықты терең меңгеріп, еліміздің барлық аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік әл-ауқатын дамытуға жағдай жасағым келеді. Баланың жағдайын жасамас бұрын ата-ананың жағдайын жасау керек. Ал, ата-ананың жағдайы елімізде олардың өмір сүруіне керемет мүмкіндіктер жасалса ғана түзеледі. Олар бір-бірімен өте тығыз байланыста. Бірі оңалмай екіншісі дұрыс болмайды. Сондықтан жан-жақты ізденіп, осы ғылыми мақаламды жазуды ұйғардым.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Отбасын балаларымен әлеуметтік қолдау» Gov.kz
2. Weekly : сайт. — <https://sputnik.kz/20190302/qazaqstan-kopbalaly-otbasylar-9492498.html>

3. ↑Асильдерова Мадина Магомедовна. Әлеуметтік қатердің отбасылық факторлары. " Мемлекет және құқық. Заң ғылымдары " мамандығы бойынша мәтін, ғылыми мақала № 50бет, оң жақ, екінші абзац жоғарғы.

4. ҚР “Тұрғын үй қатынастары” Заңы

5. «Көп балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығы.

**Саябаева А., Байжигитова Р.Б., Армия С.К. тәрбиешілер
«Балапан» бөбекжайы КМҚК
Қарағанды қаласы**

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ЖАҢАРТЫЛҒАН ТӘСІЛДЕР

Сөйлеу тілі баланың үш жасынан бастап қалыптасады. Міне осы кезінен бастап, оның сөйлеуі, сөздік дыбыстарды анық дұрыс айта білуіне іназар аудару қажет Балалардың ойлау, сөйлеу тілін жетілдірудің тиімді жолдарын қолдану. Отбасындағы, үлкендер мен балабақшадағы бүлдіршіндердің өзара сөйлесуі тілдік орта болып табылады. Ата-аналар мен тәрбиешілердің балаларға үлгі болатындай дұрыс сөйлеуі балалар тілінің тез дамуының алғы шарты. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай – ақ мақал – мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл – ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүйуі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі. Баланың тілдік дамуының негізгі бағыттары, сөздің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеп, тілдің грамматикалық құрлысын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуін дамыту және белсендіру. Баланың тілін жүйелі, таза, еркін, сөйлеу тәсілдерін мектепке дейінгі кезеңде меңгертеміз. Балалармен жекелей және ұжым ішінде қарым-қатынас жасау барысында олардың сөздік қорын молайтып, көрген- білгендерін, ойларын әңгімелеп айтып беруге жаттықтырады.

Балалар әдебиеті мектепке дейінгі жаста маңызды орын алып, оның тұлғалық және эмоционалды, рухани - эстетикалық, интеллектуалды - тілдік дамуында үлкен рөл атқарады. Отбасында, сабақтарда балаларға ертегі, әңгіме, өлеңдерді оқып беру - балалардың оқылған шығарманың мазмұнынан қуанышқа бөленіп, оқиганы талдауға қатысуға, оны сахналауға ынтасын оятады. Баланың жас ерекшелігіне сай тілін дамытуда әр дыбыстың дыбысталуын нақышына орай ұсынған дұрыс. Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн

тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді. Ана тілінің грамматикалық жағын меңгерту күнделікті өмірде, үлкендермен сөздік қарым-қатынас жасау процесінде іске асады. Тіпті балабақшадағы балалардың сөйлеу әрекетінде сөздің синтаксистік тұрғыда қалыптаса бастайтынын арнайы зерттеу, бақылау жұмыстары дәлелдеп отыр. Тәрбиеші шығарманы ауызша оқуға немесе тыңдауға, ауызша сөйлеу үдерісіне қызығушылықтарынарттыра, шығарманы талдау тәртіп мәдениетін қалыптастыру. Әңгіме барысында шығарманың тақырыбына байланысты сезімдері мен ойлар және жеке тәжірибесін талқылау, бағдарламаның мәтіні мен сипатына сәйкес мәнерлеп сөйлеу мен дұрыс айтуды, монологты және диалогты сөйлеулерін қалыптастыру. Балаларды оқыту мен дамытудағы негізгі құрал тәрбиешінің тілі болып табылады. Қазақтың ауыз әдебиеті жас бөбектердің тілін дамыта, ой-өрісін дүниетанымын кеңейтеді. Оларды адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, туған өлкеге сүйіспеншілік сезімге баулу ісінде орын алады. Халқымыздың тұрмыс-салтын, арман үмітін, кеңінен танытатын ауыз әдебиеті тіл дамытудағы ілгілерінің көлемді саласының бірі-ертегілер. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу-сызу өнері болмаған кездің өзінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа ауызша да, жазбаша да жеткізіп келеді.

Ертегілер өмірде болып жатқан оқиғаларды бейнелейді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу қызметінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл – ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным», «Отбасы», «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде «Туған жер – алтын бесік», «Өз үйім – өлең төсегім», «Отан – оттан да ыстық» сияқты тақырыптарда мақал-мәтелдер жаттауға және қарапайым әңгіме құруға баулға тырысамын. Ал батырлық, ерлік туралы өткенде «Жауын мен жер көгереді, батамен ел көгереді», «Ер – елдің көркі, өсімдік жердің көркі» т.б., «Білім» тақырыбына «Қынатасқа, білім бас қабітеді», «Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді» деген мақал — мәтелдерді пайдаланамын. Өз тәжірибемде мектеп жасына дейінгі балаларға ең алдымен ертегіні айтып беремін. Сонан соң, айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсаты мен түрлі көңіл көтеру ойындарын өткіземін. Тәрбиеші педагогтар өз білімін жан-жақты кеңейтуді ұдайы есте ұстауы керек. Балабақша тәрбиеленуші әр баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндеттіміз.

Балалардың дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшада балаларды дұрыс сөйлей білу мәдениетіне айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем

әдебиетпен теңестіру арқылы жүзеге асыруға болады. Әрбір ұйымдастырылған оқу қызметінде дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың қиялын шарықтатып, ойлау қабілетін ұштауға болады. Дидактикалық материалдармен балалар жаттыққан сайын олардың зейіні, тапқырлығы, ынталылығы, өзіндік ойлау жұмысы дами түседі. Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдауға, жаттауға арналған материалдар олардың даму деңгейіне, жас шамаларына лайықты болу қажет. Балаларға топтардағы суретті кітапшаларды көрсетіп, мазмұнын айтып беру қолайлы. Бұл жастағы балаларға оқиғасы сәтті аяқталатын, қорқыныш сезімін тудырмайтын болу керек. Оларға «Бесік жыры», «Бауырсақ», «Торғай», «Мақта қыз бен мысық» сияқты шығармалар арқылы дыбыстарды анық айту, байланыстырып сөйлеу, әңгімелей білуге үйретуге болады. Ертегі сахналау арқылы балаларды рольге бөліп беру, әр кейіпкердің дауыстарын келтіріп айтуға машықтандыру қажет. Шығармаларды оқыған кезде іс-әрекеттерге байланысты жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп отырған жөн. Дыбыстарды анық дұрыс айта білуге жаңылтпаштардың да орны ерекше. Ал жұмбақ баланың сөйлеу қабілетін дамытады. Жұмбақтың шешуін табу арқылы заттардың, жан-жануарлардың, киім-кешек аттарын есте сақтау қабілеті күшейеді. Бала тілін дамытуда мақал-мәтелдердің де алатын орны ерекше. Қазақтың мақал-мәтелдерінің көбісі елдікті, ынтымақты, жақсы мен жаманды ажыратуға мүмкіндік береді. Балалармен күннің II жартысында ойналатын дидактикалық ойындар, желілі - ролді ойындары арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға болады. Әрбір сұрақтарға толық, әрі нақты жауап бере білуге дағдыландыру керек. Естігендерін қайталап айтып, қандай кейіпкердің бар екенін балалар айтып берді. Сонымен қатар сөздік жұмыс жүргізу, сұрақ- жауап ала отырып, сөздік қорларын байытып, әңгімелей білуге үйрету. Көркем шығармалармен балаларды ерте кезден таныстыру, оқыту тәрбиелеу істерінде қолданып отыру арқылы балаларды еркін сөйлеуге, түсініп, мәнерлеп айтуға дағдыландыру керек.

Балалардың сөздік қорларын молайту, ойынға деген қызығушылығын арттыру балалардың дидактикалық материалдарды қалыптастыруда ойлау қабілеттерін арттырып, ақыл – ойын дамыту;

- дидактикалық материалды түсіндіру кезінде күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, тақырыпқа сай тәрбиелеу;
- шығармашылықпен байланысты практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Ойын баланың даму құралы, таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мән-мағына бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Адамның ойы тілден көрінеді. Сондықтан балабақша қабырғасынан бастап тіл үйретудің маңызы зор. Балабақшада қазақ тілін үйретуде сөздік жұмысты қоршаған ортамен, күнделікті өмірмен тығыз байланыстыра жүргізу, жаңа сөздер қамтылатындай түрлі ойындар арқылы тіл ұстарту, көру, есту, тыңдау,

қайталау, есте сақтау, жаттау қабілеттерін жетілдіріп отыру, балаларды сөйлесе білуге, сөйлемдерді дұрыс айтуға, тәрбиешінің сұрағын түсініп, дұрыс жауап беруге баулу мақсаттары көзделеді. Ересек балалар тобында бұрынғы топтарда үйренгендерін тереңдете түседі. Ауызша сөйлеу тілін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Әр оқу қызметін де тақырыпқа сай түрлі суреттер, кестелер, аудиокітап, бейне құралдар, тақырыптар бойынша электронды кітаптармен көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады деп санаймыз. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отырады. Қорыта айтқанда, балабақшада балалардың тілін дамытуда әрдайым әдіс-тәсілдер ізденуде болу керек. Ойын – балалардың негізгі іс - әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Сондықтан да сауат ашу сабақтарында сөздік қорын байытуға ойын элементтерін пайдаланудың балалардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор. Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Әдебиеттер:

1. Отбасы және балабақша журналы №5 2019
2. Л.П. Федеренко Г.А. Фомичева, В.К. Лотарев, Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. Алматы «Мектеп», 2017ж.
3. Әдістемелік нұсқау даярлық топ, Алматы кітап 2010 ж.
4. Мұқанов М. Ақыл -ой өрісі. Алматы, «Қазақстан» баспасы. 2010 жыл.
5. Баймұратова Б «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету» Алматы,

M.A., Senior Lecturer Starovik P.P.

**Karagandy University of the name of academician E.A. Buketov
Karagandy**

ACTIVITY AS THE BASIS OF PERSONALITY EDUCATION

Social activity can be called a system of actions aimed at creating, maintaining, developing certain relationships between individuals and groups, at all levels - from interpersonal to institutional. This kind of activity requires the participant to master the necessary cultural parameters and some willingness to improve their ideas and worldviews in order to achieve an agreed goal. This definition is more in line with the conditions of the subject-subject paradigm, which is a mandatory component of an equal dialogue.

The very concept of "property" and the corresponding qualities inherent in this phenomenon were formed in different paradigms. From what was originally intended as the goal and what means were used, "property" was defined in a

strikingly diverse way, especially since this understanding was significantly influenced by its established elements and forms of social arrangement, life and activity of society, social mythology and reality. Historical events have repeatedly interfered with certain interpretations, so it makes sense to go back to history, the genesis of this concept and turn, from the depths of epochs and the system-forming phenomena associated with them, to create a clear idea of the essence of “property”, defining clearly and unambiguously its types and forms.

In the first part of the article, we will make an attempt to reveal the connection between the emergence of property relations and such a social phenomenon as the policy, since. It is in the works of the first philosophers of Ancient Greece, devoted to the policy, that descriptions and possible options for understanding property are given, primarily as subject-object relations. In the second part, we will make an attempt to analyze the further development of property relations in the culture, their influence on the understanding of the development of society as a whole and the individual in particular [1].

In order to analyze and understand the conditions of formation, the specifics of activity in society, it is necessary to determine the genesis of this special phenomenon.

Plato spoke about this purposefully for the first time, who formulates a “simple rule” in the business relations of people and their attitude to property: “... let no one, as far as possible, touch my property and do not violate my property, even in the most insignificant way, if not every time by my special permission. And I will treat other people's property in the same way, as long as I am of sound mind” [3, p. 410].

Plato, based on the ideals of the ancient Greek world, created the doctrine of an ideal state in which all citizens jointly own the conditions of production. Evidence of the superiority of common property is built by him on the basis of the doctrine of morality. Morality is the awareness of unity, essence and spirituality, it is universal in itself: to act in the spirit of unity is moral.

Further, Plato, through the mouth of Socrates, determines that such an approach is the best condition for creating a state, each representative of which tries to satisfy, first of all, his own needs (and in some way, the needs of another). Justice in such a state is possible if only primary, vital needs are met: food, basic clothing and shelter. Socrates (Plato) calls such a state healthy, authentic, that is, ideal in earthly reality.

There are other states where people are preoccupied with satisfying themselves in many other things and desires, in which a whole structure of intermediaries, service personnel, separate classes engaged in military affairs and trade appears. In such a state, everyone tries, first of all, for himself, someone else, remaining an abstract object, moves away in the chain of mutual services. The attitude toward objectivity is associated with the master-slave attitude to reality, typical of the ancient Greek civilization, such that things and people are considered not as something original and intrinsically valuable, but as something instrumental, as means and objects of possession, from which one derives benefit. Such an approach is absolutely immoral. Morality, on the other hand, is possible only in relations

between subjects and is in no way possible either in the world of objects or in the field of social-object relations.

"... Justice is considered the same thing, namely, what is suitable for the existing government ... what is suitable for the strongest" [3, p. 107]. "Injustice in its most complete form, when just the one who violated justice succeeds, and the one who experienced injustice firsthand and still did not dare to go against justice is extremely pitiful. Such is tyranny: it either stealthily or forcibly seizes what does not belong to it - temple and state property, personal and public - and not gradually, but in one fell swoop" [3, p. 114].

Justice, as a category, in Plato is most fully disclosed in the dialogue "State". According to Plato, justice is inherent in both an individual and a whole state, while justice here and there is similar to each other. It is justice, the desire for it, that is one of the main incentives for the emergence of the state. The state arises, "... when each of us cannot satisfy himself, but still needs a lot A person attracts one or the other to satisfy this or that need.

In need of many things, many people come together to live together and help each other" [3, p. 145].

The law, as in principle, an ideal construction, in the state aims at the benefit of the whole society. By persuasion or coercion, the system itself ensures the cohesion of citizens: - "... making them mutually useful to each other to the extent that they can be useful for the whole society" [3, p. 328].

Fairness and understanding of what is fair and good is brought up in a citizen from a young age by parents. This understanding in a person is opposed by inclinations associated with pleasures, in general, immoderation. This kind of pleasure is anti-social, because directed only at themselves. Justice concerns everyone, including the other person, whose personal qualities are taken into account by a fair person no worse than their own, and maybe even taken into account in the first place.

"It is fair to give everyone their due ...", while "... it is fair not to harm anyone in anything" [3, p. 96].

Plato is a great idealist who wanted to remake the subject - the objective realities surrounding him. "... The opposite is known with the help of the opposite, if only a person wants to be reasonable. But at the same time it is impossible to carry out both, if, again, a person wants to be at least a little involved in virtue. But precisely for this reason, it is necessary to familiarize yourself with all this, so that out of ignorance you don't do and say something completely inopportune..." [2, p. 298].

Private property by nature, according to Plato - eyes, ears, hands. Private property can only be a citizen. Each owner who has received his allotment must consider it the common property of the entire state. The best state is "one that says that friends actually have everything in common" [2, p. 218].

Following the logic of Plato, one can still trace here two types of property, which he calls private, but in essence is private and personal. Private property requires mandatory formal confirmation, it needs a legal and economic assessment,

agreed with society, with the determination of the value of a part of what belongs to society as a whole. Personal property often does not require mandatory formal confirmation, because, by nature or by virtue of personal merit alone, it already belongs to a person, its value is sometimes impossible to determine within the framework of leveled social assessments, a person is absolutely free to dispose of it, here the only criterion is moral.

Reliance on morality and morality is a priority here: - "...our statement that there are no good and at the same time very rich people is correct. And whoever is not good is not happy" [2, p. 218].

Positions, taxes, distributions and proper honor are established according to personal virtue or according to the virtue of ancestors, according to the strength and beauty of the body, but also according to property wealth or need. Depending on the amount of property, four classes are established in which citizens stay. When wealth and property change, they move to their proper class.

The very concept of "personality" is multifaceted and ambiguous. The most relevant is the understanding of personality as a certain stage, the degree of self-development of a person. This kind of self-development requires internal mobilization, principled human activity, reflection on one's own being and activities to improve social being. Therefore, a person is understood as a creatively self-developing person who is aware of the imperfection of the world and tries to correct this imperfection with his own efforts. However, in different time periods of the formation of culture, this concept was interpreted in different ways, and for quite a long time it was not in demand at all.

It is believed that in the era of the Middle Ages, a person was understood as a completely independent person in terms of choosing the goal and methods of his own development. In the tradition of theocentrism, a person could go only in two specific directions, where the "tops" of perfection and the bottom of the fall were clearly marked. Therefore, only He could be a person.

A certain freedom a person acquires with the Renaissance, more in the Enlightenment and finally the "personality" becomes the center of the universe with the wide spread of a new ethics - the ethics of capitalism. But, the understanding of man and his being, within the framework of this system, has gone through a centuries-old formation, and it would be right to reveal the genesis and metamorphoses of the philosophy of the new "socio-economic system".

One of the key points here is the stage of parallel coexistence of the Middle Ages fading into oblivion and the emerging New Age.

In the XIII century. significant changes are taking place in the culture of Europe, especially in the spiritual life and economy. The first theoretical substantiations of economic relations developed within the framework of the state-legal and ethical teachings of William of Auvergne, Albert the Great and Roger Bacon. The outstanding philosopher of the Middle Ages, the "angelic doctor" Thomas Aquinas, most systematically and fully expressed economic and ethical views.

The system of views of Aquinas himself was formed under the influence of ancient Greek philosophers, primarily Plato and Aristotle, then Augustine and Christian theologians of the late Middle Ages. Christian thinkers saw the origins of the existing world order in the original, sinless state of people, finding in it an example of the most just way of distributing property benefits.

Thomas Aquinas argued that, in accordance with natural law, a person should - "live from his labor", because it is established by the Creator himself. Thomas considered work to be the immediate duty of the believer, while idleness and neglect of one's duties was a grave sin. The point of view of the scholastic was in close relationship with the changes that took place in the society of the XIII century. In contrast to the leaders of heretics, who avoided work and sought solitude, the Catholic clergy inspired the believers with the idea of salvation through pleasing God by deeds. According to many theologians of the 13th century, including Albert the Great and Thomas Aquinas, an active life is no less worthy of praise than a contemplative one, and in some cases it is even more useful and "fruitful" [4].

Thus, despite the positive attitude of Thomas to almost all types of activities not related to the commission of sinful acts, he and his followers did not value physical labor and "dirty" crafts highly. At the same time, any kind of activity, understood by the scholastic as "manual labor" (which could also mean activities not related to physical work), deserved, in his opinion, material reward.

The concept of labor created by Thomas Aquinas, which absorbed much of what was achieved by early Christian thinkers and scholastics of the 11th-13th centuries, expressed, on the one hand, the changes that took place in the public consciousness under the influence of developing commodity-money relations, and on the other hand the other - testified that the "angelic doctor" evaluated any activity primarily in the ethical aspect. Worthy, he considered only crafts that not only benefit society, but also have a beneficial effect on the soul [5].

He regarded the fulfillment by each person of his social function as the immediate duty of the believer, for it contributes to the preservation and maintenance of order in society. According to Aquinas, an active life is no less worthy of praise than a contemplative one, and in some cases it is even more useful.

Perfection as the basis of motivation, which can guide a person in the process of self-improvement, became relevant again in the Age of Enlightenment. English, French and German thinkers of the 17th and 18th centuries raised faith in man, in the boundless power of his mind, called for the need to spread knowledge, education and culture in society, sought to find methods for the formation of high moral qualities of people, ultimately achieving respect for every individual.

The first who most fully developed the theory linking the origin of law, state power, the foundations of moral and intellectual perfection was the English philosopher John Locke. The next generations of educators mainly developed his theory, according to which, people are created by a wise Creator from the very beginning equal and independent.

In this "state of nature" people are until they become members of civil society. Locke raises the question: what motivates people to create a society at all? The

original moral qualities of people, Locke caused great doubt. He believed that a person will not live in peace and harmony with those like himself. The main thing that all people do not want is to prevent aggressive actions that violate their property.

People decided to unite in a society in order to provide everyone with “mutual assistance and united forces” property in things “needed for convenience and happiness in this life” [6, p. 62]. This is how the understanding of civil society, created for the sake of preserving the property of each individual, arose. It was the preservation of property that Locke considered the “great and main goal” of uniting people into a state. Giving up their natural power over life, liberty and property, people voluntarily transfer it to society, which takes care of the preservation of their property. People created a society to ensure their civil (political) interests - life, health, freedom, as well as "external goods" - money, land, houses. Such a community of people is the state, which is created solely on the voluntary consent of the people. Thus, Locke comes to the theory of "social contract".

Enlightenment thinkers attached great importance to the need to educate the younger generation, since they were convinced that the well-being and prosperity of the nation depended on the good upbringing of children. The most complete program for the upbringing and education of adolescents is presented in Locke's book *Thoughts on Education*.

Locke's moral education program proceeded from the urgent goals of shaping the personality of a gentleman, strong in body and strong in spirit, endowed with all the necessary qualities for future economic activity. Of particular value in the teacher's program were proposals aimed at educating the child in high moral qualities: honesty, justice, sincerity, integrity, politeness.

The entire educational program of Locke was distinguished by a clearly expressed hierarchical orientation. The educator was a supporter of a strict structure in relation to those who were provided with education. “I think,” he wrote in his treatise on education, “that a prince, a nobleman, and the son of an ordinary gentleman should receive different education” [7, p. 509].

The search for ways of creative development, self-improvement and success has occupied better minds since ancient times. The history of culture describes methods that are directly related to the formation of a person, his realization and the highest creative manifestations.

References

1. Kosilova E.V. Subjectivity paradigms. - St. Petersburg, 2021. - 168 p.
2. Plato. Works in three volumes. - M., 1972, volume 3 part 2
3. Plato. Works in three volumes. - M., 1972, volume 3 part 1
4. Stetsyura T.D. Economic ethics of Thomas Aquinas. - M., 2010. - 303 p.
5. *Fontes vitae S. Thomae Aquinatis notis historicis et criticis illustrati* / Ed D. M. Primimmer, M.-H. Laurent. Toulouse, Saint-Maximin [Var], 1911-1937. T. 1-6.
6. Locke D. Letter on religious tolerance // *English freethinking: D. Locke, D. Toland, A. Collins*. M., 1981. - 302 p.

7. Locke D. Thoughts on education // Locke D. Works in three volumes. Volume 3. - М., 1988. - 668 p.

**Сулейменова А.Ж., Табулдина Г.С., Сейітжанова П.Д. тәрбиешілер
«Балапан» бөбекжайы КМҚК
Қарағанды қаласы**

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда үздіксіз білім берудің бастапқы кезеңі - мектепке дейінгі мекемелерден бастау алатын болғандықтан, балабақшада балалардың өмірі мен денсаулығын қорғай отырып, жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес, тәрбиелеу, болашақта табысты оқушы тұлғасына бастайтын мектепалды білім беру бағытындағы қызмет балабақша педагогының алдына ерекше жауапкершілікті талап етуде. Ол туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 27 желтоқсанында №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нақты айтылған. Әсіресе, білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалау жүйесін жетілдіру, білім беру мен кәсіби даярлықтың сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ету, білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету қажет етіледі делінген. Сонымен қатар, ұлттық ерекшелігімізді айқындай түсетін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық

идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу басымдықтары назарға алыну керектігі ескертілген. Осы ретте балабақшалар өз қызметінде балалардың денсаулығы мен зияткерлік коммуникативтік адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру арқылы сапаға сәйкес келетін ұрпақ тәрбиесіне үлкен көңіл бөлуі тиіс. Сапалы білімді қамтамасыз ететін басымдықтар мен бағыттар жаңа оқу жылына жолданатын Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының әдістемелік нұсқау хатында айқын сипатталады. Оның ішінде биылғы оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ерекше форматқа көшетіндігі, бала бойындағы адами негізгі құндылықтардың қатарында креативтілік, коммуникабельділік, сын тұрғысынан ойлау, командалық жұмыс жасай алуға баулуды атап көрсеткен. Баламен жұмыс жасау уақытын ұлғайтып, қағазбастылықтан арылту жолдары да қарастырылған. Баланы ерте жастан білімге қызытыруды қалыптастыру үшін негізгі тірек ретінде –кәсіби құзыреттілігімен айқындалатын жан-жақты педагог тұлғасы талап етіледі [1].

Осыған орай, педагог қызметкерлердің өзіндік шығармашылығы мен теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруы қарқынды білім беру реформасында көп жағдайда жеткіліксіз болуда. Жаңартылған білім беру мазмұнын балаға сапалы меңгерту үшін педагог-қызметкерлердің өзі де құзырлы болуы, дамуы міндетті шарт. Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т.Г. Браже. Со секілді қазақтың дара тұлғасы Ұлы Абайдың: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деген сөздері ұстаздық мамандықтың болмысын ашатын сөздер ретінде де айқын анықтама беруде. Құзыр- бұл адамның бойындағы бар білік, білім және қабілет. Ал, құзыреттілік дегеніміз – бұл адамға берілген немесе жүктеген істі нәтижелі түрде орындауын бағалау мінездемесі. Бұл адамның бойында өзіндік, жауапкершілік, коммуникабельдік, жаңалықты жоғары қабылдайтын, мәселені шеше алатын, адамгершілігі мол, білімі жоғары, жаңа технологияларды меңгере алатын, ұжымда жұмыс жүргізе алатын, белсенділік қасиет – қабілеттерінің болуы. Өз тәжірибемізде жақсы педагог – ол ісінде құзырлы педагог деп білеміз [2].

Біздің балабақшада педагогтың мынадай негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға әдістемелік көмектер ұйымдастырылады.

1. Арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.

2. Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.

3. Үнемі білім алуға ұмтылу құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік

психологияның негіздерін қолдана отырып, іздену, шығармашылыққа ұмтыла білу қабілеті. Осы құзыреттіліктерді меңгере отырып педагог үнемі кәсіби дамуында болуы тиіс. Кәсіби даму – бұл жүйелі беку, білім саласында жетілу және кеңею, тұлғалық сапалардың дамуы, жаңа кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгерудегі қажеттілік, өзінің барлық еңбек жолында белгілі міндеттерді атқара білуі. Кәсіби даму адамнан саналы, бағытталған, белсенді оқуды талап етеді. Мұндай оқу басқа формалардан анық ерекшеленеді. Әрбір адам өзінің қандай бағытта дамуы керек, ақпараттарды қандай әдістермен алатынын, қандай жолмен меңгеретінін өзі шешеді. Бүгінде балабақша педагогтары - жұмыс бағыттарын өтпелі тақырыптар негізінде ойластырылған жылдық перспективалық жоспарлар және күнтізбелік технологиялық карталарды жазбас үшін ойластырылған апталық циклограммалармен жұмыс жасауда. Ол жыл сайынғы жүйелі жұмыс пен құжаттама рәсімдеу бағытындағы құзыреттілігінің қалыптасуы, өзіндік құруы, шығармашылық бағытта тиімділігін анықтауына негіз болуда. Сонымен қатар педагог қызметінің білім беру бағытындағы қолданып отырған әдістеме мен технологияларды қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында тәрбиелеп отырған балаларды түрлі кезеңдерде даму динамикасын бақылаудың бірыңғай жүйесін енгізуді атап өтуге болады. Ол әрбір баланың жеке

мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтауға жағдай туғызады. Орындалу тәртібіне қарай бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг ретінде қарастырылып отыруда. Аталған мониторингті жүргізе отырып, педагог-тәрбиешілер балалардың әрбір білім беру саласына қатысты деңгейлерін анықтай отырып, балабақша әдіскері мен психологы мониторинг нәтижелері бойынша қорытынды шығарып отырады [3].

Балалардың білім мен білік дағдыларының көрсеткіштері педагог еңбегінің

қаншалықты тиімді екенін анықтап береді. Сонымен қатар педагог-тәрбиеші мен балабақша қызметкерлері мониторинг көрсеткіштері бойынша әрбір балаға қажетті бағыттарды анықтай отырып, бала туралы толық мәліметті көру үшін ойластырылған жеке даму карталарын толтырады. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесінде педагогтар өзінің еңбегінің қаншалықты тиімді болғанын анықтауға мүмкіндік алады. Мұндағы мәлімет әрбір білім беру саласы бойынша баланың қаншалықты дамып отырғаны туралы біліп, алдағы жұмысты жоспарлай алуға бағыт беретін құнды құжат ретінде қарастырылады. Сапалы білім мен саналы тәрбиені тиісті деңгейде қамтамасыз етуге осы енгізілген жаңашылдықтар тиімділік беруде. Балабақша қызметінде баланы мектепалды білімге отбасы және мектеп ынтымақтасы негізінде құруға, жүзеге асыруға, тиімділігін анықтап, озық тәжірибені жинақтауға үлесін қосуда. Педагогикалық қызметтегі тиімділікті анықтау мен талдау,

бекіту қолдану аумағын анықтау үшін балабақшаның әкімшілік кеңесі мен әдістемелік озық тәжірибелі педагогтардың шақырылуымен меңгеруші жанынан құрылған кеңес отырысында қаралады. Мұнда педагогикалық еңбекте басшылыққа алынатын педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін тиімді әдіс- тәсілдер қаралады. Балабақшада педагог қызметкерлер үшін, тәрбиеленуші балалар үшін

және ынтымақтастық жоспар негізінде білім беру үрдісіне тартылатын ата аналар үшін бірнеше міндеттер қарастырылады. Атап айтсақ:

1. Балаларға берілетін тәрбие мен білім мазмұнын таңдауда мектепке дейінгі білім мен тәрбие беруді мектепке дейінгі тәрбиелеудің үлгілік типтік оқу бағдарламасы мен жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартына сәйкес тиімді ұйымдастыру;

2. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ауытқушылықсыз инвариативті және вариативті жүктемелерге сәйкес ұйымдастыруды басшылыққа алу және қосымша зияткерлік үйірмелер мен қосымша ақылы қызметтері ұйымдастыру;

3. Балалармен күнделікті ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін күн тәртібіне сәйкес үздіксіз жүргізу;

4. Балалардың түрлі кезеңде даму деңгейлерін анықтау, саралау, тиімді жұмыс түрлерін алмастырып отыру. Тиімсіз әдістемені тоқтатып, тиімді әдістемеге ауысу тәртіптерін рәсімдеу;

5. Балалардың жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтай отырып, оның белгілі бір бағытта дамуына және өзге үлгермейтін жақтарын назарға алу жұмыстары мен қосымша тиімді әдістемелер мен озық тәжірибелерді басшылыққа алу;

Аталған міндеттер балабақша қызметкерлеріне балалардың жас шақтары ерекшеліктеріне сәйкес жұмыстар жүргізудің негізін айқындайды. Анықталған мақсат міндеттер балабақшаның жалпы ата-аналар жиналысында талданып, бекітілді. Алғы шарттарды жүзеге асыру және оның сапасын бақылау балабақша меңгерушісі мен әдіскеріне, психологына жүктелді. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстардың орындалған шағында күтілетін тиімді болжамды нәтижелер:

- Балалар үшін: мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру стандарты мен үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын толық қамти отырып, сапалы білім алу мен даму;

- Ата-аналар үшін: балаларының мемлекет тарапынан берілген кейпілдімектепалды білім алу мен мектепке даярлығына сапалы қызмет алуы;

- Педагог-тәрбиеші үшін: өзінің еңбегінің нәтижелілігі мен тура мақсаттылығы, шығармашылық бағытта қызмет ету мүмкіндігіне ие болуы [4].

Аталған жұмыс бағыттарының мүмкіндіктерін ескере келе, оның орындалуында педагогикалық шеберліктің қажет екендігі өте маңызды. Осы ретте педагогикалық шеберліктің негізгі компоненттерін анықталды. Ол: педагогикалық сауаттылық, педагогикалық кәсіби ептіліктер мен дағдылар, педагогикалық ойлау және педагогикалық қызмет шеберліктері. Аталған компоненттердің бірін жетік меңгермеген жағдайда тәрбие мен білім беруді жүзеге асыруда қиындықтар туындауы мүмкін. Ол үшін әрбір педагог өзінің алғашқы алған жоғарғы немесе арнаулы орта біліміне қоса, өз білімін жетілдіру жұмыстарын жоспарлап жүйелі түрде орындап отыруы тиіс. Осыған орай, балабақшадағы тәрбиеші -педагогтардың кәсіби біліктілігін үнемі арттырып, жаңа бағытта бет алып отыруын қамтамасыз ету қажет. Өйткені, баламен жұмыс жүргізу өте күрделі үрдіс. Ол шеберлікті, құпиялықты, мәдениетті, білімді, тәжірибені қажет ететін жұмыс. Балалармен жүргізілетін жұмыста түрлі психологиялық құбылыстарымен, түрлі түсініктермен, түрлі мінез-құлықтармен, түрлі қиыншылықтармен қарама-қарсы кездесесің. Осының барлығын түсіну және жеке дара әр балаға қатысты педагогикалық шеберлікті қолдану үлкен өнерді қажет етеді. Бұл ретте басқару мен басшылық тарапынан анықталатын алғы шарттарды атап өтуге болады. Ол:

- Мекеме ішіндегі оқу жылына арналған жылдық жоспарды тәрбиешілер, жеке пән мамандары, жас мамандар және тәжірибелі педагог қызметкерлердің жүргізілетін жұмыстарының шығармашылық бағыттарын ескере келе, қолданыстағы білім беру стандартының талаптарына сәйкес, тәрбиеленуші балаға өмірлік маңызды тәрбие мен мазмұнды білім беру мақсатымен құру;

- Педагогтарды уақыт талабына сай сұраныстар мен балабақша ата-аналарымен ынтымақтастықта жұмыс жүргізу шеберлігіне дайындау;

- Әдістемелік көмек көрсетуде жүргізілетін жұмыстардың жаңа бағыттарын

үздіксіз игеру мен оны насихаттау. Аталған алғы шарттар негізінде балабақшаның басқару мен басшылық тарапынан жүйелі түрде оқу-тәрбие үрдісінің жүйелі жүргізіліп, білім беру стандарттары мен үлгілік типтік бағдарламаның толыққанды жүзеге асырылуына жағдай туады. Дегенімен, барлық мектепке дейінгі мекемелерде оқу – тәрбие үрдісі өзінің ерекшелігі мен бейімі мен тұрғылықты мекен-жайына байланысты болады. Бұл ретте әрбір басшының немесе мекеме ұжымының өзіндік басшылыққа алынатын педагогикалық алғы шарттары да болуы мүмкін. Біздің ұсынған жұмысымыз мемлекеттік –жеке меншік серіктестік негізінде ашылған мектепке дейінгі мекемелердің қызметінде қолданылу үшін ұсынылып, өз игілігін табуда [5].

Қорыта келгенде, басты міндетіміз біздің бүгінгі бүлдіршін ертеңгі еліміздің қоғамын ұлттық негізіміз ескеріле жасалған қолданыстағы білім беру құжаттамаларына сәйкес білімді парасатты және бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуде. Осыған орай, үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы-балабақшада кіршіксіз аппақ бала жүрегіне болашақта серік болатын отансүйгіштік, адами адалдық, тәрбиелі болмыс, сарқылмас білімге деген құштарлық қалыптастыру біздің басты міндетіміз екендігін ұмытпауымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (одан әрі-Стандарт) (2018 ж. 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығы)

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығы);

4. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

5. www.inform.kz. ҚазАқпарат. Қоғам «Абай Құнанбаевтың құнды пікірлері»

**п.ғ.д., профессор Мухтарова Ш.М.
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.
магистрант Торебаева Г.Р.
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 1-курс,
Қарағанды қ.**

**СТУДЕНТТІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА
ИНТЕГРАЦИЯЛАУ**

Қай заманда болмасын адамзат алдына тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Ел болашағын ойлап, оның кемелденуі мен алға жылжуы үшін жастардың тәрбиесіне баса назар аудару қажеттілігі бүгінгі күні ғылыми тұрғыдан да, тәжірибе жүзінде де қарастырылып жүр. Олай болса, ұлымыз ұлықты азамат, қызымыз қылықты бойжеткен болу үшін ұлтымыздың рухани-адамгершілік қасиеттерін жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы бойларына сіңіру өзекті мәселе екенін білгеніміз жөн. Халық келер ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны жинақтап пайдаланып, шынайы адамгершілік қасиеттерге баулуды мақсат еткен. Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Сондықтан болашақ педагог маман ретінде жас жеткіншектің жалпыадамзаттық рухани мұраға деген ізгілікті қатынасын дамытуда рухани ұстаздардың іс-тәжірибесіне сүйене отырып жүзеге асыру міндеті жүктеледі. Рухани ұстаздардың, Сократ, Платон, Аристотель, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Әл-Фараби, Ж.Баласұғұн, Абай, Шәкәрім, Ж.Аймауытов, Б.Момышұлы, т.б.ұлы да ұлықты тұлғалардың ой-пікірлері, өмірге деген көзқарастары, ойдың, сөздің және істің бірлігі сияқты қайнар көзі, таусылмас асқақ идеялары білім алушыларды шабыттандыру үшін қашан да бізге үлгі болмақ. Түркі әлемінің ойшылы Қожа Ахмет Йассауи «Даналық» кітабында: «Рухани бастауды танып білу, өзінді-өзі танып білу»- дегенді айтады. Адамның басты мақсаты – ақиқатқа жету. Адам өзін-өзі танып білу арқылы, жетілу арқылы адамдық биікке көтеріледі. Ол адамды ұстамдылыққа, өзін жетілдіруге шақырады. Сол шынайы қасиеттер арқылы сүйіспеншілік пен махаббат идеясын ұсынады [1].

Тәрбие жұмысының мақсаты – колледждің тұтас педагогикалық үдерісіне «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау арқылы бірыңғай рухани-адамгершілік кеңістігін

калыптастыру және білім алушылардың рухани-адамгершілік табиғатын ашу, оларды жан-жақты тұтас дамыту.

Тәрбиелік міндеттері – жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, өзін-өзі анықтауға қабілетті, заманауи әлемнің түрлі жағдайларында бағдарлана алатын еркін тұлғаны тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау.

- ізгілікті дүниетанымды, әлеуметтік табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін болашақ ұрпақ пен қоғам алдындағы жауапкершілігін, көшбасшылық қасиетін қалыптастыру.

Көшбасшы (ағылшынша *leader* – басқарушы деген мағына білдіреді) – бұл басқа адамдарды, олардың алғашқы ниеті қандай болғанына қарамастан, өзі қалаған нәрсені жасауға көндіре алатын адам болып табылады, сонымен қатар топтағы адамдардың қасиеттері мен қабілеттерін қолдана отырып, оларды көшбасшы мақсатын іске асыруға бағыттай алады [2].

Көшбасшылық – бұл өз әрекеттерін біріктіру арқылы жеке адамдарға және топтарға әсер ету мүмкіндігі және оларды мақсатқа жету үшін әрекет етуге ынталандыру. Көшбасшылық – адамдардың өз көзқарастарымен бөлісуіне қарағанда, адамдарға көбірек ие болу өнері. Көшбасшы топқа ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар қойып, оған қол жеткізу үшін тактикалық қадамдар жасайды.

Қазіргі жасөспірім – қарама-қайшылықты тұлға, бұл колледждегі пәндерді оқып ұғынатын, қабілетті студент; ата-анасын жақсы көретін бала; өзіне ерекше мән беруді талап ететін, өзгелердің ойын басып тастайтын, құрдастарының ортасындағы көшбасшы; табиғат көрінісін салатын дарынды суретші; өз сөзінің дұрыстығына сенімді, үлкендермен және балалармен қарым-қатынас кезінде тең құқылы ретінде өз ойын мойындатуға тырысқан азамат.

Бұл қарама-қайшылықтар шынайы өмірдің біртұтас үйлесімділігінде көрініс табуы маңызды. Алайда туындайтын мәселелердің шешімін табуды үнемі іздестіру, өмірден туындаған сұрақтарға қажетті жауапты табудың мүмкін еместігі жасөспірімдерді әлеуметтікке қарсы топтасуға алып келеді, айналасындағы осы әлеуметтікке қарсылардың ықпалымен олардың өмірге деген келеңсіз қарым-қатынасы және қылмыстық тәжірибесі жинақтала бастайды. Дәл осы теріс бағыттағы көшбасшылар жастардың топтарына жасөспірімдерді күннен күнге көптеп тарта бастағандықтан, қоғамда үрейлі жағдай туындап отыр. Жасөспірімдер ортасындағы адамгершіліксіз бетімен кетушілікке тек тұлғааралық қарым-қатынас барысына мақсатты, тиімді бағытты нұсқай білетін, қатарластарын айналасында болып жатқанға саналы түрде қаратуға қабілетті көшбасшыны «тәрбиелеп шығару» талабындағы ұйымдастырушылық-педагогтік ұйымды құрғанда ғана қарсы тұруға болады.

Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға бағдарланған. «Өзін-өзі тану» пәнін тәрбие жұмысына интеграциялай отыра оқыту білім берудің басты ерекшелігі пәнді жете түсінетін ұстаздың рөліне байланысты болып табылады. Рухани-адамгершілік білім беру үдерісі жалпыадамзаттық құндылықтарды күнделікті өмірде

қолдану арқылы ғана нәтижелі болады. Ол үшін ұстаздан құндылықтардың мәнін түсіне отырып, тәрбие жұмысының мазмұнына интеграциялауы, оның мәнінің біртұтас екенін көре отырып, тәжірибеде қолдана алуына, сонымен қатар өмірмен байланысын аша түсуін қажет етеді [3].

Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері мен жолдарына тілдік қарым-қатынас жасау тренингтері, оқу процесіндегі пікірталас, ойындар, әңгіме, түрлі белсенділікті қажет ететін жұмыс түрлерін орынды қолдану өскелең ұрпақтың көшбасшылық қасиетін қалыптастырып, адамгершілік қадір-қасиеттерге баулуда айрықша мәнге ие, оны қай уақытта да заман талабы айқын көрсетіп отыр.

Білім – руханилық негізі. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, ұлттық сана, психология мен тәлімдік дәстүр мұраларын бойына сіңіре өскен, парасатты болашақ ел азаматы – жас ұрпақтың адамгершілік мінез-құлықтық тәрбиесін дамыту қоғамдық қатынастарға, қазіргі заман талабына сай өткізілуі тиіс. Жалпы адамға және халыққа деген сүйіспеншілік бала тәрбиесінде ұштасып жатуы қажет. Адамды жан-жақты дамытумен қатар білім алушыға адамгершілік тәрбие беру керек.

Сондықтан білім берудің кез-келген жүйесінде берілетін білім жеке тұлғаны рухани-адамгершілік жағынан жетілдіру арқылы тұлғаның үйлесімді дамуының ашылуына, өмір жолын саналы таңдауға ықпал етуге, жоғары «Мен» тұлғасын ұғындыруға және түсінуге бағытталуы үшін «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын мүмкіндігінше интеграциялағанда ғана жұмыс өз нәтижесін берері анық.

«Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялап оқыту барысында әрбір тұжырымды ойдың түйінін таба отырып, орынды жерінде болашақ жеткіншекке жеткізу үшін, алдымен, мұғалім – болашақ маман иесі берілетін ұғымды түйсіне білуі шарт. Сондықтан аталған бағдарламаны жүзеге асыруды шартты түрде үшке бөлген дұрыс. Олар:

1. Болашақ мұғалімнің «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық негіздерін түсіне білуі;

2. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын тәрбие жұмысына енгізу тетіктерін анықтау, яғни интеграциялау жолдарындағы тиімді жақтарын игеруі және болашақта жетілдіру бағытында жұмыс жасау;

3. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялауда іс-тәжірибе тарату және оның жетілдіре түсу жолдарын қарастыру [4].

Болашақ ұрпаққа рухани-адамгершілік білім беру және оны тәрбиелеу қазақстандық қоғамда жалпыадамдық, жалпыұлттық, этномәдениеттік, жеке тұлғалық құндылықтардың үйлесімді бірігуімен бағдарланған, олар қоғамға қызмет етуде өзін толық пайдалану, өзінің мәнін және өмірдегі тағдырын білуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында айтылғандай, білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды

міндеттерінің бірі зияткерлік ұлтты қалыптастыру болып табылады, оның өкілдері бәсекеге қабілетті білімге, креативті ойлауға ғана емес, сонымен қатар жоғары азаматтық принциптерге, патриотизм мен әлеуметтік жауапкершілік сезіміне ие болуы тиіс.

Көшбасшы тәрбиелеу және оның өзін-өзі тәрбиелеуі әрдайым жүретін үдеріс. Сондықтан да шынайы көшбасшыға тән адамгершілік қасиеттерге тоқталып өтейік. Бұл адамгершілік қасиеттердің барлығы да мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтардан бастау алады. Жалпыадамзаттық құндылықтар барлық адамгершілік қасиеттердің өзегі болып табылады.

Студент осы қасиеттерге ие болған жағдайда оларды болашаққа, көшбасшылыққа дайындаушы мұғалімдерге бірден-бір септігі тиеді. Баланың бойындағы бар қабілетті жетілдіру соншалықты маңызды болып табылады. Себебі студент ойға алған істерін жандандыра біледі. Оқытушы қызықты тапсырмалар мен әңгіме сабақтары арқылы студентті көшбасшылыққа икемдей алады. Алдымен көшбасшы дегеніміздің не екендігін түсіндіреді. Оның қыр-сырын, егжей-тегжейлі оқыта келе ол қасиетті өзіне қабылдаған жағдайда қандай жетістікке тап болатындығына мән береді. Мәселен, топ ішінде бірнеше білім алушылардан басқаларға қарағанда көшбасшылығын қалай білдіреді. Ол алдымен сыртқы ортадағы қарым-қатынасынан аңғарылады. Сөйлеу мәдениеті, басқаларды тыңдай білу сауаттылығы, тапсырманы жауапкершілікпен орындау шеберлігі, сауаттылықтың басты қызмет атқаратынын сезе білушілігі, кез-келген жағдайда қиындықтан жол таба білуі сияқты басты құндылыққа ие адами қасиеттері мен сабақтағы озат білім алушы екендігін дәлелдеуде жалғасады [5].

Біздің басты міндетіміз – болашақ жастардың белсенділіктерін арттыру, олардан белсенді, көшбасшы тұлғаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық механизмдерін анықтау. Көшбасшылықты тәрбиелеу және оның өзін-өзі тәрбиелеуі әрдайым жүретін үдеріс. Көшбасшы болу үшін, сәйкесінше мәдениет, білім, өмірлік тәжірибеге және кәсібилікке де қол жеткізу қажет.

Адамды бағалауда бірінші кезекке оның ішкі жан дүниесін, иманы мен руханиа-дамгершілік қасиеттерін ескеру керек. Өйткені, қазіргі қоғамға тек білімді әрі білікті мамандар ғана қажет емес, адами тұрғыдан ақуасыз тұлғалар мен көшбасшылар, лидерлер керек [6].

Болашақ маманның бойында көшбасшылық қасиетін қалыптастырудың маңызды міндеті – студенттер үшін сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетудің тұтас кеңістігін қамтамасыз ету.

Әдебиеттер:

1. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын білім беру саласына интеграциялау жөніндегі нұсқаулық/ Б.М.Жамекова, К.С.Мукушева, Н.Ж.Омарова, Б.Қ.Тоқажанова/- Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019 ж. – 34,59 б.

2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

3. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат, – Астана, 2018.

4. Бірыңғай білім беру кеңістігінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасымен интеграцияланған тәжірибелік мектептерде сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал./ Әкімбаева Ж.Ж., Ахметова А.И./ - Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2016. – 25 б.

5. Көшбасшылық мәдениеті (9-11 сынып). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал./ Рысбаева А.К., Ахметова Ж./-Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014. – 98 б.

6. «Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы 2019. – 22 б.

**«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты
Тәңірберген Ж. Т.**

Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

Сапалы ұрпақты өсіру әсіресе, психология ғылымының дамуына ерекше көңіл аударуды талап етеді. Психологияны дамыту арқылы өскелең ұрпақты өз дәрежесіне әлем елдеріне таныту бұл біздің әрбір азаматтың міндеті. Психолого-педагогикалық қызметте негізгі әрекет түрі баланың логикалық психикалық дамуы болып табылады. Мұнда баланы тәрбиелеу процесіндегі шығармашылық дамыту ойын әрекетімен тығыз байланыста болуы тиіс. Қоғамның болашақ азаматын өсіру үшін отбасы, қоғамдық орындар, қоршаған ортаның тигізер ықпалы ұшаң-теңіз.

«Үлкендер өсіп келе жатқан балдырғанға адамгершілік сезімдерін дер шағында дарыта беру үшін оны қоршаған ортасында көңілді, қуанышты жайларды жасай білуі шарт» - дейді Е.А. Аркин [1]. Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың ең басты іс-әрекеті болып табылады. Атап айтқанда ойын арқылы балалар өмірді таниды, ойын оларды үлкен өмірге дайындайды. Сонымен қатар баланың шығармашылық дамуында маңызы өте зор. Ойын мәнін балалық шақтан есейген шаққа өтетін көпір ретінде сипаттауға болады. Сонымен қатар мектепке дейінгі балалардың іс-әрекетінің дамуы үшін, тәрбиелеу үшін де ойынның мәні өте зор. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен

өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді [2]. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан - ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма» деп халқымыз айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмір таным, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойынның айрықша маңызы бар: ойын олар үшін – оқу, ойын олар үшін – еңбек, ойын олар үшін – тәрбиенің мықты формасы.

- Ойын - мектепке дейінгі балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі. Тәрбиешінің негізгі міндеттерінің бірі - бала ойынына басшылық ету, мазмұнды-рольдік ойындарды қадағалау, тәрбиелік мәні бар ойындар ұйымдастыру. Сонымен бірге әр баланың шығармашылық бастамасын, көңілдегі ойды өздігінен жүзеге асыра білуін, ойынның мазмұны мен шартына сәйкес өзін-өзі ұстай білу қабілетін, жолдастарына сыпайы, достық ықыласпен қарау сезімін дамыту болып табылады. Ойынның түпкі ниеті – бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы. «Дукен». «Аурухана». «Ұшқыштар». «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т. б болып ойнайды

- Ойынның сюжеті, мазмұны - бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым- қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайды, мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез -құлқы мен өзара қарым қатынастарын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді. Ойын бала үшін нағыз өмір.

Тәрбиешілер мен балалардың ойын мен тәжірибе сабақтарына қызығушылығы балалар үшін әсерлі де тартымды ойын тәсілі болса, бала үшін бұл оқу үрдісін түрлендіру. Ойын түрінде өтетін сабақтар балаларды бала-

бақшадан шыққаннан кейінгі өмірге дайындайды. Олар үшін тек қандай да бір жағдайда не істеу керектігін жаттап, есіне сақтаудан гөрі іс жүзінде көріп, өзін рөлге қойып, шешім қабылдау әлдеқайда қызық. Осындай ойын түрлері имитациялық деп аталады. Оқытудың имитациялық түрі арқылы оқушылардың білім сапасы мен белгілі бір пән немесе тақырып бойынша дайындығын білуге болады.

Педагогика ғылымында ойын әрекетінің оқу үрдісінде алатын орны туралы зерттеліп жүрген еңбектер аз емес. Себебі ойын - оқу, еңбек іс - әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. "Ойын " ұғымына түсініктеме берсек - бұл адамның мінез - құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс - әрекеттің бір түрі. Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады [4]:

- Ойын сауық;
- Коммуникативтік немесе қарым - қатынастық;
- Диагностикалық (ойын барысында өзін - өзі тану);
- Коррекциялық (өзін - өзі түзету);
- Әлеметтендіру.

Әлі де болса ойынның адамның дамуына, қалыптасуына, тәрбиесіне байланысты функциялары анықталуда. Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, дамиды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір - біріне деген сенімділігін арттырады.

Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы: мазмұндық, ролдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көре алады. Ал ақыл - ой ойындарында белгілі бір ережені сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зияндылығын арттырумен қатар ерік сезім түрлерінде дамытады.

Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде бастауыш сыныптарда пайдаланылатын: ойын - сабақ, ойын - жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойын есептер, ұлттық ойындар. Мұндай ойындар баланы жан - жақты дамытып, білімді толық игеруге көмектеседі.

Оқу үрдісінде кеңінен қолданылатын ойынның тағы бір түрі ол - дамытушы ойындар. Дамытушы ойындардың маңызы балалардың ынта - ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік дағдыны қалыптастыру. Дамытушы ойындарға қойылатын бірінші талап - баланың танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту. Бұл талаптар төмендегідей сұраныстарға жауап береді:

- А) балаларға өзінің қабілетін көрсете білуге мүмкіндік беру;
- Ә) баланы басқалармен жарыса білуге қалыптастыру;

Б) білік пен дағдыны қалыптастыру үшін білімді өзі ізденуге қамтамасыз ету;

В) ойын барысында балаға жаңа білім, білік дағдылардың қайнар көзіне жеткізу;

Г) баланың ойын барысында жеткен жеңісі оның жаңа алған білім, білік дағдыларымен сәйкес келетіндігі.

Ұлы Абайдың: «Ойын ойнап ән салмай өсер бала болама?» деген пікірінен бала өмірінде ойынның маңыздылығын көруге болады. Бала-бақша балаларының психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар өз еңбектерінде айтып кеткен: Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров. Ал ертедегі ұлы ойшылдар Ж. Ж. Руссо мен И. Т. Песталоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген. Ойынның теориясы мен маңыздылығы туралы К. Д. Ушинский мен П. Ф. Лесгафт тәрбие және оқыту барысында ойынның алатын орны туралы С. П. Шацкий, В. А. Сухомлинский, Н. К. Крупская өз пікірлерін білдірген [5].

Педагогикалық үрдісті жетілдіру ойынның алар жөнінде Қазақстандық ғалым Н. Құлжановада зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинкт күнделікті негізгі іс әрекет және өмірі деп дәлелденген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік тәрбиелік мақсатқа пайдалану болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген [6].

Мектеп оқушыларының негізгі әрекеті - оқу, қарым - қатынас, ойын және еңбек болса, бұлардың әрқайсысы негізгі функцияларды атқарып, баланы дамытады. Оқу білім алу мен білік, дағдысын қалыптастырса, қарым - қатынас бұл балалардың бірін бірі дұрыс қабылдап, сонымен қатар жаңалық алмасуын арттырады. Ойын - пәндік әрекеттерді жетілдіріп, бірлесіп жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Ал еңбек - қолдың қозғалысын жақсартып, практикалық кеңістік және көрнекі ойлауын жетілдіреді.

Ұлттық психологияның өзіндік маңызы бар және өте күрделі құрылымдық элементтерінің бірі ұлттық сезім болып есептеледі. Ұлттық сезім халықтардың өмірінде ерекше маңызды орын алады. Әсіресе адамдардың рухани келбетін қалыптастыруда және дамытуда, интернационалдық тәрбиеде зор маңызы бар.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан - жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу - ағарту жүйесінің үлесіне түсетінін ескерсек, білім негізі бастауыштан басталғандықтан, жас жеткіншектердің білімді, білікті болуына ойынның алатын орны ерекше. Ойындарды мектепке дейінгі балаларының оқу - іс-әрекеттерінде белгілі бір жүйемен пайдалану қажет. Ойындардың оқыту мазмұнына, танымдық іс - әрекет сипатына, ойын құрылымына сәйкес жіктемелері бар. Ойындардың жіктемесі оқушылардың жас ерекшеліктеріне, ойын сипатына, дене қасиеттерін, қимылдық әрекеттерді дамытуға, ойындардың педагогикалық

мүмкіндіктеріне сәйкес жасалады. Ойындарды оқыту мазмұнына сәйкес түрлері:

1. Ойын - саяхаттар. Олар ертегіге ұқсас, фактілер немесе оқиғаларды бейнелейді. Бірақ олар ерекше түрде ашып көрсетеді, қарапайым жұмбақ арқылы, қимылдық - оңай жолмен, қажеттілер - қызық жолмен беріледі.

2. Ойын - тапсырмалар. Бұл ойындардың негізін заттар мен әрекет, сөздік тапсырмалар құрайды. Ойын міндеттер мен әрекеттері бір нәрсені болжауға негізделеді.

3. Ойын - болжамдар. Бұл ойындар, Не «болар еді...?», «Мен не істерім едім, егер...?» деген сұрақтарға негізделеді.

Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен ситуацияны қоюда ерекшеленеді. Мұндай ойындар білімді нақты жағдайда қалыптастыра байланыс есептерін тағайындауды талап етеді.

4. Ойын - жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі логикалық астарын болуында, олар баланың есі әрекетін белсендіреді. Жұмбақтар салыстыру, теңеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін ажыратуға тәрбиелейді, оқушы қиялының дамуына әсер етеді.

Сонымен, ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез – келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар – құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір – бірімен өзара қарым – қатынас жасайды. Ал мұның өзі оның дамуы үшін ерекше маңызы бар фактор екендігі түсінікті. Ойын баланың түрлі қасиеттерін дамытады, мұнда баланың қабілеті, белсенділігі байқалады.

Әдебиеттер

1. Мухина С.В. «Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы». - Алматы, «Мектеп», 1986. – 18-19.
2. Жарықбаев Н. «Жалпы психология». – Алматы, 2012. – С. 23.
3. Арутюнян Ж.В. «Взаимосвязь учебной и игровой деятельности в обучении математике младших школьников». Афтореф. дисс. канд. пед. наук. – М., 2017. – С. 15.
4. Ахметов С. «Танымдық белсенділікті тиімділігін арттыру жолдары». – Алматы: Рауан, 1994. – 84 б.
5. Л.А. Венгер, О.М. Дьяченко. «Игры и упражнения по развитию умственных способностей у детей дошкольного возраста». – М.: Просвещение, 2009. С. 56-57.
6. Құлжанова Н.М. ойын – мектеп жасына дейінгілердің негізгі іс-әрекеті. – Алматы, 2018. – С. 22-25.

3 секция

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА ИННОВАЦИЯҒЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»

«ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»

Аманбаева Д.С.

**Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға
оқытушысы,**

2 курс студенті Ж.Д.Шыныбай

**Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ ИННОВАЦИЯҒЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазақстан Республикасында қазіргі таңда әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлаудың инновациялық технологиялары қарқынды түрде жүзеге асуда. Әлеуметтік саладағы инновациялық технологияларды жобалау, ең алдымен, инновациялық іс-әрекеттің әдістері мен әдістерін қолдану қажеттілігімен анықталады, нәтижесінде жаңа ғылыми және практикалық идеялар, тәсілдер мен бастамалар туады және жүзеге асырылады. Белгілі болғандай әлеуметтік педагогтар мен қатар әлеуметтік қызметкерлер де даярлануда. Олардың атқаратын қызмет ауқымы бұрыннан белгілі, мысалы, олар, мемлекет тарапынан бөлінетін материалдық көмекті бағытталған адамға, оқушыға жеткізіп береді, не болмаса оның жеткендігін қадағалайды.[1] Соған қарамастан бұл міндет әлеуметтік педагогтардың атқаратын қызметіне қосылып кеткен. Сондықтан мамандарды даярлауда олардың атқаратын қызметінің ара-жігін ажыратып алу, істің тиімділігіне оң ықпал етпек.

Бұлардан басқа осы күнгі әлеуметтік педагог мамандар даярлауда аса маңызды мәселе оларды осы қызмет түрлеріне қарай бейімдеу, мысалы, қарттар үйінде жұмыс не болмаса жеткіншек жастағы балалар колониясындағы жұмыс. Бұл жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері болғанына қарамастан әлеуметтік педагогиканың әдістемесі мен технологиясын оқыту бағдарламасы мен стандартында жеткілкті орын алмаған. Айталық, балабақшадағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар, демек оған арнайы дайындық қажет. Сол себепті студенттерді осындай іс-әрекетке даярлау үшін жекелеген жұмыс бағдарламасын әзірлеп, сол бойынша мамандандыру керек болатын секілді. Оның үстіне біз енді толығымен кредиттік оқыту жүйесіне көшетін болсақ, онда әр студент өзінің не нәрсені оқитындығын жеке бағдарлама арқылы өзі таңдауы мүмкіндігіне ие болады.[2] Мысалға айтатын болсақ, ауылды жерлерде мамандар жеткіліксіз

болып келеді. Кез-келген қоғамда оның дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі кез-келген қоғамда қиын өмірлік жағдайға ие адамдарға көмек пен қолдау көрсеткен ерекше қызмет түрі болды. Бұл әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар жиынтығына және елдің дамуына, қақтығыстардың, соқтығыстардың, соғыстардың, өсудің, реформалардың болуы немесе болмауы және т.б., әлеуметтік жұмыстың және кәсіптің рөлі болды. Бір саяси ғимараттан екіншісіне, өзгертін саяси режимдерде, алдағы саяси режимдерде, соғұрлым өзгертін саяси режимдер, меншік нысандардағы плюрализмнің пайда болуы, соғұрлым соғыстан кейінгі кезеңдегі, экономикадан кейінгі және экономиканы реформалау кезінде. Сол кезде әлеуметтік жағынан осал азаматтар топтары табиғи түрде пайда болды, олармен бірге адамдар саны шектеулі мүмкіндіктер. Олар халықтың мүдделерін түбегейлі өзгертті, ал оның жеке өкілдері мен топтары жаңа қажеттіліктерге ие болды. Қоғамда толық жұмыс істеуін қалпына келтіру үшін, бұл топтар (мүгедектер, қарттар, жетім балалар, жұмыссыздар және т.б.) кәсіби әлеуметтік қызметкерлерге біліктілік және қолдау көрсеткен. Сонымен қатар, қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында оң сапалы өзгерістер орын алады, бұл материалдық, рухани, әлеуметтік және басқа ресурстарды ұтымды пайдалануға әкеледі.

Әлеуметтік жұмыс Қазақстандағы кәсіби қызмет саласы ретінде-жаңа бағыт. Әлеуметтік шындықтың осы саласындағы шет елдердің тәжірибесі оның дамуы үшін өте маңызды - кадрларды даярлау, кәсіби стандартты әзірлеу, жұмыс әдістері мен технологияларын жетілдіру, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру.

Әлеуметтік қызметкер қызметінің мазмұны әлеуметтік өзгерістерге, әлеуметтік дамуға, әлеуметтік бірлікке жәрдемдесуді, адамдардың қоғамда дербес жұмыс істеу қабілетін күшейтуді қамтиды. Теория мен практиканы талдау кәсіби маман ретінде әлеуметтік қызметкердің қызметі мен дамуы мемлекеттің әлеуметтік саясатына; әлеуметтік даму мақсаттарына; басқару органдары жүйесінің құрылымдық толықтығына; мемлекеттік қызметшілердің ар - ожданы мен қызметіне әлеуметтік бағдарлануға тікелей байланысты деп айтуға мүмкіндік береді.[3] Әлеуметтік қызметкер мен клиенттің өзара іс - қимылының нақты нәтижелеріне қызығушылығы; қызмет саласындағы әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның өкілеттіктері мен міндеттерінің сәйкестігі; әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның жалпы даму деңгейіне құрмет маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік қызметкер - табиғаты мен қауіптілік дәрежесіне қарамастан барлық адамдармен тіл табыса алатын төзімді және функционалды жеке тұлға. Өңірде мұндай мамандық бойынша кәсіпқой жұмысшының жауапкершілігі мен талабы көп, сондықтан мұндай қызметкер болу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Әлеуметтік жұмыс маманы көбінесе қоғамға жат тұлғалармен, атап айтқанда девиантты мінез-құлыққа бейім жасөспірімдермен айналысатындықтан, оның девиантты мінез-құлық социологиясы мен психологиясынан, психодиагностикадан, криминологиядан, даму психологиясынан және педагогикасынан білімі болуы керек. Әлеуметтік жұмыс клиенттерінің әртүрлілігі оның өкілдерін әртүрлі

клиенттерге – үйсіздер мен жұмыссыздарға, жалғызбастылар мен қарттарға, «қиын жасөспірімдерге» және мүгедектерге қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін бірқатар құзыреттерге ие болуға міндеттейді. Өмірлік жағдайлар әр түрлі типтегі клиенттер үшін, олардың ерекшеліктерін білу. Бұл, өз кезегінде, қиын жағдайдың себептерін түсінуге және талдауға мүмкіндік беретін білім қорының болуын талап етеді. [4]

Әлеуметтік саясат мәселелерін дәйекті шеше отырып және мемлекетті жаңғырту стратегиясын іске асыра отырып, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2021 жылға дейін әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін қайта құруға бағытталған "әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасы" тағы бір құжатын әзірледі. Шетелдерде әлеуметтік қызметкерлер қазіргі қоғамның әр түрлі әлеуметтік деңгейлері мен көптеген салаларында әркелкі жоспарлы мәселелерді шешуде: мәселен, индивидпен және отбасымен жұмыс, кіші топтардағы жұмыс, мүгедектермен, қарттармен жұмыс т.б.[5] Әлеуметтік жұмыстағы бағыттардың көп түрлілігі қазіргі қоғамның біртұтас әлеуметтік проблемаларынан және оларды шешудің көп варианттылығынан хабар берсе, екіншіден әлеуметтік жұмыс қоғамдық қатынастардың ажырамас бөлігі болып табылатындығын көрсетеді.

Мақалада әлеуметтік жұмыстың заманауи инновациялық технологияларының негізгі бағыттары, олардың мәні, ерекшеліктері, түрлері мен принциптері егжей-тегжейлі сипатталған. Сондай-ақ, ұйымның адами ресурстарын қалыптастыру, сақтау және дамыту бойынша жұмыс тұрғысынан әр бағыттың жағымды белгілері ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Гулина М.А. Әлеуметтік жұмыс үшін сөздік-каталог. - Шүз.: Петір, 2011. - 400 б.

2 Кравченко А.И. Қоғамдық жұмыс. - м .: ТК VELBY, ProPект баспасы, 2012 ж. - 416 б.

3 Әлеуметтік қызметкердің жұмыс үстелі кітабы / Ред. В.И. Жукова, Л.Липтева, В.Г. Шевченко, Е.Г. Агапова. - м .: ed. «Гном және Д», 2009. - 352 б.

4 Әлеуметтік жұмыс: Тәжірибелік сабақ / редактор Басова Н.Ф. -М.: Дашков және К, 2011. - 362 б.

5 Әлеуметтік жұмыс / ред. Және. Куратова. - Ростов-на-Дону: «Финикс», 2009. - 576 б.

**Аринова Елена Тастанбековна,
магистр естественных наук. Гимназия имени Шакарима,
Аринова Ольга Тастанбековна
г.Караганда**

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТОПТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Қазіргі уақытта елімізде мүгедектерге қамқорлық көрсету аясы кеңейуде, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға көп көңіл бөлінуде. Осы мақсатта көптеген іс-шаралар өткізіліп, жұртшылық қолдауды көре бастады. Осы жұмыстарды жүйелейтін нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Әрине, бұл істердің барлығы көп нәрсені жасауға мүмкіндік беретін ауқымды жобалар. Осыған қарамастан, мүмкіндігі шектеулі адамдармен байланысты проблемалар әлі де кездеседі.

Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етудегі мынадай маңызды аспектілердің бірі оларды әлеуметтік қолдаудың теңгерімді жүйесін қалыптастыру болып табылады. Мұндағы басты мәселе материалдық қамтамасыз етуді жақсарту, оңалту, медициналық және әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар болып табылады. Бүгінде мүгедектерді әлеуметтік қамтамасыз ету үш деңгейлі болып табылады. Мүгедектігі бар адамдар еңбек өтілі мен табысына қарамастан Мүгедектігі бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алады, ал зейнеткерлік жасқа жеткен кезде қосымша базалық зейнетақы төленеді [1].

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес соңғы үш жылда мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері жыл сайын кезең-кезеңімен 9% - ға арттырылды. 2009 жылдан бастап мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін реформалау бойынша жұмыс басталды. Біріншіден, мемлекет кепілдік берген арнаулы әлеуметтік қызметтер түрін айқындау және олардың стандарттарын жасау міндеті басталды; екіншіден, әлеуметтік қызметтер көрсететін мекемелердің жаңа институционалдық базасын құру, үкіметтік ұйымдарды кеңінен тарту, құрылған жаңа база негізінде көрсетілетін қызметтер нарығын кеңейту көзделеді; үшіншіден, стандарттар негізінде қаржыландырудың жаңа тетігін енгізу; төртіншіден, әлеуметтік қызметкерлер институтын қалыптастыру көзделеді. Оңалтудың жалпы қызметтерінен арнаулы әлеуметтік қызметтерге көшуді және оларды қолданысқа енгізуді қамтамасыз ететін заңнаманы жетілдіру;

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету монополиясынан шығару және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің толыққанды нарығын құру.

Мемлекетке ресми түрде мүгедек деп танылғандардың санын көбейту тиімсіз. Салыстыру үшін, Еуропа елдерінде халықтың 10% - ы, ал көршілес Ресейде 9% - ы, Қазақстанда мүгедектік алған адамдардың тек 3% - ы ғана бар. Германияда жәрдемақы еңбекке қабілеттілігін 60 пайызға дейін жоғалтқандарға ғана төленеді. Мүгедек мәртебесін алған адамдар мемлекеттен өмір сүруге қажетті жабдықтармен, қоғамдық көлікте тегін жол жүрумен, жұмысқа орналасу кезінде жеңілдіктермен әлеуметтік көмек ала алады. Бізде мүгедектіктің халықаралық жіктемесін енгізген кезде ресми түрде танылған

мүгедектер санының екі еселенуі әбден мүмкін. Біріккен Ұлттар ұйымының Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және факультативтік қаулысына қол қойылғанға дейін мүгедектерге деген суық көзқарас өзгерген жоқ. Сондай-ақ, оның құрамы туралы алаңдаушылық бар. Яғни, бірінші және екінші топтағы мүгедектердің үлес салмағы 60% – ды құрады, олардың 70% - дан астамы еңбекке қабілетті жаста. Әрбір бесінші бала-мүгедек, бүгінде бала туу бойынша мүгедек балалардың 32,6% – ы.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі екі жыл ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың көлемі 50% - ға артатынын хабарлады.

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік әлеуметтік саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді::

- * заңдылықтың, гуманизмнің, адам құқықтарын сақтаудың маңыздылығы;

- * әлеуметтік қорғау кепілдіктері, медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалтудың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- * мүгедектердің басқа азаматтармен бірлесіп денсаулық сақтауға, білім алуға, еңбек етуге, қызмет түрін еркін таңдауға еріктілігі;

- * мүгедектердің адам құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша Мемлекеттік органдардың қоғамдық бірлестіктермен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылы;

- * мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілік.

Қазақстанда нарықтық қоғамның дамуы мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс істеудің мәнін, әдістерін, технологияларын жаңа деңгейге көтерумен сипатталады. Адами әлеуетті және адами ресурстарды дамытуға, адами капиталға қаражат салуға назар аудару әлеуметтік жұмыс объектілеріне қатысты әріптестік қатынастарды дамытуды талап етеді. Оларды қоғамнан Бөлмей, қоғамның заңды азаматы ретінде барлық жағдайдың жасалуына назар аудару керек. Қоғамның көзқарасы олардың басқа адамдармен тең емес екенін мойындауға тең. Қоғам-мүгедектердің өздеріне деген сенімі қалыптасатын, олар мұндай қарым-қатынастардан айырылғанша қиын жағдай.

Әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік көмек және Қамқорлық әлеуметтік қорғау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мүгедектердің азаматтармен тең құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында оңалтудың кешенді бағдарламасын іске асыру қажет. Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңында мүгедектерді әлеуметтік қорғауды, мүгедектердің құқықтарын және оларды әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеу, жұмыс берушінің мүгедектерді әлеуметтік қорғау ісіне, Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктеріне қатысуы туралы айтылады [2]. Осы Заң Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің, олардың тыныс-тіршілігі мен қоғаммен өзара іс-қимылы үшін тең

мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларын айқындайды [3].

Қазақстан Республикасында халықты қорғаудың негізгі бағыттарының бірі азаматтарға мемлекет тарапынан әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау, есептеу және төлеу болып табылады. Мүгедектіктің себептерін, топтарын, еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін, сондай-ақ мүгедектік болған кезде жәрдемақылар тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар-бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, азаматтарға мүгедектік туындаған, асыраушысынан айырылған кезде және жасына байланысты берілетін ай сайынғы ақшалай төлемдер.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы-жәрдемақылардың өзге түрлеріне қарамастан, әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдарға берілетін ақшалай төлем.

Қазақстан Республикасының Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңнамасын Қазақстан Республикасының Конституциясы негізге алады. Еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан, жұмысынан айырылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлерін атап өтуге болады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қорғау мемлекеттің азаматтық қоғам қалыптастырғанының белгісі болып табылады. Азаматтық қоғамды ортақ мақсатқа жету үшін адамдардың өзара бірлестігі ретінде қарастыруға болады. Бұл жерде қоғамның маңызды мәселелерін шешуде мемлекеттік емес ұйымдардың, діни және кәсіби ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа топтардың белсенділігін арттыру маңызды. Қоғамның немқұрайдылық танытпауы, жекелеген адамдарға, топтарға қиындықтар, тұрмыс, отбасындағы зорлық-зомбылық, жетімдік, мүмкіндігі шектеулі адамдардың тағдыры сияқты мәселелерге қатысты азаматтық қолдау көрсетуі аса маңызды. Мұндай қоғамның әлеуметтік қауіпсіздікті сақтауға мүмкіндігі бар. Франкфурт мектебінің өкілі Э. "Сау қоғам" мен "ауру қоғамның" айырмашылықтары туралы айта отырып, Фромм бұл қоғамдардың мәдени жағдайы азаматтардың қалыптасуына тікелей әсер ететінін айтады. Ол" адамның ең керемет қасиеттері мен жек көретін қасиеттері оның өзгермейтін биологиялық табиғатының бөлігі ғана емес, сонымен бірге адамды қалыптастыратын әлеуметтік процестің нәтижесі" екенін айтады. Жоғары мәдениетті қоғам барлық азаматтарға сапалы өмір сүруге, адамгершілік климатты оң қалыптастыруға, мінез-құлықтың адамгершілік үлгілеріне ие болуға мүмкіндік береді. Мұнда қоғамның қалыптасуына тек мемлекеттік ұйымдар ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік емес ұйымдар мен барлық саналы азаматтар да үлес қосуы керек.

Бүгінгі таңда ең басты мәселе – мүгедектік тәуекелінің алдын алу, яғни еңбек ресурстарын сақтау екені сөзсіз. Бүгінгі таңда бұл жоспарда мынадай шаралар көзделеді: ұлттың денсаулығын нығайту және мүгедектікке әкеп соғатын патологиялардың таралуын төмендету, бұл негізінен денсаулық сақтау жүйесіне қатысты болса да, міндетті түрде басқа мемлекеттік басқару

органдарының белсенді қызметін талап етеді; кәсіптік аурулар мен өндірістік жарақаттанудың алдын алу; елдегі жол-көлік оқиғаларының санын азайту; мүгедектікті азайту жолдарын бақылау, болжау және анықтау.

Мүгедектік көп жағдайда мамандыққа қатысты қалыптасатын аурулар мен өндірістік жарақаттармен байланысты. Ағымдағы жылғы 1 қазандағы деректер бойынша еңбекке қабілетті жастағы мүгедектер арасындағы өндірістік жарақаттанумен байланысты адамдардың үлесі – 1% - дан астам. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар өндірістерде жұмыс істейтіндердің саны шамамен 323 мың адамды құрайды, оның ішінде 79 мың әйел. Бұл осы саладағы кәсіби аурулар мен өндірістік жарақаттанудың жоғары қаупін көрсетеді. Бұл жағдайды жақсарту үшін Министрлік еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау стандарттарын бейімдеу және енгізу бойынша бірқатар шараларды жүзеге асырды. Сонымен қатар, еңбек ету қабілетінен айырылу тәуекелін әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамыту жүзеге асырылуда. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ынталандыру бойынша шаралар қабылдануда. 2010-2012 жылдарға арналған" лайықты еңбек " бағдарламасын іске асыруды ынталандыру жөніндегі іс-шаралар; "Ұжымдық шарт жасаңыздар "республикалық акциясын іске асыру және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі" Парыз " конкурсын өткізу барысында үнемі жетілдіріліп отырады.

Мүгедектерді жұмыспен қамту және оларды кәсіптік оңалту жөніндегі шаралар кәсіптік бағыттылықты; кәсіптік білім беруді, жұмысқа орналастыруды қамтиды.

Мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтары ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңының 32-бабында көрсетілген. Осы Заңға сәйкес келесі тармақтарды бөліп көрсетуге болады.

Әлеуметтік жұмыс – әрекеттің бір түрі. Егер құрылысшы үй салса, слесарь көлік жөндесе, әлеуметтік қызметкер адамды «құрады». Ол өзінің адамымен әңгімелеседі, оның психологиялық стресін кетіреді, күнделікті өмірдің ырғағына енуге көмек көрсетеді. Әлеуметтік жұмыс – өз бетімен өмір сүре алмайтын, өзінің өмірлік мәселелерін шеше алмайтын адамға көмек ретінде бағытталған іс-әрекет.

Әлеуметтік көмектің объектісі болып: мүгедектер, қарт адамдар, жалғыз басты және ауру адамдар, көп балалы отбасы және жалғызбасты аналар болуы мүмкін. Кейде керемет тұрып жатқан адамның өзі сәтсіз оқиғаның арқасында өте қиын жағдайларға тап болуы, кейле балалар нашар топқа түсіп, есірткі сатушылардың торына түсіп қалса – онда оларға көмек керек болады. Әлеуметтік жұмыстың объектісі – бір адам, отбасы немесе адамдар тобы болып табылады. Көмек керек әлеуметтік жұмыстың объектісі болатын адамдардың барлығы клиенттер деп аталады. Әлеуметтік жұмыстың әрекет етушісі әрқашанда белсенді болуы керек.

Аталмыш саланың жұмыс жүйесіне қатысы бар адамдардың барлық әлеуметтік жұмысты басқарусыз жүргізуі мүмкін емес. Әлеуметтік жұмысты басқарудың көптеген элементтері бар: бағалау, жоспарлау, шешімдер қабылдау, тіркеу мен бақылау, жүйелеу, ұйымдастырушылық және материалды техникалық қамту, әлеуметтік жұмыс үшін кадрларды тәрбиелеу мен дайындау. Дұрыс бағалау, жақсы жоспар құру, тиімді шешім қабылдау үшін әлеуметтік қызметкер көп білуі тиіс, яғни адамның құқығы мен міндетін, өз міндеті мен құқығын, әлеуметтік қамсыздандыру мен көмекке қатысты

сұрақтардың барлық заңдарын, психология, педагогика әлеуметтану негіздерінен білуі тиіс.

Әлеуметтану қоғамды және әлеуметтік қатынастарды тұтастай зерттей келе, ғылым ретіндегі әлеуметтік жұмысқа қоғам туралы білім береді. Әлеуметтік қызметкердің әлеуметтанушы болуы тиіс, ол қоғамның дамуы мен құрылымының заңдылығын жақсы білуі тиіс. Әлеуметтік жұмыста қоғамды, жеке тұлғаны, отбасын, саясатты, дінді және т.б. зерттеуде, осылардың барлығын оған білім ретінде керек болады. Көп балалы отбасымен жұмыс жүргізу, нашақор, жұмыссыз қалғандар мен т.б. жұмыс жүргізу алдында әлеуметтік қызметкер отбасы, еңбек әлеуметтануын, девианттық мінез-құлық әлеуметтануын, гендерлік әлеуметтануын білуі тиіс. Осы бойынша, біріншіден, әлеуметтану әлеуметтік қызметкерге білім береді, ал әлеуметтік қызметкер әлеуметтану ғылымына сүйенеді.

Әлеуметтік жұмыстың принциптері деп – оның бастапқы негізін, әрекетінің ережесін айқындайтын идеяларды айтады. Әлеуметтік жұмыстың кейбір принциптерін қарастырайық. Гумандық принципі адамды аса бағалы деп түсінуді талап етеді. Гумандық еркіндікке, бақытқа, өзінің қабілеттерінің көрінуі мен дамуына адамның құқығы бар деп мойындайды; адамдар арасындағы теңдік пен әділеттілік, қатынастардың ережесі деп есептейді. Қоғамдағы болып жатқан процестерге қарағанда, бірінші орынға адамның назарын қояды. Мысалы егер адамдар жақсы өмір сүре бастаса, онда елдегі реформа дұрыс жүргізіледі деген сөз. Ал егер, керісінше, адамдар нашар өмір сүрсе, онда реформа қате жүргізілді деген сөз.

Әлеуметтік жұмыстың технологиясы деп әлеуметтік қызметкердің өзінің іс-әрекетінің қойылған мақсатына жеткізетін әдістері мен амалдардың жиынтығын айтамыз. Әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік технологиялары қарапайым (арнайы мамандығы жоқ мамандар жүргізетін), күрделі (мамандықты қажет ететін) және комплексті (бірнеше мамандықты қажет ететін) болып бөлінеді.

Әлеуметтік жұмыстың жалпы технологиясымен бірге (диагноз, экспертиза, болжау, көпшілікпен байланыс) әлеуметтік жұмыстың нақты әдістері мен үлгілерін көрсетуге болады.

Болашақты алдын-ала пайдалану технологиясының негізінде тұрғындардың қамқорлығы туралы мемлекеттің ерекше саясаты жатады. Әлеуметтік технологиялар іске асқан кезде бірнеше түрлерге бөлінеді: диагностика технологиясы, жобалау және бағдарламаларды іске асыру, бейімделу мен әлеуметтік реабилитация технологиялары.

«Диагностика» термині (грек тілінен «танып-білу, анықтау») медицина ауруды тану және диагноз қою дегенді білдіреді. Әлеуметтік ауру туралы түсінік әлеуметтік жұмыстың пайда болуымен бірге қалыптасады. Туберкулез, рахит, жыныстық қатынас арқылы жұғатын аурулар көбінесе адамдардың материалды жағдайының нашарлығымен байланысты. Қайыршылық, ашаршылық, жалғыздық және тағы басқа әлеуметтік ауруларға жатады.

Диагностика кезінде әлеуметтік экспертиза қойылады. Эксперттік зерттеуде маманның дәлелденген қорытындысы қажет болады. Әлеуметтік жұмыста осы эксперт психиатр, заңгер, психолог, кhp тәжірибелі әлеуметтік жұмыскер болуы мүмкін. Әлеуметтік экспертизаның төрт функциясы болады: диагностикалық: диагностикалық (клиенттің жағдайын анықтау), ақпараттық бақылау (клиент туралы ақпарат анықталады), прогноздық (клиенттің болатын жағдайы анықталады), жобалық (шешім қабылдауға ұсыныстар шығару).

Әлеуметтік жұмыс жүргізген кезде бірнеше жаңалықтар (инновациялар) енгізіледі. Инновация дегеніміз – өзгеріліп отырған өмір жағдайына сәйкес ұйымдастырылған жаңалықтар, мысалы: сенім телефоны.

Әлеуметтік жұмыстың әдістері. Әдістер дегеніміз – бұл мақсатқа тез жетудің қысқа жолы. Әлеуметтік жұмыстағы әдіс – бұл клиентті қорғау мен көмек көрсету туралы алға қойған мақсатқа жету.

Әлеуметтік жұмыста, басқа ғылымдағы тәрізді, жалпы айқындау әдістері: анализ, синтез, салыстыру, талдап қорыту, бақылау, эксперимент және тб қолданылады. Жалпы ғылыми әдістермен бірге, әлеуметтік жұмыспен тығыз байланысты әлеуметтану, психология, педагогика әдістері пайдаланылады.

Осы таным әдістермен бірге әлеуметтік жұмыста клиентті тәрбиелеу әдістері де қолданылады. Олар әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру-басқару әдістері. Әлеуметтік-экономикалық әдістер клиенттің қызығушылығы мен түрлі мұқтажын қанағаттандыруға байланысты, яғни онда азыя-түлік, зат ақша, жеңілдік, ақшалай көмек тағы басқа тәрізді беріледі.

Әлеуметтік жұмыстың психологиялық үлгісі адамның жеке басындағы мәселелерін шешу үшін, оның қабілеттерінің дамуына бағытталған. Әлеуметтік қызметкер клиентке өз жеке басының мүмкіндіктерін пайдалануға көмектеседі. Мысалы гуманизм әдісінде әлеуметтік қызметкер адамды, оның мәселесіне ортақтасатынын, оған көмек көрсететінін, сол үшін онымен жақсы қарым-қатынас орнататынын көрсетеді. Олардың кейбіреулері клиентке қосылып, бірге иедитация өткізеді. Әлеуметтік қызметкер өз клиенттерін көзқарасын жақсы жақтарға өзгертуге тырысады.

Әлеуметтік жұмыстың комплексті теориясына немесе үлгісіне рольдік теория немесе рольдік әдіс жатады. Әлеуметтік қызметкер рольдік ойын арқасында клиенттің міне-құлқын өзгертеді. Мысалы әйел-ана «немқұрайлы әйел» ролінен айырылғысы келеді. Осы ойын арқасында әлеуметтік қызметкер бұрынғы ролын «жақсы көруші ана» роліне өзгертеді. Осылайша әлеуметтік қызметкер өз клиенттеріне қызмет көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Ж.Н. Сәрсенова «Әлеуметтік жұмыс» 2013ж

4 СЕКЦИЯ
«ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ»

«РЕШЕНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ В ТЮРКСКОМ
ОБЩЕСТВЕ»

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің доценті
Б.Ж. Абдрашева,
Кастамону университетінің PhD докторы Хаджы Ахмет Шимшек

ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРІНЕ ТАЛДАУ
ЖАСАУ

Қазіргі таңда көне түркі ұрпақтары жер жүзінде көптеп кездеседі. Олардың құрамының басым көпшілігін түріктер, өзбектер, қазақтар, азербайжандар құрайды. Түркі тілдес ұлттардың өза ара мәдениеті мен салт-дәстүрлері өте жақын. Сонымен қатар олардың тілі, діні, ділі де өте ұқсас. Тарихтан белгілі болып отырғандай, бұл халықтардың батырлығы мен батылдығы, жаугершілігі елдің ауызбірлігінде және мінезінің табандылығында екендігін көріп отырмыз.

Ертеректен көне түркі халқында жазба жұмысының болғандығы туралы алғашқы болып Қытай деректерінде айтылған. Одан тыс Еуропа мен Азия ғалымдарыда көне түркі халқында жазу өнерінің болғандығын айтылып жүр. Әрине, барша дүниежүзі тарихта болды деп мойындау үшін айнымас дәлелдер керек екені анық. Олардың бірі Моңғолияның солтүстігінде Орхон өзенінен табылған көне түркі жазбаларының ескерткіштері - стелалар, яғни тас плиталар. Көне түркі халқының тағы бір ауыз толтырып айтар ескерткіштері, ел билеген қаған мен батыр Білгеқаған және Күлтегіннің құрметіне тұрғызылған ең ірі руна жазуы бар ескерткіштері.

Түркі халықтарының ата тегінен қалған нақты рухани мұралар үлгісіне Орхон – Енисей бойынан табылған тасқа ойылып жазылған ескерткіштер жатады. Ескерткіштер ежелгі заман тайпаларының Түркі заман тұсындағы тұрмысы мен салты, мәдениеті мен жаугершілік жортуылдарын мәнерлі тілмен өсиет үлгісінде баяндаған.

Қазіргі кезде сол халық өкілдері Қазақстан халқы әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі барлық салаларда түбегейлі өзгеріске ұшырап, жаһандану қоғамындағы қатынастардың әсерімен қалыптасуда. Жаһандану тұсында құндылықтарының өзгеріске ұшырауы, Батыс мәдениетінің, тіпті мәңгүрттенудің экспансиясына ұшыраудың қаупі бар екеніне ойлана қарауымыз керек. Үдіре даму мен жиілеп кеткен реформалар қоғамдық дағдарыстар жағдайында адамдар арасындағы тәртіп пен моральдық талаптар дисфункцияға ұшырай бастайды.

Бүгінгі айтылып жүрген түркі тілдес халықтардың ортақ мақсат пен туысқандық жақындығымызды нық орнату туралы идеясы, жүрекке өте қонымды және ол уақыт талабынан туындап отырған мәселе. Жалпы Түркі тілдес елдер арасындағы тілден басқа ұлттық дәстүрлерде өте ұқсас. Соның бірі - көшпелі қазақ халқының өзіндік дәстүрлерін сараптап қарастырмақпыз.

Кезінде әлеуметтік ортасында өзіндік дүниетанымдық көзқарасы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мәдениеті мен тарихына орайлас жас ұрпаққа тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге берудің әдет-ғұрыптарын қалыптастырды. Атап айтсақ, жас ұрпақты тәрбиелеудің жалпыға ортақ әлеуметтік-моральдық талаптары белгіленді. Қазақ халқы ұлттық әлеуметтік қатынасқа сай өздеріне биік моральдық-этникалық талаптар қойған, олардың ең бастылары: яғни жеті атасын білу, үлкендерді құрметтеу, кішіге қамқор болу, жетімді жебеу, жастың меселін қайтармау, ата салтын қастерлеу, бір сөзге тоқталып сөз атасын қадірлеу, тапқырлық пен алғырлық, кісілік пен ізгілік, ата-анасын сыйлау т.б. сияқты салттар қоғамдық ортадағы әлеуметтік институттардың қоятын талаптары мен атқаратын қызметін қадағалап отырды.

Ағылшын әлеуметтанушысы Герберт Спенсер әлеуметтану ғылымында «әлеуметтік институт» терминін алғаш ұсынған адам. Оның пікірінше, институттар қоғам өмірін реттеу мен жайластыру және адамдардың мінез-құлқына ықпал ету ісінде маңызды рөл атқаратынын атап өткен. Ол әлеуметтік институттардың алты түрін сипаттап, талдаған: өнеркәсіптік, кәсіптік, саяси, әдет-ғұрыптық, діни және отбасылық [1, 59 б.].

Ағылшын социологы Э. Гидденстің пікірінше, әлеуметтік институт адам өмірінің негізі үлгісі болып қарастырылады. Әлеуметтік институттар қоғамдық өмірдегі құндылықтар мен нормаларды сақтай отырып, адам өмірімен оның өміршендігімен қамтамасыз етеді. Әлеуметтік қызметтің негізгі үлгілері бола отырып, қай уақытта, қай кезеңде болмасын белгілі тәртіпті қатаң сақтайды, қоғамның скелеті іспеттес болғандықтан белгілі бір ережелерге бағынады [2, 263 б.]. Белгілі социолог Питер Бергер мен Томас Лукман әлеуметтік институт туралы мынадай ойды білдірген: «Адамдардың тәртібіне бақылау жасау, күнделікті жағдайдағы да әлеуметтік рөлдерді орындау» деп көрсеткен [3, 124 б.]. Американ социологы Талкотт Парсонс көп еңбектерінің ішінде біздің назарымызды өзіне аударған оның әлеуметтік іс-әрекет қимыл және құрылымды функционалдық туралы ілімі. Бізге керегі әрбір әрекет, қимылдың өзін-өзі ұйымдастыратын белгілі жүйесі, оның шартты белгілері (символикалары) болады. Олар: іс-әрекеттің белгілі бір нормативті ережеге сәйкес әлеуметтік заңдылықтардың, әлеуметтік нормалардың, тіл, символдар мен құндылықтарға тәуелді болуының өзі әлеуметтік институт теориясының анықтамасы болып табылады.

Елімізде жаһандану үрдісінен кенже қалмас үшін, еңбек ресурстарының және тауарлардың әлемдік базарларының талабына сәйкес жаңа технологиялық ілгерілеу мен инновациялық өзгерістердің қарқынды дамуы қуантады. Дегенмен жергілікті тауарлардың модельдерін ұлттық өрнекпен ұштастырып, бүкіләлемдік талғамға сай жасалып, әлеуметтік қажеттіліктерді

туғызып, материалдық және рухани өндіріс нәтижелерімен алмасу арқылы сұранысты көбейту, әлеуметтік болжам жұмыстарын жоспарлау, Шығыс және Батыс өркениеттерінің диалогын жандандыруды қолға алу, әлеуметтік бақылау мен қадағалау арқылы әлеуметтік институттың функцияларын орындаймыз. Сондықтан әлеуметтік институт талабына сай, ұлттық салт – дәстүрдің негізгі тәрбиелік мәні мен рухани құндылықтарын ел арасында сақтау қалу бүгінгі күні өзекті болып отыр.

Халықтық салт-дәстүрдің қай уақытта қалыптасқандығы белгісіз, бірақ, әр халықтың салт-дәстүрі өзінше қайталанбас, ерекше айшықты да өрнекті әлем. Халықтың атадан балаға көшіп, жалғасып және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекеттің көрінісі дәстүр арқылы танылады [4, 74 б.]. Адамзат тарихы талай-талай рет астан-кестен боп өзгерді, талай түрлі төңкерістер, әлеуметтік-экономикалық толқулар болды, бір формацияның орнына келесі бір формация келіп, бір мемлекет күйреп, орнына жаңа мемлекет тұрып жатты. Халықтың тұрмыстық өзгешеліктері, салт-дәстүрлерінің негізі әлі де бұзылмай, өзінің біртуар бітімін сақтап келеді.

Салт-әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі - салт ретінде қалыптасқан. Ол ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп сана, құндылық, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық, құндылық, тағылым, өнеге тәжірибесін құрған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол халықтық заң негізінде жазалап та отырған. Демек, салт-дәстүр қазақ үшін бұлжымас заң десек те болады. Мысалы: той, наурызкөже, қыз ұзату, қонақасы, шашу, ерулік т.б. ата салтымыз болып саналады. Оны қолдану мен дәріптеуді ғұрып дейміз [4, 75 б.].

Қазақтың өмір салты, өнер салты, тарихы, мәдени мұрасы оның ел арасындағы тәлімдік, өнегелік, гумандық халықтық қызметі де әлеуметтік қатынас принципі және құралы бола алады. Ұлттық дәстүр сол ұлттың құрамына кірген халықтардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойынша сіңіре отырып, өзіне тән ерекшелікпен дамып, сол ұлттың негізіне, моральдық-этикалық болмысына айналады. Оның ұлттық дәстүр аталуының мәні де осында. Бұл ретте оны, яғни ұлттық дәстүрді белгілі бір ірі құрылыстың іргесінің суға шайылып, желге мүжіліп, небір дауыл соққысына шыдап, құламауын қамтамасыз ететін берік іргетаспен салыстыруға болады. Өйткені, кез келген ұлттың замана дауылдарына төтеп беріп, кезеңдік саясат ағымдарының иіріміне түсіп кетпей, халықтық бірлігін, ұлттық тұтастығын сақтап қалуы үшін де ұлттық дәстүр қажет болса, дәл қазіргі жаһандану саясаты кезіндегі ұлттың ұлттығын дәйектеп тұрар белгілерін айқындайтын ұлттық дәстүр тағы да қажет. Адамның адамшылығын сақтап қалған да салт-дәстүр. Ұлттың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани – дүниетанымдық тұғырларын жаппай қалпына келтіру қазіргі заманға сай

озық батыстық өркениеттік құндылықтар мен жанашылдықтарды жаппай жөн – жосықсыз қабылдау үрдісімен қатар жүреді.

Халық қалыптастырған әдеп ұлттық қолданысқа айналады да дәстүр болып қалыптасады. Яғни әдеп халықтың мәдени ерекшелігі болып, өмір қолданысына заңды түрде енеді де, оның орындалмауы заңсыздық, өмірге кереғар болып көрінеді. Ондай заңдылықты бұзу-күнә, айып, қылмыс ретінде танылады. Сөйтіп дәстүр салтқа айналады. Оны салт-дәстүр дейміз. Салт дәстүрлердің ұлттық санаға айналған биігі - салт-сана деп аталады [4, 35 б]. Әр адамның мінез-құлқы, дүниетанымдылығы, психологиясының бір-біріне ұқсай бермейтіндігі түсінікті.

Әрбір халықтың мінез-құлқының, психологиясының өзіндік ерекшелігі, басқа бірде-бір халыққа ұқсамайтындығы оның ұлттық дәстүрінің әр түрлілігі ғажап та қызықтылығында.

Ежелгі қазақ жерін қоныс еткен түркі тілдес тайпалар арасында діни наным-сенімдер сақталған, уақыт өте кейбірі өзгеріске ұшырап жаңа мән-мағынаға ие болған, сөйтіп осы тайпалардан сұрыпталып шыққан қазақ халқының бүгінгі рухани болмысының сол бір алыста, артта қалған замандармен сабақтастығын дәлелдейтін салт-дәстүрлер, наным-сенімдер аз емес. Бүгінгі діндер қалыптасып, олар әлеуметтік идеологиялық санаға айналғанға дейін адамдар әр түрлі сенім-нанымдарға тәуелді болған. Олардың шығуына, дамып өріс алуына алғашқы адамдардың табиғаттың таңғажайып сырларын, ондағы қым-қиғаш құбылыстардың қандай күштер арқылы болып жатқанын түсініп оны пайымдап, ақылмен қорыта алмауы себеп болды. Күннің күркіреуі, аспанда найзағайдың жарқылдауы, өзен, көлдердің жағасынан шығып тасуы, дамылсыз соққан дауылдар, зілзала болып жердің сілкінуі, от шашқан таулар, алапат апаттар осының бәрі қоршаған ортадан, табиғаттан тыс құдіретті күштердің бар екеніне адамдардың наным-сенімдерін туғызды. Осы сенімдер негізінде әртүрлі дін, діни ұғым, түсінік уағыздар пайда болды. Олардың өмірге келуі, таралуы, адамдардың ақыл-санасын баурауы бірден іске асқан жоқ, ұзақ сонар жолдан өтті. Олар наным-сенім жүйесі ретінде қалыптасып, адамдар санасына орныққанша күнге, айға, отқа, суға табыну, оларға тәңір ретінде қарап, құлшылық ету, жаппар иемдеп жалбырануы орын алды. Әйтесе де олар тәңір туралы теріс түсініктердің мәнін білмеген. Сондықтан да табиғаттың тылсым күштерін жанды деп түсіну, оларға адам қасиетін телу дәстүрлері келіп шыққан.

Дәстүр, салт-дәстүр, салт-сана ұлттық болмыстың мәдени көрінісі болады. Демек, ұлттың салт-санасы сол ұлттың мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді. Мысылы, қонақ күту-игі әдет, ол көп отбасының қолданысында әдет-ғұрып болып қалыптасады да, жалпы ұлттық қолданысында әдеп болады, ал ұлттық қолданыс өмірлік заңдылыққа айналып, дәстүр болады, ұлттық дәстүр санаға сіңіп, салт-сана болады. Қазіргі қоғамдық формацияға байланысты халықтың дүниетанымдылығы, идеологиясы, ой-өрісі, менталитеті, тіпті мәдени құндылықтары сол заманға сай өзгеріп отырды. Халықтың дана да, бір туар тұлғаларын айтуға, ұрпаққа үлгі етіп жариялауда

жасқаншақтық таныттық, дегенмен қандай саясат, идеология болмасын, тоталитарлық кезеңнің өзінде халықтық төл әдет-ғұрыпы, дәстүрі өзгеремеді, сыртқы формасы өзгермегенмен ішкі мән-мазмұны сол қалпы сақталып атадан балаға мирас болды.

Әлем мәдениетінің, жалпы адамзат өркениетінің қалыптасуына ерекше әсер етіп, ықпал жасаған, өзіндік орны бар түркі мәдениеті жайлы көптеген мәліметтер бар.

Түркі дәуірі қалыптасқаннан бері, өз алдына ерекшеленіп келе жатқан түркі мәдениетінің ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан ұлағаты мол дәстүрлер мен тығыз байланыстар, әсіресе мұның үміт күтер кемел келешегі бар деп сендіре аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Спенсер Г. Основания социологии. Т. I-II. СПб., 1898.- С.274
2. Гидденс Э. Социология. Учебник 90-х гг. Урало-Сибирский региональный дом экономической и научно-технической пропаганды.- 263.С.
3. Бергер П., Лукман Т., Социальное конструирование реальности, «Медиум» М, -1995.-С.321.
4. Жежеахметұлы. С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі.- Алматы, Санат.- 1998.-255 бет.
5. Конт О. Дух позитивной философии. СПб., 1910.- С
6. Социология: Учебник.-М.: Гардарики, 2003.-С.344

Ахметова И.Ә

Аға оқытушы, магистр

**Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды,
Қазақстан
Шимшек Х.А.**

фс.ғ.д. Кастамону университеті, Кастамону қ., Түркия

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік мәселелері сөз болады:

1. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері.
 - 1.1. Ең төменгі әлеуметтік стандарт.
 - 1.2. Атаулы әлеуметтік қолдау.
 - 1.3. Өңірлердегі әлеуметтік теңгерімсіздіктер проблемасын шешу.
 - 1.4. Жұмыспен қамту және еңбек саясатын жаңғырту.

Жалпы мемлекеттің әлеуметтік саясаты - қоғамның әлеуметтік-

экономикалық өмір сүру жағдайыын реттеудің бір бағыты. Оның басты мақсаты — кез келген қоғамның жоғары құндылығы ретіндегі адамды қолдау және дамыту. Ол елдегі жалпы экономикалық жағдаймен тығыз байланысты және екі жақты қызмет атқарады. Бір жағынан, әлеуметтік саясатта тікелей және жанама түрде экономикалық дамудың мақсаттары көрініс алады, өйткені экономикалық іс- әрекет қоғамның барлық топтарына жақсы жағдай жасау мақсатында жасалады. Екінші жағынан, әлеуметтік саясат экономикалық өсудің факторы болып келеді. Егер экономикалық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартпаса, онда еңбек өнімділігі төмендеп, жұмыс күшінің сапасы кемиді; қоғамда әлеуметтік тұрақсыздық пен қарама-қайшылық артады. Өтпелі кезеңде экономика дағдарысқа ұшырап, қоғамда жұмыссыздық пен кедейшілік қалыптасқан кезде халықты мемлекет тарапынан жаппай қаржыландыру мүмкіншілігі қысқарады. Дамыған елдердің әлеуметтік саясат жүргізу тәжірибесінде бірнеше бағыттар қалыптасқан: әлеуметтік сақтандыру; жұмыскерлерді әлеуметтік қорғау; еңбекақы саясаты; еңбек нарығындағы әлеуметтік шаралар; тұрғын үй саясаты т.б. жатқызылады.

Әлеуметтік сақтандыру – мемлекеттің әлеуметтік саясатының ең бір маңызды бөлігі. Әртүлі себептерге байланысты, мысалы, өндірісте жарақат алған, жұмыскер жұмыс істеуге жарамсыз болып қалуы мүмкін. Бұл жағдайда ол табыс табу мүмкіндігінен айрылады. Осындай жағдайда қалыптасқан пробеманы екі жолмен шешуге болады. Біріншісі - жұмыскер денсаулығынан келтірілген зақымға қарай белгілі салада көмек көрсетіледі. Бірақ бір жолғы жәрдем ұзақ уақытқа жеткіліксіз. Демек, екінші жолды- әлеуметтік сақтадыруды таңдаған дұрыс болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы - еңбекке қабілетсіз азаматтарға материалдық және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы қатынастарды, сондай-ақ олармен тығыз байланысты заңдық фактілерін анықтау және дауларды шешу жөніндегі іс жүргізу қатынастарын реттейтін құқықтық саласы.

Зейнетақылар, жәрдемақылар, жеңілдіктер және алуан түрлі қызметтер көрсету мен бағып күтудің нақты түрлері болып табылады. Әлеуметтік қамсыздандыру түрлерінің алуан түрлілігі әлеуметтік қамсыздандыру құқығын мемлекеттік бюджеттен тікелей қаржы бөлу есебінен мемлекеттік органдардың қарттар мен жұмысқа қабілетсіздерді қамтамасыз ету ретінде ғана сипатталып қоймайды [1].

Сонымен, бүгінгі күндері Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғаудың және халыққа әлеуметтік кепілдік берудің жаңа мехенизмдері қалыптасуда. Республикалық және аймақтық деңгейде, өндіріс ұжымдары мен жеке адам деңгейінде әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік кепілдіктер түрлері мен нормаларын анықтау, олардың есептеу-жоспарлау әдістемелерін жетілдіру, заң жүзінде бекіту жұмыстары жүргізілуде.

Әлеуметтік нормативтер жалпы мемлекет, өндіріс әртүрлі әлеуметтік топтар мен еңбек ұжымдары деңгейінде анықталып, бекітіледі. Әлеуметтік нормативтер жүйесін үш салаға бөліп қарастыруға болады: 1) тұрғындардың

барлығына ортақ әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер мен әлеуметтік қоғаулар; 2) қоғамның экономикалық белсенді мүшелеріне, яғни еңбекпен қамтылғандар мен уақытша жұмыссыздарға арналған әлеуметтік кепілдіктер мен қоғау шаралары; 3) қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелерінің мүддесін қорғайтын және оларға белгілі мөлшерде әлеуметтік кепілдік беретін мемлекет шаралары.

Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің негізгі бағыттарының бірі - әлеуметтік мемлекет құру. Сонымен қатар, мемлекетіміздің басты Стратегиялық құжаты - «Қазақстан-2030» бағдарламасында елімізді әлеуметтік мемлекетке айналдыру мәселесі басым бағыттардың бірі ретінде атап көрсетіледі. Мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтік қорғау елімізде енді қалыптаса бастады. Қаржы тапшылығы жағдайында әлеуметтік қолдаудың атаулы мақсатта жұмсалуды да заңды [2].

Сондықтан, Біріккен Ұлттар Ұйымы атаулы әлеуметтік көмек идеясының шын мәнінде тиімсіз екендігін ескертіп отыр. Дүниежүзілік тәжірибие көрсеткендей, әлеуметтік саясатының басты бағыттары жұмыспен қамтамасыз ету, ақысыз білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамыту болып табылады. Біздің еліміз үшін де бұл негізгі жол. Ал атаулы әлеуметтік көмек негізінен белгілі себептерге байланысты табыс таба алмайтын, қоғамның еңбекке жарамсыз топтарына берілуге тиіс. Олар: көп балалы отбасылар, жетімдер, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, 7 жасқа дейінгі бала тәрбиелеуші аналар, түбerkүлез, онкологиялық, басқа да ұзаққа созылған емді қажет ететін аурулар, тағы да басқа кедей топтар.

Әлеуметтік – этникалық топпен әлеуметтік жұмыс жүргізудің екі негізгі аспектілері бар:

- Біріншіден, бұл барлық қоғам, әлеуметтік – этникалық қауымдастыққа конфликтілік жағдайлар мен құбылыстарды шешу мақсатын көздейтін іс - әрекеттер мен технологияларды тиімді қолданудағы әлеуметтік жұмыстың кең мағынасын құрайды;

- Екіншіден, бұл әлеуметтік – этникалық топтың мәселелерін шешуде сол қоғамның территориясында тұратын халықпен тең құқық беру (ауыл, аудан, облыс, аймақ бойынша);

Әлеуметтік жұмыстың этникалық топтармен жүргізілуі - әлеуметтік – этникалық топтардың өзіндік спецификасымен ерекшеленеді. Жалпы, этникалық топтармен жүргізілетін әлеуметтік жұмысты үш деңгейде қарастыруға болады:

1. Мемлекеттік – әртүрлі этникалық топтар мен олардың арасындағы қатынас мәселелерін ретке келтіретін, құқықтық қамтамасыз ететін деңгей. Бұл деңгейде азаматтардың құқық, заңдық және әлеуметтік кепілдіктері жүзеге асырылады, ұлтаралық қатынастарды тұрақтандыруда әлеуметтік саясат құрылады.

2. Аймақтық–материалдық, әлеуметтік, медициналық қамтамасыз ету – мемлекеттің шешімдерімен жүзеге асырылады;

3. Жергілікті – әлеуметтік-этникалық топ мүшелерінің әлеуметтік ортаға

бейімделу мәселелерін шешу көзделеді.(медициналық, оқу, тұрғын – үй жағдайы және жұмыспен қамту) Бұл мәселелерді шешуде барлық жергілікті билік орындар, әлеуметтік институттар мен әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары қызмет етуі қажет.

4. Әлеуметтік қызметкерлер – ұлтаралық қатынас мәселелерін шешуде тек жоғарғы кәсіби маман ғана емес, сонымен бірге гумандық, әділеттілік, теңдік идеяларын ұстанған, әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы серіктестік қызметін атқарады.

Қазақстанның көпұлттылығы – біздің күш- қайратымыздың көзі, бірақ көпұлттылық біздің мемлекетіміздің ең нәзік те, ең осал да жері екені анық. Сондықтан да, көпұлтты қоғамда демократияның ерекше түрі көрініс алады.

Сөз жоқ, қазақ ұлты бұрын – соңды болып көрмеген қызықты да күрделі кезеңді басынан өткізіп отыр. Реформаның әлеуметтік салдары зерттеуде. Ол үш көркішке негізделген: халықтың өмір сүру ұзақтығы, білім алуға қол жеткізуі және жан басына шаққандағы табысы. Осыны ескеріп, шетел сарапшылары мен социологтары адам дамуы тұжырымдамасымен қатар екінші бір көрсеткіш енгізген: ұлттық қауымдастықтың тіршілік күш- қуаты.

Әр ұлттың саны мен сапалы, демографиялық ахуалы, ұлт өкілдерінің өмір ұзақтығы, білім деңгейі, материалдық және рухани игіліктерге қол жеткізуі, жұмыссыздық пен жұмысқа тартылуы, әр ұлттың балалары мен аналарының денсаулығы, сәбилердің шетінеуі, суицид, тіпті, әр ұлттың жекелендіру процесіндегі үлесі және басқа да мәліметтер ұлттың қуатын, күш- жігерін, нарыққа бейімділігін, оның даму үрдістерін көрсетеді.

Қазіргі таңда елімізде жұмыссыздық өзекті мәселердің қатарында болып отыр.

Жұмыссыздықты жоюдың негізі:

- Халықты жоғары жұмыс бастылығымен қамтамасыз ету үшін экономикалық жағдайды қалыптастыру;

- Мемлекеттік қолдау көрсету.

Жұмыс бастылықты іске асырудағы мемлекеттік бағдарламалар:

1. Аса ірі инвестицияны қажет етпейтін орта және кіші кәсіпкерлікті қолдау;
2. Жұмыспен қамтамасыз ету орталықтарында есепте тұрғандарды қоғамдық жұмыстарда тиімді қолдану;
3. Жұмысшыларды қайта мамандандыру негізінде, жұмыссыздардың санын азайту;
4. Аймақтарда жұмыспен қамтамасыз ететін жеке орталықтарды кеңейту.

Жұмыс бастылықты реттеу-бұл әлеуметтік саясаттың ең басты бағыттарының бірі. Мемлекет жұмыссыздарға мынадай әлеуметтік кепілдіктер береді:

1. Жұмыссыздарға жәрдемақы төлеу;
2. Біліктілігін арттыру, қайта даярлау;
3. Жұмыс ақысы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысу мүмкіндіктері;
4. Жұмысқа орналасу мақсатымен еңбекпен қамту орталығының орнын толтыру;

5. 12 айдан артық емес мерзімге уақытша жұмысқа жарамсыздығы бойынша, арнайы қордан жеңілдіктер мен төлемақылар тағайындау[3].

Қазақстанда “Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету”, жәрдемақылар тағайындау, т.б. мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп жатыр. Әлеуметтік мәселелерге кеңірек келу қоғамның денсаулық сақтау, білім салаларына, жалпы әлеуметтік әділдікке әлеуметтік қажеттілігін есепке алады.

Этносаралық қатынас мәселесіне байланысты еліміздегі әлеуметтік жұмыс мазмұны - ұлттық идеяға негізделіп отыр. Қазақстан қоғамын қазіргі таңда ұлттық даму мәселесі алаңдатады. Біз 30 жылдық тәуелсіздігімізде ішкі тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтап, рухани күншуақты нығайту барысында көздеген мақсатымыз - кедейшілік пен жұмыссыздық мәселесі бойынша ұлттық идеяны жүзеге асыру.

Бұл идея мемлекет саясатына етене араласып, еліміздің азаматтарының көңілінен шығуы керек. Кедейшілікпен, жұмыссыздықпен күресу аспектілері қоғам мүшелерінің қолдауына ие болары ақиқат. Бұл идея барлық ұлттарға, барлық әлеуметтік қабаттар мен жас ерекшелігінің әртүрлі топтарына жақын. Кедейшілікпен, жұмыссыздықпен күрес-адамзаттық мән-мағынанға ие.

Жұмыссыздық пен кедейшілікті жою - қоғамдағы саяси мәселелерді шешуге көмектеседі. Бір сөзбен айтқанда, елдегі саяси, әлеуметтік тұрақтылықты қамтиды. Азаматтардың патриоттық рухы күшейеді.

Ұлттық бірлік пен татулық кең етек алып, бір-бірінің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, тіліне, діни наным-сенімдеріне деген құрмет күшейеді.

Әлеуметтік саясат – бұл түпкі мүдделерді және белгіленген халық топтарының ұзақ мерзімді мүдделері мен қоғам мақсаттарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретін қоғамдық өнімді құру мен бөлу бойынша әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар арасындағы қатынастармен байланысты мемлекеттің немесе (және) қоғамдық институттардың іс-әрекеті. Әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты – еңбекке жарамды азаматтарға өзінің еңбегімен ауқаттылығын сақтап қалу үшін жағдай жасау және еңбекке жарамсыздарға-кепілденеген әлеуметтік қорғау мен қолдау көрсету жолымен қоғамдық-саяси жүйенің серпінді дамуын қамтамасыз ету[4].

Жалпы халықты әлеуметтік қорғау саясатын жүргізу мен жүзеге асыруда, елдегі әлеуметтік саясат өзара қарым-қатынастарында тепе-теңдікке, әлеуметтік серіктестікке, ынтымақтастыққа, сұхбатқа ұмтылады. Әлеуметтік саясат әр елде әр түрлі әдіспен қалыптасады. Әлеуметтік саясат қоғамның әрбір мүшесіне заңды түрде анықталып бекітілетін жұмыс деңгейін қамтамасыз ететін табыс көлемін алу туралы кепілдік береді. Нарық жағдайында мемлекет қоғамның әрбір мүшесіне өз мүмкіншілігін іске асырып, табыс табуына жағдай жасауға міндетті болады. Әлеуметтік саясатта халықты әлеуметтік қорғау механизмінің орны ерекше. Жоғарыда айтқанымыздай, әлеуметтік саясаттың мақсаты — кез келген қоғамның жоғары құндылығы ретіндегі адамды қолдау және дамыту үшін күш жұмсау. Яғни, халықты әлеуметтік қорғау қызметі мен әлеуметтік саясаттың қоғамдағы ролі орасан зор.

Әдебиеттер:

1. Әлеуметтік қорғау. Алтын Орда. 16 мамыр, 2019 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Алматы: Жеті жарғы, 1997ж.
3. Назарбаев Н.Ә. ҚР сыртқы және ішкі саясаттың негізгі бағыттары. Астана // Заң газеті, 2003ж. 9 сәуір.
4. Қаржы-экономика сөздігі. — Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007.

Байтасова Динара Касымбековна тарих пәнінің мұғалімі
"№68 мектеп-интернаты" КММ
Аманбек Ағжан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
"№68 мектеп-интернаты" КММ
Қарағанды қ.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ МИГРАНТТАРМЕН ЖҰМЫС
ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ

Мигранттармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстың мәнін түсіндіруде әлеуметтік және психологиялық санаттардың ішінде неғұрлым тиімдісі “әлеуметтік идентификация” және “идентификация” (ұқсастық, бірегейлік) санаттары. Э. Эриксон “ұқсастық, бірегейлік” – жалпы және әмбебап санат деп санайды, оның көмегімен адамдар өздерінің басқалармен теңдігін және теңсіздігін, сонымен қатар сол теңдік пен теңсіздігіне басқа адамдардың қатынасын біле алады [1].

Миграциялық процестерді зерттеудің әдістемесіне келсек, мұнда әр түрлі әдістер пайдаланылады. Ғылымда әдістеме деп бір құбылыс немесе процесс жөнінде теориялық жалпылама білім алуға көмектесетін ғылыми ізденістің логикасын немесе ғылыми әдіс- тәсілдерді пайдалану стратегиясын айтады.

Әдістемелік принцип талаптары бойынша, миграцияны қарастыратын зерттеуші бұл әлеуметтік-саяси құбылысты жан-жақты түсіну үшін белгілі бір зерттеу ісі жосығын анықтап алуы керек. Сондықтан да зерттеуші өзінің зерттеу жұмысында ғылыми танымның барлық әдістер қорын қолданғаны жөн.

“Әдіс – деп мәліметті жинаудың, сұрыптаудың және талдаудың негізгі жолдары аталса, ал іс жосығы деп бүкіл зерттеудің бір жүйелілігі айтылады.”

Эмпирикалық зерттеулер деп танымның субъектісі мен объектісінің өзара әрекеттесуін түсінеміз. Эмпирикалық зерттеуде адамдар мен әлеуметтік қауымдастықтардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы талдау пәні болады. “Эмпирикалық зерттеу нәтижесі фактілік ілім болып табылады. Егер де оны түсіндіретін теория болса, фактілер ғылыми құндылыққа ие болады. Теория деп белгілі бір құбылысты түсіндіріп, ашып беретін көзқарастар мен идеялар жиынтығы аталады. Әрбір теория негізінде эмпирикалық жолмен алынған фактілік білім жатады. Бірақ та тек теория ғана әлеуметтік шындықтың толық, жан-жақты талдауын береді.”

Миграциялық белсенділік факторлары экономикалық, саяси, мәдени, т. Б. факторлар болып бөлінеді. Сол себептен, тұрғын халықтың миграциялық белсенділігінің деңгейі туралы ақпарат алу үшін елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуын және осы факторлардың әр түрлі әлеуметтік қабаттағы адамдар санасында қалай бейнелетінін қарастыру керек.

Ғылыми танымның әдісі саласында тарихи әдіс те бар, ол әлеуметтік құбылыстар мен процестердің пайда болуын, қалыптасуын және тарихи жағдайларға байланысты дамуын зерттейді. Мәселен, заңсыз мигранттарды, гастарбайтерлерді қанап, ауыр жұмысқа салу қазіргі кездегі құлдықтың бейнесі.

Саяси құбылыстарды салыстырып, жинақтауды өзіне қосатын салыстырмалы анализ бен синтез әдісі де миграция үрдісін ашу үшін өте маңызды. Мысалы, әр елдердің миграциялық саясатын салыстыру.

“Миграцияны зерттеуде социологиялық әдістер, яғни ақпаратты жинақтау, талдау қоданылады. Миграцияны зерттеудің социологиялық әдістеріне: құжаттарды сандық талдау әдісін, сауалнаманы, сұхбатты және сарапшылардың бағалау әдісін де жатқызуға болады.” Статистикалық құжаттар сандық мәліметтерді кесте түрінде көрсетіп береді. Мысалы, миграцияның көлемін, динамикасын зерттеу үшін бұл мәліметтердің маңызы зор.

Миграция туралы бірінші ақпаратты жинақтауда сауал да маңызды орын алады. Сауал дегеніміз – бұл сұхбаттасу немесе сауалнама жүргізу арқылы жинақталатын мәлімет. Сұхбаттасу өз кезегінде мазмұнына байланысты биографиялық және лейтмотивті, респонденттер санына байланысты топтық және жекелей, мақсатына байланысты клиникалық және орталықтық болып бөлінеді. Биографиялық сұхбатта адам өз өмірі жөнінде айтатын болса, ал лейтмотивтіде белгілі бір факторлардың өзінің өміріне ықпалы жөнінде екендігін біледі. Мысалы, мигрант өзінің қалаға келіп, қайыршылық жағдайда жүруін ауыл шаруашылығының құлдырауымен, жекешелендіру процесінің дұрыс жүргізілмеуімен түсіндіреді. Ал клиникалық сұхбаттасу респонденттердің, мысалы, миграциялануының мотивтерін ашу үшін жүргізіледі және бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.

Сауалнамалар жүргізілуіне байланысты: ашық, жартылай жабық және жабық болып бөлінеді. Ашық сауалнамада респондент өзінің сол мәселеге ойын білдіріп, ашық айта алады. Ал жабық түрінде респондент сұраққа берілген жауаптармен келісетінін не келіспейтінін ғана білдіре алады. Жартылай ашық не жартылай жабық түріндегі сауалнама соңында арнайы сызылған орын істелініп, қалдырылады, респондент өз ойын сол жерге жазып қоя алады.

Миграциялық қозғалыстарды зерттейтін әдістердің бірі – математикалық модельдеу, бұл қазіргі уақытта негізгі әдістердің бірі болып табылады. Біртұтас ғылыми бағыт болып қалыптасуда. “Математикалық модельдеу ХІХ-шы ғасырда пайда болды. Бұл бағыт әдістер тобын құрып, қызық модельдерді қалыптастырады. (өлім-жітімнің типтік кестесі, бұл дамушы мемлекеттердің,

шынайы статистикалық мәліметтің болмауына қарамай, өлім-жітім процесін талдауға мүмкіндік тудырады.” [26] “1940 жылы Стоуффер моделі, 1946 жылы Зипфа моделі, 1951 жылы Роя моделі, 1957 жылы Хегерстанда, 1966 жылы Лаури моделі, 1968 жылы Роджерс модельдері қалыптасты. Роджерс моделі екі деңгейден құрастырылды. Макродеңгейдегі (I, II) және микродеңгейдегі (III) модельдер.

I. Миграциялық ағындардың модельдері:

1. интеграциондық модель, Алонсо моделі.
2. миграция факторлары моделі, регрессиондық модельдері.
3. көп мәртебелік, көп өлшемдік өлім-жітім кестесі, Роджерстің тұрғындар ұдайы өндірісінің көпмәртебелік моделі, тұрақты тұрғындардың теориясы.
4. энтропиялық модельдер, миграцияның жастық коэффициентінің модельдік қисығы.

Мигранттармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыста сонымен қатар, гуманитарлық-құқықтық “адам абыройы”, “адам құқықтары”, “адамның әлеуметтік құқықтары”, “әлеуметтік құқықтық мемлекет”, “әлеуметтік қызмет” сияқты санаттар аса маңызды.

“Идентификация миграцияны, мигранттармен жүргізілетін әлеуметтік жұмысты әлеуметтік бейімделу (адаптация) мен интеграция (мемлекетаралық экономикалық одақтардың құрылуы) үшін әлеуметтік технологияны қолданатын толық көлемді көпфакторлы процесс ретінде түсіндіреді”[36]. Мигранттардың идентификациялануы басқа да адамдардікі сияқты бірнеше негізгі тұрмыстық салаларда құрылымдықты жасайды.

Адам өзін және өзінің топтарын өзіндік ұйымдастыру барысында жаратылыстық-тұлға, рухани тұлға және белсенді агент ретінде теңестіреді. Басқаша айтқанда, адам үш тіршілік саласында теңестіріледі:

1. күнделікті отбасылық ортада, баспанада, табиғи ортада, жергілікті бірлестікте, туысқандық пен көршілестікте теңестіріледі. Бұл жерде иммигранттар үшін қиын жағдайлар туындайды.;

2. рухани мәдениет саласында – білімде, шығармашылықта, моральдық және философиялық толғамдарда, діни және адамгершілік, рухани-мәдени ұқсастықтарды іздестіру және мигранттардың өзіндік ұйымдастыру үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Осылайша, адамнаң рухани абыройы, арнамысы, өзіндік құрметі танылады, жаңа жағдайлардағы рухани-мәдени ұқсастықтарының сақталу қиыншылықтары, әсіресе дискриминациялық барьерлер жойылады.

3. агенттік-кәсібилік – еңбек саласында, өндірісте, қызметтерінде адамдар өздерін белгілі бір қ. Өндірушілері ретінде көрсетеді.

Бұл сала әсіресе еңбек мигранттарының өзіндік идентификациялануы үшін маңызды. Ақшаны өзі және отбасы үшін табу агенттік ұқсастық, бірегейлікпен байланысты, мұнсыз адам өзін толыққанды деп есептей алмайды. Әлеуметтік идентификация жалпылықты, адамның әлеуметтік топтарға кірігуінің немесе олардан шығуын қарастырады.

Мигранттармен жұмыста сақтап қалу, қайта орнату, әлеуметтік ұқсастықтың өзгеруі тақырыптары негізгі мәселелер болып табылады. Әлеуметтік жұмыскер жерін, қоршаған орта, мәдениетін, кәсібін ауыстырған адамның жоғалтқан ұқсастығын, пара-парлығын қайта орнатуға көмектеседі, жаңа жердегі белгілі бір байланыстарды құрумен байланысты материалдық жағдайға, денсаулыққа, жұмысқа орналастыруға ықпал етеді.

Мигранттармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс өзінің ғылыми және тәжірибелік жүйеленуінің бастапқы сатысында десе болады. Әрекет етуші мектептер мен бағыттар әлеуметтік жұмыс үшін аса пайдалы ғылыми және тәжірибеге негізделген зерттеулер жүргізуде. Әлеуметтік жұмыскердің миграцияға байланысты әдісі, қадамы антропологиялық әлеуметтанушы, мәдениеттанушы, демограф қадамдарына ұқсас болғанымен өзіндік пәндік қатынасты көрсетеді [37].

Мигранттар адаптациялану мен интеграциялануда әлеуметтік көмекті міндетті түрде қажет ететін субъектілер. “Миграцияны бір мезгілде белгілі бір топтың “өзінің” экологиялық, қоғам-мәдени өндірістік құрылым ұқсастықтары мен ажыраушылықтары және жаңа территориядағы “басқа” ұқсастық құрылымдарына ену деп қарастыру керек.” Сонда тұрғындар миграциясы алғашқы жақындасуда белгілі бір территориялық, мобильділік процесіндегі территориядағы орын ауыстырушылықты ғана емес, жаңа ортамен татуласушылық, табысушылық жағдайын да көрсетеді. Әлеуметтік жұмыскер көзқарасы тұрғысынан миграция қабылдаушы қоршаған ортада белгілі бір топтың қарым-қатынасының өзгеруі мен қалыптасуы тұрғысында қарастырылады. Бұл қатынастар әлеуметтік ортаның атрибуттары (ерекше белгілері) ретіндегі әр түрлі ұқсастықтары мен өзара әрекеттеріне ықпал етеді. Біріншіден, бұл қатынастар ескі және жаңа территорияға енуді, яғни, елдендіру мен антропологиялық құрылымдарды, екіншіден, бұрынғы және жаңа бірлестік мәдениетін, яғни рухани мәдени құрылымдарды қамтиды, (оқу ағарту, конфессионалды, ұлттық мәдени); үшіншіден, белгілі бір мамандандырылған еңбекпен жұмыс істейтін бірлестіктерді, яғни кәсіпкерлікпен, тағы басқамен айналысатын құрылымды қамтиды. Бұдан шығатын бір тұжырым: ресми құжаттар мен әдебиеттердегі миграция анықтамасымен қанағаттануға болмайды. Мысалы: “миграция – әр түрлі себептерге байланысты адамдардың бір территориядан бір территорияға қозғалысы, соның ішінде қандай да әкімшілік территориядан мемлекеттер шекарасынан уақытша және тұрақты мекен-жайды ауыстыру мақсатындағы қозғалыс”. “Мұндай тар мағынадағы анықтама кедендік, шекаралық бақылауға, заңсыз мигранттармен күрес, тағы басқалар үшін тиімді, бұл анықтама жаһандану жағдайында қоғам-мәдени, геомәдени факторларға көңіл бөлмейді.” [2]

Миграцияға анықтама беруде басқа да себептер, қашықтығы мен уақыты жағынан созылуына қарамастан, негізінен, территориялардағы экономикалық айырмашылықтар, тұрғындардың қозғалысы да қарастырылады. Бұл жағдайда миграция ұғымы кеңейеді, миграцияға экономикалық анализ беруде немесе

туристік ағымдар үшін аса маңызды территориялық уақыттық көңіл бөлу екінші кезекке ысырылады. Алайда, әлеуметтік жұмыс үшін бұл қадам да аса тиімді емес.

Миграция анықтамасындағы әрине, әмбебап белгі – бұл территориялық ауыспалық (жер ауыстырушылық). “Алайда бұл жерде де әлеуметтік жұмыскер үшін миграцияның, ұқсастықтардың белгілі бір құрылымдарынан ажырау, жаңа құрылым қатынастарына байланысты адаптация мен интеграция мәселесінің шығуы сияқты жақтарын ашып көрсету маңызды.” Миграция мәңгілік “өзіміз-бөтен” қарама-қайшылығының жиынтығы, түйіні. Бұл мекен-жайды ауыстыру ғана емес, сонымен қатар “өзіміз” және “бөтен” болып бөлінген жағдайға тап болған адамдардың қоғами-мәдени халі. Әлеуметтік жұмыскер бұл мәселені “жергіліктілер” мен “келімсектердің” өзара әрекеттестігіне мүмкін болатын орта қалыптастыру деп түсінеді. Тәжірибелер көрсетіп бергендей, саяси, әлеуметтік, мәдени мағынада мигранттарды интеграциялау оңай шаруа емес. Дамыған елдерде батыстық емес, басқа мәдени үлгіні ұстанушылар болып табылатын “жаңа кедейлер” саны өсуде. Бұл қабылдаушы елдердің иммигранттық қауымдастықтарды кері итеруі салдарынан туындауда [3]. Ондай қауымдастықтарға келер болсақ, олардың мәдени бірегейлігі өзара ынтымақтасуларына негізгі тірек болуда. Қабылдаушы ел тұрғындары мен мигранттар арасындағы қарсылық мигранттардың өздерінің мәдени үлгілерін, мінез-құлық нормаларын, құндылық бағдарламаларының консервациялануына қосымша стимул болуда. Ал бұл реципиент елдердің беріктігі мен тұтастығына төнетін елеулі қатер.

Мигранттардың әлеуметтік ынтымақтастығын қолдауда, жеке және топтық дейгейдегі әлеуметтік қайшылықтарды жеңуге ықпал етеді. Егер әлеуметтік жұмыстың құрылуын еске алсақ, өзінің шығуы жағынан ол алғашқыда қоғамдық және мемлекеттік қайырымдылық қозғалыстардың ізбасарлары болды. “Мигранттармен әлеуметтік жұмыс (АҚШ) құқықсыз ресми мигранттарды, құрылысшылардың кәсіподағының қорғауынан басталды.” Мигранттармен әлеуметтік жұмыстың шығуы “әлеуметтік көмек”, “әлеуметтік қорғау” ұғымдарының мазмұнына ұқсас екендігін көрсетеді [4]. Мигранттармен жұмыс сонымен қатар әлеуметтік педагогикамен әлеуметтік жұмыскердің жақындасу ролін де атқарады. Әлеуметтік педагогика балалармен, ересектермен ғана емес, мигранттармен жұмыс істеуді де қарастырады.

Әдебиеттер:

1 Тәтімов М. Халықнама немесе Сан мен Сана: Т 27 Демографтың ой-толғаныстары. – Алматы: Жазушы, 2002. – 184б.

2 Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы: Құттықтаулар, баяндамалар, тілектер, өлең-жырлар. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 2003. – 192б.

3 Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда: - Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 264б.

4 Ахметов Н. "Қазақтың саны мен сапасы"., Денсаулық №1. 2004.

5. Белдеубайұлы Д. "Демографиялық батпақ"., Ана тілі 19.02.2004.

6.Тәтімов М. Халықнама немесе Сан мен Сана: Т 27 Демографтың ой-толғаныстары. – Алматы: Жазушы, 2009. – 184б.

7. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы: Құттықтаулар, баяндамалар, тілектер, өлең-жырлар. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 2010.–192б.

**Аға оқытушы, магистр Л.Г.Балабекова,
аға оқытушы, магистр С.С.Нурланова
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.**

**«МӘНГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА
ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

Еліміз ХХ ғасырдың соңғы ширегінде ғана өз билігі өз қолына тиіп, тәуелсіз ел атанды. Бүгінде уақыт көшімен ілгері адымдап келе жатқан тәуелсіз Қазақстанға 30 жылдан асты. Осынау қысқа уақыттың ішінде еліміз алыс-жақынға барынша танылып, айдай әлемнің алдында мәртебесі асқақтап ақ келеді. Өйткені Еуропа төрінен адамзатқа көшелі ойын, һәм көсем сөзін жеткізіп отырған Қазақстанды күллі әлем таниды. Сондықтан да еліміз шартарапты аузына қаратып, сарабал саясатын төрткүл дүниеге болмысында бар көсемдігімен, жаратылысында бар парасатымен төңірегін таңқалдырып, айнала-маңайын мойындатып, мүмкін болған биік белестердің денін бағындырды.

Асылы кез келген ұлттың тұтастығы оның идеясында жатады. Қарға тамырлы қазақтың күні бүгінге дейінгі өзіндік идеясы – ел болу, қала берді, ұлттық негіздегі қазақ елін құру; былайша айтқанда, елдік сананың өмірге келіп, оның сапырылысқан ғасырлар тоғысында жете қабыл өміршең идеяға айналып, халық мүддесінің «Мәңгілік Елді» құруға дәйектелген тұжырымының шынайылығында болатын. Осы тұста тарихшы Оның идеясында кез келген ұлттың тұтастығы жатыр. Астанада Жоғары муфтий Эржан кажа Малгажюлы төрағалық етті.

